



Дөкей ТАЛЕЕВ

Археология

*Жоғары оқу орындарының студенттеріне
арналған*



Оқулық

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

АРХЕОЛОГИЯ

Оқулық

Астана, 2010

УДК 902/904(574)(075,8)
ББК 63.4 (5каз)я 73
Т 16

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Ғылыми кеңесі ұсынған

Пікір жазғандар: *К.М. Байпақов*, тарих ғылымдарының докторы, профессор
М.Е. Елеуов, тарих ғылымдарының докторы, профессор
А.Х. Бикенов, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Т – 16. Талеев Д.Ә. Археология: Тарих, археология және этнология мамандықтарына арналған оқулық. –
ISBN 978-601-7252-25-0

Оқулықта Шығыс Еуразия жерінің тас дәуірінен ерте орта ғасырға дейінгі археологиясы қамтылған. Сондай-ақ Еуразия құрлығын мекендеген халықтардаң материалдық мәдениеті мен тарихы археологиялық зерттеулер негізінде байыпталған. Адамзаттың қарапайым иемденуші шаруашылықтан оның өндіруші түріне өту үдерісіне қарастырылып, жекелеген археологиялық мәдениеттерге сипаттама жасалады.

Кітап оқу жүйесінің кредиттік технологиясына негізделген. Тарихшы, археолог және этнолог дайындайтын жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттары мен оқытушыларына, сондай-ақ ежелгі тарихқа қызығатын көпшілік оқырманға арналған.

ББК 63.4 (5каз)я 73

© ҚҰУ, 2014.
© Талеев Д.А., 2010.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
Кіріспе	
Пәннің мақсаты мен міндеттері.....	4
Археология ғылымының қалыптасып, даму тарихынан	7
 1-тарау. Тас ғасыры	
Адамның арғы тегі туралы мәселе	21
Еуразияның көне тас (палеолит) дәуірі	23
Мүстьер дәуірі	29
Шығыс Еуразияның жоғарғы тас мәдениеттері	33
Көне тас дәуірі өнері	37
Еуразия құрлығының орта тас (мезолит) дәуірі	42
Жаңа тас (неолит) мәдениеттері	48
Жаңа тас өнері	59
 2-тарау. Қола ғасыры	
Шығыс Еуразияның егінші және бақташы тайпаларының энеолиттік мәдениеттер	64
Орта Азия мен Кавказдың қола ғасыры мәдениеттері	77
Орта Азия қола ғасыры мәдениеттері	77
Кавказдың қола ғасыры мәдениеттері	80
Шығыс Еуразияның далалық аймағындағы қола ғасыры	88
Сібірдің мен Қазақстанның қола ғасыры	95
Шығыс Еуразияның орманды аймағының қола ғасыры	105
Еуразияның қола ғасыры өнері	110
 3-тарау. Темір ғасыры	
Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның ерте темір ғасыры	116
Таулы Алтай мен Оңтүстік Сібірдің сақ тайпалары	118
Аржан мен Пазырық обалары	120
Қазақстанның ерте көшпелі тайпалары	126
Қырым мен Қара теңіздің солтүстік жағалауындағы скифтер	132
Савраматтар мен сарматтар	138
Еуразия даласының орманды аймақтарының ерте темір ғасыры	142
 4-тарау. Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның ежелгі құлиеленуші және феодалдық қоғамдарының археологиясы	
Құлиеленуші Урарту мемлекеті	148
Қара теңіздің Солтүстік жағалауларындағы антикалық қала мемлекеттер археологиясы	152
Орта Азияның құл иеленуші және феодалдық қоғамдарының археологиялық ескерткіштері	159
Ежелгі славян археологиясы	166
Негізгі археологиялық терминдер сөздігі	171

АЛҒЫ СӨЗ

КСРО кезінде жоғары оқу орындарының тарих, археология және этнология мамандықтарының студенттеріне арналған «Археология» курсы жалпыға бірдей міндетті пән болатын. Одақ ыдырағаннан кейін осы курстың жоғары мектеп бағдарламасында сақталып қалуы пәннің қажеттілігін көрсетеді. Шығыс Еуразия жерін ежелгі заманнан бері мекендеп келе жатқан халықтардың тарихи тағдыры өзара тығыз байланысты. Олардың материалдық мәдениеті мен этникалық тегінде, саяси-экономикалық өмірі өзара ықпалда дамыған. Сондықтан айтылған кеңістіктегі тарихи үрдістің қалыптасып, даму жолдарымен қатар тіршілік кешкен көптеген археологиялық мәдени қауымдастықтардың өзара мәдени, экономикалық және саяси ықпал, этникалық байланыста жүргендігін зерттеу – болашақ тарихшы мамандарды оқытуда қажет те маңызды мәселе.

Қазақ тілінде алғаш жарық көріп отырған осы оқулық кеңес өкіметі кезінде кеңінен қолданыста болған «Основы археологии», «Археология СССР», «Археология» (орыс тілінде) оқулықтары мен ғылыми монографиялар материалдары негізінде ұлттық археология материалдармен толықтырыла отырып жазылды. Оқулық жазу барысында кеңес дәуірінде зерттелген археологиялық ескерткіштердің материалдары мен жекелеген кезеңдерді зерттеу нәтижесінде жазылған монографиялық еңбектердің тұжырымдары пайдаланылды.

Елімізде егемендік алғана бері археологияға қатысты оқулық екі рет қана басылып шықты. Олар: К.М. Байпаков, Ж.Қ. Таймағамбетов, Т.Ж. Жұмағамбетовтердің «Археология Казахстана» (1994 ж.) және К.М. Байпаков пен Ж.Қ. Таймағамбетовтің «Археология Казахстана» (2006 ж.) атты оқулықтары. Осы оқулықтардың алғашқысы қазақ тіліне аударылып, 2006 жылы қайта басылды. Бұл еңбектердің таралымы шамалы және тек Қазақстанның ғана археологиясына арналған. Ал, қолдарыңыздағы оқулық Шығыс Еуразияның археологиясын қамтиды және қазақ тілінде алғаш жарық көріп отыр. Археология пәні жоғары оқу орындарының гуманитарлық мамандықтарының көпшілігіне оқылатын болғандықтан қазақ тілінде жазылған осындай оқулықтар көптеп әзірленуі тиіс. Оқулықтардың көбеюі олардың сапасының жақсаруына көмектеседі және оқырманның немесе студенттің шынайы және ғылыми негізде жазылған оқулықты таңдау мүмкіндігін арттырады.

Оқулықта Еуразия кеңістігінің археологиясы мүмкіндігі болғанша тең дәрежеде қамтылды. Сондай-ақ еліміздің археологиясына да едәуір орын берілді. Қазақстан археологиясына қатысты материалдар К.А. Ақышев, К.М. Байпаков, Ж.Қ. Таймағамбетовтердің оқулықтары мен әр кезеңнің археолог мамандары (М.Е. Елеуов, Ж.Қ. Құрманқұлов, З.С. Самашев, В.Ф. Зайберт, В.В. Ворфоломеев, А.З. Бейсенов, т.б.) дайындаған ғылыми еңбектерден алынды.

КІРІСПЕ

Пәннің мақсаты мен міндеттері: Біз адам қоғамының қалыптасып дамуы жайлы тарихи деректерді зерттеу арқылы танып білеміз. Дерек ретінде адамзаттың өткен тарихынан мысқалдай болса да мәлімет беретін кез келген зат есептеледі. Тарих ғылымында деректерді үлкен екі топқа бөліп қарастыру қалыптасқан. Оның біріншісі – жазба, екіншісі – заттай деректер. Археология екінші топқа жататын заттай деректерді зерттеумен айналысады. Заттай дерекке, қайсыбір заманда адам баласының қолынан шыққан кез келген бұйым жатады. Олар атқарған қызметіне қарай еңбек құралдары, қару-жарақтар, тұрмыстық заттар болып топтастырылады. Осындай танымдық деректерден басқа, ғылымда археологиялық ескерткіштер деген түсінік те бар.

Археологиялық ескерткіштер: мекенжайлар және жерлеу ескерткіштері болып екіге бөлінеді. Археологиялық ескерткіштердің басым көпшілігі осы екі топқа кіреді. Бұлардың ешқайсысына қатысы жоқ ескерткіштер бар. Олар: өндірістік құрылыстар мен рухани мәдениет жәдігерлері. Бұлардың бірқатары мекендердің ішінде (шеберханалар, мешіттер, храмдар т.б.), бірқатары мекендерден тысқары жерлерде (суару жүйелері, тастағы таңбалар, кен алған орындар т.б.) орналасуы мүмкін.

Ежелгі адамдар тұрып, өз тіршілігінің іздерін қалдырған мекен-жайлар археологиялық ескерткіштердің ішіндегі ең көп таралған түрі. Осындай мекен-жайлардан үйлердің қалдықтары жиі кездеседі. Темір ғасырына жататын, сыртында қорғаныс құрылыстары бар мекенжайлар археологияда қалашықтар деп аталады.

Археологиялық ескерткіштердің келесі бір түрі – жерлеу ескерткіштерінің де ғылыми маңызы үлкен. Жерлеу ескерткіштеріне тастан салынған склептер, үстіне тас немесе топырақ үйілген обалар, түркі дәуірінің зираттары және қарапайым жер қабірлер жатады. Біздің елімізде жерлеу ескерткіштерінің ең көп тараған түрі – жер қабірлер мен үстіне топырақ немесе тас үйілген обалар.

Мекенжайларды қазу барысында мамандар ежелгі адамдардың тіршілік іздері сақталған қабат – мәдени қабатқа тап болады. Мәдени қабаттың қандай тереңдікте жатқаны мен оның қалыңдығы аса маңызды. Мәдени қабаттың қандай тереңдікте жатқанына және одан табылған заттарға қарап, бұл жерді адам баласы қашан және қанша уақыт мекендегенін анықтауға болады. Мысалы, темір ғасырының мекенжайлары жердің бетіне жақын орналасса, тас дәуірінің тұрақтары әдетте жердің бетінен едәуір тереңдікте сақталған. Кейде бір мекенжайдың орнында әртүрлі археологиялық кезеңдерге жататын бірнеше мәдени қабат кездесуі мүмкін. Мекенжайдағы тіршілік үздіксіз ұзақ уақыт жалғасқан жағдайда мәдени қабат бірінің үстіне бірі түседі. Оларды құрамында ешқандай археологиялық артефактілер кездеспейтін, құмнан немесе топырақтан түзілген аралық қабат бөліп жатуы мүмкін. Бұндай жағдайда мекенжайдағы тіршілік белгілі бір уақыт аралығында үзіліп, араға белгілі бір уақыт салып қайта жалғасқан деуге болады.

Археологиялық мәдениет түсінігі бір мезгілде, бір жерде дамыған шаруашылығы мен құрылымы жағынан бір тектес ескерткіштерден алынған еңбек құралдары, қару-жарак, ыдыс-аяқ, әшекей бұйымдары секілді археологиялық заттардың кешенін қамтиды. Кейде археологиялық мәдениет өздерінің шаруашылығы мен рухани дамуы жағынан бір-біріне жақын, шығу тегі, тілі, материалдық және рухани мәдениеті ортақ бір этникалық адамдар қауымдастығына тән болуы мүмкін. Археологиялық мәдениеттер әдетте, шартты түрде алғаш зерттелген жердің атымен (Атбасар, Андрон, Беғазы-Дәндібай т.б.) немесе археологиялық ерекше белгілеріне қарай (Катакоба, Бесшатыр, Тасмола т.т.) аталады. Археологиялық мәдениет заттай деректерді жіктеу (классификация) мен жүйелеудің (систематизация) негізі болып есептеледі. Барлық археологиялық заттар мәдениеттің қайсы бір түріне жатады.

Адам қоғамының тарихын олардың негізгі еңбек құралдарының қандай материалдан жасалғандығына қарай археологиялық кезеңдеу қалыптасқан. Осы кезеңдеуге орай бүкіл адамзат тарихы **тас, қола және темір** ғасырларына бөлінеді. Өз кезегінде бұл ғасырлардың әрқайсысы жеке кезеңдер мен мәдениеттерден тұрады. Дәуірінің ұзақтығы мен өзіндік даму ерекшеліктеріне қарай бұл ғасырлар әркелкі. Мәселен, тас ғасыры басқаларына қарағанда едәуір ұзақ уақытқа созылған. Осы ұзақ мерзімге созылған тас ғасыры кезінде тас еңбек құралдары үздіксіз дамып, оларды жасау әдістері де жетіліп отырды. Осыған орай адамның өзі де өзгеріп, тәжірибесі артты. Сондықтан да тас ғасыры ғылымда палеолит (көне тас), мезолит (орта тас) және неолит (жаңа тас) болып, үш кезеңге бөлінеді. Олардың әрқайсысынан аймақтық (территориялық) және мерзімдік (хронологиялық) тұрғыдан ерекшеленетін энеолит (мысты тас) тас пен қола ғасырларының ортасындағы аралық кезең болды.

Адамзат тарихында қола ғасыры мыс пен қалайының қосындысынан алынатын қоланы адамның игерген уақытынан басталады. Бұл ғасыр оңтүстік аудандарда б.з.д. үшінші мыңжылдықтан басталса, солтүстік аудандарда кішкене кешеуілдеп қалыптасты. Ақыр соңында темір өндірудің қыры мен сырын жаппай меңгерген шақ б.з.д. VIII ғасырдан бастап, адам баласы темір ғасырына қадам басты.

Сонымен археологиялық кезеңдеу негізгі еңбек құралдарының эволюциясымен оларды жасау әдісі негізінде құрылды. Археологиялық деректердің өзіндік ерекшеліктеріне сай заттар мен мәдениеттердің мерзімін (хронологиясын) анықтау арнайы әдіс пайдалануды қажет етеді. Осыған орай археологиялық мерзімдеуде **нақты және салыстырмалы** мерзімдеу деген екі түрлі әдіс қолданылады.

Салыстырмалы әдіс – кез келген мәдениетке немесе кезеңге тән заттарды олардың жасалу әдісі мен материалына қарай бұрын ғылымда жасы анықталған заттармен салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Нақты мерзімдеу жаратылыстану ғылымдарының әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асырылады. Мәселен, калиоргонды (радиоактивті элементтердің ыдырау

мерзіміне қарай), геохронологиялық (жер қыртысының жылдық қатпарларын есептеу арқылы), дендрохронологиялық (ағаштың жылдық сақинасына қарай) мерзімдеу әдістері. Әдетте, нақты мерзімдеу үшін бірнеше әдістер қорытындысының жиынтығы алынады.

Археология ғылымының өзінің зерттеу нысаны мен деректерді жинақтау және зерттеуде өзіне ғана тән әдіс, тәсілі бар. Осы тұрғыдан алғанда археология жеке ғылым болып есептеледі. Дегенмен, тарих пен археологияның мақсат, міндеттері бір және біртұтас ғылым екендігін ұмытуға болмайды. Олардың айырмашылығы зерттеу деректері мен оларды қолдану әдістерінде. Археология тарих секілді адам тіршілігінің барлық кезеңдерін қамтымайды, ол алғашқы қоғам тарихын зерттеуге негізгі, ал құлдық және феодалдық қоғамдар жайлы қосымша материалдар береді. Олай болса, археологияның адамзат ілімі жүйесіндегі алатын орны орасан зор. Ең алдымен, ол адамзат тарихының мерзімдік шеңберін кеңейтті. Жазба деректер адам қоғамының 5 мың жылдық тарихын, яғни таптық қоғамның қалыптасып, дамуынан бері қарайғы кезеңді зерттеуге көмектессе, археологиялық деректерді пайдалану ешқандай жазба дерегі жоқ, таптар қалыптасқанға дейінгі қоғамның тарихын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Осылайша археология тарихтың мерзімдік шеңберін 2 млн. жылдан астам уақытқа ұзартып, адамзат өркениетінің басталуына дейін жеткізді.

Кеңес өкіметі кезінде археологияға ерекше мән беріліп, оның тарих ғылымының дамуындағы рөлі жоғары бағаланды. Археологияның жеке ғылым ретінде қалыптасып, одан әрі дамуына көп жағдай жасалды. Тарихи мұралар мен археологиялық жәдігерлерді табиғи апаттар мен кездейсоқ бұзылыстардан қорғау және зерттеу туралы заң шығарылды. Кеңес одағы кезінде жүргізілген игі істер бұл күнде дұрыс жалғасын таппай отыр. Еліміздің кең-байтақ территориясы археологиялық ескерткіштерге өте бай. Олардың көпшілігі шаруашылық жұмыстарын жүргізу барысында бүлініп, жойылып кету қаупі тууда. Сондықтан тарих пәнінің болашақ мұғалімдері мен оқытушылары археологиялық ескерткіштердің мемлекеттің меншігіндегі тарихи, мәдени мұра ретінде заң жолымен қорғалып, оның бұзылуы мен жойылуына жол берген кісі немесе мекемелер (заңды тұлғалар) заң алдында жауап беретіндігін білгені абзал.

Археологиялық ескерткіштермен жан-жақты шұғылдануға, қазып, зерттеуге арнайы рұқсат қағазы бар мамандар ғана құқылы. Өз бетімен, ешқандай арнайы рұқсатсыз қазба жүргізген кез келген жеке тұлға яки мекеме «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану» заңына сай жауапқа тартылады. Сондықтан мектептер мен оның мұғалімдерінің іс-әрекеті жас ұрпақты археологиялық ескерткіштерді танып, біліп оларды қорғауға тәрбиелеуге бағытталуы тиіс.

Археологиялық зерттеулер үш кезеңнен тұрады. Біріншісі – археологиялық барлау, яғни ескерткіштерді іздеп тауып, мемлекеттік есепке алу, қорғау.

Екіншісі – археологиялық ескерткіштерде қазба жүргізу және қазбадан табылған заттарды зерханалық зерттеуден өткізу. Қазбадан табылған заттар арнайы зерханалық өңдеуден өткеннен кейін ғана толыққанды дерек болып саналады. Олардың атқарған қызметін, құрылымын және материалын басқа заттармен байланысын анықтау барысында әртүрлі зерттеу әдістері мен тәсілдері пайдаланылады. Үшіншісі – зерттеу нәтижесіне сай ежелгі адамдардың тұрмыс-тіршілігінің қалыптасып, дамуындағы қайшылықтар мен заңдылықтар жайлы арнайы ғылыми мақалалар мен кітаптар жазу. Соңғы кезең арнайы кабинеттер мен кітапханаларда, мұрағаттарда жүзеге асырылады.

Археологияның жетістіктері жайлы мәліметтер әдетте, мамандарға арналған ғылыми еңбектер арқылы таралады. Археологияның табыстарын көпшілікке уағыздайтын тағы бір көз бар. Ол-әртүрлі музейлердің археологиялық бөлімдері. Олар біздің саланың зерттеу жетістіктерін елге уағыздап, үлкен отансүйгіш, тәрбиелік мәндегі жұмыстар атқарады. Музейлер қорында археологиялық заттар өте көп шоғырланған. Сақтау қорында жиналған заттар саны көрсетуге қойылған заттардың санынан бірнеше есе асып түседі. Музей қорлары да жазба деректер, ежелгі қолжазбалар сақталатын мұрағат іспеттес. Музейлердің ғылыми қызметкерлері мен қор меңгерушілері археологиялық ғылыми ошақтармен тығыз байланыста жұмыстар жүргізеді. Олардың арасындағы жүйелі байланыс археологиялық жаңа жетістіктерге жол ашады. Адамзаттың өткен тарихын танып, білуге бағытталған жұмыстарды бірлесіп атқарады.

Археология ғылымының қалыптасып, даму тарихынан

«Археология» атауы адам баласына сонау Ежелгі Грек дәуірінде белгілі болған. Бұл сөзді әртүрлі дәуірде әртүрлі мағынада қолданған. Терминді алғаш қолданғандардың бірі Плотон археологияға ежелгі дүниеге қатыстының барлығын жатқызған. Ал еуропалық қайта өрлеу дәуірінде археология антикалық өнердің көрнекілік құралы қызметін атқарып, әсілі антикварлық істің бір бөлігіне айналды. Қазірдің өзінде әлемдік тәжірибеде археологияның міндеті мен мақсаты жайлы ортақ түсінік жоқ. Әсіресе, оның хронологиялық шеңбері жайлы мәселеде. Кейбір елдерде қазіргі замандық мәдени қыртыстарды зерттейтін археология да кездеседі. Бірқатар елдерде археология адам жайлы ғылым – антропологияның бір бөлігі ретінде танылады.

Шығыс Еуразия елдерінде археология ғылымының қалыптасу кезіндегі Қазақстанның тарихы Ресеймен тығыз байланысты болғандықтан осы ғылымның алғашқы даму жолдарын Ресейдегі археологиялық дамумен бірге қарастырамыз. Сонымен, көне дүниеге қатысты мұраларды зерттеуде І Петрдің арнайы әмірі мен оның бастамасы бойынша Сібір және Ресейге іргелес жатқан елдердің жерін зерттеу мақсатымен жүргізілген шаралар маңызды рөл атқарды. 1707 жылы Тобыл боярының ұлы С. Ремезов жазған "Чертежная книга Сибири"

("Сібірдің сызба кітабы") атты еңбек жарық көрді. Онда географиялық деректермен қатар, Еуразия сахарасының археологиялық ескерткіштері туралы мәліметтер жинақталған. Сібірді игеру мақсатымен жүрген Ресейлік шонжарлар мен жергілікті әкімдердің патшаға сыйға берген көне дүниелерінен құралған заттар кейіннен Петрдің «Сібірлік коллекциясы» деген ғылыми атқа ие болды. Негізінен сақ-скиф дәуірінің өнер туындыларынан тұратын асыл металлдардан жасалған бұйымдар бұл күнде Шығыс Еуразия тарихының теңдесі жоқ мұрасы саналады.

Осы күнгі мағынасындағы археология ғылымы ресей жерінде XIX ғасырда қалыптаса бастады. Археология адамдардың ежелгі заманнан бастап орта ғасырларға дейінгі іс-әрекетіне қатысты заттарды қазып алып, оларды зерттеумен айналысады. Әлемдік ғылымдардың құрамдас бір бөлігі саналатын археологияның дамуы сол кездегі Ресейдегі қоғамдық ойдың дамуымен байланысты дамыды. Ол кезде Украина, Беларусь, Молдовадан бастап, Кавказдың көпшілік бөлігі, Қазақстан мен Сібір, сонау Қиыр Шығысқа дейін Ресейдің билігінде болатын. Осы айтылған ұлан-ғайыр жерлерді зерттеуге бағытталған археология жеке дара емес әр дәуірдегі қоғамдық сұранысы пен саяси жүйеге байланысты дамыды.

Ресей археологиясының дамуын уақыты ғана емес, әдістемелік бағыты мен ғылыми зерттеу тәсілі, мәліметтерді алу жолдары және тарихи қалпына келтіру мақсаттары жағынан бір-бірінен ерекшеленетін бірнеше кезеңдерге бөлуге болады.

Бірінші кезең (XVIII – XIX ғ. басы) – археология қалыптасуының алғашқы даму кезеңі. Бұл кезде скиф-сақ қорымдары, антикалық қалалар, қола дәуірі қорғандардың алғаш қазылып, археологиялық мұралардың қорлануы басталған. Дегенмен, бұл кезеңдегі археологиялық ізденістерді дердес ғылыми зерттеулер деп айтуға болмайды. Өйткені археологияның ғылыми әдістемелік тәжірибесі әлі түпкілікті қалыптаспаған кез-ді. Жүргізілген қазба жұмыстары әуесқойлық деңгейдегі, ескерткіштерден көне бұйымдарды қазып алумен шектелген-ді.

Еуропа мен Ресейде археологиялық зерттеулердің негізгі қарқыны ғылыми энциклопедизм қалыптаса бастаған XVII ғасырдан басталады. Еуропада археология ғылымы өткен тарихқа деген қызығушылық артқан ағартушылық дәуірдегі қажеттіліктен туды. Археологияның алғашқы тәжірибесі Везуви жанар тауы (вулканы) атқылаған кезде қираған (79 ж.) Помпей мен Геркуланум қалаларының орнын қазудан басталды. Помпейді қазу арқылы осыдан 1600 жылдан артық уақыт бұрын өмір сүрген қала тұрғындарының тіршілігін сипаттайтын мәліметтер алынды. Зерттеу барысында тұрмыстық заттар мен еңбек құралдары, т.б. олжалар қаншалықты маңызды дерек екендігіне ғалымдардың көзі жетті.

Археология мен оған қатысты заттар жайлы алғашқы мәліметтер XVI – XVII ғасырларының өзінде белгілі бола бастаған. Бірақ бұл археология ғылымының басы емес еді. Осы кезде Ресейдің қоластына жаңадан енген шығыс аймақтарды

өз еркімен игеруге әрекет жасаған еркін белсенділер көп болған. Оларды қызықтырған бос жатқан жерлердің табиғаты, минералдық шикізаттары, сонда тұрған адамдардың әдет-ғұрпы мен археологиялық ескерткіштері болды. Сондай алғашқы игерушілердің қатарында В. Поярков, Е. Хабаров, С. Дежнев секілді көптеген есімдері тарихқа айналған тұлғалар бар.

Сібір мен Алтайдың жеріндегі қорғандарды қазып, ішіндегі алтын, күміс заттарды алу үшін қазу науқаны басталды. Қазып алынған көне заттар Тобыл, Томск және Краснояр базарларында сатылды. Археологиялық заттарды негізгі сатып алушылар елшілер мен ақсүйектер болатын. Ресейде археологиялық коллекциялар алғаш осылай жиналды. Кейбір көне бұйымдар осындай жолмен шетелдерге де кетіп жатты. Сібірді игеруші Демидов сыйлаған І Петрдің «Сібірлік коллекциясы» осылай пайда болды. Археологиялық заттарды Петербургке сібірлік шонжар М.П. Гагарин де жіберіп тұрған.

Мемлекет тарапынан археологиялық ескерткіштерді қорғап, көне заттарды жинау әрекеттері Ресейде XVIII ғасырдан бастап жолға қойыла бастады. Осы істің басы І Петрдің 1718 жылы «Сібірлік коллекцияны» алғаннан кейін шығарған жарлығы. Жарлықта: «Егер кімде-кім жерден немесе судан көне заттар тауып алса... алып келсін, ол үшін заттың құнына қарай төлем төленеді», – делінген. Екінші жарлық бойынша табылған заттың орны және өзін сызып алу туралы айтылған. Ең алғашқы археологиялық қазбаны 1722 жылы Сібірдегі Абакан-Перевозной ауылының маңында Г.Д. Мессершмид пен Ф.И. Страленберг жүргізді. 1733 – 1743 жылдары аралығында В.И. Беринг басқарған алғашқы академиялық экспедиция Сібір мен Қазақстан жерінде зерттеулер жүргізді. Экспедицияның мақсаты жаңа кірген жерлердің топографиясы, геологиясы мен тарихын зерттеу болатын. Экспедицияның мүшелері И.Г. Гмелин, Г.В. Стеллер, Г.Ф. Миллер, С.П. Крашенинников, И. Фишер, Л. Делаклоер, А.Иванов, М. Ушаков және Я. Линденаулар Сібір мен Қазақстанның археологиялық ескерткіштері жайлы мол материал жинады.

1768 – 1774 жылдары Еділ бойы, Урал, Сібір мен Қазақстан халықтарының тарихын, географиясы мен этнографиясын зерттеу мақсатымен ұйымдас тырылған екінші академиялық экспедиция Қазақстанда археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Экспедиция мүшелері П.С.Паллас, И.П. Фальк, И.Г. Георги, П.И.Рычков, Х.Барданес археологиялық ескерткіштерді топтастыруға үлкен үлес қосты. П.И.Рычков өзінің «Топография Оренбургская» атты еңбегінде өзі кездестірген кен алған жерлерді, мыс, қорғасын және қалайы қорытатын орындарды сипаттап кетті.

1763 жылы А.П. Мельгунов Украинада скифтердің үлкен обасын қазды. XVIII ғасырда орыс тарихшысы В.Н. Татищевтің археология ғылымына қосқаны мол болды. Ол түрлі тарихи деректерді жинаумен, археологиялық ескерткіштерді бақылаумен де айналысты. Тіпті, археологиялық материалдарды жинақтау туралы нұсқау құралын да дайындаған. Ол тарихты география, археология және этнографиямен бірге зерттеуді қолдаған.

Бұл кезеңде осы күнгі түсініктегі археология ғылымы қалыптаспаған, алдына қойылған мақсат, міндеті мен ғылыми зерттеу әдістемесі жоқ болатын. Дегенмен, археологиялық ескерткіштер мен көне заттарға деген қызығушылық көбейіп, сол кезеңге сай ғылыми теория қалыптасты. Мәселен, В. Татищев скиф, сармат және славяндардың пайда болуы жайлы теориялық тұжырым жасауға әрекет жасаған.

XIX ғасырда қанат жайған үлкен көлемдегі қазба жұмыстары археологияның ғылымы ретінде дамуына ықпал жасады. Еуропа археологиясындағы бірқатар жетістіктер өзінің оң әсерін тигізді. Помпей мен Вульчи зиратындағы қазбадан кейін Ассирияның астанасы Ниневиде Г.Лэйяр жүргізілген зерттеуі тамаша табыстар әкелді. Археология Ашшурбанипалдың кітапханасының 20 мыңнан астам сына жазу мәтінін әлемге сыйға тартты. Мысырды жүйелі зерттеу жұмыстары басталды. Осының бәрі археология мүмкіндігін көрсетіп, археологиялық қазбаларға қанат бітірді. Ресейдің оңтүстігінде антикалық ескерткіштерді зерттеу басталды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында дат ғалымы К.Ю. Томсен археологиядағы әйгілі ашылыс «үш ғасыр жүйесін» жасады. Ол Копенгаген музейінде жиналған археологиялық заттарды олардың жасалған материалдарына қарай топтастыра келіп, адамзат баласы тас, қола және темір кезеңдерін басынан өткізген деген тұжырым жасады. Ол осы ұлы жаңалығын өзінің «Северные древности» (1831) және «Каталог музея в Копенгагене» (1836) атты еңбектерінде тұжырымдаған. Адам баласының тарихын археологиялық тұрғыдан кезеңдеудің басы осы жаңалықтан басталды. Томсеннің археологиялық кезеңдеу жүйесін жалғастырушы оның шәкірті Я. Ворсо неолит пен қола дәуірі ескерткіштерін зерттеу барысында мезгіл анықтаудың салыстырмалы әдісінің нақты заттарға негізделген тәсілін ғылымға әкелді. Ол өзінің жаңалығын «Новое подразделения каменного и бронзового века» (1859) атты еңбегінде жариялады. Томсен мен Ворсоның жаңалығын француз археологы Г. Мортилье жалғастырды. Ол ежелгі тас құралдар сапасы жағынан бәрі бірдей еместігін аңғарды. Құралдардың бірсыпырасы дөрекі де тұрпайы болса, басқалары едәуір жетілген. Осындай ерекшеліктеріне қарай Мортилье көне тасты бірнеше кезеңдерге бөліп оларға шартты түрде табылған жерінің атын берді (Ашель үңгірінен табылған тас құралдарды ашель дәуірі құралдары деп атаған). Тағы бір дат археологы С. Нилсон көне заттарды осы күнгі дамуы жағынан артта қалған қоғамдардың құралдарымен салыстыру арқылы белгілі бір теңдестіру жасауға болатындығын байқаған. Оның ұсынған тәсілі кейіннен салыстырмалы мерзімдеудің бір бөлігін құрады. Осы ашылған жаңалықтар әлемдік археологияның дамуына үлкен үлес қосып, Ресейдегі археологиялық ойдың қалыптасуына әсерін тигізді.

XIX ғасырдың отызыншы жылдары қазба жұмыстары Ресейде жүйелі түрде жүзеге аса бастады. Қара теңіздің жағалауларындағы антикалық ескерткіштерді алғаш зерттеген И.А. Стемпковский жүйелі қазба жұмыстарының да негізін қалады. 1830 жылы Керчтің маңында скиф патшаларының әйгілі обасы Күлоба

казылды. Шығыс Еуразия жеріндегі қазба жұмыстарының жандануына жол салушы Зориан Ходаковский болды. Ол славяндардың жерлеу ескерткіштері мен қалашықтарын қазды.

Екінші кезең (XIX ғ. ортасынан – XX ғасырдың 30-жылдары) – Еуразия археологиясының дамуындағы демократиялық кезең. Бұл уақыт археологиялық қоғамдардың, жергілікті басылымдардың және музейлердің ашылу, сол кездегі деңгеймен үлкен қазбалардың басталуы, көне тас, жаңа тас және қола дәуірлері ескерткіштерінің ашылуымен сипатталады. Археологияның ғылым ретінде қалыптасып, оның негізгі бағыттарының (скифтік, славяндық, антикалық) қалыптасуы да осы кезеңде жүзеге асты. Археологияның Кавказдағы, Орта Азиядағы және Сібірдегі аймақтық орталықтары қалыптасты. Бұл кезең Шығыс Еуразия (В.В. Городцов) мен Сібірдің (С.А. Теплоухов) археологиялық кезеңденуінің эволюциялық жүйесінің жасалуымен аяқталды.

XIX ғ. орта тұсында граф А.С. Уваров Владимир-Суздаль жеріндегі жерлеу ескерткіштерін жаппай қазба бастады. Төрт жыл ішінде ол 7729 обаны қазып тастады. Өкінішке орай, бұл қазбаның пайдасынан зиянды жағы басым болды. А.С. Уваров 1864 жылы Петербургте «археолого-нумизматикалық» қоғам мен Мәскеудегі археологиялық қоғамдардың құрылуына ұйтқы болды. Негізінен орыс археологиясын зерттеумен айналысқан бұл қоғамдар Ресейде археологиялық ілімнің таралуына басты назар аударды. Сол кездегі өлшеммен кең көлемдегі қазбаларды жүзеге асырған археологиялық қоғам Бүкілресейлік 15 археологиялық съезд өткізген.

XIX ғ. осындай археологиялық қоғамдар мен үйірмелер Казанда, Тибилисте және Ташкентте құрылды. Ресейдің оңтүстігінде алғашқы музей 1806 жылы Николаев қаласында, кейіннен Феодоси, Одесса, Керч қалаларында ашылды. Бұл музейлердегі негізгі көрме заттарын археологиялық материалдар құрады. Иркутскіде алғашқы палеолиттік тұрақты алғаш 1871 жылы тауып зерттеген И.Д. Черский мен А.П. Чекановский болды. 1879 ж. К.С. Мережковский Қырымда тас ғасырының үңгірдегі ескерткіштерін зерттеді. Костенкодағы палеолиттік тұрақ сол кезде ашылды. 1883 жылы Мәскеуде тарихи музейдің ашылуы тарих пен археологиялық зерттеулердің жандануына жол ашты.

XIX ғасырдағы Ресей археологиясының дамуында негізгі екі бағыт қатар қанат жайды. Олардың алғашқысы – ресми мемлекеттік, екіншісі – құрамына Император археологиялық комиссиясы, музейлердің археологиялық қоғамдары, археологиялық съездер кірген қоғамдық ұйымдар.

Г. Шлиманның XIX ғасырдың екінші жартысында Жерорта теңізі алабында ежелгі өркениеттің ескерткіштерін ашып, зерттеуі әлемді дүр сілкінтті. Бұл оқиға әлемдік археологияның дамуына айтарлықтай серпіліс берді. Әлемдік археологиядағы екінші елеулі оқиға ағылшын археологі А. Эванстің Крит аралындағы ашылулары болды. Эванс қаншама ғасырлар бойы қалыптасқан қалалар, патша сарайлары, шеберханалар мен храмдардың орындарын ашты. Ол

жүргізген зерттеулер Жерорта теңізінің шығыс бөлігіндегі көне тарихты тануға тамаша жол ашты.

XIX ғасырдың екінші жартысында археологиялық материалдарды тарихи тұжырым жасауда пайдалануға деген құштарлықтың артқандығы айқын байқала бастады. Мәскеудің маңындағы обалар мен скифтің атақты обасы Чертомлыкты қазған И.Е. Забелин – осындай ұстанған зерттеушілердің бірі. Ол қорғандарды қазу әдістемесін жасап, археологиялық материалдар негізінде тұрмыстық тарихты зерттеу тәсілін ұсынды. Д.Н. Анучин Ресейде С. Нилсонның тәсілін қайталап, археология мен этнографиялық материалдарды сәйкестендірумен айналысты. Осы арқылы әртүрлі халықтардың тарихи даму жолдарының ұқсастығын түсіндірді. Тіл танушы ғалым кәсібін археология және этнографиямен ұштастырған В.В. Радлов Сібірде қазба жұмыстарын жүргізді. Абакан өзенінің бойында ерте темір ғасыры мен түркі дәуірінің обаларын қазды. В.В. Радловтың Орхон-Енисейдегі көне түркі руналық жазуын оқуы әлемдік деңгейдегі ашылулар қатарына кірді. Ол дайындаған «Сибирские древности» аталған археологиялық материалдар альбомы үлкен маңызға ие болды. Ұзақ жылдар жүргізген зерттеулердің нәтижелерін түйіндей келе, ол Енисей маңындағы өлкеде аса жоғары дәрежедегі қола дәуірі мәдениеті дербес қалыптасып, дамыған деген болжам айтты. Радлов 1862 – 1869 жылдары аралығында Қазақстанның солтүстік, шығыс аймағы мен Жетісудың Түрген ауылы маңында қазба жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде солтүстік-шығыс Қазақстан мен Сібірдің ежелгі ескерткіштерін кезеңдеу және мерзімдеу жүйесін ұсынды. 1867 жылы Археологиялық комиссия мүшесі, шығыстанушы П.И. Лерх Сырдарияның бойындағы Сауран, Сығанақ және Жанкент қалашықтарына қазба салды. Ол өзі зерттеген ескерткіштерді жазба деректерде аты аталатын тарихи қалалармен баламалады. Археологиялық комиссияның тапсыруымен XIX ғ. соңында Қазақстан жерінде Ф.Д. Нефедов, Э.Ю. Петри, С.Н. Назаров, А.Н. Харузин, Н.Н. Пантусов, Е.Ф. Каль секілді ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізді.

XIX ғ. соңында Қаратеңіздің жағалауларындағы ежелгі грек колония-қалаларын зерттеу едәуір нәтижелерге жетті. Өзінің бүкіл ғылыми өмірін Қаратеңіздің жағалауларындағы антикалық ескерткіштерді зерттеуге арнаған археолог Б.В. Фармозов орыс археологиясын дамытуға көп үлес қосты. Орыс археологиясы ғылым ретінде қалыптасып, салалық өзгерістерге ұшырады. Украина, Кавказда, Сібірдің қалаларында Орта Азияда жергілікті археологияға қызығушылар көбейді. Олардың көпшілігі сол кездегі деңгеймен алғанда жоғары кәсіби деңгейде жұмыс істеді. 1895 жылы Ташкентте Түркістанның археологияға қызығушылар үйірмесі құрылды. К.А. Кларе, А.А. Черкасов, П.П. Иванов секілді көптеген үйірме мүшелері Қазақстанның археологиялық ескерткіштерін тауып, зерттеуге алғашқы үлес қосушылар болды. 1904 жылы Отырар қаласының орнында алғашқы кәсіби қазба жүргізілді. Үйірменің ашылуы мен белсенді зерттеулер жүргізуіне негізгі ұйытқы болған В.В. Бартольд

Қазақстанның оңтүстігіндегі қалаларды зерттеудің дәстүрін жасап берді. 1847 жылы Енисей мен Саянда болып, Уйбат даласының ескерткіштерін зерттеген ғалым М.А. Кастрен өзі жинақтаған археологиялық, этнографиялық және топонимикалық материалдары негізінде Оңтүстік Сібір жерінде финдердің арғы бабалары болған деген болжам айтты. Бірақ бұл болжам ғылыми жан-жақты дәлелденбеген жеке көзқарас күйінде қалды.

XIX ғ. соңында археология өзіндік ұстанған мақсаты мен міндеті анықталған, зерттеу нысандары белгілі ғылым ретінде түпкілікті қалыптасып болды. Мәскеуде, Петербург, Киев, Тифлис, Томск, Минусинск, Красноярск, Иркутск секілді қалаларда ғылыми орталықтар құрылды. Қаратеңіздің жағалаулары мен Кавказдағы антикалық ескерткіштер зерттеліп, Орта Азияда Анау мәдениеті ашылды, Батыс Сібір мен Алтайдың қорымдарында қазбалар жүргізілді. Түрлі дәуірдің ескерткіштерін зерттеген ғалымдар археологиялық материалдарды талдауға байланысты түрлі идеялар айтты. Осының бәрі археологиялық материалдардың маңызды тарихи дерек екендігін түсінудің басы болатын. Археологиялық материалдарды талдаудың негізгі үш бағытын атап айтуға болады. Олар: 1) ежелгі мәдениеттердің даму деңгейін анықтау; 2) оларға мерзімдік байланыс беріп, археологиялық ескерткіштердің мерзімделуі мен кезеңделуін анықтау; 3) қайсыбір археологиялық ескерткіштердің қандай этносқа тиістілігін анықауға деген әрекет.

XIX соңында патшалық Ресей археологиясы еуропалық ғылыми дамудың құрамдас бөлігі түрінде дамыды. Үдере дамыған капитализм тұсында еуропалық археологияда мәдениеттер мен халықтардың пайда болуы жайлы түрлі теориялар қалыптасып жатты. Қоныс аудару (миграция), диффузионизм, географиялық детерминизм, экологиялық мектептер қалыптасты. Осы айтылған мектептердің жақтаушылары қайсыбір тарихи құбылысты түсіндіруде жекелеген факторлардың рөлін өсіріп көрсетуге тырысты. Сатылық теориясы едәуір қолдауға ие болды. Археологияда осы теорияны жақтаушылар тарихи үдерісті эволюциялық-кезектілік ретінде қарастырды. XIX ғасырдың екінші жартысында әйгілі болған эволюционизм теориясының көне қоғамдар мен мәдениеттер дамуын марксистік тұрғыдан түсіну тәжірибесі кеңестік археологияға да ықпалын тигізді.

Кеңестік археологияға едәуір әсер еткен веналық мәдени-тарихи мектеп (В.Шмидт, Ф. Гребнер, Б. Анкерман т.б.) болды. Олар әртүрлі халықтардың мәдениеттердегі ұқсастық құбылысы олардың бір орталықтан таралуынан деп түсіндірді. Ал, жаңа мәдениеттердің пайда болуын мәдени құбылыстардың қоныс аудару және механикалық орын ауыстыру нәтижесі деп қарастырды. Бір-біріне жақын және өте алыс орналасқан мәдениеттер үлкен тұтастықты – «мәдени шеңберді» құрады. Адамзат дамуында халықтардың қоныс аударуының әсері болғандығына едәуір көңіл аударылды. XX ғ. басында еуразиялық археологияда Оңтүстік Сібір мен скифтік материалдардың өзара ұқсастығына назар аударыла бастады. Осыған байланысты скиф мәдениеті мен

скиф-сібір қауымдастығының тегі бір деген теория (Ядринцев, Минц) қалыптасты. Дегенмен, скиф мәдениеті шығысқа қарай дамыған деген теорияда (Фармаковский) болды. Бірақ соңғы теорияның қателігін археологиялық зерттеулердің нәтижелері толығымен растайды.

Тарихи дамуға географиялық ортаның әсерін бағалау археологияда қарама-қайшы көзқарастар пайда болды. Кейбір ғалымдар географиялық ортаның әсерін толығымен жоққа шығарса, басқалары керісінше, географиялық детерминизм концепциясын қолдап, табиғи орта адамдардың қоғамдық өмірі мен мәдениетінің дамуына жол ашты деп есептеді. Олардың пікірінше, халықтардың тарихы олар мекен еткен ортаға тікелей байланысты болған.

Сонымен қатар XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында теориялық археология жаңа археологиялық мәдениеттердің ашылуы, мәдени кешендердің зерттеуінің басталуы және салыстырмалы анализ әдісін жемісті қолдану, халықтардың қоныс аударуының тарихтағы рөлі, мәдениеттердің уақыт пен кеңістік аралығында таралуын бақылау, оның себептерін анықтау әрекеті секілді бірқатар жетістіктерге жетті. Осы жетістіктер XX ғасырдың бірінші жартысында әлемдік археологияға үлкен үлес қосқан еуропалық атақты археолог Г.Чайлдтің еңбектерінде көрініс тапты.

Ресейде археологиялық ескерткіштерді түрлерге бөлудің негізінде олардың мерзімделуіне көңіл аудару байқала бастады. В.В. Радлов осындай тәсілмен Оңтүстік Сібірдің төрт тарихи кезеңге (мыс және қола, ежелгі темір, жаңа темір және кейінгі темір) жататын обаларын бірнеше түрлерге бөлді. XIX ғ. соңында обаларға жасаған өзінің классификациясын Д.А. Клеменц ұсынды. Ол обасыз жерлеулердің алты, обалы жерлеулердің жеті түрін көрсетті. Өзінің пікірінше, Оңтүстік Сібірдегі қола ғасыры дамуындағы белгілі бір кезеңдерге сәйкес келетін обаларды И.Т. Савенков бес түрге бөлді. Және олар бөлек бес тайпаларға тиесілі деген ой тастады. Сонымен қатар ол полеометалды – мыс және қола кезеңдеріне бөліп, соңғысы уақыты жағынан ұзақ мерзімге созылған деді.

Сібір тарихының кезеңделуін жасауға А.М. Тальгрэн әрекет жасады. Сөйте тұра Сібірде қола дәуірі мәдениеті батысқа қарағанда кеш дамыды деген қате болжам жасады. Ол қола ғасырын: ежелгі – б.з.д. 2500 – 1500 жылдар; орта – б.з.д. 1500 – 1000 жылдар; кейінгі – б.з.д. 1000 – 500 жылдар деп үлкен үш кезеңге бөлді; б.з.д. 500 ж. темір құралдар пайда болды. Тальгрэн минусиндік мәдениеттің пайда болуын б.з.д. 2000 – 1000 жылдары аралығында жүрген деп есептеді. Оның дамуының екінші кезеңі б.з.д. 1000 – 500 жылдары, яғни екі құлақты келттер, қайқы пышақтар, қанжарлар, геометриялық өрнектер пайда болған кез. Үшінші – б.з.д. 500 жылдары және скифтік әсердің басым болған кезеңі.

В.М. Флоринский Еуразия даласының қола ғасырын б.з.д. II – I мыңжылдықпен мерзімдеп, Ресейдің далалық аймағындағы көпшілік обаларды б.з.д. бірінші мыңжылдыққа жатқызды. Ол темір дәуірінің мәдениеті өзіне

дейінгі қола ғасыры мәдениеттерімен сабақтастықта болған деп есептеді. Оның пікірінше, б.з.д. V ғасырда тұрғындардың ауысуы болып, Сібірге моңғол тектес нәсілдер келді, көшпелі тіршілік таралды. В.М. Флоринский «обалы мәдениеті», «обалы тайпалары» деген ұғымдарды енгізді және Оңтүстік Сібірдің барлық обаларын ежелгі бір ғана халық қалдырған деп есептеді. Оларды тек славяндарға таңып, олардың моңғолдық, татарлық және финдік тамырын жоққа шығарды. XIX ғасырдың 80-жылдарында Оңтүстік Сібір финно-угорлықтардың түпкі отаны болғандығы жайлы теория ғылыми беки бастады. 1887 – 1889 жылдары Сібірді зерттеген финдік экспедиция ғылымға үлкен үлес қосты. Экспедицияның құрамында болған И.Р. Аспелин, Я. Апельгрэн, А.О. Гейкель, А.Х. Снеотман-Виркунен секілді ғалымдар ұлтшылдық бағытты ұстанып, Батыс Сібір тұтастай фин халқының түп отаны болған деп есептеді. Ғылыми негізі жоқ жаңсақ пікірді В.М. Флоринский өзінің «Первобытные славяне по памятникам их доисторической жизни» атты еңбегінде келтірді. Ол Оңтүстік Сібір, Урал және Орта Азияның археологиялық материалдарын Еуразия даласын ежелгі заманда мекендеп, кейіннен батысқа қоныс аударған славяндардан қалған деп дәлелдеп баққан.

Қазақстанның археологиялық ескерткіштерін зерттеудегі елеулі бетбұрыс В.В. Бартольдтің есімімен байланысты болды. Ол 1893 – 1894 жылдары Шу және Талас өңірі, Ыстықкөл қазаншұңқыры мен Іле өзенінің алқабында болып, ондағы археологиялық ескерткіштерді бақылады. В.В. Бартольд өзінің «Отчет о поездке Среднюю Азию с научной целью» атты еңбегінде ортағасырлық қалашықтарды жазба деректердегі тарихи қалалармен баламалау нәтижелерін жариялады. Қазақстан мен Орта Азияның ескерткіштері оның кейінгі бірқатар еңбектерінде қарастырылған. Ғалымның тарихи топография, баламалау мәселесі, тарихи оқиғалардағы ежелгі және ортағасырдың орны, қалалардың қалыптасуы мен дамуы саласындағы ғылыми ізденістері кейінгі көптеген зерттеулерге арқау болды. 1895 жылы Ташкентте құрылған Түркістанның археологияға әуестенушілер үйірмесі В.В. Бартольдтің есімімен байланысты. Осы үйірменің мүшелері А. Кларе, А. Черкасов, В.А. Каллаур, Н.Н. Пантусов, Н.П. Остроумов, А.А. Диваев, И.В. Аничков, А.А. Семеновтар өмірінің бір бөлігін Қазақстанның көне мұраларын зерттеуге арнаған.

Олардың Отырарда, Шу мен Талас өңірінде Іле өзенінің алабында әр жылдары жүргізген зерттеулерінің материалдары «Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии» деген атпен жинақ ретінде басылып отырған.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы Еуразия археологиясының дамуындағы аса маңызды кезең болды. Тас, қола, ерте темір және орта ғасыр ескерткіштерінің көпшілігі осы кезде ашылып зерттелді. Археологиялық мектептер ашылып, археологиялық материалдарды тарихи зерттеуде пайдалану концепциясы қалыптасты. Археология өзінің кәсіби маманы, зерттеу әдісі мен тұрақты тұжырымы бар ғылым ретінде қалыптасты. Археологияның негізгі

зерттеу бағыттары: славян-орыс, антика, скиф археологияларымен қатар Кавказ, Орта Азия мен Қазақстан, Сібір, Қиыр Шығыс археологиялары құрылды.

XX ғасырдың 30-жылдарына дейінгі аралық Еуразия археологиясындағы ерекше кезең болды. Большевиктік партияның жаңа қабылдаған қаулысы ғылымдағы әртүрлі бағыттары мен археологияның еркін дамуының жолын қиды. Кеңестік тарих ғылымы археологиямен қоса бірыңғайланып, марксистік-лениндік аталған ресми сипатқа көшіп, мемлекеттік ғылымға айналды. Қазан төңкерісі алғашқыда ғылымға ешқандай өзгеріс әкелмеді. Отызыншы жылдарға дейін археология саласының мамандары бұрынғысынша қалды. Тек патшалық археологиялық комиссияның орнына Ресейлік материалдық мәдениет тарихы академиясы (РММТА) құрылды. Көп ұзамай ол бірнеше ғылыми-зерттеу институттары біріккен «материалдық мәдениет тарихының мемлекеттік академиясы» (ММТМА) деп өзгертілді.

Теориялық мәселелермен әуестену мен ғылымға марксистік әдістемені енгізу кестелену мен социологизмге алып келді. Тарих пен археологияның мәселелерін қарастырған кезде таптық көзқарас анықтаушы рөл атқарды. Марксистік философиялық концепцияны тарихқа енгізу археологиялық материалдарды жасанды жандандыруға итермеледі. Нақты археологиялық материалдарды алғашқы қауымдық қоғамның даму кезеңіне эволюциялық кестеге сәйкестендіруге әрекет жасалды.

Сонымен қатар археологиялық ескерткіштерге деген өлкетанушылық қызығушылықтың артып, музейлердің қызметі жанданып, ғылыми қоғамдардың құрылғанын айтпауға болмайды. Жекелеген аймақтардың өткен тарихы зерттеле бастады. Жергілікті археологтар мен өлкетанушылардың мектептері жемісті жұмыстар жүргізді. Еуразияның металды игерген дәуірін археологиялық мәдениеттерге бөлу осы кезеңнің басты жетістігі болды.

1918 – 1920 жылдары тұтқынға түскен австриялық археологтар Г.Мергерт, С.И. Руденко және С.А. Теплоуховтар Енисейдің (Енисей) бойындағы қоныстар мен қорымдарды зерттеді. Қола дәуірінің бұрын зерттелген және жаңа алынған мәліметтерін қорытындылаған монографиясын Г. Мергерт Венада бастырып шығарды. Бұл еңбек кеңестік тарихнамада тиесілі бағасын алмады. Дегенмен, осы еңбекте негізгі археологиялық негізгі мүліктер жүйеленіп, өзінің даму жолында бірнеше сатылардан өткен минусиндік ерекше қола мәдениеті өмір кешкені жайлы тұжырым жасалды. Мергерт археологиялық мәдениеттерді нақты бір физика-географиялық аймаққа байланыстыра отырып, жеке өңірлік құбылыс ретінде қарастырды.

XX ғ. басында Еуразия археологиясын кезеңдеудің негізі қалыптасты. В.А. Городцов өзі қазған обалардың материалдары негізінде қола дәуірінің ежелгі шұңқыр, катакомба, қима мәдениеттерін бөлді. Сібірде С.А. Теплоухов жетпістен астам молаларды қазып, оларды жерлеу құрылысына, жерлеу ғұрпына және жерленген заттарына қарай отырып түрлерге бөлді. Өзі зерттеген кешендерді уақыты жағынан кезектесіп келетін афанасев, андрон, қарасұрық

және таштық мәдениеттеріне топтастырды. Осы кезеңдеулер кеңестік археологияның кейінгі дамуына негіз болды.

В.А. Городцов пен С.А. Теплоуховтың осы кезеңдеулері ежелгі тарихты археологиялық материалдар көмегімен қарастырудағы сапалық жаңа қадам болды. Олардың негізінде археологиялық мәдениеттердің бірінен екіншісіне өтетін тарихи дамуға деген үдемелі эволюциялық көзқарас жатты.

Үшінші кезең (XX ғасырдың 30 – 60-жылдары) – ғылымдағы тоталитаризм кезеңі. Бұл – археологияны идеологиялап, оған марксистік және большевиктік пиғылдарды енгізу кезеңі. Археологиядағы сталинизм және оның көрінісі «лысенковщина» ғылыми еркін пікірдің жойылуына әкелді. XX ғ. басындағы ғылымда қалыптасқан әртүрлі археологиялық мектептер жойылып, көптеген ғалымдар репрессияға ұшырады, солардың қатарында С.Теплоухов, Б.Петри, С.Руденко, М.Грязнов, т.б. бар еді. Г.Мергарт өз еліне кетті. Өлкетану ісінің сипаты өзгерді. Оның құрамынан археология мен этнография жойылды, музейлер социалистік құрылыстың жетістіктерін уағыздауға ыңғайластырылып қайта жабдықталды. Аймақтарда қалыптасқан археологиялық ғылымдар Мәскеу мен Ленинград секілді орталық қалаларға шоғырланды. Жергілікті археолог ғалымдар жоқтың қасы болатын. Одақтас республикалардағы археологиялық зерттеулерді бірнеше онжылдықтар бойы Мәскеу мен Ленинградтың экспедициялары жүргізді. Ресейдің шеткі аймақтарының ежелгі тарихын зерттеуде ұлттық теріс пиғылмен бұрмалаушылықтарға орын берілді. Қазбадан табылған ерекше өнер туындылары мен зергерлік бұйымдарды сырттан әкелінген деп, жергілікті тұрғындардың дәстүрлі мәдени сабақтастығын жоққа шығару әдетке айналды.

Археологиялық зерттеулердің бір орталықтан ғана басқарылатын кеңестік жоспарланған жүйесі қалыптасты. Кеңес аймағында жүргізілетін барлық археологиялық, этнографиялық зерттеулерді тек орталықтарда ұйымдас тырылған экспедициялар жүргізді. Урал мен Еділ өңіріндегі, Сібір, Қиыр Шығыс, Орта Азия мен Қазақстанда жүргізілген зерттеулерді Мәскеудегі Материалдық мәдениет институты мен оның Ленинградтағы бөлімі ұйымдастырды. Солардың қатарында Днепрдегі, Волгоградтағы, Жоғарғы Обтағы, Ангарадағы, Красноярдағы су қоймаларының орнын зерттеуге бағытталған археологиялық экспедициялар, Оңтүстік Түрікмен кешенді археологиялық экспедиция (ОТКАЭ), Қырғыз археолого-этнографиялық экспедициясы (КАЭЭ), Тува кешенді археолого-этнографиялық экспедициясы (ТКАЭЭ), Прибалтика біріккен кешенді экспедициясы (ПБКЭ), Хорезм археолого-этнографиялық экспедициясы (ХАЭЭ), т.б. экспедицияларды айтуға болады.

Қазақстан жерінде орталықтан ұйымдастырылған бірнеше экспедициялар жұмыс істеді. 1930 жылы Б.Н. Граков Қазақстанның солтүстік облыстарында зерттеу жүргізді. 1930 – 1936 жылдары О.А. Кривцова-Гракова Қостанай облысында Алексеевка ауылының маңындағы қола ғасырының бірқатар жерлеу

орындары мен қоныстарын, тасаттық орындарын зерттеді. 1932 – 1933 жылдары Материалдық мәдениет тарихы мемлекеттік академиясының (Ленинград) П.С. Рыков басқарған экспедициясы Орталық Қазақстанның көне ескерткіштерін зерттеуді бастады. Экспедиция мүшелері М.П. Грязнов, М.И. Артомоновтар қола дәуірінің обалары мен қоныстарын, сақ қорымдарын ашып, қазба жүргізді. 1935 – 1938 жылдары КСРО ҒА Материалдық мәдениет тарихы институтының С.С. Черников басқарған экспедициясы Шығыс Қазақстанда кешенді зерттеулер жүргізді. Алтын, мыс және қалайы өндірілген байырғы кен орындары ашылды. Қола дәуірі мен ерте темір ғасырының бірқатар ескерткіштері ашылды. Сақтардың әйгілі Шілікті қорымы осы кезде қазылды. Осы жылдары Қарағанды облысында археологиялық барлау жүргізген С.В. Киселев Бесоба мен Жаңа ауыл маңында археологиялық ескерткіштердің үлкен тобын ашты. Атақты «мұртты обалар» алғаш осы кезде табылған болатын. 1938 жылдан бастап соғыс басталғанға дейін Қазақстанның оңтүстігінде А.Н. Бернштам басқарған Жетісу археологиялық (Ленинград) кешенді зерттеулер жүргізді. Экспедиция Жетісудың, Шу мен Талас өңірінің археологиялық ескерткіштерін зерттеді.

Ғылымды әдістемелік тұрғыдан сипаттау өзгеріске ұшырады. Этнографиялық көзқарас ұмытылды. Тарих ғылымы тұтастай, ал археология жартылай идеологиялық біркелкілік сипат алды. Марксистік әдістеме ретінде жарияланған эволюционизм археология саласында үстемдік жүргізді. Типологиялық әдіс эволюциялық концепцияға едәуір толық жауап беретін ғылыми-зерттеудің тәртібіне айналды.

Төртінші кезең – (XX ғасырдың 60 – 90 жылдары) – археологиядағы жаңа кезең. Бұл тұста ғылыми орталықтар бөлініп, жергілікті зерттеу орындары көбейді, археология мамандарының қатары артып, жоғары оқу орындарында арнайы кафедралар, түрлі ғылыми археологиялық қоғамдар ашылды. Көптеген қалаларда ғылыми мектептер мен ғылыми археологиялық орталықтар Уралда, Сібірде, Орта Азия мен Қазақстанда, Қиыр Шығыста құрылды.

КСРО ҒА Сібір бөлімінің ашылуы, оны А.Окладниковтың басқаруы Сібір аймағындағы археологияның жандануына үлкен жол ашты. Палеолиттің аса маңызды ескерткіштері ашылып, Сібірде ерте тастың (ерте палеолит) болғаны дәлелденді. Академиктер А. Деревянко мен В. Молодиннің зерттеулері арқасында Қиыр Шығыстың жаңа тас дәуірі мәдениеттері, қола ғасырының көптеген ескерткіштері, ерте темір дәуірі мен орта ғасыр кеңінен танылды. КСРО ҒА-ның Сібір бөлімі Орта Азия мен Қазақстан археологтарымен бірлесіп тас дәуірін зерттеуде де жақсы жетістіктерге жетті.

Еуразия археологиясында жаңа ғылыми бағыттар пайда болды. Палеолиттік ескерткіштердің жаңа ашылулары мүстьелік қауымдастықтар жайлы қайта тұжырым жасап, жоғарғы тас мәдениетін бөлуге мүмкіндік берді. Жаңа тас ескерткіштерін зерттеу жанданды. Тасқа салған суреттерді зерттеу де өз жемістерін бере бастады. Осы саладағы зерттеулердің арқасында әлемдік ғылым

Кавказдың, Қазақстанның, Сібір мен Қиыр Шығыстың петроглифтері жайлы таныс болды.

Украина жеріндегі ежелгі егіншілер мен бақташылардың тарихы жемісті зерттеле бастады. Ерте егіншілік (энеолиттік) мәдениеттердің ошақтары Орта Азия мен Кавказда ашылды. Қара теңіздің солтүстік жағалауындағы антикалық қалалардың экономикасын, әлеуметтік құрылысы мен тарихын зерттеуге археология елеулі үлес қосты. Қара теңіздің солтүстік жағалауындағы антикалық ескерткіштерді тарихи және археологиялық тұрғыдан зерттеудің ерекше мәнге ие болатын, себебі жазба және археологиялық деректердің бірін-бірі толықтыратын мәліметтерінің молдығында еді.

Скиф ақсүйектері мен патшаларының алып обалары зерттеушілерді әр уақытта да қызықтырды. Бірақ қарапайым скифтердің жерлеулері мен мекен-жайларын қазуға көңіл бөлінбеді. Археологтар Б.Н. Граков, М.И. Артамонов және басқалардың зерттеулері скиф тайпаларының өмір көрінісі, олардың қолөнері мен құрылыс істерінің даму деңгейін көрсетті.

Еділ өңірі мен Урал маңында савроматтардың тарихы мен мәдениеті, Қазақстан мен Тәжікстанда сақ тайпаларының археологиялық ескерткіштері зерттелді. Алтай жерінде көсемдердің тамаша обалары қазылып, өте жақсы сақталған матадан тігілген заттар, кілемдер, ағаштан жасалған бұйымдар табылды. Бұрын ғылым білмеген Тува жеріндегі скифтік мәдениеттің ескерткіштері ашылып, Қиыр Шығыстың ерте темір ғасыры мәдениеттері зерттелді.

Орта Азия мен Қазақстан жерінде ерте дәуірі: палеолит, мезолит және алғашқы мемлекеттік құрылымдар ескерткіштері қазылды. Суғару жүйелері, үлкен егіншілік алқаптар, қала-бекіністері, керуен сарайлардың орындары ашылып, Орта Азияның жоғары дамыған егіншілік мәдениеттері зерттелді. Қазақстанда қала мәдениетін зерттеу тұрақты жүргізіле бастады. Ұлы Жібек жолының Еуразия тарихындағы сауда-экономикалық, мәдени және саяси маңызы, халықтардың мәдени байланысындағы халықаралық сауда тораптарының рөлін зерттеу жақсы жетістіктерге жетті. Қазақ халқының этникалық тегінің қола ғасырынан басталып, кейінгі дәуірлерде осы жерді мекендеген ірі тайпалық одақтардың (Сақ, Үйсін, Ғұн, Түркі) тағдырымен сабақтасып жатқаны антропологиялық зерттеулер негізінде ғылыми тұжырымдалды.

Ресей археологтары славян этносының қалыптасу жолдарының мәселелерін зерттеумен айналысты. Ежелгі орыс қалаларының қалыптасу көрінісін Киев, Новгород, Рязань, Смоленск және Псков қалаларының орнында жүргізілген қазбалар айқындады.

Еурозия археологиясында жаңа әдістемелік тәсілдер пайда болды. Жаратылыстану ғылымдарының әдістері археологияда кеңінен қолданыс тапты. Эксперименталды археология пайда болып, археологияның дамуына әсер еткен тарихи әдістемелік тәжірибе де біртіндеп өзгеріске ұшырады.

Еуразия археологиясы осы кезеңде зерттеу мақсаты, мерзімдік шекарасы мен әдістері жағынан ерекшеленетін бірнеше бағыттарға бөлінеді. Олар: тас дәуірін, қола ғасырын зерттейтін антика, скиф-сармат, сақ-үйсін, түркі дәуірі, славян-орыс археологиясы. Бұл – тарихи қалыптасқан, өзіндік тәжірибесі бар, белгілі бір зерттеу мақсатына жұмылдырылған бағыттар. Бұрынғы КСРО республикаларында жергілікті ғылыми орталықтар дербес зерттеулерін жандандырды. Материалдық мәдениет тарихы тұрғысынан дамыған Еуразия археологиясының қоғамдық құрылысты қалпына келтіру тәжірибесі жеткіліксіз болды. Ғылымды озбырлықпен тарихи материализм қалпына салу дәстүрі «өркениет», «әлеуметтік құрылыс» секілді тарихи категориялардың дамуына кері әсерін тигізіп, археологиялық қайта жаңғыртуды белгілі бір кестелік принципке жүгінуіне әкелді.

XX ғасырдың соңында КСРО ыдырағаннан кейін Еуразия археологиясы жекелеген орталықтарда дамып, өзара байланыс әлсіреді. Еуразиялық дамуға көптеген елдер өз ұлтының мүддесі тұрғысынан қарауға бейімделді. Осы талпыныста нақты, шынайы тұжырымдармен қатар асыра сілтеушіліктер мен бұрмалаушылықтар да кездесіп жатады.

Әдебиеттер

- Амальрик А.С., Монгайт А.Л. В поисках исчезнувших цивилизаций. – М., 1966.
- Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и Усуней долины реки Или. – Алма-Ата, 1963.
- Археология в Российских университетах. – Воронеж, 2002.
- Байпақов К.М. Жетісу мен Алматы аймағындағы сақ пен үйсіндердің қоныстары. – Алматы, 2008.
- Генинг В.Ф. Очерки по истории советской археологии. – Киев, 1982.
- Институт археологии: история и современность. – М., 2001.
- Институт истории материальной культуры. – СПб., 1997.
- История и археология Дальнего Востока. – Владивосток, 2000.
- Керам К. Боги, гробницы, ученые. – М., 1986.
- Коников Б.А. Основы археологии Западной Сибири. – Омск, 1997.
- Крамер С. История начинается в Шумере. – М., 1991.
- Мартынов А.И. Историография археологии Сибири. – Кемерово, 1983.
- Массон В.М. Исторические реконструкции в археологии. – Самара, 1996.
- Матющенко В.И. 300 лет сибирской археологии. – Омск, 2001.
- Монгайт А.Л. Археология СССР. – М., 1995.
- Очерки истории отечественной археологии. Вып. 1. – М., 1991; Вып. 2, 1998; Вып. 3, 2002.
- Познание исторического процесса в археологии. – М., 1998.
- Пряхин А.Л. История советской археологии. – Воронеж, 1986.
- Теория и методы археологических исследований. – Киев, 1982.
- Традиции Российской археологии. – СПб., 1996.
- Формозов А.А. Очерки по истории русской археологии. – М., 1961.
- Формозов А.А. Страницы истории русской археологии. – М., 1986.
- Эрлих В.А. Изучение Северной Азии и развитие науки в Сибири и на Дальнем Востоке в дотационный период; Учебное пособие. – Новосибирск, 2003

Б і р і н ш і т а р а у

ТАС ҒАСЫРЫ

Адамның арғы тегі туралы мәселе

Жер ғаламшарының тарихы бес миллиард жылдан астам уақытты қамтиды. Осынау ұзақ уақыт аралығында адамзат тарихы қас қағым сәт секілді мезгілді алады. Ғалымдар жер тарихын бірқатар кезеңдерге бөлген. Солардың ең соңғысы ғылымда «Кайнозой» деп аталады. Ол 60-70 млн. жылдан осы күнге дейінгі уақытты қамтиды. Кайнозой – палеоген, неоген және антропоген (төрттік) болып үш кезеңге бөлінеді. Едәуір ертеректегі геологиялық әдебиеттерде палеоген мен неоген кезеңдерін біріктіріп үштік кезең, антропогенді төрттік кезең деп көрсетілетін. Қазіргі жаңа көзқарас бойынша адам мен оның материалдық мәдениетінің қалыптасу кезеңін «антропоген» деп атау кеңінен қолданылады.

Антропоген эоплейстоцен, плейстоцен және голоцен болып үшке бөлінген. Антропогеннің кезеңделуіне жер бетіндегі ауа райының, яғни мұздық пен мұздықаралық кезеңдердің ауысып келуі негіз болған. Мұздықтардың құрлықтың көптеген бөлігін басып қалуы мен теңіз деңгейінің өзгеріп отыруы адам тегінің қалыптасып, дамуына үлкен әсерін тигізген.

Адам мен маймылдардың арасындағы зоологиялық ұқсастық адамның арғы тегі жануарлар дүниесінен бөлініп шыққан деген тұжырымға негіз болған. Осы теория бүкіл әлемдік ғылымда мойындалып, антропогенді зерттеуде кеңінен қолданылып келеді. Адамның қалыптасу үдерісі өте ұзақ уақытқа созылды. Неогеннің соңы мен эоплейстоценнің басында Африка, оңтүстік Еуропа мен Азияның оңтүстігінде физикалық құрылымы мен өмір сүру дағдысы жағынан адамға жақын болған маймылдардың көптеген түрлері өмір сүрген. Оларды ғылым тілінде дриопитектер, рамапитектер, бейімдіпитектер (удобнопитектер) және австролопитектер деп атаған. Олардың басым көпшілігі эволюцияның тұйықталған тармағын құрады. Тек адам тектес маймылдардың австролопитектерді еске түсіретін түрлерінің қаңқалары аң аулап, етпен қоректену салдарынан адам кейпіне ұқсай бастағаны байқалады.

Адамның алғашқы отаны жайлы мәселе әлі күнге толық шешілмеген. XX ғасырдың екінші жартысында жасалған бірқатар палеоантропологиялық ашылулар адамның қалыптасу үдерісі жүрген аймақтың үлкен аймақты қамтығандығын аңғартады. 1959 – 1960 жылдары Танзанияның Олдувей шатқалынан табылған көне адамтектес маймылдардың қаңқалары ғылым үшін үлкен жаңалық болды. Еңбекке бейім адам (*Homo habilis*), ғылыми түрде презинджантроп деп аталған қаңқаның бас сүйектерінен адам басының

құрылымы мен миына жақын көп сәйкестіктер анықталған. Презинджантроп жатқан жерден табылған шапқыш тас құралдар (чопперлер) оның еңбекке бейім болғандығын растайды. Оның калий-аргонды әдіс бойынша анықталған ғұмыр сүрген уақыты осыдан 1 750 000 жыл, миының көлемі 652 см³. Аяғының сүйектері тік жүргендігін, саусақ талшықтарының құрал жасауға бейім болғанын көрсеткен. Оның еңбекке бейімді қабілеті қолының жетілгендігі, миының көлемі секілді антропологиялық даму дәрежесімен сәйкес келеді. Осыған ұқсас деңгейде дамыған адам қаңқалары Африканың көптеген жерлерінен табылған. Эфиопиядағы Омо өзенінің бойынан табылған ондаған индивидтердің қаңқалары калий-аргонды әдіс арқылы анықталған мәлімет бойынша 4-тен 2 млн. жылға дейінгі аралықты қамтиды. 2,1 млн. жылмен мерзімделген автролопитектің сүйек қалдықтары жатқан қабаттан табылған шақпақ тастан жасалған тас құралдар аса маңызды.

Әкелі балалы Луис және Роберт Ликилердің Кениядағы Рудольф өзені бойынан тапқан автролопитек тұқымдастардың қаңқа қалдықтары үлкен ашылым болды. Сүйек қалдықтарының жасы 5 – 5,5 млн. жыл. Жердің олар жатқан қыртысынан табылған шақпақтастан жасалған құралдар 2,6 млн. жылмен мерзімделеді. Осы табыстар адам баласының алғашқы шежіресін едәуір көне дәуірден басталғандығын аңғартады.

1890 – 1891 жылдары Ява аралынан табылған приматтың бас сүйегінің бөліктері мен аяғының ұзын сүйектерін зерттеу оның екі аяғымен тік жүргендігін анықтады. Сондықтан оған «тік жүретін маймыл адам» (*Pithecanthropus erectus*) деген ат берілді. Ява адамының дене бітімі мен ми ұясының өлшемі өзінің алдындағы зинджантроп, презинджантроптарға қарағанда анағұрлым жетілген. Миының көлемі 950 см³. Пекиннің маңындағы Чжоукоутянь үңгірінен табылған архантроптардың қаңқаларын зерттеу олардың еңбекке бейім және тас құралдарды жасай білгендігін көрсетті. Дене бітімі түзу және орта бойлы. Миының аумағы 1075 см³, өмір сүрген уақыты 500-ден 300 мың жылдыққа дейінгі аралықты көрсетеді. Тік жүретін (*Homo erectus*) адамдар тобына жататын бұл архантроптар «синантроп» (қытай адамы) деген шартты атауға ие болды. Үңгірдегі тұрақта қалыптасқан күл қабатының қалыңдығы қытай адамдарының отты пайдаланғандығын білдіреді. Бірақ отты өздері тұтата білгені жайлы белгі жоқ. Жалпы адамдар отты жағуды алғаш қашан игергендігі туралы ғылымда нақты мәлімет берілмеген. Тек адамдар алғаш табиғи құбылыстың арқасында пайда болған отты өшірмей ұзақ пайдалануды және бір жерден екінші жерге тасмалдауды үйренген.

1856 жылы Дюссельдорф, 1907 жылы Гейдельберг маңынан табылған дене бітімі толық қалыптасып үлгерген адам өкілдерінің қаңқалары антропогенездің соңғы өкілдері деп мойындалған. Оларды «*Homo primigenius*», басқаша неандерталь адамы деп атаған. Осыдан 100 мың жыл бұрын өмір сүрген неандерталь адамдарының өкілдері Еуропа мен Азияның көптеген жерлерінен табылған. Солардың бірі – 1938 ж. А.П. Окладников Өзбекстандағы Тесіктас

үңгірінен тапқан неандерталь баланың сүйегі. Неандерталдықтар орта бойлы, үлкен де ауыр басты, кең де мығым жауырынды және кішкене еңкіштеу келетін өзіндік бітімімен ерекшеленеді. Неандерталдықтар үңгірлерді баспана ретінде пайдаланып, отты қалай жағуды игерді және тас еңбек құралдардың едәуір жетілген түрін жасай білді. Ежелгі адамдардың үлкен аймаққа таралуы бірқатар: еуропалық классикалық, азиялық дамыған неандерталдар және африкалық палеантроптар деп бөлінетін түршелердің шығуына әкелді. Осындай ашылулар адамның эволюциялық қалыптасу үдерісі құрлықтың көптеген аймақтарында қатар жүргендігін аңғартады. Тек Америка мен Австралия құрлығынан көне адамдардың қаңқалары табылмаған. Ол құрлықтарда адам тектес маймылдар болмаған деген ой туғызады.

Қазіргі адамдардың ежелгі бабаларының алғашқы мекені мен нәсілдік пішіннің пайда болуы туралы ортақ пікір жоқ. Осыған байланысты ғылымда екі көзқарас: *полицентризм мен моноцентризм* қалыптасқан. Алғашқы көзқарас бойынша адамның қалыптасу үдерісі ғаламшардың бірнеше бөлігінде жүрген. Еуропа, Азия, Африка және Австралия құрлықтарында *европoidтық, моңғолоидтық, негроидтық және австролоидтық* нәсілдер өзара дербес қалыптасып дамыған. Моноцентристік көзқарастың өкілдерінің пікірінше барлық нәсілдер ол баста Солтүстік-Шығыс Африка, Алдыңғы және Оңтүстік Азияны қамтыған үлкен аймақты мекендеген ежелгі адамдардың бір ғана тармағынан таралған. Оларда қазіргі кездегі нәсілдердің белгілері болмаған. Нәсілдік ерекшеліктер адамдар құрлықтың әртүрлі бөліктеріне таралып, түбегейлі тұрақтаған кезде біртіндеп, географиялық жағдай мен ауа райына бейімделу барысында пайда болған.

Соңғы кезде ғалымдардың арасында адамның қалыптасуы екі аймақта: Солтүстік-Шығыс Африка және Оңтүстік-Батыс Азияда жүрген деген көзқарас айтылып жүр. Экватордың теріскей бетіндегі осы тропиктік жерлерде ежелгі адамдардың қаңқалары көп табылған.

Еуразияның көне тас (палеолит) дәуірі

Тас ғасыры археологияда көне тас (палеолит) және жаңа тас (неолит) болып екіге бөлінеді. Көне тас пен жаңа тас дәуірлерін екіге бөліп тұрған аралық кезең орта тас (мезолит) деп аталады. Бұл кезеңнің басын археологтар тұрпайы да болса, алғаш еңбек құралдарын жасауды игерген адамның арғы атасының жануарлар дүниесінен бөлініп шыға бастаған уақытынан алады. Тас ғасырының соңында адам жан-жақты жетілген еңбек құралдарының алуан түрін жасауды меңгерді: егіншілік пен мал өсіру қалыптасты. Осылайша қазіргі кездегі өркениеттің негізі болған өндіруші шаруашылықтың іргетасы қаланды.

Тас ғасырының қойнауында адамның қазіргі физикалық бет бейнесі қалыптасып, адамдардың қоғамдық ұжымдық бірлестігі – рулық құрылыс пайда болды. Осындай тарихи даму жолдарының басында гаремдік ұйымдардан тұратын алғашқы маймыл – адамдар тобы тұрды. Қазіргі ірі нәсілдердің негізі де осы тас ғасырында қалыптасып дамыды. Тіршілікке қолайлы жерлерді

жаппай игеру мен оларға қоныстану да тас ғасырынан басталады. Тас ғасырының басында Алдыңғы Азия, Солтүстік Африка және Оңтүстік Еуразия жерлерін ғана мекендеген адамдар, тас ғасырының соңында жер бетіне толықтай таралып, бос жатқан жерлерді меңгерді.

Тас ғасырында адам қоғамның дамуына үлкен үлес қосқан бірқатар жаңалықтар (ашылулар) жасалды. Олардың қатарына от жағу, киім тігу, үй салуды, ыдыс жасауды үйрену, етті пісіріп жеу, жабайы аңдардың кейбір түрін қолға үйрету және жабайы дақылдарды қолдан баптап, оның өнімін алу секілді жетістіктерді жатқызамыз.

Көне тас (палеолит) дәуірін зерттеу Еуразия құрлығының көптеген аймақтарындағы адамның тіршілігінің іздері сақталған археологиялық ескерткіштерді қазу арқылы жүзеге асырылады. Көне тас дәуірі біздің еліміздің жерінде б.з.д. 1 млн. жылдан астам уақыттан басталып, б.з.д. 10-шы мыңжылдыққа дейін аралықты қамтыды. Көне тас ғасыры *төменгі* және *жоғарғы* немесе *ерте* және *кейінгі* тас болып екі кезеңге бөлінеді. Төменгі тас өмір сүрген уақыт аралығы тұрғысынан 1 млн. жылдан 40 мың жылға дейінгі аралықты, жоғарғы тас б.з.д. 40 мың жылдықтан 10 мың жылдыққа дейінгі аралықты қамтиды [Тақырыпты меңгеру барысында адамдардың бос жатқан жерлерді игеруі, тас өңдеу ісі мен еңбек құралдарының жетілу дәрежесі, адамдардың бет бейнесінің қалыптасуы төменгі тастың кезеңдерінде қалай жүргендігі мен шаруашылықпен қоғамдық қатынастардың қайсысы олардың қайсысына сәйкес келетіндігіне көңіл аударылады].


Еуразиядағы палеолиттің кезеңделуі

Бөлімдер		Мұздық кезең	Абсолюттік уақыт мың жыл есебі	Тас дәуірінің кезеңделуі
(антропоген)	Голоцен		12 - 4	Мезолит, неолит
	плейстоцен	Вюрм	40 – 12	Кейінгі палеолит
		Рисс-Вюрм	130 – 40	Мустье (орта палеолит)
		Рисс	200 – 130	Кейінгі ашель
		Миндаль-Рисс	350 – 200	Орта ашель
Төрттік кезең	Эоплейстоцен	Миндаль	500 – 350	Төменгі палеолит
		Гюнц-Миндаль	700 – 500	
		Гюнц	1000 – 700	
		Дунай-Гюнц	1900 – 1000	
		Дунай	2500 – 1900	Олдувай

Алғашқы адамдардың біздің еліміздің жерлеріне таралуы әртүрлі уақытта, әртүрлі ошақтардан әртүрлі бағыттарда жүргендігі байқалады. Теңіз суларының

бірде көтеріліп, бірде төмендеуі секілді табиғаттың ауыспалы құбылысы адамдардың жер бетіне таралуына айтарлықтай кедергі жасады. Еуразия жеріне алғашқы адамдар өздері мекен еткен едәуір оңтүстік аудандардан келді. Кавказ бен Қара теңіздің солтүстік жағалауларына, Орта Азия мен Қазақстан жерінде, Алтай мен Амур өңіріне қоныс аударған алғашқы адамдар өздерімен бірге ұжымдық тұрмыстың қалыптасқан тәжірибесі мен еңбек құралдарының жасалу әдістерін де ала келді. Адамзат тарихында, әсіресе, оның алғашқы кезеңінде табиғи орта үлкен мәнге ие болды. Алғашқы қоғам адамдарының бүкіл іс-әрекеттері олардың өздерін қоршаған ортамен өзара тығыз да тұрақты байланысты.

Төменгі тас хронологиялық жағынан кезектесіп келетін Олдувей немесе Олдувай (2млң. – 700 мың), ашель (700 – 120 мың) және мустье немесе мустьер (120 – 40 мың) секілді үш кезеңнен өтті. Көне тас – адамның қалыптасу дәуірі: төменгі таста архантроптар мен палеоантроптар, жоғарғы таста неоантроптар (*Homo sapiens*) немесе неандерталь адамы өмір сүрді. Оңтүстік аудандарды алғашқы адамдардың қоныстануы б.з.д. I млн. – 500 мың жылдар аралығында, яғни ашельдің орта тұсында жүрген. Оған плейстоцен кезінде ауа райының бірде суып, мұздықтар қалыптасып, артынан күннің қайта жылуының кезектесіп келуі басты әсер етті. Қалыптасқан мұздықтардың орталықтары Скандинавия таулары, Таймыр мен Солтүстік Америка болды. Сонымен қатар Альпі, Кавказ, Алтай және Гималай тауларында да таулық мұздықтар қалыптасты. Мұздықтардың көп таралған кезінде қазіргі құрлықтың орасан көп бөлігі мұз құрсауында қалды. Сондықтан алғашқы адамдар мен тағы жануарлар едәуір жылы аймақтарға қоныс аударды. Алғашқы адамдар тобырының рулық құрылысқа өтуі мен бірінші қоғамдық-экономикалық формация – алғашқы қауымдық құрылыс осы дәуірде қалыптасты. Еуразия жерінде төменгі тас (палеолит) дәуірінің тұрақтары негізінен төрт аймақта: – Карпат, Кавказ, Орта Азия мен Қазақстанда, Оңтүстік Сібірде шоғырланған. Тисса өзенінің жағалауындағы Королев тұрағы (В.Н. Гладилин зерттеген) осы күнде ең жақсы зерттелген ескерткіш. Онда 12 метрлік биіктікте қалыптасқан 15 метр мәдени қабатың көне тасқа жататын жеті қабаты I млн-нан 40 мың жылға дейінгі аралықты қамтиды. Ең ежелгі қабаттардан (олардың алтауы ашель уақытына жатады) табылған чоппер, бір жақты унифас, шапқыш және қырғыш секілді құралдар жанартаулық андезиттен жасалған.



Сурет 1. Төменгі тастағы құрал жасау әдісі:

1 – чоппер, 2 – кливер, 3 – қарапайым шапқы, 4 – қол шапқы, 5-6 – қол шапқыны қолдану және өңдеу әдісі. (А.И. Мартыновтың кітабынан).

Екінші ескерткіш - Оңтүстік Тәжікстандағы Күлдар тұрағын алғаш В.А. Ранов зерттеді. Мұнда плейстоцендік сары топырақты қабат 100 метрге дейін жетеді. Бірінші және екінші жағдайда да сары топырақты қабаттағы палеолитпен танысамыз. Мұнда 11- және 12- қабаттан табылған құралдар 800 мың жыл бұрынғы.

Үшінші ерте ескерткіш - М. Гусейнов зерттеген Азых үңгір тұрағы Әзербайжандағы Құрысай өзені бойында. Үңгірдегі он тіршілік қабаты 1 млн. жылға жуық уақытты қамтиды. Үңгірден табылған адамның жақ сүйегінің бір бөлігі маңызды табыс еді. Оның архантроптан палеоантропқа ауысу сатысындағы адамдыкі екендігі анықталған. Бұл біздің жерімізден алғаш табылған ең көне адамның сүйек қалдығы болатын. Армениядағы Садани Дар - ашель дәуірінің әйгілі ескерткіші. Ол жерден табылған тас құралдар түгелге жуық обсидианнан жасалған. Бұл тас құралдарын жасауға тиімді пордаларды

кайдан іздеу керектігін ашель адамдары әлі білмеген кез болса керек. Оңтүстік Осетиядағы Кударо I,II және Цон тұрақтарын алғашқы аңшылар мыңдаған жылдар бойы мекендеген.

Қара теңіздің жағалауында Колхида, Яшт, Гвард, Гали тұрақтары белгілі. Ашель дәуірінің Орта Азиядағы тұрақтары Күлдар, Селүңгір, Қарақала; Алтайда Ұлалы; Қаратаудың бауырайында Шақпақата, Бөріқазған, Тәңірқазған, Жаманайбат, Қосқорған және Шоқтас тұрақтары ашылып зерттелген. Орталық Қазақстандағы Обалысай және Талдысай аймақтарында төменгі тас тұрақтары жиі кездеседі. Көне тас құралдарының жекелеген түрлері Ферғана өңірінде, Тянь-Шань тауында және Оңтүстік Сібірде, Қиыр Шығыста да табылған. А.П. Деревянконың жетекшілігімен зерттеліп жатқан Алтай тауындағы Денисов үңгірі төменгі тастың тамаша ескерткіші саналады.

Төменгі тас дәуірінде адамдар тас құралдарды өңдеудің ең қарапайым тәсілін үйренді. Ол археологияда *«оббивка»* тәсілі деп аталады. «Чопперлер» мен «чоппингтер» деп аталған құралдар малтатастың бір шетін ғана өңдеу арқылы жасалды. Шапқыштарды тұтас жұмыртастар мен үлкен жаңқалардан жасаған. Ежелгі адамдар үшін тас қоршаған ортаға әсер ететін бірден-бір құрал болды. Еңбек құралдарын жасау үшін көбіне, малта тастарды пайдаланған. Тасты құрал кейпіне келтіру үшін оның бір шетін екінші таспен белгілі бір көлбеу бұрышта соғу арқылы өңдеді. Көне тас кезінде ең көп тараған құрал шапқыштар болды. Онымен сүйектерді майдалаған, кесу үшін және жер қазуға да қолданған. Дегенмен, едәуір ұсақ тас құралдар – ебебейсіз тескіштер, өткіртұмсықтар, қырғыштар. Олар еңбек құралдарын жасайтын материалдар ретінде тастан басқа ағашты, сүйекті, ұлутастарды да пайдаланғаны белгілі. Бірақ бұл материалдар тас секілді салмақты да қатты қасиетке ие болмады. Сондықтан қолшапқы, қырғыш секілді көп мақсатта пайдаланылған тас құралдар палеолит кезінде кеңінен таралды. Осындай еңбек құралдары сопақша келген, бір шеті ұстауға қолайлы, екінші шеті кесуге бейімдеп жүзделген (өткірленген) нысанда жасалды.

Әмбабап мақсатта пайдаланылған тас шапқыш жұмыстың сан саласында пайдаланылған. Онымен кесуге, шабуға, талқандауға болатын еді. Кейбір жағдайда қарсы күшке шабу және одан қорғану үшін де пайдаланылса керек. Дегенмен, қолшапқы алғашқы адамдардың жалғыз құралы емес еді. Кішкене көлемдегі кескіш, тескіш және қырғыш ретінде пайдаланылған жаңқа тастар да жиі кездеседі.

Тас өңдеу тәсілінде елеулі өзгеріс ашельдің соңғы кезінде игерілді. Бұл кезде адамдар өзектастың (нуклеус) шетінен бір бағытта соғу арқылы сопақша немесе ұзынша келген жұқа пластиналарды жарып алу тәсілін үйренді. Ондай әдісті осы түрдегі құралдың алғаш табылған жерінің атымен (Париждің маңында) *«леваллуа»* деп атайды. Өзектастан жарып алынған пластиналық құрал жасайтын дайын шикізат еді. Олардың артық жерлерін соғу арқылы ұшырып, өткіртұмсықтар, түрлі қырғыштар және тескіштер дайындады.

Ашельдің соңында бірқатар жерлерде тасты кесектерге талқандап, олардан клектонды аталып кеткен құралдар жасаған.

Ашельдік ескерткіштердің орналасуы ежелгі адамдар бірнеше бағыттан таралғандығын байқатады. Кавказдың күнгей беттерін Алдыңғы Азия мен Африкадан келген тайпалар мекендеген. Днепр маңы Оңтүстік Еуропамен байланысты. Мұндағы мәдениеттердің өзара ортақ ұқсастық белгісі қолшапқы лардан байқалады. Осы мәдени облыстан шығысқа қарайғы аймақта азиялық-ашель мәдениеттері жатқан. Оларға жалпақ жүзді шомбал шапқыштар, чоппингтер мен чопперлер тән. Чоппер мен чоппингтер Қазақстаннан, Орта Азия, Алтай, Қиыр Шығыстан табылған және Пәкістан мен Индияның төменгі палеолиттік соан мәдениеті ұқсастығы анықталған.

Алғашқы қауым адамдарының қоныстануы

(В.А. Ранов бойынша)

араб сандары – қабаттар, рим сандары – тұрақтар

Қоныстану кезеңдері	Ескерткіштердің негізгі тобы	Ескерткіштердің жасы
Мүстьенің 4-кезеңі	Молдова I,V, Королево 1-4, Киік-Коба, Заскальная IV, V (Украина); Таглар, Азых (Әзербайжан); Огзи-Кичик, Тешик-Таш (Орта Азия)	100 – 40 мың. жыл
Кейінгі ашельдің-3 - кезеңі	Джрабер (Армения); Қаратау I, Лахути I (Тәжікстан); Королево 5, Филимошки (Ресей); Семізбұғы (Қазақстан); ашық тұрақтар (Грузия)	250 – 150 мың. жыл
Орта ашельдің-2 - кезеңі	Ахых 5 – 6 (Әзербайжан); Кударо I, III, Цона (Грузия); Королево 6, Дубоссары (Молдова); Ұлалы (Алтай); Садани – Дар (Армения); Қаратау, Жаманайбат (Қазақстан); Лука Врублевская (Украина)	500 – 300 мың. жыл
Ашелдің - 1-кезеңі (алғашқы қоныстану)	Азых 7-10 (Әзербайжан); Королева 7-8 (Украина); Күльдар (Тәжікстан); Деринг Юрях (Якутия); Шақпақата (Қазақстан); Қарақала (Түрікменстан)	1,2 млн – 700 мың. жыл

Көне тас тұрақтарының екі түрі: ашық және үнгір тұрақтары белгілі. Ашық тұрақтар шамасы аң аулау орны мен тас өңдеуге қатысты болса керек. Адамдар ұжымы аса терең емес апандар мен үлкен жартастардың бастырмаларын мекен еткен. Бізге жеткен лашықтардың қалдықтары архантроптар бір жерді мекендеп, оларда алғашқы тұрмыстық ұжымның, баспанаға, жақын жатқан аң аулау аймағына, өсімдік және ет азықтарының қорына деген меншіктің болғандығын байқатады. Меншіктің ұжымдық нысанының пайда болуы ұжымдық өндірістік қатынастармен байланысты. Бір жерді тұрақты мекендеу еркектер мен әйелдер еңбегінің бөлінуіне бастады. Қоғамдық-еңбек әрекетінің

балаларды тәрбиелеу, отты сөндірмей ұстау, отын мен жеміс азықтарын даярлау секілді түрлерін әйелдер, аң аулау ісі еркектерге жүктелсе керек.

Мүстьер дәуірі

Төменгі тас кезінде ауа райының күрт сууына байланысты Еуропа мен Азияның солтүстік аудандарын мұздықтар басты. Кейбір ғалымдар мүстьерді төменгі тас пен жоғарғы тастың арасындағы орта палеолит деп қараса, ғалымдардың басым көпшілігі оны төменгі тастың соңғы кезеңі деп санайды. Қалай болғанда да осы мүстьер дәуірінде ауа райы жылып, мұздықтар біртіндеп еріді, олардан босаған жерлерде адамдар мекендей бастады.

Неандарталдар өмір сүрген табиғи жағдай қазіргіден анағұрлым өзгеше болды. Мүстьер дәуірі рисс-вюрмдік мұздықаралықтың соңы мен вюрм мұздығының басқы кезіне сәйкес келді. Неандарталдықтардың таралу аймағы мен қоршаған ортаға бейімделу қабілеті ерте палеолит адамдарына қарағанда едәуір жоғары еді. Қатаң табиғат пен климат жағдайы мүстьер адамдарын саналы іс-әрекетке талпынтты. Алғашқы киімдердің пайда болуы, отты тұтатудың жаңа тәсілін игеру, баспаналардың жетілуі алғашқы қауымдық адамдардың жаңа жерлерді игеруіне негіз болды.

Қырым, Кавказ, Оңтүстік Урал, Орта Азия, Қазақстан және Алтай жерлерін адамдар осы кездерде қоныстана бастағанға ұқсайды. Мүстьер аңшылары мен терімшілерінің тұрақтары Шығыс Еуропа мен Орта Азияда көптеп табылып зерттелген. Мәселен, Қырымда: Киік – Қоба, Заскальная, Қасқырапан, Староселье, Шайтан-Қоба секілді мүстьер тұрақтарының үлкен тобы ашылып, зерттелген. Қара теңіздің солтүстік жағалаулары мен Кавказ жерлерінде 200-ге жуық осы дәуірдің ескерткіштері белгілі. Мүстьер мәдениетінің үлкен ошағы болып Орта Азия саналады. 1938 жылы А.П.Окладников тапқан Тесіктас үңгірінен бастап, Қапшағай, Күлбұлақ, Оби-Рахман, Қарабура, Қайраққұм тұрақтарын зерттеу үлкен ғылыми жаңалық әкелді. Тесіктас үңгірінен палеоантроп баланың жерленген сүйегі табылған. Баланың денесі тауешкінің сүйектерімен айнала қоршалған. Бұл жерлеу ғұрпының белгілері, өлген кісінің әруағы мен жануарларға табынудың алғашқы көрінісі тәрізді. Қазақстан жері де – мүстьер дәуірі аңшылары мекендеген ірі орталықтардың бірі. Мұнда ең жақсы зерттелген ескерткіштер қатарына Қаратаудағы Арыстанды өзенінің жағалауында орналасқан Ш. Ш. Уәлиханов атындағы тұрақ жатады. Ол 2,3 м тереңдіктен 7,2 метрге жететін 6 мәдени қабаттан тұрады. Тұрақтан мыңдаған тас құралдар, алау мен ошақ орындары, жылқы, киік, қасиетті бұғы, жабайы бұқалардың сүйектері табылған. Зерттеу барысы алғашқы адам қауымдары бұл жерді ұзақ уақыт тұрақты мекендегенін анықтау мүмкіндігіне ие болды. Еңбек құралдарын жасаған материал ретінде негізінен халцедон тасы пайдаланылған.

Түркістан қаласына жақын жердегі Қосқорған тұрағы қызықты мәліметтер берді. Мұнда ежелгі тұрақтың астынан бұлақ көзі шыққан. Оның тереңдігі 1 м, диаметрі 25 м. Палеозоологтар жүргізілген қазба барысында «Қосқорған кешені» аталған төрттік кезеңнің соңында өмір сүрген сүтқоректілердің

көптеген сүйек қалдықтары жиналды. Негізгі еңбек құралы әртүрлі қырғыштар мен пышақтар ақ кварц және сарғыш құмтастардан жасалған. Тас құралдардың ұқсас түрлері Еуропадағы: Вертешселеш (Венгрия) және Бильцинисглебен (Германия), Шығыста: Чжоу-коу-дань (Қытай) тұрақтары кешеніне жақын. Еуропалық тұрақтардың болған уақыты осыдан 350-600 мың жыл бұрынғы. Алғабас, Үшбұлақ, Шабакты, Бүркітті және Шалсай секілді мүстьер аңшыларының тұрақтарының көптігі Оңтүстік Қазақстанды алғашқы адамдар тығыз мекендегенін көрсетеді.

Мүстьер тұрақтары Қазақстанның басқа аудандарынан да табылып, жақсы зерттелген. Олар: Орталық Қазақстанда - Мұзбел, Батпақ 8, Өгізтау 1,2, Вишневка, Семізбұғы 1; Шығыс Қазақстанда: Қанай, Құдайкөл, т.б. тұрақтар. Мүстьер дәуіріндегі тас өңдеу индустриясын зерттеуге Маңғыстаудағы Шақбак ата, Өнежік тұрақтарының материалдары көп үлес қосты. Мұнда құрал жасауға жергілікті шақпақтастар қолданылған. Көптеген зерттеу қорытындылары Қазақстанның ежелгі аңшылары питикантроптар мен синантроптардың замандастары болғандығын білдіреді. Олар өзінің эволюциялық деңгейінде Homo Sapiens фазасына сәйкес келеді. Осы кездегі адамдар тобыры отты жағуды игеріп, оны ұзақ уақыт сөндірмей ұстауды білді, ірі және ұсақ аңдарды аулады және жемістерді, түрлі жабайы дақылдарды жинады.

Мүстьер қоғамның өндіргіш күштері алғашқысына қарағанда едәуір дамыған кезең болды. Бұл кезде тас құралдарды жасау әдістері біршама дамыды. Тасты бөлу, жару тәсілдері қалыптасты, тас құралдарының түрлі мақсатқа арналған түрлері көбейді. Қазіргі кезде мүстьерлік тас құралдарының 60-қа жуық түрлері ғылымға белгілі. Олардың ішіндегі ең көп таралған түрлері орташа көлемдегі шапқыштар, кескіштер, қырғыштар мен өткіртұмсықтар, т.б.

Мүстьер кезінде аңшылық кәсіп бұрынғысынан да жоғары мәнге ие болды. Бұл кезде негізгі аңшылық қару ретінде найзалар қолданылды. Ұштары тастан жасалған найзалар мен сүңгілердің пайдаланылуы аңшылық кәсіптің мүмкіндігін арттырды. Дегенмен, аңшылық құралдардың едәуір жетілгеніне қарамай, аңшылықтың ұжымдық түрі (қаумалап аулау) негізгі болып қала берді. Аң аулаудың орасан маңызын тұрақтар мен маусымдық жайларда шоғырланған мол сүйек қалдықтарынан байқаймыз. Мысалы, Староселье мекенжайынан есектің 60 мыңға жуық талқандалған сүйектері табылған. Әдетте, жануарлардың жекелеген түрін аулау қалыптасқан. Мәселен, Кударо I, Навалишенск, Цон үңгірлері тұрғындары үңгір аюларын, Ильск, Волгоград тұрақтарында бизондарды, Тесіктас үңгірінің тұрғындары тауешкілерді аулаған. Молдова I,V және басқада бірсыпыра тұрақтардан мамонттардың сүйектері көп табылған. Сонымен қатар құстар мен ұсақ жануарларды аулау мен терімшілік кәсіптер жалғасын тапты. Су көздеріне жақын тұрақтардың адамдары балық аулауды әрі қарай дамытты. Кударо I тұрағынан балық қабыршақтарының үлкен қалдықтары шыққан.

Сақталып қалған ең алғашқы жерлеу орындары да мұстье дәуіріне жатады. Орта Азиядағы Тесіктас үңгіріндегі және Қырымдағы Староселье тұрағындағы жерлеулер сол дәуірге тән. Жерлеудің пайда болуы адамдардың өмір мен өлім туралы танымдық түсініктерімен байланысты. Осы тарихи маңызды факт мұстьерліктердің қоршаған орта, жан мен тән, осы және о дүние, өмір мен өлім секілді дүниетанымдық көзқарастарының дамуын растайды.

Шығыс Еуроазияның жоғарғы тас мәдениеттері

Біздің заманымыздан 40 –30 мың жыл бұрын адам қоғамындағы жаңа кезең *жоғарғы тас* дәуірі басталды. Ол біздің заманымызға дейінгі 12 – 10-мың жылдыққа шейін созылды. Бұл адамның осы күнгі түр-тұрпаты толық қалыптасып біткен уақыты еді. Еңбек құралдарын жасауда да бірқатар жетістіктер орын алды. Жалпы бұл – дәуір адамдардың биологиялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар шаруашылық пен қоғамдық тұрғыдан жетілген кезеңі. Франциядағы Кро-Маньон үңгірінен 1868 жылы табылған бес адамның қаңқасы осы кезеңге жатады. Кейіннен кроманьон адамдары өкілдерінің қалдықтары Еуропаның басқа да жерлерінен табылған.

Жоғарғы тас дәуірі адамдардың жер бетін кеңінен игерген кез, сонымен қатар үлкен нәсілдер мен олардың топтарының қалыптасқан уақыты. Саналы адамдардың пайда болуы мен материалдық және рухани мәдениет дамуы арасында тығыз байланыс болған. Осының бәрі алғашқы қоғамдақ қатынас саналатын рулық қауымның қалыптаса бастауымен тікелей байланысты өрбіді. Адамдардың танымдық түсініктерінде үлкен өрлеулер орын алды. Аңшылық дуаға табыну ғұрпы таралды. Адамзат бұрынғысынша мұздық дәуірі жағдайында өмір сүріп жатты. Мамонт, мүйізтұмсық сияқты суыққа төзімді ірі аңдардың әлі де кең таралған кезі тұғын. Еуразияның шексіз және суық келетін далалы аймақтарын мамонттар, солтүстік бұғылары, мүйізтұмсықтар мен жабайы жылқылар еркін жайлады. Соңынан климаттың біртіндеп жылуына қарай мұздықтар еріп, өсімдіктердің түрлерінің өзгеруіне байланысты мамонт секілді суыққа әбден бейімделген ірі аңдар біртіндеп жойылды. Ірі аңдардың жойылуымен төменгі тас дәуірінің аяқталып жоғарғы тас дәуірінің басталуы тұспа-тұс келеді.

Жоғарғы тас дәуірін өзіне дейінгі дәуірден тас еңбек құралдарын жасаудың жаңа, едәуір жетілген әдістерінің меңгерілуімен ерекшеленеді. Жаңа еңбек құралдары алғашқысынан өзінің формасы ғана емес, атқарған қызметі жағынан да ажыратылады. Тас құралдар ұзынша келген пышақ тәріздес жалпақ тастардан бөлініп алынды. Олардың көлемдері аса үлкен емес, ұзындығы 5 – 10 см, жалпақтығы 2 – 3 см. Бұндай құралдарды призма тәріздес нуклеустерден (шикізат) жаңқалау арқылы алды. Осындай іс - әрекет ұсақ тас құралдарының көбеюіне әкелді. Олардан қырғыш, кескіш, және өткір тұмсық секілді еңбек

құралдарын жасады. Енді тас құралдардың түрлері ғана өзгеріп қоймай, оны жасау тәсілдері де жетілді. Тас құралдарды өңдеудің жаңа әдісін ғылымда “шетінен жаңғырту” («отжимной ретуш») деп атайды.

Сүйектен құрал жасаудың игерілуі адамзат тарихындағы үлкен жетістіктердің бірі еді. Одан гарпун, біз, инелер, әшекей бұйымдарын жасаған. Қазіргі кезде Еуразия құрлығында 500-ге жуық жоғарғы тас дәуірі тұрақтары белгілі. Олар Днепр, Днестр, Дон, Еділ өзендерінің жағалаулары мен Қырымда, Орта Азия мен Қазақстан жерінде, Алтай және Сібір даласында орналасқан. Жоғарғы тас дәуірі адамдары тіршілігінен құнды мәлімет беретін материалдар Дондағы Костенко тұрағынан, Қазақстандағы Семізбұғы, Батпақ, Шульбинка, Ащысай тұрақтарынан табылған. Сібірдегі Мальта және Буреть тұрақтары төменгі тас дәуірінің соңы мен жоғарғы тас дәуірінің басына сәйкес келеді. Олардан Батыс еуропалық құралдарға ұқсас тас құралдар табылған. Мальтадан табылған адамның алғашқы лашықтары жердің бетіне салынған. Үлкен әулетке арналған алғашқы баспаналардың қалдықтары Гагарин, Костенко, Мезин тұрақтарынан табылып, зерттелген. Костенкодағы баспаналардың кейбірінің ұзындығы 35 метрге дейін жетеді. Оларда көптеген ошақтар болған. Шамасы бұндай баспаналарда үлкен ұжым бірге өмір сүрген. Осындай үлкен отбасылық үйлер этнографиялық мәліметтер бойынша да белгілі.

Владимир облысындағы Сүңгір тұрағынан табылған жерлеу қабірі көп нәрсені анықтауға мүмкіндік берді. Тұрақтың болған уақыты осыдан 25 мың жыл бұрын. Тұрақтан ошақтың орындары табылған. Бірақ үйдің қабырғалары сақталмаған. Әсіресе, мамонтың мүйізінен ойып жасалған аттың денесі ерекше. Мүсін бес-бестен топтастырылған 20 нүктеден түзілген екі қатар жолақпен безендірілген. Бұл көрініс адамдар санаудың қарапайым жүйесін сол кездің өзінде білгендігін аңғартады.

Тұрақтан алты кісінің жерлеу қабірі табылған. Ересек еркек жерленген қабірден мамонтың мүйізінен жасалған мыңдаған мошақ (3500) әшекейлер, түлкінің тесілген тісі, жалпақ сүйектер шыққан. Әсіресе, екі бала бірге жерленген қабір өзіне ерекше назар аударады. Мұнда 7 жасар қыз бен 12 жасар ұл баланың бастары бір-біріне тақалып, денелері қарама-қарсы бағытта жатқызылған. Олардың қабірінен киімге тігілген мамонттың сүйегінен жасалған мыңдаған моншақтар табылды. Балалардың бас киімдері түлкінің тісінен жасалған моншақтармен безендірілген. Саусақтарына сүйек сақина кигізілген. Сонымен қатар сүйек түйреуіш пен мамонттың сүйегінен жасалған білезік және сақина шықты. Жерлеу заттарының ішінде мамонттың сүйегінен жасалған найза және дротик, қанжар да бар. Сүйектен жасалған бұндай құралдар жоғарғы тас аңшыларының қару-жарақтары жайлы қосымша мәліметтер береді.

Сүйектен жасалған қарулар ерекше. Олар ұзын және қысқа қанжарлар мен найзаларды құрайтын 16 бұйымнан тұрады. Найза мамонтың аса шеберлікпен кесіліп, түзетілген мүйізінен жасалған. Олардың бірінің ұзындығы 2 метр, 42 см

келеді. Бұл қарулардың ойыншық емес нағыз құрал екендігін ескерсек, балалар аңшылық жасауға қатысқан деп қорытынды жасауға болады.

Жоғарғы тас адамдары өзінің тегі мен мәдениеті жағынан біртекті болмады. Мүстьеден жоғарғы тасқа өту әртүрлі аудандарда өзгеше жүрді. Орыс жазығын мекендеген адамдар үлкен бір ортақ қауымдастыққа, Орта Азия мен Сібірдің тұрғындары басқа мәдени қауымдастыққа бірікті. Осы кеңб-айтақ облыстардың әрқайсысы палеолиттің соңында өңірлік жеке мәдени ерекшеліктермен айқындала бастады. Олар бір-бірінен тас өңдеу әдісімен ғана емес құралдарының құрамымен де ажыратылды. Олардың қалыптасуына палеогеографиялық орта, фауна, құрал жасайтын материалдар мен тас өңдеу тәсілінің тұрақтылығы үлкен рөл атқарды. Осының бәрі археологиялық мәдениеті ерекшелейтін территориялық өзгешілік кешенін құрайды. Дегенмен, «кейінгі палеолиттік мәдениет» ұғымы өзінің мәні жағынан біртектес емес. Мысалы, Батыс Еуропа үшін Г.Мортилье ұсынған эволюциялық сызба палеолитті бірнеше кезектесіп келетін мәдениеттерге бөледі. Олар: перегорд (37 – 29 мың жыл бұрын), ориньяк (30 – 24 мың жыл бұрын), солютре (24 – 19 мың жыл бұрын), мадлен (20 – 7 мың жыл бұрын). Бұл сызба эволюциялық дамудың жалпы мерзімдік түзілуін жаңғыртады. Бірақ Орыс жазығы, Кавказ, Орта Азия мен Сібірдің материалдары ол сызбаны бұл өңірлер үшін қолдануға болмайтындығын көрсетеді. Бұл өңірлер үшін археологиялық мәдениеттер территория-типологиялық кешенді белгілері жағынан бөлінеді.

Ресейдің еуропалық бөлігінде жоғарыпалеолиттік бірнеше мәдениеттер бөлінді. Олар: срелец, костенко, городцов және молдова мәдениеттері. Срелец мәдениеті Стрелецк II, Аносовка тұрақтары, Костенко Гагарино, Авдеев және Костенко XIII, XIV, XVIII тұрақтары арқылы белгілі. Бұл мәдениет пластинка тәріздес құралдарымен ерекшеленеді. Пышақтар мен кескіштер, үлкен және қашау тәріздес құралдар, геометриялық өрнекпен безендірілген сүйектен жасалған заттар жиі табылады. Гороцов мәдениеті Костенки XII, XV және Городцовск тұрақтары материалдары негізінде зерттелген. Мәдениет тас құралдарды жасау тәсілінің мүстьерлік сарқыншақтарын сақтаған. Жалпақ жүзді қырғыштар мен өткіртұмсықтар, пышақ кейіптес пластиналар осы мәдениетке тиесілі.

Днестр маңында Молдово I, V, Бабин ескерткіштері арқылы белгілі Молдово мәдениеті дамыды. Бұл мәдениетке тән ерекшелік – призма тәрізді нүклеустен жарып алынған жіңішке пластиналардың, қырғыштар, ретушталған пластиналардың көп қолданылуы.

Соңғы кезде Қырыммен Кавказда жоғарғы палеолиттік жекелеген мәдениеттер бөлінген. Кавказда осыған дейінгі мүстьерлік дәстүрді мұралаған имеретин мәдениеті зерттелді. Мәдениет көп қабатты үңгір тұрақтары Таро-Клде, Сакажна, Мгвимеви ескерткіштері арқылы белгілі. Мұнда көптеген құралдар тас жаңқалардан жасалған қырғыштар, үшкір тастар т.б. бар.

Сібірдің көне тас тұрақтары өзіндік ерекшеліктерімен окшауланатын палеолиттік мәдениетті құрайды. Мұндағы жоғарғы тас дәуірі ескерткіштерінің ішінен бөле жарып айтуға болатындары Афонтық таудағы (Красноярск маңында) Кокоревск тұрағы, Енисейдегі Мальта мен Буреть тұрақтары. Олар өзара мәдени тұтастығымен ерекшеленеді. Сібірдің аңшылары да Еуропалық тұрғындар секілді жартылай жертөле лашықтар салған. Буретте өзенді жағалай бір түзудің бойында тізбектеліп орналасқан осындай төрт палеолиттік лашықтың орны ашылған. Олар Костенкода қазылған баспаналарға өте ұқсас. Еңбек құралдарының басым көпшілік бөлігі Еуропадағыдай пышақ пішіндес жаңқа тастардан жасалған.

Жоғарғы тас дәуіріндегі Сібірде бірнеше археологиялық мәдениеттер назарға ілігеді. Солардың ішіндегі елеулісі мальта мәдениеті Ангара бассейніндегі Буреть және Мальта тұрақтары арқылы белгілі. Осы тұрақтардың материалдары ішінде жарудың класикалық тәсілімен жарылған пышақ тәріздес жаңқатастардан жасалған құралдар кең таралған. Ангарадағы Қызылжар, Ачинсктегі тұрақ, Забайкалдағы Санный Мыс мекенжайлары да осындай сипатқа ие. Бұлар – призма тәріздес пластинкалар мәдениеттері. Мальтадан бірнеше әйел мүсіндерімен қатар құстардың денесі, сүйек пен мамонтың мүйізінен жасалған әшекейлер табылған. Енисейдің бойында Краснояр қаласының маңындағы Афонт тауымен аталған афоновск археологиялық мәдениеті тіршілік кешті. Мұнда қырғыштар мен сүйектен жасалған құралдардың мүстьерлік нысандағы архайкалық нұсқалары мол кездеседі. Тағы бір Сібірлік мәдениет Кокоревск – Енисейдегі Кокорево I, Аешки, Новеселово VI, VII тұрақтары арқылы белгілі.

Якутияда, Ленаның бойында жоғарғы тас дәуірінің дюктай мәдениеті ашылған. Ол б.з.д. 25 мың жылдан 11 мың жылдыққа дейінгі аралықпен мерзімделеді. Қиыр Шығыста Осиновка селосының маңындағы тұрақтың төменгі қабатының материалдары негізінде зерттелген осиновск мәдениеті белгілі. Жоғарғы тас дәуірі ескерткіштері Еуроазия құрлығының басқа да аудандарынан ашылып, зерттелген. Солардың барлығы да өздерімен көршілес мәдени қауымдастықтармен өзара тығыз қатынаста дамып жатты.

Көне тас дәуірі өнері

Адамзат өнерінің алғашқы үлгілері төменгі тас дәуірінде қалыптасты. Жоғарғы тас дәуірінде өнер үңгірлердің қабырғасына салынған хайуанаттардың суреттері, тас пен сүйектен жасалған кішкене нысандағы антропоморфты мүсіндер, тас плиталар мен сүйектерге салынған гравировка, барельефтер түрінде таралды. Үңгірдегі суреттер Францияның, Испанияның, Италияның жерінде ашылған. Соңғы жылдары Урал тауындағы Қап және Игнатиев үңгірлерінен табылған мамонттар мен жылқылардың суреттері үлкен ғылыми мәнге ие. Үңгірлердің қабырғаларына салынған мамонттардың, бизондардың, мүйізтұмсықтар, бұғылар мен жабайы жылқылардың суреттері, сүйектегі гравировкалар мен балшықтан жасалған әйелдер бейнеленген статуэткалар тас

дәуірі адамдарының тұрмыс тіршілігі, қоғамдық қатынастары және дүниетанымдарының қалыптасуын бейнелейтін құнды дерек болып есептеледі.

1879 жылы Испаниядағы Альтамир үңгірінен табылған жануарлардың суреттері алғашқы қауымдық өнерге деген көзқарасқа үлкен өзгеріс әкелді. Олар қызғыш түсті жосамен салынған безондар мен жылқылардың суреттері болатын. Қазіргі кезде төменгі тас кескіндемесі (живописі) сақталған қырыққа жуық үңгір белгілі. 1959 жылы ашылған Башқұртстандағы Қап үңгірі ерекше маңызды. Үңгірдің қабырғасы мен төбесіне мүйізтұмсық, мамонт және жылқылардың суреттері салынған. Қап үңгірі кескіндемесінің ашылуы негізгі маңызға ие болды. Өйткені осыған дейін мұндай суреттер Батыс Еуропа үңгірлерінен ғана табылған болатын. Сондықтан үңгірдегі сурет өнерін батысевропалық тұрғындар қалыптастырған деген жаңсақ пікір қалыптаса бастаған. Уралдағы бұл ашылу төменгі тас өнерінің қалыптасуына деген көзқарасқа жаңа тыныс берді. Көп ұзамай осындай жаңалық Игнатиев үңгірінен де ашылды. Төменгі тас дәуірі үңгір суреттері кейіннен Каменная Могила, Чаклина үңгірлерінен де табылып, зерттелген.

Палеолит өнері жануарлар мен адамдардың елеулі белгілерін барынша дәл көрсетуімен ерекшеленеді. Едәуір ертеректегі бейнелер сыртқы пішінді бір түсті, ал едәуір кейінгілері түрлі-түсті және жануардың формасы мен аумағын едәуір дәл береді. Ежелгі суретшілер жануарлардың ерекшелік белгілері мен қозғалыс күйін дұрыс көрсете білген. Жылқы, бұқа, бұғылардың шауып келе жатқан қалпы жиі салынған. Алғашқы дәуір суретшілері хайуандарды қалай көрсе, солай бейнелеген. Сондықтанда олардың денелері бір бетінен салынып, толық өлшемі сақталмаған. Солай бола тұрса да, сол дәуір суреттерінің өзі хабарлы сипат алғаны байқалады. Альтамирдағы жануарлар табыны, Ляско үңгіріндегі шапқан жылқылар суреттері, Лортэ апанындағы судан өтіп бара жатқан бұғылар көрінісі осындай түсінік береді.

Алғашқы қауымдық өнердің сюжеті оларды жасаған адамдар қандай ой мен сезім жетегінде болғанын аңғартады. Палеолиттік суреттер қоршаған ортаның шынайы көрінісін сипаттаумен шектелгенмен, оның мағыналық мазмұны терең еді. Көбіне, суреттердің мағынасы алғашқы адамдар тіршіліктің жануар дүниесі мен қоршаға ортаға тәуелді екендігін білгендігін сездіреді.

Жоғарғы тас дәуірінде тастар мен сүйектердің бетіне оймалап (гравировка) сурет салу кең таралды. Оларда адамдар мен жануарлардың дене бітімі тұтасымен немесе жеке бастарын оймалап салу жиі кездеседі. Осындай туындылардың үлкен тобы Украинадағы Чакалин, Чуринг және Мелитополь дағы Мамонт үңгірлерінен табылған.

Оймалап салынған суреттердің бірнеше тобын бөліп айтуға болады. Олар: жеке және тұрмыстық көрініс, мазмұнды және жеке бейнелер, күнтізбе жүйесінің таңбалары, т.б. Мальта үңгірінен табылған кішкене жалпақ тастағы суретті археологтар күн мен айдың жылдық айналу жүйесін көрсететін күнтізбелі-астрономиялық кесте болуы мүмкін дейді. Палеолиттік өнердің

келесі түрі – кішкене нысандағы мүсіндік бейнелер. Олардың көпшілігі әйелдердің бейнесі, жынысы байқалмайтын антропоморфты денелер мен жануарлар, құстардың бейнелері де кездеседі. Мұндай 5-тен 12 см келетін мүсіншелер тастан және сүйектен жасалған. Әйелдердің мүсіндері Еуразия кеңістігіндегі көптеген жоғарғы тас ескерткіштерінен табылған. Жыныстық белгілерін ерекше көрсеткен әйел мүсіндері еуропалық ескерткіштерде жиі кездеседі. Сібірлік мүсіндер жіңішке және ұзынша келеді. Әйел мүсіндерінің: классикалық, дұрыс дене бітімдегі; жіңішке, сұңғақ бойлы; етжеңді, бөксесі мен қос анарлары үлкен, жуан қарын сияқты үш түрі белгілі. Мүсіндердің барлығында дерлік бас бедері жалпылама беріледі, көпшілік жағдайда жүздері болмайды.

Қазба кезінде әйелдердің мүсіндері көбіне, ошақтың басынан немесе арнайы ойықтардан табылады. Осыған байланысты олар ұжымдық жУраларды (ырым) өткізумен байланысты деген пікір қалыптасқан. Кейбір ғалымдар жекелеген әйел мүсіндері жаратушы ананың символын білдіреді дейді. Әйел мүсіні палеолиттік жеке адамның бейнесі деген пікірлер де айтылған. Қалай болғанда да статуэткалардың көптігі мен жаппай таралуы белгілі бір деңгейде жаратушы әйел құдайға табынушылықтың болғанын білдірсе керек. Әйел мүсіндерінде сол кездегі қоғамның тұтастығы мен отбасының бірлігіне, ұрпақтардың көбеюі мен өсуіне себепші болған аналардың шынайы және мифтік келбеті бейнеленсе керек. Статуэткалар өзінің мағыналық және мазмұндық сипатына қарай бабалар рухы мен аңшылық дуаларға байланысты қандайда бір ұжымдық әрекеттерді өткізу қызметін атқарған деуге келеді.

МЕРЗІМДЕЛУ

Төменгі тас – 2 млн. жылдан 40 мың жылға дейінгі аралық.

Олдувей – Олдувай 2млн. – 700 мың жыл;

Ашель – 700 – 120 мың жыл;

Мустье – 120 – 40 мың жыл;

Жоғарғы тас – 40 – 10 мың.

Әдебиеттер

Абрамова З.А. Палеолит Енисея. – Новосибирск, 1979.

Абрамове З.А. Палеолитическое искусство на территории СССР. – М.; Л., 1962.

Алексеев В.П. Историческая антропология. – М., 1979.

Алексеев В.П. Становление человечества. – М., 1984.

Алексеев В.П. От животных к человеку. – М., 1969.

Алпысбаев Х.А. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана – Алма-Ата1979.

Бадер О.Н. Сунгирь. Верхнепалеолитическая стоянка. – М., 1978.

Борисковский П.И. Древнейшее прошлое человечества. 2-е изд. – Л., 1979.

Деревянко А.П., Маркин С.В., Васильев С.А. Палеолитоведение. Введение и основы. – Новосибирск, 1994.

Деревянко А.П., Петрин В.Т., Таймагамбетов Ж.К. Раннепалеолитические комплексы в травертинах Южного Казахстана. – Новосибирск, 2000.

Массон В. М. Культурогенез Древней Центральной Азии / Под ред. Л. Б. Кир-чо. — СПб.: Филологический факультет СПбГУ; Изд-во С.-Петерб. ун-та, 2006.-384 с.

Матюшин Г.Н. Три миллиона лет до нашей эры. — М., 1986.

Окладников А.П. Утро искусства. — Л., 1967.

Палеолит СССР. Серия: Археология СССР. В 20 т.-М., 1984.

Ранов В.М. Древнейшие страницы истории человечества. — М., 1988.

Таймагамбетов Ж.К. Палеолитическая стоянка им. Ч.Ч.Валиханова. — Алма-Ата, 1990.

Таймагамбетов Ж.К., Байгунаков Д.С. Қазақстанның тас ғасыры. — Алматы, 2008.

Формозов А.А. Проблема этнокультурной истории каменного века на территории европейской части СССР. — М., 1977.

Еуразия құрлығының орта тас (мезолит) дәуірі

Төменгі тас пен орта тас дәуірі шекарасы дәл қай жерден басталатындығы туралы мәселеде ғалымдардың көзқарасы бірдей емес. Олардың бір бөлігі орта тас дәуірі болғанына күмән келтіріп, оны төменгі тас дәуірінің соңғы сатысы десе; екіншілері орта тас дәуірінің бір бөлігін жаңа тас дәуіріне қосады; үшінші топ археологиялық кезеңдеу принципнен ауытқып, жаңа дәуірді анықтауда табиғи-географиялық жағдай тұрғысынан қарағысы келеді; төртіншілері алдыңғы орынға шаруашылық-экономикалық, яғни әлеуметтік белгілерді қояды; Соңғы топ археологиялық кезеңдеу принциптерін сақтап, тасты өңдеу техникасы жетілуіне қарай кезеңдеуді ұсынады.

Орта тас дәуірі кезінде игерілген тас өңдеу тәсіліндегі жетістіктер көне тас дәуірі қойнауында қалыптасып, дамыды. Көне тас дәуірі индустриясы мезолиттік құралдардың пайда болуына алғышарт жасады. Жоғарғы тас дәуірі кезіндегі көптеген құралдар мезолитте сақталып, одан әрі жетілдірілді. Осы тұста солтүстік аудандарда болған табиғи-климаттық өзгерістер мен әлеуметтік-экономикалық жетістіктер дамудың жаңа сатысына өтудің алғышартына айналды. Орта тас дәуірі (**мезолит**) шамамен, б. э. д. 10 – 6-мыңжылдықтар аралығын қамтиды. Бұл мұздықтардың еріп, солтүстікке қарай шегіне бастаған кезі. Кері шегінген мұздардың ізімен олардан босаған жерлерді адамдар мекендей бастады. Жаңа кезеңде мыңдаған жылдар өмір сүрген көне тас дәуірі мәдениеті, яғни ірі мамонттарды аулаумен машықтанған аңшылық мәдениет өзгеріске ұшырап, оның орнына басқа сипаттағы мәдениеттердің келуі заңды құбылыс еді. Оған аң аулау тәсілі мен аң аулау объектісінің өзгеруіне орай болған тұрмыстағы жағдайлар әсер етті. Мезолит дәуірінде далалы және орманды аймақтарды ұсақ та жылдам жүгіретін аңдар, далалы жерлерде жылқы, бұқа, киік, құландар, ал орманды өңірде бұғы, шошқа, аю, қасқыр, түлкі секілді аңдар мекендеді. Оларды палеолит кезінде кеңінен қолданылған әдіспен аулау ешқандай нәтиже бермеді. Су құстары мен балықтарды аулау және терімшілік шаруашылық та елеулі орын алды. Ауа райының жылынуы терімшіліктің рөлін арттырды. Таулы аймақтар мен үлкен өзендердің жағасындағы тоғайларда

жабайы жеміс-жидектер мол өсті. Оңтүстіктегі теңіз жағалауларында жеуге жарамды ұлуларды теру жыл бойына созылды. Балық аулау кәсібі де жоғары қарқынмен дамыды. Қайқы ілмек, гарпун, шөптен тоқылған ау секілді жаңа құралдар шықты. Үлкен ағаштан шауып жасаған алғашқы қайықтар мен ескектер пайда болды.

Орта тас дәуірінің алғашқы ескерткіші XIX ғ. соңында Францияда ашылды. Маз-д' Азиль үңгірінен көне тастан кейінгі уақытқа жататын тұрақты ашқан Э. Пьет сол жердің атымен азильдік деп атады. Мезолит – өмірдің қай саласында бөлмасын адам тұрмысының жағдайы, шаруашылық, табиғат өтпелі кезең саналады. Егіншілік пен бақташылықтың алғашқы нышандары қалыптасатын кезде осы уақытта. Дегенмен, адам қолға үйреткен алғашқы жануар ит жоғарғы тас дәуірінде пайда болды. Шаруашылықтың иемденуші түрінен өндіруші түріне ауысатын кез де осы мезолитте жүзеге асты. Алғашқы егінділіктің нышандары Алдыңғы Азия, Оңтүстік-Шығыс Азия және Оңтүстік Еуропада пайда болды. Жекелеген аймақтарда аңшылық пен балық аулаудың мамандану әрекеті жүрді. Аңшылықтың иттің көмегімен жеке аулау, тұзақ қою секілді алуан түрлі әдістері игерілді.

Шаруашылықта болған өзгерістер адам қауымдарының бөлінуіне әкелді. Оны мезолиттік қоныстардың көлемінің кішіреюінен көруге болады. Қауым мүшелерінің саны 30-100 адамды қамтыды. Палеолиттік қауымдық үлкен үйлер жойылып, олардың орнына мезолиттік кішігірім маусымдық лашықтар орын тепті. Сонымен қатар орташа көлемдегі жертөле үйлер де болды. Кейбір қоныстардағы жертөлелердің ұзындығы 7 м, ені 5 м, тереңдігі 1 метрге дейін жетеді. Қауымдардың бірнеше бөліктерге бөлінуі жаңа тайпалардың қалыптасуына негіз жасады. Еуразия кеңістігінің оңтүстік аудандарындағы қоныстардан табылған иттердің сүйек қалдықтары оларды қолға үйретудің алғашқы нышанын білдіреді.

Мезолитте тас еңбек құралдарын жасаудың жаңа тәсілдері игерілді. Осыған орай тас тісті еңбек құралдары шықты. Саптары ағаштан немесе сүйектен жасалған мұндай құралдардың бас жағына, болмаса өн бойына салынған арнайы кертпелерге ұсақ та жұқа қатпаршықтардан тас тістер қыстырылды. Осындай қыстырма ретінде пайдаланылған ұсақ тастар мен шақпақ тастан жасалған сегмент, трапеция, үшбұрыш түріндегі тас құралдарын археологияда «микролиттер» деп атайды. Олардан жебелер мен найзалардың ұштарын, орақтар мен найзалардың тістерін жасады.

Садақ пен жебенің пайда болуы өндіргіш күштердің дамуында елеулі төңкеріс жасап, ежелгі адамдардың шаруашылық өміріне түбегейлі өзгеріс алып келді. Шаруашылықтың тұрпайы иемденуші нысанынан (формасынан), терімшілік пен аңшылықтан оның өндіруші нысанына, егіншілік пен бақташылыққа өтудің алғышарттары қалыптасты.

Мезолит (орта тас) дәуірі Еуразия құрлығында бірдей жүрген жоқ. Сондықтан мезолиттік микролиттер еуразияның барлық жерлерде бірдей

кездесе бермейді. Орта тас дәуірінен жаңа тас дәуіріне өту де жергілікті жағдайларға байланысты әртүрлі және әркелкі. Осындай себептерге орай кейбір ғалымдар еңбек құралдарының әртүрлі болуына сүйеніп, мезолитті палеолит пен неолиттің арасындағы өтпелі кезең деп есептесе, екінші бір ғалымдар микролиттер белгілі аймақтарды бір мәдениетке топтастырып, микролиттер кездеспейтін аймақтарды екінші мәдениетке топтастырып, «эпипалеолит» (кейінгі жоғарғы тас) немесе «протонеолит» (алғашқы жаңа тас) деп атады.

Еуразия құрлығында бірнеше мезолиттік мәдени аймақтар болды. Оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймаққа Қырым, Кавказ, Каспий өңірі, Орта Азия мен Қазақстан жатады. Осы аймақтарда микролиттер мен қатар жалпақша тас құралдар таралды. Мезолиттік ең ерте тұрақтар Орта Азияда табылған. Көне тастың соңында Орта Азия мен оған көршілес жатқан Солтүстік Индия, Иран және Ауғанстан жерлерінде тас өңдеудің микролиттік әдісі пайда болады. Осы аймақта өндіруші шаруашылық түріне өту мезолитте басталды. Егіншілік пен бақташылықтың іздері Алдыңғы Азияның бірқатар ескерткіштерінде сақталған. Олар – Жебелі, Қойлы және Дам-Дам-Чешме өңірі тұрақтары. Олардан табылған шақпақ тастан жасалған құралдар Алдыңғы Азияның мезолиттік құралдарымен ұқсас. Сондықтан олар б.з.д. X – IX ғасырлармен мерзімделеді. Жебелі тұрағын аңшылар мен балықшылар мекендегені анықталған. Үңгірге жақын жатқан Әмударияның құрғап қалған сағасы ол кезде өзен болса керек. Үңгірден табылған сүйек қалдықтары Жебелі тұрғындарының қарақұйрық, құлан, жабайы бұқалар мен су құстарының етін азық еткендігін білдіреді. Қой мен ешкінің сүйектері де кездеседі. Қырымда белгілі бірнеше үңгір тұрақтарының бірсыпырасы көп қабатты келеді. Шаң-Қоба үңгірінің аузына жел мен жаңбырдан тосқауыл жасалған тас қаландылары сақталған. Үңгірдің ортасында тас ошақ орналасқан. Аңшылық шаруашылықта жетекші орын алған. Негізгі азық көзі бұғылар мен қабан, т.б. аңдардың еттері болған. Замиль-Қоба, Мұрзақ-Қоба, Фатьма-Қоба үңгір тұрақтары да мезолиттік мәдени қабаттардан тұрады.

Мезолиттік ескерткіштер таралған екінші аймақ – Еділ-Ока аралығы, Каманың ортаңғы ағысы, Днепрдің жоғарғы ағысы мен Беларусь, Литва жерлері. Эстониядағы Кунд мезолиттік мәдениеті ескерткіштері зерттелген. Шақпақ тастар қорына кедей осы аймақта сүйектен жасалған еңбек құралдары: гарпундар, ілмектер, кетпен және балтаның саптары, ау тоқитын құралдар көп кездеседі. Латвиядағы Звейнек жерлеу орнында жүзден астам қабірлер қазылған. Қабірлерге сүйектер ешқандай жүйесіз тасталып, үстінен охра себілген. Жерлеу заттарының ішінде аңның тісінен жасалған тұмарлар жиі табылады. Сонымен қатар сүйек найза, қанжарлар мен тас балталар да кездеседі. Солтүстік-батыс аймаққа жататын Онега көліндегі аралдан Оленеострав жерлеу орны ашылған. Онда 150 қабір қазылған. Олардың көпшілігінде сүйектер ұзынынан, бесеуі – аяғын бауырына бүкен түрінде жатқызылса, төртеуі – тігінен отырғызып жерленген. Қабірлердің бірі ерекше

бай. Жерленген адамның жанынан сабына есектің басы салынған қанжар қойылған. Ал киіміне көптеген ілгешектер тігілген. Жерленген кісі көсем немесе шаман болуы мүмкін. Қабірден табылған заттардың аналогиясы жақын маңдағы ескерткіштерде кездеспейді. Бірақ кейбір бұйымдар кунд мәдениеті заттарына ұқсас. Қабірлерден қыш ыдыстар кездеспеген. Осындай белгілерін ескере отырып, мамандардың бір бөлігі Оленеостров жерлеулерін мезолитке жатқызып, б.з.д. V мың. жылға мерзімдейді.

Үшінші аймақ орманды дала, яғни солтүстік пен оңтүстіктің элементтері түйісетін аралық аймақ. Мұнда микролиттік құралдар өте сирек. Тастан қыстырма тістері бар сүйектен немесе ағаштан жасалған құралдар жиі кездеседі. Жерлеу дәстүрінен аруақтардан қорқаны, оған табынған белгілері байқалады. Мысалы, Васильевка селосының маңындағы әулеттік зиратта өлген кісілерді терең шұңқырға бастарын шығысқа қаратып көмген. Мәйіттердің сүйектері қатты бүктетілген. Мамандар жерлеу алдында оларды байлаған деген пікір айтады. Тағы бір жерлеуге үлкен тас қойылған, бұл да аруақтан қорыққандықтың белгісі іспеттес. Шақпақ тастан жасалған құралдар өте сирек, жебенің бірнеше ұштары мен мезолиттік қырғыштар табылған. Тағы бір марқұмның сүйегіне қадалған жебенің ұшы сақталған. Бұл сол кездегі адамдар тобыры арасындағы қанды қақтығыстың белгісі секілді.

Осындай әулеттік зираттардың пайда болуы ата-бабаның рухына табыну ғұрпының қалыптасуынан хабар береді. Замиль-қоба (Қырым), Холодный Грот (Абхазия) үңгірлерінде көмілген адамның бас сүйектері де осындай ғұрыппен байланыстырылады. Қырымдағы Фатма-қоба, Мырза-Қоба зиратты жақсы зерттелген. Онда еркек пен әйел бірге жерленген қабір ашылған. Әйелдің кішкене саусағының соңғы буынын оның тірі кезінде кескені анықталды. Осындай ғұрып бізге этнографиялық салттан белгілі. Жалпы мезолиттік жерлеулерінде ортақ жүйелі дәстүр сақталмаған, Мәйіттің денесін ұзынынан, қол-аяғын бауырына бүгіп, басын кез келген бағытқа қаратып жатқызу ғұрыптары кездесе береді. Жерлеу құрылыстарынан рухқа табыну ғұрпының алғашқы элементтері аңғарылады.

Мезолиттік өнер туындылары тасқа салынған суреттерде сақталған. Аң аулау көріністері суреттелген жартастағы суреттер Уралда, Кавказда және Орта Азияда табылған. Бакуге жақын жердегі Биіктас тауының беткейіндегі үңгірден қолдарына садақ ұстаған адамдардың билеп тұрған көрінісі, жабайы бұқаның қашап салған сұлбасы табылған. Өзбекстандағы Зарауыт-Сай шатқалындағы Зарауыт-Қамар үңгірінде қызыл бояумен салынған суретте жабайы бұқаларды қамап аулау көрінісі бейнеленген. Мезолиттік өнерде адамдар тобының аң аулау көрінісі алғаш көрсетіледі. Сондай-ақ қолына садақ ұстаған адам бейнелері де алғаш кездеседі.

Орта Азияда 50-ден астам мезолиттік тұрақтар белгілі. Олардың ішіндегі ең әйгілілері: Түрікменстандағы Жебелі, Қойылу; Тәжікстандағы Ош-хана, Данғары, Чиль-Чор-Чашма; Өзбекстандағы Мачай, Обишир, т.б. тұрақтары.

Орта Азияда палеолиттің соңында тас өңдеудің микролиттік тәсілі пайда болды. Шаруашылықтың өндіруші нысанына көшу үдерісі Орта Азия жерінде мезолит дәуірінен бастау алады. Егіншілік пен бақташылықтың іздері Алдыңғы Азияның бірқатар ескерткіштерінде сақталған. Палеолиттің соңында Орта Азияда және көршілес Солтүстік Индияда, Иран мен Ауғанстанда тас өңдеудің микролиттік тәсілі игерілді. Мезолиттің шекарасы егіншілік аймақтарда кесектен тұрғызылған үйлерден тұратын мекендердің пайда болған кезі болса керек.

Қазақстанда орта тас дәуірінің материалдық мәдениет ескерткіштері аз зерттелген. Ауа райының жылуы мен тұрғындар санының артуы алғашқы қауымдық аңшылардың едәуір солтүстік аудандарды игеруіне мүмкіндік берді. Орта тас тұрақтары Ертіс, Есіл, Тобыл, Торғай және Жайық секілді ірі өзендердің жағалауларынан табылып, зерттелген. Сол кездегі ауа райы қазіргіден едәуір жұмсақ болуына байланысты аңдардың ізіне еріп, жиі қоныс аударып отырған аңшылар бір жерде ұзақ тоқтамаған. Сондықтан олардың уақытша тұрақтарының орны мен жеңіл лашықтарының қалдықтары сақталмаған. Осыған байланысты болса керек, Қазақстан жерінде орта тас ескерткіштері басқа дәуірлермен салыстырғанда едәуір аз табылған. Небәрі жиырмаға жуық ескерткіштер белгілі. Солардың қатарында: Петропавл қаласының маңындағы Мичурин, Боголюбов 2, Явленка 2; Атбасардағы Тельман 7, 8; Қарағандыдағы Әкімбек, Қарағанды 15; Көкшетаудағы Шағалы, Виноградовка 2; Торғайдағы Дүзбай 6; Қостанайдағы Дачная, Евгеньевка тұрақтары бар.

Мұздықтардың жойылып, табиғи-географиялық ортаның өзгеруі аңшылықтың ескі тәсілінен оның жеке аңшылыққа негізделген жаңа түріне ауысуына себеп болды. Адам қоғамының нәтижелі дамуы тайпалық ұйымның қалыптасуына жол ашты. Адам қауымының жер бетіне таралуы одан әрі жалғасты. Өндіргіш күштердің дамуы қоғам дамуының келесі сатысына өтуге дайын болды.

* * *

Орта тас – (Мезолит) мәдениеттің жаңа негіздерін іздеу уақыты. Оның маңызды шаруашылық нысанының жаңа өндіруші саласы бақташылық пен егіншіліктің негізі пайда бола бастады. Балық аулау кәсібі таралып, кейбір аудандар мен елдерде шаруашылықтың жетекші саласына айналды. Шақпақ тас өңдеудің жаңа түрі микролиттерден қыстырмалы құрама құралдар жасау үлкен маңызға ие болды. Садақ пен жебе ойлап табылды. Балық аулайтын ілмектер мен балталардың алғашқы нысандарының, садақ пен жебенің пайда болуы аң аулау мен балықшылық кәсіптің дамуында маңызды орын алып, аңшылардың қоғамдағы рөлін арттырды.

Мұздықтардың жойылып, табиғи-географиялық ортаның өзгеруі аң аулаудың ескі нысанынан, яғни ұжымдық аңшылықтан жеке аулауға ауысуға мүмкіндік

берді. Төменгі тас дәуірінде қалыптасқан адамдар ұжымдары рулық ұйымға ұласты. Мезолитте адамдардың жер бетіне таралуы жалғасып, жаңа жерлер игерілді. Өндіргіш күштерде болған прогресс қоғам дамуының келесі сатысына кадам басуға әкелді.

МЕРЗІМДЕЛУ

Орта тас (Мезолит) – 10 – 6 мыңжылдық аралықтары.

Әдебиеттер

Изыскания по мезолиту и неолиту СССР. – М., 1983.

Каменный век на территории СССР. – М., 1970.

Красковский В.И. Памятники палеолита и мезолита Северо-Западного Причерноморья. – Киев, 1978.

Матюшин Г.Н. Мезолит Южного Урала. – М., 1976.

Мезолит СССР. Серия: Археология СССР. В.20 т. – М., 1989.

Старков В.Ф. Мезолит и неолит лесного Зауралья. – М., 1980.

Таймағамбетов Ж.К., Байгунаков Д.С. Қазақстанның тас ғасыры. – Алматы, 2008.

Формозов А.А. Проблема этнокультурной истории каменного века на территории европейской части СССР. – М., 1977.

Хотинский Н.А. Голоцен Северной Евразии. – М., 1977.

Жаңа тас (неолит)

Тас ғасырының соңында мұздықтар еріп, Солтүстік Еуропа мен Азияның көптеген жерлері мұз құрсауынан босады. Қазіргі жер қыртыстары мен өсімдік дүниесінің (ормандар, орманды далалар, далалар) қалыптасып, мамонт секілді тас дәуірі аңдарының жойылуы да осы тұста жүрді. Төменгі тас дәуірі өткеннен соңғы уақытта адамдар садақ пен жебені, бірқатар қозғалыс көліктерін (қайық, шаңғы, шана), аң аулап, балық ұстайтын құралдардың жаңа түрлерін ойлап тауып, балшықтан ыдыс жасауды, мата тоқып, киім тігуді үйренді. Тас ғасырының соңында оңтүстік аудандардың тұрғындары алдымен бақташылық пен егіншілікке өту арқылы прогресивті өндіруші шаруашылықтың қалыптасуына негіз салды.

Тас ғасырының шарықтау шағы жаңа тас (неолит) кезінде өтті. Неолит дәуірінде әртүрлі аймақтардағы шаруашылық дамуы, жергілікті табиғат жағдайына байланысты әркелкі жүргені байқалады. Еуразия жерінде жаңа тас дәуірі б.з.д. VII – VI мыңжылдықтардан басталады. Оның аяқталуы да әртүрлі табиғи-климаттық аймақтарда әртүрлі уақытта жүрді. Керамиканың пайда болған уақыты жаңа тас дәуірінің басы болып есептеледі. Дегенмен, бұл ақиқат шартты сипатта болды. Жаңа тастың басында Орта Азия мен Еуразия

кеңістігінің кейбір аймақтары (Кавказдың күнгей беті, Украина мен Молдова жерінде) шаруашылығында түбегейлі өзгерістер қарқын алды. Айтылған жерлерде егіншілік пен бақташылық алдыңғы қатарға шықты. Неолиттік егін шаруашылығының кейбір белгілері Қара теңіз жағалаулары мен Молдованың бірсыпыра аудандарында да анықталған. Жануарлардың кейбір түрін қолға үйрету секілді өндіруші шаруашылық саласының қалыптасуына байланысты мал жүнінен жіп иіру меңгерілді. Тоқыма ісінің жолға қойылуы киім, қапшықтар, дорбалар тігетін және балық аулайтын аулар тоқитын жаңа шикізаттар берді. Қазбалардан табылған тастан, балшықтан, сүйектен жасалған жіп иіретін ұршықтардың бастары тоқыма кәсібінің неолиттен бастап кең қанат жайғандығын білдіреді.

Неолитте тас өңдеу техникасында бірсыпыра өзгерістер болды. Тас балта, шот балта, қашаулар көбіне, ағаш өңдеуге негізделген үлкен де салмақты құралдар көп таралды. Сонымен қатар тас құралдардың орта тас кезінде көп таралған түрлері де қолданыстан қалған жоқ. Әсіресе, тас өңдеудің микролиттік және шақпа (отжимной ретушь) әдістері жалғасын тапты. Шақпа әдістер арқылы жебенің, найзаның ұштары мен пышақ, тескіштер жасалды. Пышақ, қанжар, найзаның ұштарына тіс салу арқылы құрама қарулар жасау тәсілі де дамыды. Балта, шот секілді шапқыш құралдарды тесу, жылтырату әдісі пайда болды. Сапталған балталар мен шоттар ағаштан үй салу мен қайықтар жасауды көп жеңілдетті. Шақпақ тастар негізгі шикізат көзіне айналды.

Балшықтан ыдыс жасау адамзат өміріндегі аса маңызды жетістіктердің бірі болды. Адамдар бұның алдындағы уақытта ағаштың қабығынан жасалған ыдыстарды, тоқыма кәрзеңкелерді пайдаланған деген пікір бар. Балшықтан күйдіріліп жасалған ыдыстардың ойлап табылуы асты пісіріп жеуге мүмкіндік берді. Өз кезегінде піскен ет жеп, піскен ас ішу адам денсаулығының күшеюіне және өмір сүру мүмкіндігінің артуына зор үлес қосты. Алғашқы балшық ыдыстар түбі сүйірленіп келген, бүйірі томпақ, бір сөзбен айтқанда, бас жағын кесіп тастаған жұмыртқаға ұқсас болды. Алғашқыда ыдыс жасаудың қарапайым жапсырма және орама әдістері қолданылды. Біріншісі – матадан арнайы тігілген пішінқапқа құм толтырып, оның сыртына арнайы дайындалған балшықты жапсырып, ол кепкеннен соң пішінқаптағы құмды төгіп, матаны босатып алу арқылы жасалды. Екіншісі – кеспе тәріздес етіп есілген ұзын балшықты бірінің үстіне бірін шеңберлеп жатқызып, орау арқылы жасаған. Алғашқы ыдыстар барынша тұрпайы да шала күйдірілген еді. Солай бола тұрса да, ыдыстардың ойлап табылуы адамдардың ілгеріге қарай жасалған сәтті қадамы саналады.

Мата тоқу тәсілін адамның игеруі неолиттің келесі жарқын жаңалығы. Алғашқыда жіпті өсімдік (кендір мен қалақай) талшықтары мен жапырақтарынан дайындаған. Жануарларды қолға үйрету олардың жүнінен жіп иіруді игеруді жеделдетті. Тоқыма кәсібінің алғашқы тәжірибелері матадан киім, әртүрлі қапшықтар, сөмкелер, балық аулайтын аулар жасайтын маталар

берді. Мекенжайлар мен жерлеу қабірлерінен көп кездесетін тас пен балшықтан жасалған, ортасы тесік дөңгелек ұршықбастар тоқыма кәсібінің неолит кезінде жаппай таралғандығын куәландырады.

Неолиттік адамдар керамика, тоқыма секілді табиғатқа тән емес жаңа материалдар жасап, шаруашылықтың иемденуші түрінен (аңшылық, терімшілік және балық аулау), оның өндіруші түріне (егіншілік пен бақташылық) жаппай өте бастады.

Жаңа тас дәуірінде табиғат жағдайы мен географиялық жер жағдайына қарай даму деңгейі жағынан ерекшеленетін екі үлкен шаруашылық аймақ қалыптасты. Құрлықтың бір бөлігінде өндіруші шаруашылыққа негізделген мәдениеттер қалыптасса, екінші бөлігінде әлі де болса, иемденуші шаруашылық өзінің артықшылығын жоғалтпаған мәдени қауымдастықтар өмір сүріп жатты. Неолиттік мәдениеттердің өзіндік нұсқалары шоғырланған шаруашылық өзінің артықшылығын жоғалтпаған мәдени қауымдастықтар өмір сүріп жатты. Неолиттік мәдениеттердің өзіндік нұсқалары шоғырланған бірсыпыра аймақтарды бөліп қарауға болады. Олар: а) Ресейдің еуропалық бөлігінің оңтүстігі (Қырым, далалы және орманды дала аудандар); ә) Кавказ бен оның күнгей беті; б) Орта Азияның оңтүстігі; Солтүстік Орта Азия мен Қазақстан; в) Ресейдің еуропалық бөлігінің орманды жазығы; Урал мен Батыс Сібір; г) Байкал маңы мен Шығыс Сібір; ғ) Якутия мен Солтүстік- Шығыс Азия; д) Қиыр Шығыс. Осы аймақтардың әрқайсысында тас құралдарды жасау, шаруашылық бағыты, дәстүрі, ыдыс жасау және оны өрнектеу нақышы жағынан ерекшеленетін адамдар ұжымдары өмір сүріп жатты.

Неолиттік тайпалардың Орта Азияны мекендеген бір бөлігі Еуразия құрлығында барлығынан бұрын б. з. д. 6-мыңжылдықта ерте егіншілік кәсіпке көшкен. Осы тайпалар қалдырған ескерткіштердің кешені олардың ішіндегі біршама жүйелі зерттелген қоныстың атымен **Жейтүн** (б.з.д. VI мың.) мәдениеті деп аталған. Ерте егіншілікпен айналысқан жейтүн мәдениетінің ескерткіштері Қаракұм мен Копет-Даг тау сілемі бөктеріндегі жіңішке жолақта шоғырланған. Қазіргі кезде жейтүн мәдениетінің бірнеше ондаған қоныстары белгілі. Ашхабатың солтүстігінде 30 км жерде кішігірім төбенің үстінде орналасқан жейтүн қонысы 50-ге жуық бір бөлмелі үйлерден тұрады. 5-6 адамға шақталып салынған 30 шаршы метрден тұратын үйлер ішіне сабан қосқан балшық домбаздармен соғылған. Онда жүргізілген қазба жұмыстары жейтүндіктердің үй салу кәсібін неолиттің басында үйренгендігін көрсетті. Бір әулетті құраған қоныс тұрғындары шамамен, 180 жаннан тұрған. Осы мәдениет ескерткіштерін көп жылдан бері үздіксіз зерттеген әйгілі археолог В.М. Массон тас дәуірі археологиясына үлкен үлес қосты.

Қоныстан табылған еңбек құралдары – ұсақ тас қырғыштар, кескіштер, тескіштер және орақтардың тістері. VII мыңжылдықтың соңында Таяу Шығыста пайда болған балшық ыдыстар жейтүннің ең ерте қабаттарынан кездеседі. Орама әдіспен жасалған балшық ыдыстар отырықшылық сипатта. Олардың

катарында астық сақтау үшін пайдаланылған үлкен құмыралар көп. Кейбір ыдыстары толқынды көз алдына елестететін өрнектермен безендірілген. Кейбір ыдыстарға қызыл бояумен өрнек салынған. Қоныстан қолға үйретілген иттің және сирек жағдайда қой мен ешкінің сүйектері кездеседі.

Жейтүн мәдениеті қонысын Орта Азия мен Таяу Шығыстың көне мәдениеттерімен салыстыру барысында оның Алдыңғы Азияның ерте егіншілік мәдениетінің қатарына жатып, ерте егіншілік ойкуменнің солтүстік-шығыстағы шеткі ауданы болып есептелді. Олар арнайы суғару жүйелерін салмады. Егіншілікте өзен суларының көктемгі табиғи толысын пайдаланды. Қоныстан табылған құралдардың басым көпшілігін орта тас дәуірі дәстүрінде жасалған микролиттік құралдар, әсіресе, шақпақ тастардан өткір тістерді құрап жасалған орақтар, пышақтар, қырғыш және тескіштер құрайды. Құрастырмалы құралдардың тісі ретінде сегмент, үшбұрыш, трапеция тәріздес геометриялық нысандағы микролиттер пайдаланылған. Сондай-ақ тастан дәнүгіткіштер, тас кетпендер, балталар, төстер мен келілер жасалды.

Ежелгі егіншілер тұрмыста астық пен азық сақтайтын үлкен хумдарды пайдаланған. Олардың кейбіреулері қызыл және қоңырқай түске боялып, үстінен өсімдік нақышындағы өрнектерімен безендірілген. Жейтүн материалдары ішінде балшықтан жасалған әйелдер мен аңдардың бейнелері тастан, балшықтан жасалған ойын құмалақтары, Үнді жағалауларынан келген каура ұлутастары жиі кездеседі.

Жейтүндіктердің мәйітті қолы мен аяғын бауырына жиып, бір жамбасымен жатқызып, үстінен жоса (охра) сепкен жерлеулері белгілі. Дәнді дақылдардан арпа мен бидай еккендігін, жануарлардан ешкі мен итті ұстағанын білдіретін мол мәліметтер жиналған. Жейтүн мәдениеті өзімен көршілес жатқан Месопотамиялық загрос, хасун секілді ерте егіншілік мәдениеттермен тығыз байланыста дамығандығы анықталған.

Оңтүстік Түрікменияның б.з.д. VI мыңжылдыққа жататын жейтүн мәдениетін Алдыңғы Азияның ерте егіншілік мәдениетінің жергілікті нұсқасы деуге келеді.

Қазіргі кезде Қара теңізді 4 орманды және далалы жағалауларында неолиттік мәдениеттің үлкен ауданы ашылған. Осы аудандағы Днестр мен Буганың аралығында б.з.д. 5 – 4 мыңжылдықтарда *буга-днестр* мәдениеті қалыптасты. Бұл мәдениеттің 60-тан астам қоныстары белгілі. Буга-днестр мәдениетінің тұрғындары жер бетіне салынған жеңіл үйлер мен жертөлелерде тұрды. Басты шаруашылығы аңшылық, малшылық кейіннен қалыптасып, егіншіліктің алғашқы белгілері байқалады. Бұғының мүйізінен жасалған кетпендер мен қоңырқызыл түсті түбі үшкір ыдыстары ерекше.

Днепр мен Донның аралығындағы ауқымды аймақта *днепр-донецк* мәдениеті дамыды. Бұл күнде осы мәдениеттің 200-ге жуық қоныстары мен зираттары белгілі. Тұрғындары жердің бетіне салынған төртбұрышты ағаш үйлерде тұрған деп есептеледі. Мәдениет алқымы кең, түбі үшкір, сырты тарак секілді нәрсемен тырнап және өткір затпен шұқып салынған өрнекке толы

ыдыстарымен ерекшеленеді. Шаруашылығы мәдениеттің бүкіл даму барысында аңшылық пен балық аулау болған, тек соңғы кезінде егіншілік пен малшылық қалыптаса бастаған.

Азов теңізінің маңында қазылған Мариуполь зиратының басым бөлігі Днепр-Донецкі мәдениетіне жатады. Ұзындығы 28 м, ені 2 м шұңқырға 120-дан астам мәйіт жерленген. Олардың көпшілігі ұзынынан жатқызылған, сонымен қатар қолы мен аяғын бауырына бүгіп жатқызған және өртеген мәйіттер де кездеседі. Еркектердің денесі басымен шығысқа, әйелдердікі батысқа қаратып қойылған. Кейбір мәйіттердің үстіне жоса себілген. Тұрмыстық бұйымдар мен құралдары тастан, сүйектен және аңдардың тісінен жасалған. Жерлеуден мол табылған шошқаның сүйектері мен бұқаның сүйектен жасалған екі мүсіні мал шаруашылығының қалыптаса бастағанын білдірсе керек.

Мәдениеттің жерлеу ескерткіштерімен қатар қоныстары да зерттелген. Олар әдетте, биік жерлерде немесе өзеннің жарқабағында орналасқан. Аумағы 6 – 10 шаршы метр келетін жердің бетіне салынған үйлердің аздап ойысқан орындары сақталған. Үйлердің жанынан шаруашылық шұңқырлары табылған. Қоныстардан тау бұқасының, қабанның, еліктің, бұғының сүйектері мен балықтың қабыршақтары, қаңқасы жиі кездеседі. Азық ретінде қолданған маллюскалардың қабыршақтары мол мөлшерде шығады. Сонымен қатар ірі малдардың да сүйектері бар. Ерте кезеңдегі ескерткіштерден шақпақ тастан жасалған микролиттік құралдармен қатар едәуір кейінгі уақытқа тән қырғыштар, пышақтар, кескіштер, тескіштер, балталар мен сүйектен жасалған біздер кездеседі. Днепр-Донецк мәдениетінің ыдыстары бүйірі томпақ, тағаға ұқсас, түп жағы өте көп мөлшерде шөп қосылған балшықтан жасалған.

Қырымда ыдысты әлі білмеген неолиттік және дамыған неолиттік қоныстар ашылып, зерттелген. Осы өңірдің неолиттік кезеңі Таш-Аир I, Кая-Аралы, Замил-Коба II және басқада қоныстардың қабаттары арқылы белгілі.

Неолиттің кезінде кішігірім мәдени қауымдастықтар Ресейдің еуропалық бөлігін, Уралды, Батыс Сібірді, Байкал өңірін, Қиыр Шығысты қамтыған орманды аудандарда қалыптасып, дамыды. Осы облыстардың әрқайсысының ішінде жекелеген мәдениеттер бөлініп шығады. Мәдениеттердің әрқайсысын зерттеу барысында олардың бір-бірінен айырмашылығына, ыдыстарының формасына, оның өрнегіне және шаруашылығына ерекше көңіл бөлінеді. Еуразияның орманды және орманды далалы аймақтарының неолиттік мәдениеттері аңшылық, балықаулау және терімшілік негізінде қалыптасып дамыды. Неолит кезеңінде еліміздің көпшілік аудандарында өндірістік өрлеу жүріп жатты, еңбек құралдары жетілді, әртүрлі тайпалардың қоныс аударуына байланысты олардың бірін-бірі тәуелді ету секілді күрделі тарихи үдеріс қалыптасты.

Орманды аймақтарда қоныстар жалпылама аңшылыққа қолайлы өзендердің жағалауларына шоғырланған. Олардың негізгі қатынас жолы өзен болғандықтан қайық негізгі көлікке айналды. Бұл аймақтардағы мәдениеттердің

дамуы аңшылық қарулар мен балық аулайтын құралдардың ұдайы жетілуі негізінде жүрді. Неолиттің соңына таман кейбір жерлерде малшылықтың нышаны байқалады.

Кейбір жерлерде неолиттік адамдар батпақты жерлерді де мекен еткен. Бұндай жағдайда үйлерді свайға (қазыққа) орнатуға тура келді. Волгоград облысында Модлон өзенінің бойындағы қоныстың үйлері сондай. Үйлердің қабырғалары сырғауылдан жасалып, арасы шыбықтармен өрілген. Едендеріне бөренелер төселіп, үсті балшықпен сыланған. Еденнің бөренелері жерге қағылған қазықтарға (свай) орнатылған. Осындай мекендерді археологияда свайлы қоныстар деп атайды.

Біртіндеп орманды аймақтардың неолиттік мәдениеттерінің орналасу жүйесі өзгерді. Осы өзгерістерге қарай ерте неолиттік мәдениеттерді б.з.д. 5 – 4-мыңжылдықтарға, дамыған және кейінгі неолиттік мәдениеттерді б.з.д. 3 – 2-мыңжылдықтарға жатқызуға болады.

Ерте неолитте Еділ мен Ока атырауында *ляялово* мәдениеті тайпалары өмір сүрді. Оларға сыртында ойықша және тарақтың дақтары секілді өрнегі бар жарты жұмыртқа тәріздес ыдыстар тән.

Дамыған неолит кезінде, б.з.д. 3-мыңжылдықта неолиттік тайпалардың қозғалысы байқалады. Днепр-донецкі тайпалары солтүстікке қарай, ал Еділ мен Оканың бойын мекендеген льялов тайпаларының мәдениеті барлық бағытта таралды.

Осындай қозғалыстардың нәтижесінде б.з.д. 3 – 2-мыңжылдықтарда Шығыс Еуропаның. Орманды аудандарында жаңа мәдениеттер қалыптасты: Солтүстікте – *карель*; Балтық жағалауларында – *балтық, нарва* мәдениеттері; Нарва мәдениеті Эстония, Литва және Оңтүстік Балтық өңірін қамтыды. Нарва тайпаларының еңбек құралдары негізінен сүйек пен мүйізден жасалған. Шақпақтастан жасалған құралдар өте сирек кездеседі. Ыдыстары сүйір түпті, көбіне, өрнексіз. Сирек те болса кездесетін өрнектері тарақ тәріздес және ойық түрінде. Түбі тегіс ұсақ тостақтар да ұшырасады. Латвиядағы сарнаттық шым тезекті аймақтағы тұрақ нарва мәдениетіне жатқызылады. Ондағы топырақ қасиетінің артықшылығы маржаннан жасалған 400-ге жуық тұмар және әшекей заттардың жақсы сақталуына мүмкіндік берген. Сонымен қатар әлі өңделмеген жүздеген маржандар табылды. Ресейдің орталық аймақтарында бірнеше мәдениеттер (*волосово, белево, валдай*, т.б.) қалыптасты. Олардың көпшілігінің қалыптасуына льялов мәдениеті елеулі ықпал жасады. Олардың барлығын біріктіретіні – ыдыстарының сыртындағы тарақтың ұшы және басып салынған ойық өрнектерінің ұқсастығы.

Шығыс Сібірдің жаңа тас дәуірі негізгі үш кезеңнің ескерткіштерімен (*усаково, китой, серов*) белгілі.

Қиыр Шығыстың жаңа тас дәуірін зерттеу соңғы уақытта жақсы нәтиже бере бастады. Б.з.д. 5-мыңжылдықтан бастап мұнда бірнеше мәдениет: *новоперов, громатухин*, ал кішкене кейінірек – *осинозерскі, кондоискі*, т.б. дамыды. Жаңа

тастың соңына қарай Қиыр Шығыста егіншілік пен мал өсіру қалыптасады. Қиыр Шығыс мәдениеттері ыдыстарының сыртына салынған көлденең сызықтармен тоғысқан әсем толқындар тәріздес өрнектері ешбір аймақта кездеспейді

5 – 4-мыңжылдықтарда Орта Азияның едәуір бөлігі мен Қазақстанның Арал теңізі аймағында балық пен аң аулауды кәсіп еткен тайпалар мекендеді. Олардың ішіндегі едәуір жақсы зерттелгені б.з.д. 4-мыңжылдықта қалыптасқан *кельтеминар* мәдениеті ескерткіштері. Осы мәдениеттен қалған ескерткіштердің ең ірілері Жамбасқала 4, Жебелі, Сексеуілді тұрақтары Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал теңізінің маңында орналасқан. Кельтеминарлықтар ағаш пен қамыстан салынып, төбесі конус тәріздендіріп жабылған үлкен әулеттік баспаналарда тұрған. Осындай баспаналардың өлшемі 300-ден 580 шаршы метрге дейін жетеді. Бір баспанада тұрған әр отбасына тиесілі жеке ошақтар кездеседі.

Әдетте, осындай ошақтардың айналасынан ыдыс сынықтары мен тұрмыстық қалдықтар жиі кездеседі. Баспананың қақ ортасында орналасқан үлкен ошақтың орны бөлек. Оның астындағы отқа күйген жер қабатының тереңдігі 0,5 м-ге дейін жетеді. Бұл от үздіксіз жанып тұрған ғұрыптық ошақтар деп есептеледі. Сондықтан осындай ошақты отқа табыну ғұрпының ертедегі белгісі деп айтуға болады. Мұнда микролиттік құралдар сирек кездеседі. Геометриялық формадағы ұсақ қыстырма тастар жоқ деуге саяды. Шаруашылықтың аңшылық пен балық аулау түрлері жақсы дамыған. Олар қабан, бұғы және суда жүзетін құстарды аулаған. Сонымен қатар жайын мен шортанның сүйектері де табылған. Кельтеминардың бастапқы кезеңінде түбі жұмыр, кесіп салған өрнегі бар ыдыстар басым болса, соңғы кезеңінде түбі тегіс, сыртында өрнегі жоқ ыдыстар көбейеді. Кельтеминар мәдениетін зерттеу олардың өзін қоршаған көрші мәдениеттермен тығыз байланыста болғанын байқатады.

Жаңа тас дәуірінің өнері бізге негізінен тасқа салынған суреттер түрінде жеткен. Бірсыпыра өңірде адамның, жануарлардың және қайықтың бейнелері нүктелеп соғу тәсілімен қашалған. Көбіне, аңдар мен жануарлардың бейнесін бояумен салу дәстүрі жиі кездеседі. Сонымен қатар сүйектен және ағаштан жонылған мүсіндер де табылған.

Қазақстанның басқа аудандарында жаңа тас дәуірі ескерткіштері өте аз зерттелген. Дегенмен, бүгінге дейін белгілі болған 600-ден астам неолит және энеолит дәуірлерінің ескерткіштері Қазақстанның жаңа тас дәуірі тайпаларының Еуразия кеңістігіндегі неолиттік мәдени топтардың қалыптасуына үлкен үлес қосқанын білдіреді. Өздерінің қандай жерге орналасқанына қарай неолиттік тұрақтар: бұлақтық, көлдік, өзендік және үңгірлік болып үш түрге бөлінеді. Өзендік және көлдік тұрақтарда еңбек құралдары едәуір көп табылады. Бұндай белгілер алғашқы адамдардың ондай тұрақтарда ұзақ уақыт немесе тұрақты мекендегенін танытады. Қазақстанның далалық аймақтарында бұлақтық тұрақтар көп таралған. Олар – көбіне, кезбе

аңшылардың уақытша тұрған жерлері. Үңгірдегі тұрақтар көбіне, таулы аймақтарда ұшырасады. Неолиттік үңгір тұрақтары Қазақстанда жақсы зерттелген.

Олардың ішіндегі жан-жақты зерттелгендері – Қараүңгір, Устьнарым, Сексеуіл, Иманбұрлық, Кішікраснояр, Пеньки 1,2, т.б. тұрақтары.

Ақмола облысының Атбасар ауданында шоғырланған жаңа тас дәуірі кезеңінің біртоп ескерткіштері археологияда *атбасар мәдениеті* деген атпен белгілі. Мәдениеттің таралу аймағы: далалық аймақта Есіл алабы мен қазақтың ұсақ шоқылырының солтүстік-батыс бөлігі аралығы. Жергілікті мезолиттік тайпалар негізінде б.з.д. VII –VI мыңжылдықтарда қалыптасқан осы мәдениеттің 200-ге жуық тұрақтары белгілі. Солардың 20-сы қазылған. Мәдениеттің елеулі ескерткіштері қатарында Винаградовка II, Тельман I, Явленка, Жабай-Покровка III т.б. айтуға болады. Ірі өзендердің көне арналарының жағасында орналасқан атбасарлық тұрақтар жердің бетіне салынған жеңіл үйлер түрінде келеді. Аумағы 25 шаршы метрді алатын дөңгелек және төртбұрыш үй орындары белгілі. Мәдениеттің қыш ыдыстары жарты жұмыртқа тәріздес, сиымдылығы 1-5 л. құмыралар. Олардың сыртындағы өрнектері тарақпен салынған штамп түрінде. Дегенмен, ыдыс қалдықтары мардымсыз және жекелеген. Жануарлардың сүйектері өте сирек кездеседі. Ол да болса, кейінгі кезеңдегі мекенжайлардан табылған. Олар жылқының, ірі қараның сүйектері. Аз мөлшерде болса кездесетін сүйек қалдықтары Солтүстік Қазақстанда өндіруші шаруашылықтың б.з.д. III мыңжылдықтың басында қалыптаса бастағанын білдіреді.

Осы мәдениетке жататын жерлеу ескерткіштері ғылымға осы күнге дейін белгісіз. Дегенмен, кейбір мекенжайлардың (Виноградовка, Тельман, т.б.) маңынан тереңдігі 1м, диаметрі 1,5 м келетін шұңқырлар табылған. Олардың түбінен кальциленген қоспалы күл қабаты сақталған. Мамандардың болжауынша, бұлар қола дәуірінде кеңінен қолданылған мәйітті өртеп күлін жерлеу дәстүрінің алғашқы жерлеулеріне ұқсас.

Атбасармен көрші жатқан өңір, Торғай даласының көне жылғаларын жағалай *маханжар мәдениетінің* ескерткіштерінің басым көпшілігі орналасқан. Солардың арасында мәдени қыртысы жақсы сақталған және едәуір жеткілікті зерттелгендері: Тұзды көл, Дүзбай 1-4, Сор 2, Бестамақ, Амангелді, т.б. Тобыл өңірінде тек Алқау 2 тұрағы белгілі. Тұрақтарда жүргізілген қазбалардың мәліметтеріне қарағанда маханжар тұрғындарының үйлері жартылай жертөле түрінде болса керек. Қыш ыдыстары, қабырғасы жұқа, ернеуі аздап тартылған, түп жағы сүйір. Өрнектері тісті немесе тарақ тәріздес нәрсемен салынған. Нақыштары тігінен және көлденеңіне салынған қатар толқындар түрінде. Тас құралдардың ішінде қыстырма тістер көп кездеседі. Құрал жасайтын шикізат ретінде бұл кезеңде жергілікті материалдар пайдаланылған. Маханжарлықтар тас өңдеудің жаңа тәсілдерін меңгергендігі анық. Мәдени қабаттан табылған ортасы тесік ұршықбас олардың тасты тесуді меңгергендігін ғана емес, жіп

иіруді білгендігін көрсетеді. Тас тесетін бұрғылар Дүзбай 2 және Бестамақ 7 тұрақтарынан табылған.

Неолит тас дәуірінің аяқталып, адамзат тарихындағы жаңа дәуірдің басталуына алып келді. Бұл өндіруші шаруашылықтың қалыптасып, жер бетіне таралу уақыты еді. Неолитте металл өндірудің алғышарттары қалыптасты. Балшықтан жасалған ыдыстардың пайда болуы адамдардың шаруашылық мүмкіндігін арттырды. Тоқымашылықтың игерілуі де қоғам өмірінде аз орын алмады. Адамдардың қоршаған орта туралы түсінігі артты. Рулық құрылыс қарқынды дамыды.

Жаңа тас өнері

Жаңа тас өнері белгілі бір дәрежеде тарихи-мәдени құбылыс болды. Ол өз заманына сай жоғары дамыған және әр алуан. Неолиттік өнер ыдыстардың сыртына салынған өрнектер, ұсақ мүсіндер (жануарлар, құстар және адамдардың денелері) және петроглифтер түрінде белгілі. Өзендер мен көлдердің күнгей бетіндегі биік жартастарда ғылымда петроглифтер (тасқа салынған суреттер) аталған суреттер галереялары қалыптасқан.

Тасқа салған суреттер неолиттік аңшылар мен балықшылар мекендеген аймақтардың барлығында дерлік кездеседі. Петроглифтер кешені Кавказда, Орта Азия мен Қазақстанда, Урал мен Сібірде, Қиыр шығыста ашылып, зерттелген. Тасқа салынған суреттерде осы күнгі Солтүстік-Шығыс Еуропа, Украина, Кавказ, Орта Азия, Қазақстан, Урал, Сібір, Алтай, Шығыс Сібір, Амур мен Солтүстік-Шығыс Азия жерлерін мекендеген неолиттік тұрғындардың тарихи дамуының ерекшеліктері көрініс тапқан. Осы өңірлердің әрқайсысында петроглифтер өзіндік ерекшеліктерге ие. Азия құрлығының солтүстік-шығыс аймағынан табылған петроглифте ежелгі аңшылардың теңіз аңын аулау көрінісі суреттелген. Сібірдің тайгалық және орманды-дала аймағының петроглифтері неолиттік өзіндік ерекше өңірді құрайды. Солардың қатарына Шишкино деревнясының маңындағы әйгілі бейнелер мен Ленаның бойындағы Суруктах-Хая табыну орны, Ангарадағы тасаралда орналасқан сызбалар, Усть-Писаная деревнясы түбіндегі тастағы таңбалар жатады. Сібірлік тайганың неолиттік аңшылары негізінен жануарларды бейнелеген. Солардың ішінде аңшылықтың негізгі нысаны болған тайганың тағысы – бұғыларды көп салған. Жануарлардың ерекше белгілерін сондай ыждағаттықпен нақ салуға тырысқанын айтып кету керек. Сібірлік тайганың петроглифтеріне өзінің тақырыбы мен техникалық орындалуы жағынан Ресейдің солтүстік еуропалық бөлігінің тасқа салған суреттері жақын. Петроглифтердің екі үлкен тобы Онега көлінің көптеген орындары мен Ақ теңіздің жағалауларында орналасқан. Онега жағалауларындағы бейнелеу өнерінің елеулі ескерткіштері болып, Бесов Нос және Пери Нос тас мүйісіндегі суреттер саналады. Бесов Нос жартасында бұғылар, аң басты антропоморфты денелер, шаңғымен келе жатқан адамдар,

суда жүзген құстар ішінде ұзын да сымбаты иілген мойынды аққулар ерекше көрінеді, аң аулау көрінісі, балықтар секілді бейнелер сақталған. Неолиттік суреттердің үлкен шоғырлары Ақтеңіздің жағалауларында, Выг-Бесов төменгі ағысындағы Следки мен Залавругада ашылған. Бесовадағы Следкиде 300-ден астам бейнелер белгілі. Онда итбалықтар, аққулар, жалаңаш табанның іздері, шаңғы киген адамдар қуап бара жатқан бұғылар табыны, т.б. бейнеленген. Залавругта бұғылар, қайықтар, шаңғышылар тобы, теңіз аңдарын аулау көрінісі қашап салынған.

Орта Азия, Қазақстан, Алтай мен Туваның петроглифтері ерекше топты құрайды. Қазақстандағы тасқа салған суреттер ішінде аса маңыздылары Қаратау, Ешкіөлмес, Тамғалы тауларындағы және Қырғызстандағы Шайтантас петроглифтер кешендері. Моңғолия мен Байқалдың арғыбетіндегі петроглифтер өздерінің сюжеті жағынан Қазақстандық кешендерге өте ұқсас. Бұл жерлерді мекендеген неолиттік тұрғындардың негізгі бейнелеу нысандары тауешкі мен арқарлар, садақ пен жебе ұстаған аңшылар болды.

Кавказдың петроглифтері де үлкен қызығушылық туғызады. Солардың ішінде едәуір құндылары – Қобстандағы Абшерон жартыралынан табылған тасқа салынған бейнелер. Мұнда мезолиттен орта ғасырға дейінгі аралықта салынған алуантүрлі суреттер кешені шоғырланған. Солардың көпшілігі палеолит дәуіріне жатады. Онда үйірлі жылқылар, бұқалар, билеп жатқан адамдар және садақшылар бейнеленген. Жануарлардың және солярлық таңбалардың үлкен тобы Дағыстандағы-Чинна-Хитта, Чувал-Хварабнохо, Харитани шатқалдарында да белгілі.

Неолит дәуірінде бейнелеудің екі негізгі әдісі: қызыл жосамен (охра) және тастың бетіне салынатын нысанның контурын қашап түсіру әдістері қолданылған. Осы әдістердің екіншісі мейлінше жиі кездеседі. Бейнелер әдетте, үшкір таспен қашап салынған. Осындай әдіспен аңдардың көзін, аузын және құлақтарын бедерлеп келтірген. Кейде аңдардың қаңқалары мен іш құрылыстарын да қашап салатын болған. Бейнелерді қашап салу техникасында барлық жерлерде бірдей ортақ әдіс қолданылған. Неолиттік бейнелерде ортақ пропорция сақталмаған.

Петроглифтер салынған жартастар неолиттік тайпалар үшін киелі және табыну орны саналса керек. Онда бейнелер рулық мерекелер кезінде салынған. Рулық мерекелер мен ата-бабалар мен жануарлардың аруағына, рухына табыну шаралары таңбалы жартастардың астында өткізілген. Мерекелер кезінде табыну рәсімдері өткізіліп, аңыздар құрастырылған. Жартастарға бейнелер салу осындай мерекенің құрамдас бөлігі болған. Ол кезде адамдар қоршаған ортаға деген өзінің түсініктерін тасқа қашап салған. Солтүстіктің, Уралдың және Сібірдің неолиттік ескерткіштерінде бұғы немесе оның басы, жылан, аю және адам бейнеленген мүсіндер жиі кездеседі. Мейлінше, шынайы ондай мүсіндер ағаштан, тастан және балшық пен сүйектен әртүрлі нақышта жасалған. Жануарлардың мүсіндерімен салыстырғанда адамдарда бейнесі мейлінше

нобайлы, оларда жыныстық белгі секілді жекелеген бөліктерді ерекшелеп көрсету орын алған.

Неолиттік өнердің тағы бір бөлігі өрнектер (безендіру) болып табылады. Безендіру өнері неолитте өзінің көркею шағына жетті. Батырып салынған түрлі өрнектер жалпақ сүйектер мен қанжарлардың саптарына түсірілген. Неолит дәуірі ыдыстарының сыртындағы тамаша өрнектер олардың қайсыбір мәдениетке тиесі екендігін білдіреді. Неолиттік өрнектер өзінің мазмұны мен безендіру нақышы жағынан алуан түрлі. Ыдыстардың сыртын безендіруде нүктелер, қисық сызықтар, бұрышты түзу сызықтар, тырнап салу, батырып салу секілді безендірудің алуан түрлі тәсілдері қолданылған.

* * *

Неолит тас ғасырын аяқтап, адам баласын жаңа дәуір босағасына дейін алып келді. Жаңа тас өндіруші шаруашылықтың пайда болып, оның жер бетіне тарала бастаған уақыт болды. Шаруашылықтың өндіруші саласымен тікелей қатысты металлургияның пайда болуына алғышарт жасалды.

Тас өңдеу тәсілі өзінің ең жоғарғы деңгейіне жетті. Бұдан кейінгі тас өңдеу тәсіліне қосылған жаңалықтар шын мәнінде, оның мазмұнын өзгерте алған жоқ. Неолит адамдарының шаруашылық мүмкіндіктерін кеңейткен балшық ыдыстары пайда болды. Ыдыстар ас пісіру, ас ішу үшін ғана пайдаланылып қоймай, азықты сақтау және оларды бір жерден екінші жерге тасымалдау үшін де қолданылды. Адамзат тоқыма ісін меңгерді. Тоқылған матадан ыңғайлы киім тігіліп, матаны шаруашылық саласында да тиімді пайдаланды.

Қоршаған орта, аспан денелері, табиғаттың кейбір құбылыстары жайлы түсініктер қалыптасты. Рулық құрылыс шарықтау шегіне жетіп, оның ыдырауының алғышарттары пайда бола бастады. Баспана салу, үй ішіне ошақ құрып, суықтан қорғану, өмір сүру мүмкіндігін жеңілдету оң нәтижелер берді.

МЕРЗІМДЕЛУ

Жаңа тас - 6 – 4 мыңжылдықтар арасы.

Жейтүн мәдениеті – б.з.д. 6 – 5-мыңжылдықтар арасы.

Атбасар мәдениеті – б.з.д. 7 – 4-мыңжылдықтар арасы.

Льялово мәдениеті – б.з.д. 4 – 3-мыңжылдықтар арасы.

Днепро – Дон мәдениеті – б.з.д. 5 – 3-мыңжылдықтар арасы.

Кельтеминар мәдениеті – б.з.д. 4-мыңжылдықтар арасы.

Байкал өңірінің (Исаков, серов, китой) мәдениеттері – б.з.д. 4 – 3-мыңжылдықтар арасы.

Маханжар мәдениеті – б.з.д. 5 – 4-мыңжылдықтар арасы.

Шығыс Еуропаның орманды аудандарының кейінгі жаңа тас (балахин, каргополь, карель т.б.) мәдениеттері – б.з.д. 3 – 2-мыңжылдықтар арасы.
Қиыр Шығыстың жаңа тас (новопетров, громатухин, нижнеамур) мәдениеттері – б.з.д. 5 – 2-мыңжылдықтар арасы.

Әдебиеттер

- Адрянов Б.В. Земледелие наших предков. – М., 1978.
Археология Зарубежной Азии. – М., 1986.
Археология Средней Азии и Ближнего Востока. – Ташкент, 1983.
Археология Старого и Нового Света. – М., 1966.
Брюсов А.Я. Очерки по истории племен европейской части СССР в неолитическую эпоху. – М., 1952.
Даниленко В.Н. Неолит Украины. – Киев, 1969.
Деревянко А.П. Новопетровская культура Среднего Амура. – Новосибирск, 1970.
Изыскания по мезолиту и неолиту СССР. – М., 1983.
Коробкова Г.Ф. Орудия труда и хозяйство неолитических племен Средней Азии. – Л., 1969.
Крижевская Л.Я. Неолит Южного Урала. – М., 1968.
Масон В.М. Средняя Азия и Древний Восток. – М.;Л., 1964.
Массон В.М. Культурогенез Древней Центральной Азии / Под ред. Л. Б. Кирчо. — СПб.: Филологический факультет СПбГУ; Изд-во С.-Петербур. ун-та, 2006. — 384 с.
Матюшин Г.Н. Экологическая кризис и их роль в смене культур каменного века//Природа и человек. – М., 1988.
Старков В.Ф. Мезолит и неолит лесного Зауралья. – М., 1980.
Таймагамбетов Ж.К., Норхина Т.И. Археологические комплексы пещеры Караунгур. – Туркестан, 1998.
Таймагамбетов Ж.К., Байгунаков Д.С. Қазақстанның тас ғасыры. – Алматы, 2008.

Екінші тарау

Қола ғасыры

Шығыс Еуразияның егінші және бақташы тайпаларының энеолиттік мәдениеттері

Б.з.д. IV-мыңжылдықта адамдар мыстан еңбек құралдарын жасай бастады. Мысты игеру барлық жерде бірдей жүрген жоқ. Мысқа бай оңтүстік аудандарда бұл үрдіс қарқынды дамыды. Металл өндірісінің қалыптасып дамуы туралы екі түрлі көзқарас бар. Зертеушілердің бір бөлігі металл өндірісі бастапқыда бір ғана жерде қалыптасып, біртіндеп басқа жерлерге тараған деген пікір айтады. Ол ежелгі Шатқалкүйік және Шойынтөбе қоныстары орналасқан Анатолия мен Хузистан аралығы. Бұл – Иранның оңтүстігіндегі тарихи аймақ. Ол жерлерден б.з.д. VIII – VII мыңжылдықтарға жататын, әлемдегі ең көне мыс бұйымдар (моншак, ине, біз) табылған. Ғалымдардың келесі тобы металлды өңдеудің кейбір әдістерін өзгелерден үйренумен қатар кейде оны дербес игерген жағдайлар да болған дейді. Еуразия құрлығында металл өндірісі б.з.д. V-IV мың жылдың шекарасында қалыптасқан.

Ежелгі мыс өндірген кеніштер өте сирек табылады. Дегенмен, археологтар бірсыпыра кеніштерді тауып, зерттеген. Олар – Солтүстік Қазақстандағы Бақырөзек, Киілбай өзенінің бойындағы Еленовка, Алтайдағы Белаусовкі кеніштері. Соңғы айтылған кеніштен мыс кені салынған тері дорбасы ежелгінің жанында жатқан ежелгі адам қаңқасы табылған. Мыстың табиғатында жұмсақ қасиеті, тас құралдармен бәсекеде кем түсіп жатуы мыс құралдардың көп жерлерге таралмауына себеп боды. Мыстан көбіне, сәндік бұйымдар мен пышақ, біз секілді ұсақ құралдар жасаған.

Мыс өңдеудің екі: қыздырып және қыздырмай өңдеу тәсілі белгілі. Бұлардың қайсысы алғаш игерілгендігін дәп басып айту қиын. Ең алғашқы еңбек құралдары қыздырмай, кесек мыстарды көрікте соғу арқылы жасалды деуге негіз бар. Дегенмен, мысты қыздырған кезде балқыған мыстың әртүрлі қалыпқа түсіруге болатындығын адамдардың білуі де әбден мүмкін.

Металл өндіруді игеруге байланысты өндірісте өзгеріс болды. Жалпы тайпалардан егінші және бақташы тайпалардың бөлініп шығуы неолитте қалыптаса бастаған бірінші қоғамдық еңбек бөлінісіне алып келді. Жерорта теңізі, Алдыңғы Азия, Солтүстік Африка, Оңтүстік-Шығыс Еуропада және Орта Азия жерлерінде егінші тайпалардың мәдениеті тұтастай қалыптасты. Ал құрлықтың басқа көптеген бөліктерінде шаруашылықтың неолиттік қалпы сақталды.

Шығыс Еуропаның оңтүстік аудандары мен Орта Азияның көпшілік жерлерінде таралған энеолиттік мәдениеттер дамудағы өзара ортақ бірсыпыра белгілеріне қарай топтастырылған. Олар – тас еңбек құралдарымен қатар мыс құралдардың көп таралуы; кетпенді егіншілік пен үй маңы бақташылығының үстем болуы; өрнекті балшық ыдыстардың молдығы; балшықтан тұрғызылған ірі үйлермен қатар, балшықтан жасалған әйел мүсіндері, ерекше өрнекті өнер туындылары. Шығыс Еуразия кеңістігінде энеолит мәдениеті Оңтүстік Украина мен Молдовада, Орта Азияның оңтүстігінде жақсы зерттелген. Украина, Молдова, Румыния мен Болгарияның Карпат-Дунай аймағы *«триполь-кукутени»* деп аталған энеолиттік мәдениет таралған жерлер. Осы мәдениетке

жататын ескерткіштерді зерттеудің үлкен тарихы бар. Мәдениеттің ерте, орта және кейінгі деп аталған үш кезеңі мен жекелеген хронологиялық мерзімдегі жергілікті нұсқалары белгілі. Үлкен аймаққа таралған энеолиттік қоныстар бірқатар өзіндік ортақ белгілері бойынша топтастырылады. Олар – таспен қатар мыс құралдардың пайда болуы, кетпенді егіншілік пен үйде мал асыраудың басымдылығы, сырты безендірілген ыдыстардың, балшық үйлердің болуы мен егіншілікке табыну. Зерттелген қоныстардың 150-ге жуығы мәдениеттің ерте кезеңіне жатады. Ең бастапқы кешендерде сыртына сурет салынған ыдыстар кездеспейді. Алғашқы кезеңнің қоныстары Трансильвани, Карпат бауырайлары, Прут өзені өңірі мен Орталық Малдовада таралған. Днестрдің бойында орналасқан Флорешты, Александровка I, Лука-Врублевцеж және Бернашовк қоныстарында жүргізілген қазбалар нәтижесі триполь-кукутение мәдениеті Карпат тауының шығыс бауырайлары мен Оңтүстік-Шығыс Трансильвани өңірін б.з.д. V-IV мыңжылдықта мекендеген мәдениет негізінде қалыптасқанын көрсетеді.

Триполь-кукутени мәдениетінің ортаңғы кезеңінде керамика өндірісі мен оның сыртын өрнектеу жедел дамыды. Бұл кезеңнің қоныстары бірнеше ондықтан тұрады. Солардың ішінде Коломийщин мен Владимовка қоныстары едәуір жақсы зерттелген. Коломийщин шатқалында 6000 кв.м. аумақ жерден дөңгелене орналасқан 39 балшық алаңшалар ашылған. Бұл алаңшалар балшықтан салынған үйлердің орындары болып шықты. Сушково қонысынан табылған осындай үйдің қалпына келтірілген моделі тік бұрышты, ортасынан екіге бөлінген. Есіктен кіргенде оң жақта пеш, оның бір шетінде сыпа орналасқан. Бөлменің бір бұрышында дән үгітіп отырған әйелдің кішкене мүсіні орнатылған. Оның жанында ыдыс тұр.

Трипольдық мекендер тұрғындарының негізгі кәсібі – кетпенді егіншілік. Дән қалдықтары, бидай, арпа, тарының сабақтары мен қауашақтары және олардың іздері үй салуға пайдаланылған балшықтарда қалған.

Трипольдықтардың егіншілікке қатысты идеологиялық түсініктері ыдыстарының сыртына салынған суреттерінде айқын көрініс тапқан. Ыдыстардың сыртындағы күрделі де тұрақты өрнектер діни мағыана беріп, олардың айнала қоршаған орта мен кеңістік жайлы түсініктерін аңғартады. Өрнектерде көбіне, жаңбыр мен жел, күн мен түн, жыл мезгілдерінің ауысулары бейнеленеді. Сонымен қатар жануарлар, өсімдіктердің жапырақтары, жер жырту мен егін салу секілді шаруашылық көріністері де суреттелген. Балшықтан кейде сүйектен жасалған энеолиттік әйел бейнелері оларды береке мен құнарлылық құдайы ретінде дәріптегендікті сездіреді. Осы дәуірге жататын **триполь** мәдениеті өкілдерінің кетпенді егіншілік және үй маңындағы бақташылықпен айналысқаны анықталып отыр. Дәлел ретінде қазба кезінде табылған әртүрлі дәнді дақылдардың қалдықтары мен егіншілікте пайдаланған еңбек құралдарын айтуға болады. Астық жинаған орақтардың тұтас тастан, мыстан және тістері микролиттерден құрастырылған түрлері де кездеседі.

Трипольдық мекендерден табылатын елік, бұғы, құндыз бен қоян секілді жабайы жануарлардың сүйектері аңшылықтың да қоғам өмірінде маңызы жойылмағандығын білдіреді.

Триполье-кукутени мәдениеті өзінің өрлеу кезеңінде батыстағы көрші мәдениеттермен қатынасқа түскендігін байқатады. Әсіресе, Гумельница, Орта Стог II және Злото тайпаларымен өзара байланыста болған. Үлкен аумақты алған мекенжайлар мен оларды қазу кезінде табылған қысқа шоқпарлар (биліктің белгісін білдіретін белгі) тұрғындардың арасында әлеуметтік жіктің басталғанын білдіреді.

Триполье-кукутени мәдениеті дамуының кейінгі кезеңінде қауымдастықтың таралу аймағы едәуір кеңейген. Олар Волын төңірегінен Қара теңіздің жағалауларына дейін, батыста Карпат маңынан Ортаднепреге дейінгі аралықты жайлады. Осы аймақтан трипольдық қоныстардың үлкенді-кіші қалдықтары мол табылған. Мәдениеттің кейінгі кезеңіне жататын қабаттарының радиокарбонды анализ бойынша алынған уақыты - б.з.д. 3000 – 2200 жылдар аралығы.

Құрамында 444 мыс еңбек құралдары бар *Карпун* көмбесін зерттеу трипольдықтардың еңбек құралдарын Балкан-Карпат таулы аймақтарынан алынатын таза мыстан жасалғандығын анықтауға мүмкіндік берді. Көмбеден табылған мыстарды зерттеу трипольдықтардың мысты қыздырып соғуды, оларды дәнекерлеуді білгендігін, ал балқытуды әлі игермегендігін анықтау мүмкіндігін берді. Олардың ішінде еңбек құралдары, әшекей бұйымдары мен антропоморфты және ғұрыптық заттар бар.

Трипольдықтардың арғы тегі жайлы ғылымда ортақ көзқарас жоқ. Бір-біріне қайшы келетін екі пікір қалыптасқан: біріншісі бойынша, триполь тұрғындары Балкан жарты аралынан келген. Екінші пікір бойынша, триполь мәдениеті жергілікті неолиттік тайпалардың негізінде қалыптасқан. Олардың тарих сахнасынан түсіп қалуы жайлы да ортақ көзқарас жоқ. Кейбір зерттеушілер оның басты себебі ретінде б.з.д. II мыңжылдықта шаруашылықта болған өзгерістермен, яғни бақташылықтың дамуымен, енді біреулері бұл жерлерді бақташы тайпалардың жаулап алуымен байланыстырады.

Энеолит дәуірінде триполье-кукутени мәдениетімен қатар Молдова мен Украинаның жерінде басқа да мәдениеттер тіршілік кешкен. Мәселен, Дунай мен Прут өзендерінің төменгі сағасынан гумельница мәдениетінің ерте кезеңіне жататын ескерткіштер ашылып, зерттелген. Бұл аймақта б.з.д. IV мыңжылдыққа жататын 20-дан астам мекенжайлар ашылған. Солардың ішінде біршама тиянақты зерттелгені – Белградтың маңындағы мекенжай. Дунайдың сол жағалауларына адамдар Солтүстік Добруджа жағынан келген деп есептеледі. Жоғарғы Висла мен Жоғарғы Днестр аралығында зимно-злот мәдениеті мекендеді. Олардың кішігірім мүйістерде орналасқан, сыртынан дуал мен ор қоршаған шағын қоныстары белгілі.

Б.з.д. IV ортасынан III мыңжылдықта Рейн мен Полесьяға дейін, шығыста Буг пен Днестрдің жоғарғы ағысындағы аралықта трипольдықтардың көршісі воронка тәріздес кубоктар мәдениеті тіршілік кешкен. Шығыс Еуропаның елеулі аумағын қамтыған осы мәдениет өкілдері шаруашылықтың өндіруші нысанының таралуына елеулі үлес қосқан деп саналады. Б.з.д. III мыңжылдықта Еуропаның Эльбадан Орта Днепрге дейінгі аймағында шар тәріздес амфор мәдениеті қалыптасқан. Осы мәдениеттің ескерткіштері кейінгі триполь және варонка тәріздес кубтер мәдениеті қоныстарымен қатар тіршілік кешкен.

Неолиттік отырықшы егіншілік пен бақташылықтың елеулі орталықтарының бірі – Орта Азия болды. Осы өңірдің оңтүстік аудандарындағы энеолиттік тіршілік *жейтүн* егіншілік мәдениетінің негізінде қалыптасып, дамыды. Бұл өңірдің энеолиттік мәдениетін зерттеуде олардың құрылыс салу дәстүрінде, еңбек құралдарында, ыдыс өрнектерінде, балшықтан жасалған әйел бейнелерінде трипольдықтармен ұқсастық барлығы байқалады.

Түрікменстан жеріндегі Анау, Намазга тепе қоныстарын зерттеу үлкен ғылыми маңызға ие. Қазба жұмыстары нәтижесі олардың жейтүннен де жоғары дамыған егіншілік мәдениеттің ескерткіштері екендігін көрсетті. Бұл мәдениеттер өкілдерінің өсірген дәнді дақылдарының ішінде арпа басым. Олар қой, ешкі ірі қара бағып, ит ұстады. Бірсыпыра кейінірек түйені қолға үйретті. Еңбек құралдарының басым көпшілігі (кетпен, орақ, дән үгіткіштер) тастан жасалғанымен, олар мысты да білді. Анаудың төменгі қабатының өзінен инелер, түйрегіштер, жапырақ тәріздес пышақтар мен әшекей бұйымдары кездеседі. Қазба кезінде шыққан сыртында өрнегі бар саз ыдыстар, құрылыс қалдықтары, әйелдер бейнелері бұл мәдениеттің энеолит дәуіріне жататындығын көрсетеді.

Орта Азияның оңтүстігінде қалыптасқан осы мәдениеттер Иран мен Алдыңғы Азияның энеолиттік мәдениеттерімен тығыз байланысты және Оңтүстік Еуропа мен Азияның егінші мәдениеттерімен бірқатар ұқсастықтары бар.

Мәдениеттердің бірінен соң бірі жалғаса дамуы археологтарды әр уақытта қызықтырған. Осы мәселеде Түрікменстанның егінші тайпаларының мәдениетінің даму кезеңдері аса үлкен маңызға ие. Анау тепедегі мәдени қабаттардың бірінен соң бірінің кезектесіп қалыптасуына қарай төрт кешен анықталды: Анау I б. з. д. 4500 – 3200- жылдарына; Анау II б. з. д. 3200 – 2400-жылдарға; Анау III және Анау IV қола дәуірге жатады.

100 гектардан астам жерді алып жатқан Намазга тепеде жүргізілген зерттеудің материалдары бұл қонысты алты хронологиялық кешенге бөлуге мүмкіндік берді. Солардың I – III қабаттары мысты тас дәуіріне жатады. Оңтүстік Түрікменстанның энеолиттік кешендері көрші Иранның Сиалық және Гиссар секілді егіншілік мекендерінің стратиграфиясымен сәйкес келеді. Сиалық I-дің б.з.д. VI – V мыңжылдыққа жататын қабатынан қола құралдардың алғашқы үлгілері табылған. Иранның тау жазықтары мен Таяу Шығыста энеолиттік егіншілік мәдениеттердің кең қанат жайғаны жайлы Сиалық III,

Сузы I, Джова, Тали Бакун, Гисар I қоныстарының б.з.д. V мыңжылдықтың соңы мен VI мыңжылдықтың басына жататын қабаттарынан белгілі.

Иранның батыс жағындағы Кіші Азия жерінде де б.з.д V мыңжылдықтың ерте егіншілік кешендері ашылған. Балшық үйлер мен мыс құралдар, сырты безендірілген ыдыстар мен теракоталық статуэткалар осы өңірге тән. Ирак жеріндегі Хасун мәдениетінің Жарым төбе I мекенжайынан табылған мыс құралдар мен өрнекті ыдыстар осы мезгілге жатады. Осы айтылған өңірлердегі мәдени-шаруашылық байланыстар сонау мезолит және неолит дәуірлерінен бастап сабақтасып келе жатқанын байқау қиын емес.

Орта Азияның энеолиттік ескерткіштерін Иран мен Месопотамияның археологиялық материалдарымен қатарластыра қарау Намазга I ерте, Намазга II дамыған, Намазга III кейінгі энеолитке тұспа-тұс келеді деп қорытынды жасауға негіз болады. Мәдениеттің орталығы Намазга I – б. з. д. V – I V - мыңжылдықтарға жатады. Мұнда егіншіліктің дамуы жалғасты. Егінді таяқ қазғыштармен қопсытқан. Негізінен арпа мен бидай егілді. Ұй жануарларынан сиыр, қой, шошқаның сүйектері жиі кездеседі. Қамкірпіштердің алғашқы түрлері пайда болды. Бір бөлмелі үйлерге жалғастыра қамбалар мен қоймалар салынған. Қоныстардың аумағы аса үлкен емес, 2 га көлемінде. Осы кезеңнің соңында аумағы 10 гектарға жеткен қоныстар қалыптасты. Алғашқы мыс бұйымдар табылған: олар – әшекейлер, екі жағы жүзделген пышақтар, төрт қырлы біздер. Металлографиялық анализ олардың балқытып құйылғандығын анықтады. Кейбір заттар бір жақты қалыпта құйылған. Тас құралдар өте сирек кездеседі. Олардың сиреуі металдың пайда болуымен түсіндіріледі.

Ыдыстары жартылай сфера тәріздес түбі тегіс. Бір түсті сыртқы өрнектері батыс пен шығыста едәуір ерекшеленеді. Балшықтан жасалған конус тәріздес ұшықтың бастары жиі кездеседі. Сол кезде әйел адамның құдайдай құрметтелгенін білдіретін балшықтан жасалған жалаңаш әйел мүсіндері көп табылды. Жерлеу орындары әдетте, қоныстың аумағында орналасқан. Марқұмның қол-аяғын бауырына бүгіп жатқызып, үстінен жоса сепкен. Бастарын бір бағытта қою тәртібі сақталмаған. Жерлеу заттары кедей, әлеуметтік теңсіздік белгілері байқалмайды.

Орта Азиядағы Қаратөбе, Геоксур I, Алтынтөбе мекендерінің материалдары энеолиттің ерте кезеңіне жататын материалдар берген. Олардың астыңғы қабаттары 2 – 3 мыңжылдық уақытты қамтиды. Ал жоғарғы қабаттары қола дәуіріне сәйкес келеді. Көптеген энеолиттік мекендер жекелеген оазистерге топтасқан. Солардың елеулілерінің бірі – Тежден атырауындағы Геоксур оазисі.

Намазга II қабаты б.з.д. 3500 жылдары (б.з.д. IV – III мыңжылдық) басталады. Қоныстардың саны артып, аумағы орта есеппен, 12 гектарға дейін өскен. Мекендерде астық сақтайтын қойма мен ғұрыптық қасиетті бөлмелер ортақ болған. Бұл кезде бөлмелер саны да көбейген. Осы кезеңге жататын Қарадепе және Геоксур мекенжайлары ғылым үшін маңызды. Геоксюрде

суғару жүйелерінің алғашқы нышандары зерттелген. Үй жануарларынан қой мен шошқаның сүйектері көп кездеседі. Мысты пайдаланудың түрлі тәсілімен қатар, алтын мен күмісті өңдеуді де игергендігі сезіледі. Олардан жасалған әшекей бұйымдары табылған. Мыс құралдардың бұрынғы түрлерімен қатар, ара мен мыс балта кездеседі. Тас құралдар саны азайған. Олар құрамалы құралдардың тістері, жебенің ұштары, дәнүгіткіштер.

Ыдыстар – жартылай сфера, конус тәріздес саптаяқтар, құтылар, тостақтар. Әшекейлері күрделі, көп түсті өрнектер. Олардың нақыштары батыс пен шығыста едәуір өзгеше. Жалпақ мықынды, жұмыр кеуделі әйел мүсіндері мен жануарлардың мүсіндері көп көп.

Жерлеу орындары басы оңтүстікке қараған жеке қабірлерден тұрады. Кейбір жағдайларда жерлеу шұңқыры қамкірпішпен өрілген. Жерлеу заттарының айырмашылығы әлсіз де болса байқалады. Жас баланың қабірінен гипстен жасалып, сырты алтын, күміс жапырақшалармен қапталған 2500 моншақ шыққан. Солтүстік Ауғанстаннан әкелініп, осында өңделген лазурит моншақтар осы кезеңде таралады.

Орта Азиядағы мысты тастың соңғы кезеңі ескерткіштері **Намазга III, Геоксүр, Қаратөбе және Алтынтөбе** қоныстары. Алғашқы екі кезеңнің арасындағы уақыт шекарасын анықтау мәселесінде ғалымдардың пікірі ортақ емес. Шартты түрде Намазга III-тің соңы б.з.д. 2750 жылға мерзімделеді. Бұл кезде батыс пен шығыс аудандардың арасында жергілікті елеулі ерекшеліктер қалыптасады. Бұл, әсіресе, олардың ыдыстарында анық көрініс тапқан. Батыс пен шығыстың ірі орталықтары – Намазгадапе мен Алтындапе қалыптасады.

Бұл кезеңнің мекендері барлық түрде – үлкен, кіші және орташа көлемде болған. Мекендерде үйлер көп, 20-ға дейінгі бөлмелерден құралған. Мұндай үйлерде көп жанұялы әулеттер тұрған деп есептеледі.

Егіншілікте үлкен жетістіктер болды. Қолдан жасалған әуіздер мен суғару каналдары пайда болды. 3 м тереңдіктегі осындай бір әуіздің аумағы 1100 шаршы метрді алады. Су қорының молдығы жылына екі рет өнім алуға мүмкіндік берген деген пікір бар. Мал құрамы бұрынғысынша, қой сүйектері басым. Балшықтан жасалған ойыншық арбаның дөңгелегі мен нөқта-бауы салынған аттың мүсіні жылқыны жұмыс көлігі ретінде пайдаландығын аңғартады. Энеолиттің соңындағы ыдыстар конус тәріздес тостақтар, құтылар, кубтар түрінде. Балшықтан жасалған ыдыстармен қатар, мәрмәр тектес әк тастан қашалған ыдыстар да кездеседі. Әйел адамдардың мүсіндерімен қатар сирек те болса, қаба сақалды еркек бейнелері де кездесіп қалады.

Жерлеу орындары көбіне, ұжымдық. Жерлеу заттары жұпыны, күнделікті ыдыстар, әшекей бұйымдары, т.б.

Түрікменстанның энеолиттік егіншілерінің дүниетанымы көршілес жатқан басқа да егіншілік аудандармен өте жақын. Ыдыстардың сыртындағы өрнектердің ұқсастығы және әйел бейнелері соның куәсі. Әдетте еркін отырған немесе тұрған әйел бейнесі жұмыр бөкселі келеді. Анау мәдениеті

ыдыстарының сыртындағы геометриялық шартты сызықтар сиқырлы сырға ие. Анау мәдениетіне тән көптеген элементер (тас құралдар, тас кетпендер, ыдыстардың өрнегі, мыстан жасалған заттар) жергілікті энеолиттік тайпалардың көршілес тайпалармен тығыз байланыста дамығандығын білдіреді.

Кавказ бен оның күншығыс беткейінің энеолиттік мәдениеттері Әзербайжан, Дағыстан, Армения мен Грузия жеріндегі б.з.д. VI – IV мыңжылдықтардың мекенжайлары негізінде зерттелген. Тек қана Әзербайжан жерінде 50-ден астам ерте егіншілік мекенжайлар белгілі. Солардың елеулілерінің қатарына Әзербайжандағы Күлтөбе I, Нахичевани, Тойретөбе I, Иланлытөбе, Чалангантөбе, Грузиядағы Техут, Армениядағы Адалблур I, Шенгавит I қоныстарын жатқызуға болады. Сонымен қатар Солтүстік Дағыстанда Гинчи қонысы зерттелген. Күнгей Кавказдың оңтүстігі мен орталығында энеолиттік дербез мәдениеттер ретінде қарастыруға болатын екі жергілікті топ ерекшеленеді. Күнгей Кавказдың ерте егіншілік қоныстарынан радиокарбонды анализ бойынша алынған уақыттар б.з.д. 5560 – 3807 жылдардың аралығын қамтиды. Демек, Күнгей Кавказдағы энеолиттің қалыптасуы б.з.д. VI мыңжылдықтан басталып, оның соңғы кезеңі б.з.д. IV мыңжылдықпен сабақтасады. Қазірге дейінгі материалдар бойынша Күншығыс Кавказдың б.з.д. VI – IV мыңжылдықтардағы энеолиттік ескерткіштерін: орталықкавказдық және оңтүстік күнгейкавказдық, деп екі үлкен топқа бөлуге болады.

Орталықкавказ тобын Әзербайжанның батысынан Грузияның Кура өзенінің ортаңғы ағысына дейінгі аймақ қамтиды. Бұл жерде шулавери-шамутобелік мәдениет ерекшеленеді. Екінші бір топты Нахичабаннан батысқа қарай Муганиге дейінгі аралықта таралған ескерткіштер құрайды. Орталықкавказ тобының ескерткіштері энеолиттің ерте кезеңіне жататындығы анықталған.

Орталықкавказ тобында Шулаверис және Шомутөбе қоныстары жақсы зерттелген. Көпшілік қоныстарда біртектес үйлер мен шаруашылық құрылыстарынан тұратын бірнеше құрылыс қабаттары ашылған. Үй жайлары дөңгелек келген диаметрі 3 метр келетін балшықтан соғылған. Ошақтары қабырғаға тақап салынған, төбесі күмбезделіп жабылған. Үйдің ішіне жарық қақ төбедегі кішкене тесіктен түскен, ошақтың түтіні де сол тесіктен шығарылған. Үйлер ешқандай ретсіз және тығыз орналасқан. Қоныстардан шақпақтастан жасалған ұсақ құралдар, адамдар мен үй жануарларының балшықтан жасалған мүсіншелері. Сүйектен, мүйізден жасалған кетпендер, оседиян мен шақпақтастан жасалған орақ тістері, тас дәнүгіткіштер егіншіліктің болғанын аңғартады. Сонымен қатар тастан жасалған төстер, шоттар мен балталар ерекше топ құрайды. Қазбадан бидай, арпа, жабайы бұршақ тұқымдас дақылдардың дәндері көп табылған.

Нахичаван-мугандық топтың энеолиттік ескерткіштері кішкене ерекшеленеді. Күлтөбе I мекенжайында балшықтан және тастан дөңгелек немесе төрт бұрыш етіп соғылған диаметрі 6-8 метр келетін үйлердің орындары ашылған. Тас

құралдары энеолиттік тұрпатта. Күрделі геометриялық нақыштары қызыл, қара және қоңыр бояғыштармен салынған ыдыстар кездеседі.

Дунайдан бастап, Қара теңіздің солтүстік жағалауларын қамти отырып, шығысқа қарай созылған Еуразия құрлығының далалық аймақтарында өндіруші шаруашылықтың малшылық түрі дамыды. Даланың табиғи-географиялық жағдайы шаруашылықтың осы түрінің еркін дамуына қолайлы еді. Мұнда егіншілік жекелеген өзен жағалауларында ғана мүмкін болды. Осы аймақтың энеолит дәуіріне қатысты тың мәліметтер Қазақстандағы **Ботай** (Көкшетау обл.) археологиялық мәдениеті ескерткіштерінен алынды. Ботай мәдениетіне топтастырылған энеолиттік қоныстар кешені – б. з. д. VI - III мыңжылдық аралығындағы жылқышы тайпалардың ескерткіштері.

Ботай мәдениеті көршілес орналасқан неолиттік **атбасар** және **маханжар** мәдениеттері негізінде қалыптасқан. Осы мәдениеттің басты қонысында жүргізілген ұзақ жылдық зерттеулер ботайлықтардың жылқыны алғаш қолға үйреткен тайпалар екендігін дәлелдейтін материалдар (70000 жылқы сүйегі табылған) берді. Алғашқы жылқышы тайпалар Ботайды 200 жылға жуық уақыт мекендеген. 15 га аумақты алатын қоныстан 158 үйдің орны анықталып, олардың 50-і қазылды. Үй салу үшін алдымен 20-70 шаршы метрлік төрт және сегіз бұрышты, тереңдігі 1 м шұңқыр қазылған. Шұңқырдан шыққан шымдарды оның жағасына тағы да 1 м биіктікте қабырға етіп қалаған. Үйдің шатыры ортаға орналастырған тіреулерге қиғаштап бекітілген бөренелердің үстіне төселген бұтақпен шөптермен жабылады. Үйдің ортасында ошақ, есік жақта тұрмыстық заттар тұратын бөлік, төр жақта жатар орын орналасқан. Азық-түлік сақтайтын қуыстар қабырғалардың бойынан қазылған. Еңбек құралдары мен шаруашылық заттары тас, балшық, сүйек және ағаштан жасалған. Ботайлықтардың мал өсірумен қатар жер жыртып, егін егумен айналысқандығы туралы да мәліметтер бар. Қазбадан табылған тастан жасалған пышақ, қанжарлар, найза, жебенің ұштарымен қатар қодас, бұғы, қарақұйрық, киік, аю, қарсақ, қоян секілді т.б. аңдардың сүйектері ботайлықтарда аңшылық кәсіптің де осал болмағандығын білдіреді. Ботайдың батыс нұсқасы – терсек мәдениеті ескерткіштері: Қостанай мен Торғайда - Бестамақ, Тұздыкөл I, Ливановка, Құмкешу, Қожай, Дүзбай 3, Көкшетауда – Қызылжар, Василковка 4 т.б. қоныстары.

Жерлеу дәстүрінен тотемизм мен бабалар рухына табынушылық айқын байқалады. Қайтыс болған туыстарын мекен ішіндегі ескі үйлерге жерлеген. Жерленген кісіні қоршай шұңқырдың ішіне ондаған аттың бастарын қойған. Кейде үйдің шығаберіс табалдырығының астына итті жерлеу ғұрпы кездеседі.

Ботай мәдениеті материалдарының кейбір белгілері Оңтүстік Уралдағы сортанды тұрғындары мен Еділ маңындағы хвалын мәдениеті заттарына жақын. Сондай-ақ Алтайдағы Афанасев, Шығыс Қазақстандағы Усть-Нарым мәдениеттері бұйымдарымен ұқсас.

Маңғыстау өңірінде энеолит дәуіріне жататын: Шебер, Жыңғылды, Қошқарата Қосқұдық қоныстары белгілі. Маңғыстау өңірінде жүргізілген зерттеулер нәтижесі энеолиттің басында мұнда жылжымалы бақташылықтың қалыптаса бастағанын білдіреді.

Қазақстан жеріндегі энеолиттік мәдениеттер ескерткіштерінің аз зерттелуіне қарамай қолда бар материалдар негізінде сол дәуірдегі тайпалардың қоғамдық-экономикалық және материалдық мәдениетінің дамуында үлкен жетістіктер болды деп айта аламыз.

Энеолит дәуіріне жататын тағы бір жарқын ескерткіштер тобы Оңтүстік Сібірдегі – *окунев* мәдениетіне жатады. Осы мәдениет Черновая VIII, Сыда, Кіші Копен, Окунев ұлыс, Тас-Хазая, т.б. зиратардың материалдары, мүсінтастар мен тасқа жазылған таңбалар арқылы зерттелген. Жерлеулері төрт бұрышты тас қоршаулардан тұрады. Бір қоршаудың ішінде беті жалпақ таспен жабылған бірнеше тас жәшік қабірлер орналасады. Мәйіттің аяғын бүгіп, шалқасынан жатқызған. Жеке және еркек пен әйел бірге қойылған жерлеулер де кездеседі. Жерлеу заттары керамикалық ыдыстар, олардың сырты мен түбіне суреттер тырнап салынған. Сондай-ақ мыс пышақтар, біздер, ау тоқитын инелер, сүйек сапты пышақтар, мүйізден жасалған гарпундар және жануарлардың тісінен жасалған әшекейлер, әйелдер мен балалардың қабірлерінде тастан жасалған, әйелдің басы мен жүзі қашалған жалпақ сүйектер, ұсақ мүсіндер, басы құс, денесі адам кейпіндегі антопоморфты мүсіндер, сырға ман шашбаулар міндетті түрде кездеседі. Жерлеулерден жиі кездесетін мал сүйектері Окунев тұрғындарының қой, ірі қара, жылқы өсіргендігін білдіреді. Олар төрт және екі аяқты арбаларда білген. Жабайы аңдары мен балық аулау кәсібі де окунев тұрғындарына жат болмаған.

Бетіне суреттер салынған окуневтік бағантастар археологиялық тамаша ескерткіштер саналады. Ол тастар окуневтықтардың дүниетанымы мен танымдық санасы жайлы мол мағұлмат береді. Окуневтықтардың тегі жағынан афанасев мәдениетімен ортақ байланысы жоқтығы анықталған. Олар аздаған моңғолтекті белгілері аралас антропологиялық түрге жатады. Дегенмен, кейбір жекелеген жағдайларда олардың ыдыстары мен жерлеу ғұрпында өзара ұқсастық та кездесіп қалады. Жергілікті неолиттік тайпалар негізінде қалыптасқан окунев мәдениетінің Сібірдің орманды аймағындағы глазков, Байкал маңындағы самусь, Батыс Сібірдегі ростовки және кротов мәдениеттерімен ортақ жақтары бар. Осы мәдениеттер окуневпен бірге протосамодтық ортаға жатады деген пікір де айтылады.

Еуразияның орманды дала аймағында энеолит дәуірінде аса маңызды оқиғалар жүріп жатты. Осы аймақта өндіруші шаруашылықтың қалыптасуы жайлы материалдар мол жиналған. Қара теңіздің солтүстік аймағындағы егіншіліктің ошақтарынан Донға дейінгі аралықта б.з.д. IV мыңжылдықта ортастогов энеолиттік мәдениеті қалыптасты. Бұл жерде Стог II, Стрильча, Скел, Константиновка қоныстары ашылып, зерттелген. Мәдениет орналасқан

жеріне қарай үш нысанға бөлінеді. Олар: днепрлік, осколо-донецкілік және төменгідондық. Қоныстардан жердің бетіне, жерді кішкене қазып салынған үйлер мен шаруашылық құрылыстарының, ошақтардың орындары ашылған. Сүйек қалдықтары жылқы мен ұсақ малдардың және ірі қараның өсірілгендігін көрсетеді. Жылқыны қолға үйрету сырттан енбеген, осы жерде қалыптасқан деп айтылады. Дикан құралдарының өте сирек кездесуі мұнда егіншіліктің қосалқы орын алғандығын аңғартады.

Жеке жер қабірлер мен тас табыттардан тұратын жеке және жұп жерлеулерден тұратын зираттар белгілі. Мәйітті шалқасынан қос аяғын бүгіп жатқызған. Мәдениеттің бірлігі қыш ыдыстарының, сүйек пен мүйізден жасалған заттар мен әшекей бұйымдарының ұқсастығымен анықталады. Ұзын тамақты, үшкір түпті құтылар, қызғалдақ тәріздес ыдыстары белгілі. Олардың сыртқы жағына жергілікті неолиттік дәстүрдегі тарақ тәріздес құралмен тырнап түсірілген және баулы өрнектер салынған.

МЕРЗІМДЕЛУ

Триполь мәдениеті – б.з.д. 4 – 3-мыңжылдар арасы

Анау I -- б.з.д. 4500 – 3200 жылдар арасы

Намазга I -- б.з.д. 4 – мыңжылдар арасы

Анау II, Намазга II және Намазга III – б.з.д. 3200 – 2400 жылдар арасы

Ботай мәдениеті – б.з.д. 3 – 2 мыңжылдар арасы

Әдебиеттер

Агаков С.А. и др. Хвалынский энеолитический могильник. – Саратов, 1990.

Антонова Е.В. Антропоморфная скульптура древних земледельцев Передней и Средней Азии. – М., 1977.

Богданов Е.А. Происхождение домашних животных. – М., 1937.

Вавилов Н.И. Избранные произведения. – Л., 1967 – Т.1.

Даниленко В.Н. Энеолит Украины. Этноисторическое исследование. – Киев, 1974.

Зайберт В.Ф. Энеолит Урало - Иртышского междуречья. – Петропавловск, 1993.

Збеневич В.Г. Позднетрипольские племена Северного Причерноморья. – Киев. 1974.

Круц В.А. Позднетрипольские памятники Северного Причерноморья. – Киев. 1977.

Лисицына Г.Н. Становление и развитие орашаемого земледелия в Южной Туркмении. – М., 1980.

Масон В.М. Первые цивилизации. – Л., 1989.

Матюшин Г.Н. Энеолит Южного Урала. – М., 1982.

Мерперт Н.Я. Древнейшие скотоводы Вольжского-уралского междуречья. – М., 1974.

Мунчаев Р.М. Кавказ на заре бронзового века. – М., 1975.

Пасек Т.С. Раннеземледельческое (трипольские) племена Поднестровья. – М., 1961.

Формозов А.А. Каменный век и энеолит Прикубанья. – М., 1965.

Хлопин И.Н. Геоксюрская группа поселений эпохи энеолита. – М.;Л., 1964.

Чайлд Г. У истоков европейской цивилизации. – М., 1952.

Энеолит СССР // Археология СССР: В 20т. – М., 1982.

Энеолит и бронзовый век Украины. – Киев, 1967.

Энеолит и бронзовый век Урало-Иртышского междуречья. – Челябинск, 1985.

Орта Азия мен Кавказдың қола ғасыры мәдениеттері

Орта Азия қола ғасыры мәдениеттері

Қола ғасырды оқытуға кірісер алдында адамзаттың б. з. д. 3-мыңжылдықта қоланы игеруінің тарихи маңызын анықтап алған жөн.

Қола еңбек құралдарының мысқа қарағанда кең таралуына оның сапалық артықшылығы басты себеп болды. Дегенмен, сапалы қола еңбек құралдарының өзі барлық жерлерде бірдей тас еңбек құралдарын ығыстырып шығара алмады. Тіпті, қола өндіру мүмкіндігі жоғары аудандардың өзінде тас еңбек құралдары көпке дейін сақталып қалды. Бұл жағдай бірнеше себептерге байланысты болды. Соның ішіндегі басты ерекшелерінің бірі – қола алынатын тау жыныстарының құрлықтың барлық бөліктерінде бірдей кездеспейтіндігі. Сондықтан рудаға бай аудандардың қола ғасыр кезіндегі мәдениеттері басқа аудандарға қарағанда едәуір қарқынды дамыды. Осындай орталықтарда жасалған еңбек құралдары қола өндіруге мүмкіндігі жоқ алыс аудандарға да таратылды.

Табиғи жағдайларға сәйкес қола құятын жеке орталықтар қалыптасты. Біздің жерімізде осындай бірнеше орталықтар белгілі. Солардың ең алғашқылары Кавказда, Уралда, Қазақстанның шығысында және Байкалдың жағалауында. Осы аудандарда адамдар қола жасауды басқа жерлерге қарағанда ертерек меңгерді.

Дегенмен, қолаға көшуді бір ғана материалдық мәдениетте болған төңкеріс деп қарауға болмайды. Қоланың таралуы шаруашылықтың барлық салаларында, әлеуметтік және қоғамдық қатынастарда түбегейлі өзгерістерге алып келді. Еңбек құралдарының түрлері көбейді. Қоладан құралдар мен қару жасаудың қыры мен сыры игерілді. Рулар арасындағы қақтығыстар қару түрлерінің дамуына әсер етті. Семсер, қанжар, соғыс балтасы, найза секілді қарулар едәуір жетілдірілді. Тайпалардың дамуындағы жаңа дәуір қалыптасты. Ол егіншілік пен бақташылықтың одан әрі дамуы мен бақташы тайпалардың шаруашылықтың басқа түрінен бөлініп шығуымен ерекшеленеді. Үлкен тарихи маңызға ие болған бұл оқиға табиғат жағдайы мен ауа райы мал өсіруге өте қолайлы далалы және орманды аудандарда алдымен жүзеге асты. Бір-бірінен алыс аймақтарда мекендеген тайпалардың арасында болған айырбас пен мәдени байланыстар осы оқиғамен тікелей қатысты.

Қола ғасырында әртүрлі аймақтардағы тайпалардың арасында экономикалық теңсіздік қалыптасты. Бұған басты себеп метал қорының бар-жоғы болатын. Бір жерде мыс, екінші жерде қалайы қоры болса, үшінші аймақтарда бұлардың екеуі де жоқ. Бұл бір жағынан қоғам дамуындағы теңсіздікті арттырса, екінші жағынан тайпалар арасындағы өзара айырбастың күшейуіне себепші еді.

Археологиялық зерттеулер нәтижесі егіншілік пен мал шаруашылығы қатар дамығандығын байқатады. Дегенмен, жоғары жетілген суғармалы егіншілік оңтүстік аудандарда жетекші орын алса, мал өсіру кәсібі солтүстік аудандарда жақсы жетілді. Қола дәуірінің жоғары жетілген егіншілік мәдениеттері Оңтүстік Түрікменстан жерінде шоғырланған. Мұнда егіншілік пен отырықшы тіршілік энеолит дәуірінен бастап қалыптасып дами бастаған. **Намазга** төбе мен **Анау** төбенің жоғарғы қабаттары (Намазга IV, V, VI б.з.д. 2750-1100 жж.; III – II мыңжылдықтарға жататын Анау III) қола ғасырына жатады. Оңтүстік Өзбекстандағы Сапалли жерлеу кешені де қола дәуіріне жатады. Адамдар төбесі күмбезделіп жабылған саздан соғылған үйлерде тұрған. Осындай жиырма жеті бөлмеден тұратын үй орны Намазга төбеде зерттелді. Көп бөлмелі құрылыстар үлкен тұрғын кварталдарын құраған. Тұрғын үйлерге жалғастырыла қолөнер шеберханалары салынған. Қазба жұмыстары Намазга төбеде қола ғасырына тән жоғары дамыған өркениет болғандығын көрсететін археологиялық мол материалдар берді. Орта Азияның оңтүстік аудандарындағы мекендердің құрылымы мен топографиясын зерттеу мұнда қала құрылысының алғашқы жүйелерінің қалыптаса бастағанын білдіреді. Бұл кезеңнің едәуір жарқын ескерткіші – Алтындепе мекенжайы. Қоныстағы балшықтан соғылған көп бөлмелі үйлер тұрғын бөлмелер мен шаруашылық қоймалары араласа салынған. Мекенжайдан металл өңдеп, құмыра жасаған шеберханалардың орындары да табылған. Балшықтан жасалған ыдыстардың өрнегі геометриялық нақышта салынған. Ыдыстардың басым көпшілігі арнайы шарықта жасалған. Сыртқы өрнектері мен суреттері қара сырмен салынған. Құмырашылар тұрған ауданнан ыдыс күйдірген пештер мен күйдіруге дайындалған ыдыстар, бұқалар мен адамдардың мүсіндері табылған. Аршылған үйлердің жобасы мен орналасу жүйесі мұнда қалалардың ең алғашқы түрі (протогород) қалыптаса бастағанын білдіреді. Намазга мәдениетінің қыш ыдыстары мен археологиялық бұйымдары Алдыңғы Азияның заттарына өте ұқсас, яғни олардың мәдени байланысының тығыз болғандығын көрсетеді. Б.з.д. II мың. жартысында Намазга өркениеті әлсіреп барып тіршілігін тоқтатқан. Егіншілік жоғары дамыған өркениеттер біртіндеп басқа аудандарға ауысты.

Қола дәуірінде Орта Азияның оңтүстік аудандарында егіншілік жақсы дамыған, қалалардың алғашқы үлгісі деуге келетін мәдениет қалыптасты. Мекенжайлардағы үйлердің салыну жобасы, қоғамдық құрылыстар қатарына жататын ғибадатханалардың болуы осыны растайды. Мәдениеттің классикалық ескерткіштердің бірі – Алтынтөбе. Ол үлкен мәдени кешеннің орталығына айналған. Алтынтөбеде жүргізілген қазбалар – алғашқы кезеңге жататын құрылыстар, бір-біріне тақала салынған екі және төрт бөлмеден тұратын үйлер. Мекен айнала биіктігі 6 метрлік дуалмен қоршалған. Дуалдың маңында жергілікті жерлеу орны сақталған. Кейінгі кезеңде анфиладты (есіктері қарама-қарсы салынған бөлмелер) үлгідегі үйлер орын алды. Ішінде рәсімдік шараларға арналған ошақ пен арнайы қуыстары бар табыну үйлері де болған. Ғибадатхана

секілді күрделі құрылыстардың қас бетіне алып пилондар мен мұнаралар салу дәстүрі де осы уақытқа тән. Алтынтөбеден табылған заттардың кешені ыдыс жасау, металл өңдеу, көлік пен ауылшаруашылық өнімдерін өндіруде елеулі ілгерлеудің болғанын білдіреді. Арнайы шарықта жасалған жұқа қабырғалы ыдыстар сапалы күйдірілген. Алып шоттар, бір жағы жүзделген пышақтар, ұңғысы қуыс жебенің ұштары, қола орақтар мен әшекей заттары, қола және күмістен жасалған мөрлер секілді сан түрлі қола бұйымдар кездеседі.

Осы мәдениеттерді жергілікті энеолиттік дәстүрде қалыптасқан суғармалы егіншілік пен жайлаулы малшылық қалыптасқан өркениеттің шығыстық үлгісі деп айтуға келеді.

Б.з.д. II мыңжылдықта егіншіліктің Орта Азиядағы алғашқы дәстүрлі орталығы құлдырап, оның, есесіне басқа аудандарда уранистік мәдениеттер қалыптасады. Мургап пен Әмударияның төменгі ағысындағы егіншілік дамыған мекендер оазистері алға шықты. Егіншілік аймақтардың орталықтары болған мекендер 5 гектардан жоғары аумақты қамтыды. Алғашқы қалалар үлгісіне жататын Келлели мекенжайы-сондай орталықтардың бірі. Әмударияның ортаңғы ағысында, Тәжікстан, Өзбекстан және Ауғанстан жерлерінде алғашқы қалалық үлгіде салынған егіншілік мекендері б.з.д. II мыңжылдықта орын тепті. Өзендердің сағаларында орналасқан осындай мекендердің тұрғындары арпа, бидай, тары егіп, жүзім өсіргендігі белгілі болды. Солардың бірі – Саппали мекенжайы. Өлшемі 82х82 метрлік бекініс мекенжайдың негізін құрайды. Оның ортасында тұрғын үйлер мен шаруашылық құрылыстары қоршаған сарай орналасқан. Саппали мәдениетінің тағы бір мекенжайы – Жаркутан Әмударияның оң жағалауында. Оның аумағы 100 га, цитаделі 4 га жерді алып жатыр. Мекеннің зираты да жақын орналасқан. Ыдыстардың сыртына салынған белгілер мен жерлеулердің әлеуметтік топқа бөлінуі секілді қазба кезінде анықталған мәліметтер өндірістің маманданған сипатқа бет алғандығын аңғартады. Шамасы Жаркутан үлкен егіншілік аймақтың орталығы болған.

Арал теңізі маңында, Хорезм жерінде неолиттік кельтимианар мәдениетінің орнына б.з.д. II – мыңжылдықтың басында оңтүстік аудандардан *суярган* тайпалары ауысып келді. Мәдениеттің негізгі мекендері – Жамбас 6, Кокча 2, Базар 2, т.б. Олардың қыш ыдыстары Анау мәдениеті мен ирандықіне өте жақын. Б.з.д. II мыңжылдықтың соңында суяргандықтар тазабагъяб мәдениеті өкілдерімен араласып кетеді. Олардың түбі тегіс болып келетін ыдыстары өте сапалы жасалған. Қоладан жасалған заттардан бір жағы жүзделген пышақтар мен жебенің ұштары көп кездеседі. Суяргандықтардың шаруашылығы мәдениеттің соңғы кезеңіне қарай суғармалы дәстүрге ұласқан егіншілік пен бақташылық болды.

Андрондық мәдениеттің жергілікті нұскасы саналатын Орта Азиялық *тазабагъяб* тайпалары б. з. д. II мыңжылдықтың екінші жартысында суяргандықтардың көршісіне айналды. Олардың қоныстары Әмударияның бойындағы Ақшадария атырауында орналасқан. Онда бір-біріне жақын

орналасқан қоныстардың арасындағы суғару жүйелерінің іздері анық байқалады. Тазабагъяб тұрғындары аумағы 10x12 м тік бұрышты жертөлелерде тұрған. Үйлердің ішкі жағы бөренелерден тұрғызылып, арасы қамыспен тоқылып, сыртынан сыланған. Үйді жылытқан ошақ қақ ортаға салынған. Үйдің қабырғаларының бойында қосымша тағы да бірнеше ошақ болған. Айналасынан ыдыс қалдықтары көп кездесетін бұл ошақтар жұп жанұяларға тиесілі болған деген пікір бар.

Тазабагъябтықтар мен андрондықтардың жақындығы олардың қыш ыдыстары, еңбек құралдары, әшекей бұйымдарынан, үй құрылыстары мен жерлеу ғұрпынан байқалады. Олар да өлген туыстарын қол, аяғын бауырына жинап бір жамбасына жатқызып жерлеген. Қабірлер мен қоныстарда жүргізілген қазба кезінде табылған археологиялық заттардың кешені, қоныстардың маңындағы су жүйелерінің қалдықтары тазабагъяб тайпаларының негізінен егіншілікпен шұғылданғанын көрсетеді.

Кавказдың қола ғасыр мәдениеттері

Табиғи металл қорына бай Кавказ өңірі қола ғасыры мәдениеттерінің қалыптасып, дамуына ернекше рөл атқарды. Өздерінің шыққан тегі мен шаруашылық қатынастары тұрғысынан әрtekтес Кавказ тайпаларында бірнеше археологиялық мәдениеттер қалдырған. Олардың бір-біріне мүлде ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктерімен қатар бірсыпыра ортақ белгілері де болды. Оны біз егіншілік пен бақташылықтың едәуір дамыған нысандарынан, боялған керамиканың таралуы мен ірі тастардан салынған алып құрылыстарынан көреміз. Кавказ тұрғындарының Алдыңғы Азия халықтарымен байланысы Ежелгі Шығыс техникасы мен қару түрлерінің Кавказға таралуына әсер етті. Олар ежелгі Ассириялық нысандағы семсерлер, Алдыңғы Азиялық балталар, Ежелгі Шығыстық айбалталар (секирлер) еді. Кейбір қарулардың түрлері оданда алыстағы солтүстік аудандарға да таралған.

Ерте қола ғасырында Шығыс Кавказда **кура-аракс** (б.з.д. III мың.) мәдениеті тайпалары өмір сүрді. Бұл мәдени бірлестік Шығыс Анатолия, Солтүстік-Батыс Иран, Дағыстан мен Шешен жерлерін де мекендеді. Осы аймақта отырықшы-егіншілік мекендер саны көбейді. Қоныстар салуға көбіне, таулар мен тау бөктерлері игерілген. Ондағы дөңгелек үйлер көбіне, тастан қаланған. Кавказ тайпаларында металл өндірісі жақсы дамыды. Қазба кезінде металл балқытқан ошақтар, металл құюға арналған құралдар табылған. Қоладан жасалған балта, найза, қанжарлар жиі кездеседі. Осы мәдениетке жататын қоныстар тығыз орналасқан аймақтар: Армениядағы Арарат жазығы, Грузиядағы Картлий ойпаты, Әзербайжандағы Кура өзенінің өңірі мен Каспий теңізінің Дағыстанға қарайтын жағалаулары. Мәдениеттің жақсы белгілі ескерткіштері Нахичаванда Күлтөбе I, Әзербайжанда Мингечаур кешені, Арменияда Шенгавит, Гарни, Эчмиадзин қоныстары.

Ереванның маңында зерттелген Шенгавит мекені осы мәдениетке екінші ат берді. Айналасын мұнаралы тас қамал мен ор қоршаған мекеннің жалпы аумағы 6 га. Оның ішінен металл өндірісінің іздері анықталған. Ыдыстары жылтыр қара түсті. Куро-аракс мәдениетінің екінші мекені Мингечаур Әзербайжанда зерттелген. Оның жалпы аумағы 25 га. Үйлері ортасында ошағы бар, қабырғасы ағаштан тұрғызылған жартылай жертөле түрінде. Куро-аракс мәдениетінің бірсыпыра жерлеу кешендері де табылған. Онда жерлеу құрылыстары мен жерлеу тәсілдері әртүрлі. Оба астындағы жерлеу шұңқырлары сопақша келген жер қабірлер, тас жәшіктер. Мәйітті қол-аяғын бауырына бүгіп, бір жамбасына жатқызған, кейде өртеп, күлін жерлеу ғұрпыда қолданылған. Мәдениет III мыңжылдықтың басынан, оның соңына дейін тіршілік кешті. Археологиялық зерттеу қорытындылары куро-аракс мәдениетінің Кіші Азия өркениеті мен Солтүстік Кавказдағы майкоп мәдениетімен байланысы барлығын анықтатты.

Б.з.д. 3 – 2-мыңжылдықтарда өмір сүрген Солтүстік Кавказ тайпаларының мәдениеттері ғылымда *майкоп* мәдениеті деген атпен белгілі. XI-X ғасырдың соңында қазылған Белое өзенінің бойындағы Майкоп зираты осы мәдениеттің ерте кезеңіне жататын басты ескерткіші болып саналады. Белое өзенінің бойындағы Мешоко қонысы мен үлкен қабір шұңқырларынан тұратын көптеген зираттар осы мәдениетке жатады.

Майкоп зиратының қазылған қорғандарының бірі ғылым үшін аса құнды материалдар берді. Онда үлкен үйіндінің астында орналасқан терең қабір шұңқыры ағаштармен төртке бөлінген. Соның үлкен бөлігінде ер кісінің сүйегі қойылыпты. Оның үстін арыстандар, бұқалар және жапырақ тәріздес әшекейлер бейнеленген алтын ілмешектер жауып жатыр. Мәйіттің жанынан ұзындығы 1 метрден астам 6 күміс түтіктер табылды. Олардың төртеуіне екі алтын, екі күміс бұқалардың мүсіндері орнатылған. Бұл түтіктер марқұмның үстіне жабылған жамылғыны ұстап тұрған деп айтуға болады. Ал, алтын ілмешектердің әрқайсысында кездесетін тігу үшін жасалған арнайы тесіктер олардың әлгі жамылғының сыртынан тігілгенін байқатады. Қабірдің қабырғасына тақап алтын және күміс ыдыстар қойылыпты. Сонымен қатар марқұмның қасына қанжар, балта, қашау секілді мыс қарулар мен шақпақ тастан жасалған жебенің ұшы да қойылған. Қабір ішіндегі бағалы заттар қорғанның ру көсемінің қабірінің үстіне тұрғызылған деуге келеді. Кейбір мамандар мәдениеттің жекелеген ыдыстарының жасалу сапасы мен тәсіліне қарап, олар құмыра жасайтын арнайы шарықты білген деген пікір айтады. Зерттеушілердің екінші бөлігі майкоптық ыдыстарды шығырда дайындалған белгілер кездеспейді, олар мұқият дәлдікте жасалған дейді.

Майков мәдениетінің заттары Таулы Қарабақтағы Новосвободск қорғанынан да белгілі. Старомышатск көмбесінен шыққан күміс ыдыстар, бұқа мен бөкеннің, бұқаның мүсіндері, арыстанның алтыннан жасалған басы, алтыннан жасалған самайға ілетін ілмешектер, т.б. заттар майкоп мәдениетіне тиесілі.

Мәдениеттің соңғы кезеңіне жататын дольмендер жақсы зерттелген. Олардан бұрғылап тесілген балта, орақтың тістері, жебенің ұштары, жылтыр қара керамикалармен қатар мыс балта, кетпен, қашау, қанжар, пышақтар жиі кездеседі. Мыстан жасалған шанышқы мен тайзалар месопатамия мен криттікіне ұқсас. Сердолик пен лазуриттен жасалған моншақтар Таяу Шығыстан әкелінген. Алтын мен күмістен жасалған ыдыстар, арыстан, бұқа бейнелері мен диадема түріндегі әшекейлер Шығыспен байланыстың болғандығын білдіреді. Шаруашылығы егіншілік пен бақташылыққа негізделген. Жерлеу заттарынан мүлік теңсіздігінің тереңдей бастағаны байқалады. Майкоп тайпалары куро-аракс мәдениеті өкілдеріне етене жақын.

Долинск қаласының маңында бір топ мазанкалардан (жұқа ағаштардан қаланып, сыртынан балшықпен сыланған үйлер) тұратын үйлер қазылған. Үйлердің едені мен арнайы шұңқырларда астық сақтауға арналған үш құлақты ыдыстар орналасқан. Үйлердің арасындағы жерлер игерілген.

Б. з. д. 2-мыңжылдықта Солтүстік Кавказдың Шығыста Махачқаладан бастап Майкоп пен Краснодарға дейінгі ұлан-ғайыр территорияны мекендеген тайпалар *солтүстік кавказ* мәдениетін қалыптастырды. Бұл мәдениеттің ескерткіштері Солтүстік Кавказдың әртүрлі аудандарында, Терек және Кубан өзендерінің алқаптарында, далалы және таулы аймақтарда орналасқан. Бұл мәдениеттің қоныстары зерттелмеген. Археологиялық мәліметтер жерлеу ескерткіштерінен алынған. Олардың жерлеу орындары таулы аймақта – шұңқырға, далалы және тау бөктерлерінде оба астында орналасқан. Жерлеу заттарынан қола пышақ, балта, шот, әшекей заттары, түйреуіштер жиі кездеседі. Солтүстік Кавказ тайпаларының катакомба мәдениеті өкілдерімен байланысы болғандығы анықталды.

Солтүстік Кавказ мәдениеті б.з.д. 2-мыңжылдықтың соңы мен 1-мыңжылдықтың басында *қобан* атты жарқын да ерекше мәдениетке ұласты. Бұл мәдениет өз атауын Жоғарғы Қобан ауылының маңында орналасқан зираттан алады. Ол ХІХ ғасырдан бастап зерттелуде. Қобан мәдениетінің жерлеу ескерткіштері мен қоныстары бұл күнде Асетиядан батысқа қарай Кавказдың теріскей бөктерінің бойымен Қара теңіз жағалауларына дейінгі аралыққа таралған. Бұл мәдениет қарапайым жер қабір мен жалпақ тастардан жәшік секілді етіп жасаған қабірлерге қол-аяғын бауырына бүгіп жатқызған мәйіттердің қасына қойылған бай қарулары және еңбек құралдарымен белгілі. Жерлеу бұйымдарының ішінде сапалы күйдіріліп, геометриялық өрнектермен безендірілген қыш ыдыстары ерекше. Қола заттардың ішінде қарулар көп кездеседі. Олар – бет жағы безендірілген балталар, өрнектелген қанжарлар, аң бейнелерімен безендірілген тұтқалар (ұстағыштар), жебе мен найзалардың ұштары, қола кетпендер мен орақтар. Қобан мәдениеті кезінде Кавказдағы қола өндіру өзінің шарықтау шегіне жетті. Кейбір қабірлердің материалдары олардағы мүлік теңсіздігінің басталуынан хабар береді.

белгілі қола ғасырлық дербес мәдениет қалыптасты. Ол Триалет өңіріндегі зираттар негізінде зерттелген. Сондықтан да бұл мәдениет археологияда шартты түрде *триалет* мәдениеті деген атқа ие болған. Көлденеңінен қимасы 100 метрге дейін жететін үлкен обалары жақсы зерттелген. Жерлеу ғұрпы тұрақсыз: өлген кісінің денесін жерлеумен қатар өртеп күлін көму дәстүрлері қатар кездеседі. Үлкен оба үйіндісінің астында аумағы 175 шаршы метрге дейін жететін “жерлеу сарайлары” да ұшырасады. Жерлеу заттарының ішінде көбі қара және қоңыр түсті сыртында қара бояумен салған өрнектері бар үлкен құмыралар, металдан жасалған қазандар, қарулар, күміс пен алтыннан жасалған әшекей бұйымдар.

Обалардың бірінен өрнектелген 24 қыш ыдыс пен мыс қазаннан басқа сыртында аң аулау көрінісі бейнеленген күміс шелек, бас жағы алтыннан күміс түйреуіштер, сердоликтен көздер салынған алтын кубок табылды. Оның сыртын өрілген алтын сымдар мен алтын түйіршіктер жапсырылған өрнектер безендіріп тұр. Кубоктің ішіне кесек янтарь салынған.

Басқа бір обадан сыртына екі қатар бедерлі сурет салынған күміс кубок шыққан. Жоғарғы белдемшеде тақта отырған құдайға салтанат көрсетіп жатқан 23 кісі, астыңғы белдемшеде бұғылардың тізбегі бейнеленген. Өрнектің стилі хеттік өнермен ұштасады. Осы және басқа бұйымдар триалет мәдениетінің Алдыңғы және Кіші Азиямен байланысын анық көрсетеді.

Триалет обаларындағы алтын заттар мен асыл бұйымдар мол қойылған жерлеулер ру көсемдеріне тиесілі екендігін білдіріп, оларда әлеуметтік және мүліктік теңсіздіктің тереңдей бастағандығын аңғартады.

МЕРЗІМДЕЛУІ

Анау III, Намазга IV – б.з.д. XXIV – X VII ғасырлар аралығы.

Тазабагъяб мәдениеті – б.з.д. XX – X V ғасырлар аралығы.

Майкоп мәдениеті – б.з.д. 3 – 2 мыңжылдықтар аралығы.

Солтүстік Кавказ мәдениеті – б.з.д. XIX – XIII ғасырлар аралығы.

Триалета мәдениеті – б.з.д. XX – XV ғасырлар аралығы.

Намазга V, Намазга VI – б.з.д. X VII – XI ғасырлар аралығы.

Кобан мәдениеті – б.з.д. XI – VII ғасырлар аралығы.

Әдебиеттер

Аскаров А.А., Абдуллаев Б.Н. Джаркутан (к проблеме протогородской цивилизации на юге Узбекистана). – Ташкент, 1983.

Асланов Г.А., Вайдов Р.М., Ионе Г.И. Древний Мингечаур (эпоха энеолита и бронзы). – Баку, 1959.

Гаджиев М.Г. Из истории культуры Дагестана в эпоху бронзы. – Махачкала, 1969.

- История народов Северного Кавказа с древнейших времен до конца XVIII в. – М., 1988.
- Крупнов Е.И. Древняя история Северного Кавказа. – М., 1960.
- Кузьмина Е.А. Металлические изделия энеолита и бронзового века в Средней Азии. – М., 1966.
- Кушнарева К.Х. Эпоха бронзы Кавказа и Средней Азии // Археология СССР. – М., 1994.
- Масон В.М. Первые цивилизации. – Л., 1989.
- Мунчаев Р.М. Кавказ на заре бронзового века. – М., 1975.
- Пиотровский Б.Б. Археология Закавказья. – Л., 1949.
- Пицхелаури К.Н. Восточная Грузия в конце бронзового века. - Тбилиси, 1979.

Шығыс Еуразияның далалық аймағындағы қола ғасыры

Жер бетіндегі адам санының өсуі мен олардың үлкен аймаққа таралуы өндіруші шаруашылықтың жаңа нысандарының қалыптасуына әсер етті. Бір қатар аудандарда бақташылық шаруашылықтың негізгі түріне айналды. Бұл егіншілікке аса қолайлы емес таулы, шөлейтті және далалы аймақтарда мүмкін болды. Мал басының өсуі жер отының таусылуы мен жыл маусымының ыңғайына қарай бақташылардың қоныс аударып отыруын қажет етті. Мұны кейінірек қалыптасқан көшпелі мал шаруашылығының алғашқы нышаны деуге болады.

Шығыс Еуразияның далалық аймақтарының қолағасырлық мәдениеттерінің ішінде артында жарқын ескерткіштер қалдырған - *ежелгі шұңқыр (древнеяма), катакомба* және *қима (срубная)* мәдениеттері.

Оңтүстік Урал аймағынан Балкан-Дунай аудандарын алып жатқан территорияда б.з.д. 3 – мыңжылдықтың ортасы мен 2-мыңжылдықта *древнеяма* мәдениеті қалыптасты. Бұл мәдениеттің өкілдері өздерінің марқұм болған руластарын қарапайым жер шұңқырларға жерлеу ғұрпын ұстанғандықтан ғылымда ежелгі шұңқыр мәдениеті өкілдері деген шартты атауға ие болған. Ол б.з.д. 4 – 3-мыңжылдықтарда осы маңда болған ортастогов (среднестогов) мәдениеті негізінде қалыптасты. Өлген кісіні шұңқыр қабірге шалқасынан, екі тізесін жоғар қарай бүгіп, басын шығысқа қаратып жерлеген. Жерлеу заттары өте кедей: шақпақ тастан жасалған жебенің ұштары, қырғыштар, пышақтар, сүйектен жасалған гарпундар, ілгектер, біздер, түйреуіштер, моншақтар. Мыс өте аз кездеседі, одан пышақ пен біздер жасаған. Ыдыстары жұмыр және тегіс түпті болып келеді. Олардың өрнектері тарақ тәріздес затпен немесе басына жіптен бау Уралған (шнур) шыбықпен салынған. Бұндай өрнектерді кейде баулы (шнуровы) өрнек дейтіні де содан.

Археологиялық зерттеу қортындылары ежелгі шұңқыр мәдени-тарихи қауымдастығының ертедегі нұсқасы болып, осы өңірді мекендеген Еділ-Урал тайпалары саналатындығын көрсетті. Ал, оның өзі хвалын тайпаларының жалғасы саналады. Шұңқыр мәдениеті өкілдерінің мекендедері өте сирек кездеседі. Олар – көбіне бақташылардың уақытша тұрақтары. Мәдениет

таралған аймақтың шығыс аудандарында көрші егінші тайпалармен байланысқа түскен шұңқыр мәдениетінің өкілдері біртіндеп, тұрақты қоныс теуіп, егінші-мал шаруашылығын қатар жүргізе бастады. Төменгі Днепрдегі Михайловскі қонысы осылай пайда болған еді. Өзеннің биік мүйісінде орналасқан бұл қоныстың аумағы аса үлкен емес. Ол айналадағы жазықтан табиғи ормен бөлінген.

Үйлерінің құрылымы өте нашар сақталған. Қазбадан тас пен сүйектен жасалған бұйымдар табылған. Мыс бұйымдардан төрт біз ғана кездескен. Сырттан әкелген, типольдық ыдыстар да ұшырасады. Мәдениеттің кейінгі, б.з.д. III-мыңжылдық соңы мен II-мыңжылдықтағы қоныстары үлкен, кейде қорғаныс құрылыстарымен ерекшеленеді. Михайловскі қонысының қорғаныс құрылысы үш метрлік тас қабырға мен ордан тұрады. Үйлері негізі тастан қаланған балшық үйлер, кейде жартылай жертөлелер де кездеседі. Мыс бұйымдар едәуір көбейген, біз, пышақ, қашау, шот секілді 26 зат.

Үй жануарларының сүйектерінен қой мен сиырдікі басым. Жылқының сүйектері едәуір аз кездеседі. Осы дәуірдің жерлеулерінің бірінен табылған арба жануарларды күш көлігі ретінде пайдаланғанын, қазбадан табылған кетпен, дән үгіткіш, орақтың тістері егіншіліктің екінші кезекте болғанын білдіреді.

Ежелгі шұңқыр мәдениетінің келешек дамуы б.з.д. 2-мыңжылдықта оның **катакомба** мәдени-тарихи қауымдастығымен өзара байланысқа түсуіне әкелді. Катакомба мәдениеті шұңқырлықтарды біршама жерінен ығыстырып тастады. Еділден Днепрге және Қырымнан Курскіге дейінгі аралықты жайлаған катакомба қауымдастығы алты дербес мәдениеттен құралды. Оларды бір мәдениетке біріктірген жерлеу ғұрпындағы катакомбалық ортақ дәстүр мен ыдыстары, оның өрнектерінің жақындығы еді. Катакомба мәдениетінің қыш ыдыстары мойны цилиндр тәріздес бүйірі томпақ келеді. Құтыларының түбі тегіс, өрнегі шұңқыр тектес. Қабір шұңқырларының бір бүйіріне қарай кәуленіп қазылуы (катакомба) мәдениеттің археологиялық атауына арқау болған. Дегенмен, осы мәдениетке жататын обалардың астында жерлеу шұңқырларының басқа да түрлері кездеседі. Катакомба қауымдастығының шығу тегі туралы мәселе әлі шешімін таппаған. Басты қиындық оның құрамындағы мәдениеттердің арғы тегінің әртүрлілігінде. Катакомбалық ыдыстардың бүйірі томпақ, мойны ұзын цилиндр тәріздес, түбі тегіс. Өрнектері негізінен созылған бау (шнуровый) тәріздес.

Қоныстары өзен жағасындағы, айнала табиғи ормен қоршалған мүйістерде орналасқан. Өзен жағалаулары әрі мал жайылымы әрі егіс алабы ретінде пайдаланылған. Мал – шаруашылықтың басты түрі. Днепр өңірінде сиырдың сүйектері, Дон аймағында қойдың сүйектері басым. Қоныстардың орнында жылқы мен балықтардың сүйектері де кездеседі. Қазбадан табылған орақ тістері, мүйізден жасалған кетпендер, дән үгіткіштер секілді құралдар қауымдастық өмірінде егіншіліктің де өзіндік орын алғанын аңғартады.

Ресейдің Ростов облысындағы катакомбалардың бірінен төрт дөңгелекті үлкен арба табылған. Жерлеу заттарынан қоғамдағы мүлік теңсіздігі байқалатындығы айтылады.

Еділ мен Уралдың аралығында б. з. д. 2- мыңжылдықтың жартысынан 1-мыңжылдықтың басында қалыптасқан мәдени-тарихи қауымдастық археологияда қима (*сұрыпты*) мәдениет деген шартты атқа ие болды. Анықтап айтқанда бұл мәдениеттің жерлеу қабірлері шұңқырдың ішіне қима бөренелерден салынған қабірлерден тұрады. Кейде қарапайым шұңқырға жерленген мәйіттер де кездеседі. Қима мәдениеті өкілдері ежелгі шұңқыр тайпаларының кейінгі ұрпақтарынан тараған деген пікір бар. Бұл мәдениеттің қыш ыдыстары түбі тегіс, көбіне құты тәріздес келеді. Бірсыпыра ыдыстары цилиндр тәріздес. Қималықтар қола өндіруге түсті металды алғашында Кавказдан, кейіннен Уралдан, Орта Азия мен Қазақстаннан әкелінген деп есептейді. Қола қорыту ісі қауымдық қолөнері аясында оқшауланып, мамандана бастағаны байқалады. Қоладан жасалған бұйымдардың барлығы жабық екі жақты қалыптарда құйылған. Мәдениеттің жерлеу ескерткіштерінен қалыптар мен балқыту құралдары жиі кездеседі. Қоладан жасалған заттар өте көп және әр алуан. Әсіресе, қола қанжарлар мен түтік ұңғысы қуыс найзалар. Найзалардың осындай түрі Карпаттан Алтайға дейінгі аралықта кең таралған. Қима мәдениеті дәурен құрған тұста кельт деп аталатын қола балтаның түрі пайда болды. Қола ғасырында кельттер бүкіл Еуропаға таралғаны белгілі.

Үйлері кейде 150 шаршы метрді қамтитын жартылай жертөлелер. Олардың қабырғалары бөренелермен нығайтылған. Үйдің ішінде бірнеше ошақ болады. Әсте бірнеше жұп отбасы бірге тұрса керек. Жерлеу қабірлеріндегі қималарды қиюластыру тәжірибесіне қарап, олар ағаш үй де сала білген деп шамалауға болады.

Қола ғасырында металдан жасалған еңбек құралдары мен бұйымдар жоғары бағаланған. Сондықтан тайпа көсемдері мен ру ақсүйектері оларды артық дүние ретінде жинауды әдетке айналдырған. Бұндай құбылысты сирек те болса кездесіп тұратын көмбелер құрамынан байқауға болады. Еділдің бойындағы Хвалынский қаласының маңынан табылған көмбе заттары осындай қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Көптеген қола құралдардың қалыпқа құйған кездегі қырлары сол күйінде сақталған. Яғни тұрмыста қолданылмаған, артық дүние ретінде жиналған. Мүлік теңсіздігінің б.з.д. 2-мыңжылдықтың екінші жартысынан бастап қалыптаса бастағанын осындай көмбе материалдары көрсетеді. Одесса облысындағы **Бородино** селосының маңынан табылған қола заттардың тағы бір көмбесі осыған айқын дәлел. Көмбе 17 бұйымнан тұрады. Солардың ішінде күмістен жасалған найзаның екі ұшы мен әсем жасалған нефрит балта бар. Оның ұңғысы сап өткізілетіндей етіп тесілген және мұқият өңделген. Олардың көпшілігі өздерінің жасалу дәстүрі жағынан Алдыңғы Азия мәдениетіне өте жақын. Көмбеден табылған асыл металлдар мен құнды тастардан жасалған заттар оның тайпа көсемінің меншігі болғанын көрсетеді.

Мамандар көмбе құрамындағы нефрит балта биліктің символы есептелетін асаяқтың басы болуы мүмкін дейді. Бұл б. з. д. 2-мыңжылдықтың ортасында билік рәміздері қалыптасқанын білдіреді.

Қима мәдениетінің негізін үй маңындағы және жартылай көшпелі шаруашылық құрады. Мал құрамында сиыр мен жылқының үлесі басым. Мініс көлігіне қолданылған ауыздық секілді әбзелдер табылған. Егіншіліктің де біртіндеп дамып келе жатқаны байқалады. Қоладан жасалған бірқатар егіншілік құралдары белгілі. Мамандар қима мәдениетінің соңғы сатысында пайда болған еңбек құралдары осыдан кейінгі скифтердің құралдарымен ұқсас екендігін айтады.

МЕРЗІМДЕЛУ

Ежелгі шұңқыр мәдениеті – б.з.д. 3-мыңжылдықтар аралығы.

Катакомба мәдениеті – б.з.д. XX – XIII ғасырлар аралығы.

Қима мәдениет – б.з.д. XV – VIII ғасырлар аралығы.

Әдебиеттер

Березанская С.С. Северная Украина в эпоху бронзы. – Киев, 1982.

Мельников В.И. Особые виды погребения катакомбной общности. – М., 1991.

Обыденов М.Ф., Обыденова Г.Г. Севере-восточная периферия срубной культурно-исторической общности. – Самара, 1992.

Поселения срубной культуры. – Воронеж, 1989.

Смирнов К.Ф., Кузьмина Е.Е. Происхождение индоиранцев в свете новейших археологических открытий. – М., 1977.

Сібір мен Қазақстанның қола ғасыры

Б.з.д. 3-мыңжылдықтың соңында Қазақстан мен Сібір аймағында қола ғасырлық ерекше мәдени орталық қалыптасты. Бұл мәдени орталықтың таралу аймағы Минусин қазан шұңқырын, Енисейдің жоғарғы ағысын, Сібір және Қазақстан жерлерін қамтыды. Осы мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы мыс рудасының молдығымен тығыз байланысты.

Айтылған өңірдің қолағасырлық археологиялық мәдениеттері барлық жерлерде бірдей жақсы зерттелмеген. Ең жақсы зерттелген аудандардың бірі – Оңтүстік Сібірдің қола ғасыр ескерткіштері. Бұл ауданда бірін-бірі кезегімен алмастырған үш үлкен археологиялық мәдениет мұралары жақсы белгілі. Олар: *афанасьев, андрон (андронов) және қарасұқ* археологиялық мәдениеттері.

Бұл мәдениеттер мал өсіріп, егін егумен қатар металл өндіруді жақсы игергендігімен ерекшеленеді. Б.з.д. 3 – 2-мыңжылдықтарда Енисейдің жоғарғы ағысы мен Алтай даласында қалыптасқан *афанасьев мәдениеті* өзінің бастауын жаңа тас (неолиттен) дәуірінен алады. Негізінен жерлеу ескерткіштері жақсы зерттелген. Афанасьевтықтардың «әулеттік зираттары дөңгелек тас қоршаулардан тұрады. Әдетте, қоршаудың ортасында бір немесе екі жер қабір болады. Қабірлерінің үстінде аса үлкен емес, топырақтан немесе тастан үйілген төбешіктері бар. Жекелеген және тобымен жерленген жағдайлар да кездеседі. Мәйіттер қол-аяғын бауырына жиған күйінде, сирек жағдайда арқасымен ұзына бойы жатқызылған. Әдетте, еркектері бір немесе бірнеше әйелдермен бірге жерленген. Жерлеулерге ыдыстар, жабайы және үй жануарлардың кесек еттері, еңбек құралдары қойылады. Киімдеріне сүйектен және жыртқыш аңдардың тісінен жасалған тұмарлар мен моншақтар тігілген. Қабірге қойылған ыдыстары түбі сүйір, бүйірі томпақ жұмыртқа немесе шар тәріздес келеді. Сыртындағы өрнектері қисық сызық және шырша тәріздес. Жерлеу заттары тас келі, дән үгіткіш, сүйектер мен мүйізден жасалған бұйымдар, жебенің ұштары, салмақтастар, т.б. Сәндік бұйымдар ретінде жануарлардың тістері, ұлу тастар, балықтың сүйектері, кейде қабыршақтары пайдаланылған. Металл заттары негізінен мыстан жасалған пышақ, қанжар, сым сақиналар, ине, сырға, білезіктер мен ілмешектер.

Афанасьевтықтардың шаруашылығы өндіруші шаруашылық, оның ішінде бақташылық басым. Қазіргі кездегі үй жануарларының негізгі түрлерінің барлығы дерлік ұсталған. Жерлеулерден қойдың, үй бұқалары мен жылқының сүйектері табылады. Аңшылық пен балық аулау да қоғам өмірінде елеулі орын алды. Афанасьевтықтардың бірсыпыра қоныстары да зерттелген. Олар көбіне жартылай жертөле және бөренелерден тұрғызылған үйлер түрінде. Түсті металл өндіргендігі анықталған, оларды алған кен орындары да зерттелген. Негізгі еңбек құралдары тастан жасалғанымен мыс пышақтар, орақтар, балталар, инелер тіпті, мыс қанжарлар да кездеседі. Күміс пен алтыннан жасалған бұйымдар да табылған. Минусинскідегі осы мәдениетке атын берген Афанасьев тауындағы зираттан метеориттік темірден жасалған білезік шықты. Афанасьевтықтардың антропологиялық түр түсі мен еңбек құралдары жергілікті неолиттік тайпалардікіне ұқсамайды. Керісінше, ыдыстары, антропологиялық түр-түсі және жерлеу ғұрпы Шығыс Еуропалық ежелгі шұңқыр мәдениетіне етене жақын. Олардың екеуі де палеоевропеоидтық түрге жатады. афанасьевтіктерге дейін Сібір жерінде бақташылықтың ізі байқалмайды, ал

Афанасьев кезінде дамыған күйінде пайда болады. Осыдан барып афанасевтіктер батыстан қоныс аударып келген дамыған тайпалардың өкілдері болуы мүмкін деген пікір туындайды.

Андрон мәдениеті б.з.д. 2-мыңжылдықта Шығыс Урал мен Батыс Сібір аралығында қалыптасты. Оның негізгі таралу аймағы батыста Урал тауынан, шығыста Енисейге, солтүстікте Тайгадан, оңтүстікте Тянь-Шань тауларына дейінгі Орта Азия мен Қазақстан жерін алып жатыр.

К.А. Ақышев ескерткіштердің шоғырлануы мен материалдық мәдениетінің дамуына қарай андрон мәдениетінің үш ірі орталығын бөліп көрсетті. Солардың алғашқысы – Минусин қазан шұңқыры, Алтай және Шығыс Қазақстанды қамтитын Шығыс немесе Сібірлік орталық. Осы тарихи-мәдени орталыққа тән андрон мәдениеті Калба және Нарымдық мыс пен қалайы алынған кен орындары қойнауында дамыды. Осы кен орындарын кезінде С.С. Черников зерттеп, сипаттаған.

Андрон мәдениетінің екінші орталығын Ақышев орталық немесе қазақстандық деп атаған. Қазақстан жерін тұтасымен қамтитын орталықтың шекарасы ретінде: солтүстікте Степняк – Бурабай – Имантау – Жақсы және Жалғызтау қырқаларымен; оңтүстігі Бетбақдаланың солтүстігі; батыста Торғай ойпаты; Шығысы Шыңғыс тау қыраттарына дейінгі аралық көрсетіледі. Бұл орталық Орталық Қазақстандағы мыс және қалайы кен көздері негізінде дамыған.

Оңтүстік Урал, Тобыл және Батыс Қазақстанды қамтыған үшінші батыс немесе Уралдық орталықта андрон мәдениеті жергілікті мыс кендері негізінде дамыған.

Андрон мәдениетін кезеңдерге бөлу және мерзімдеу – қола дәуірін зерттеудегі аса күрделі мәселелердің бірі. Андрон мәдениеті ескерткіштерін алғаш зерттеушілер М.Т.Грязнов пен С.А.Теплоухов еді. 1927 жыл Батыс Қазақстан территориясынан андрон мәдениетінің бірнеше зираттарын қазған М.П.Грязнов далалық қола дәуірінің хронологиялық үш кезеңнен: алдыңғы, ортаңғы және соңғы кезеңдерін саралап берді.

Кейіннен 1948 жылы К.В.Сальников андрон мәдениетіне хронологиялық топтама жасады; оны бірінің орнын бірі басқан үш кезеңге бөліп, оларға шартты түрде: Федоров кезеңі – б.з. дейінгі XVIII-XVI ғасырлар, Алакөл кезеңі б.з. дейінгі XV-XII ғасырлар, Замараев кезеңі – б.з. дейінгі XII-VIII ғасырлар деген аттар берді. Андронов мәдениетін К.В.Сальниковтың кезеңдерге бөлуі тарих ғылымында дұрыс деп танылды және далалық қола дәуірінің ескерткіштерін зерттегенде осы мәдениеттің тараған аудандарының бәріне қолданылды.

Қазақстанның андрон мәдениетіне кезеңдеу мен мерзімге бөлу мәселесіне Ә.Х.Марғұлан, Қ.А.Ақышев, А.Г.Максимова, С.С.Черников, А.М.Оразбаев, т.б. ғалымдар елеулі үлес қосты. Қазақстанның қола ғасырын зерттеуге (кезеңдеу мен мерзімдеу) тың идеялар енгізіп, соңғы материалдар негізінде түйіндеуге А.А.Ткачев, В.В.Евдокимов, В.В.Варфоломеев, т.б. ғалымдар атсалысты.

Андронов мәдениетінің этникалық тегі туралы ғалымдар арасында бірнеше болжам бар. Зерттеушілердің көпшілігі андронов мәдениеті неолит пен энеолит дәуірлерінде Қазақстан даласының солтүстік аймағы мен Урал сыртынан Батыс Сібірге дейінгі аралықты жайлаған мәдениеті мен шыққан тегі жағынан туыс тайпаларының табиғи дамуының негізінде қалыптасқан деп есептейді.

Андрондықтардың жерлеу ескерткіштері мен қоныстары салыстырмалы түрде жақсы зерттелген. Олардың зираттары қабір үстіне үйілген кішкене үйінділер мен тас қоршаулардан тұрады. Сондықтан көпшілік жағдайда оларды іздеп табу қиынға түседі. Жерлеу қабірлерінде кейде қазылған шұңқырдың қабырғалары ағаштардан өріліп, үсті де ағашпен жабылады. Кейбір жағдайда тастардан қаланады. Үсті жалпақ таспен жабылған, қабырғалары тігінен қойылған тастардан жасалған тас жәшіктер де кездеседі. Мәдениет өкілдері өлген кісіні аяғын бауырына бүгіп, жерлеген, ерте кезеңде мәйітті өртеп, күлін жерлеу ғұрпы да болған. Жерлеуде тастан жасалған жебенің ұштары, қола қарулар мен еңбек құралдары, алтын мен күмістен жасалған сырғалар да жиі кездеседі. Соғыс арбасы қоса көмілген қабірлер де табылған.

Қоныстары егін егуге қолайлы өзен жағалауларына жақын орналасқан. Ерте кезеңдегі қоныстар қорғаныс дуалдарымен нығайтылған. Үйлері жартылай жертөле және жер бетіне салынған үлкен көп жанұялық баспана түрінде кездеседі. Осындай үйлерден тұратын үлкен мекенжайлар да табылған.

Андрондықтар негізінен мал өсіру шаруашылығымен айналысқан. Негізгі малдары қой, ешкі, сиыр және жылқы болған. Жылқыны мініс көлігі ретінде пайдалануды игерген. Металл өндіру кәсібі Урал, Орта Азия, Қазақстан және таулы Алтай жерлеріндегі кен көздері негізінде жүрген. Андрондықтар кен жыныстарын алған орындардың ішіндегі әйгілілерінің бірі – Қазақстандағы Еленовский кеніші. Олар сондай-ақ алтын да өндірді. Қоладан жасалған пышақ, қанжар, дүмі шығыңқы балта, найза мен орақтар, біздер кең таралған.

Андрондық ыдыстар құты тәріздес, түптері тегіс. Оларда балшықтан ыдыс жасаудың ерте дәуірдегі қарапайым екі тәсілі қолданылды. Бірінші тәсіл бойынша әбден иінін қандырып илеп, кеспе тәрізді етіп жасаған балшықты бірінің үстіне бірін қаттап орап, болашақ ыдыстың тұрпатын келтіргеннен кейін сыртын жылтыратқан – мұны орама әдіс дейміз. Екінші тәсіл бойынша алдымен қажетті ыдыстың нысанын (формасын) матадан тігіп алып, оның ішін құммен толтырған. Сосын балшықты оның сыртынан жапсырып, болашақ ыдысты жасаған. Ыдыс арнайы жағдайда кептірілгеннен кейін ішіндегі құмын төгіп, матасын алып тастаған – мұны жапсырма әдіс дейміз. Ыдыстардың сырты жақсылап өңделгеннен кейін оны арнайы қалыпта күйдірді. Ыдыстар сыртынан геометриялық және толқын тәріздес өрнектермен безендірілді.

Сынтасты және Арқайым қалашықтарын ашып, зерттеу Еуразия даласының ежелгі дәуірі жайлы ғылымға елеулі өзгерістер әкелетін тың мәліметтер берді.

Андрон және қима мәдениеттерінің өзара ұқсастығын олардың шаруашылығының біртектестігінен, үй салу жүйелерінің ұқсастығынан, қыш

ыдыстары мен әшекей бұйымдарынан көруге болады. Әсіресе, олардың соңғы кезеңдеріндегі ескерткіштері бір-біріне өте жақын.

Андрон мәдениеті ескерткіштері Оңтүстік Сібірде: Орақ 1, Новая Черная 11, Сухое озеро; Алтайда: Венгерово 1, Абрамово 4, Преображенка 3; Оңтүстік Уралда: Кулевчи 3, Сынтасты, Арқайым, Берсуат; Қазақстанда: Атасу 1, Петровка 2, Қанай, Былқылдақ 1, Бұғылы, Трушниково т. т.

Б.з.д. II мыңжылдықта Оңтүстік Урал өңірін мекендеген Анрон тайпаларынан қалған тамаша ескерткіш – *Арқайым* мекенжайы. Ол Үлкен Қарағанды мен Өтеген өзендерінің құйылған жерінде орналасқан. Қырық жылдан бері қарай зерттеліп келе жатқан мекенжай өзінің топографиялық құрылымы жағынан онда алғашқы қала (протогород) үлгісі қалыптаса бастағанын білдіреді. Қалашықтың жобасы дөңгелек келген, 3-5 м келетін сыртқы қорғаныс құрылысы тереңдігі мен ені 1,5 м. ормен қоршалған. Жалпы көлемі 20 га, оның 8 га бөлігінде қазба жүргізілген. Ішкі жағында орналасқан жетпіс шақты үйдің 30-ы қазылған. Қазбадан қоладан жасалған еңбек құралдары, қару жарақтар, әшекей бұйымдары және сапасы мен көлемі жағынан, өрнегі мен нақышына қарай алуан түрлі ыдыстар табылған. Археологиялық материалдар кешені арқайымдықтардың мал және егін шаруашылығымен қатар айналысқанын білдіреді. Арқайымдықтар пайдаланған құрылыс материалдары мен ыдыстары Қима, Абашев, Петров және Алакөл мәдениеттері материалдарымен өте ұқсас. Арқайым тұрғындарының этникалық тегінде әртүрлі тайпалардың үлесі барлығын осыдан байқаймыз. Арқайым ғылым үшін өзінің алғашқы протогород болғандығымен, көлемі мен құрылымы жағынан аса маңызды материалдар беруде. Қазақстан жері андрон тарихи-мәдени қауымдастығының негізгі орталықтарының бірі болды. Археологиялық материалдардың көрсетуіне қарағанда, Қазақстан жерін мекендеген андрондықтар негізінен отырықшы егіншілік кәсіппен айналысқан. Олардың мекенжайлары өзен жағалауларынд, биік алаптарда орналасқан. Тұрғын үй ретінде қора-қопсы, қоймалары жалғастырыла салынған үлкен патриархалды жартылай жертөлелер мен жертөлелер пайдаланылды.

Андрондық тұрғындардың басқа мәдени-тарихи қауымдастықтардан этнографиялық басты айрмашылығы олардың жерлеу ғұрпы, геометриялық өрнегі бар ыдыстары мен металдан жасалған бұйымдарының тек өздеріне ғана тән ерекшеліктерінен байқалады.

Қазақстандық андрондықтар тік бұрышты, дөңгелек, сопақ келген әртүрлі тас қоршаулар үйлесінен тұратын жерлеу құрылыстарын салған. Өлген тайпаластарын тас жәшіктерге немесе тік бұрышты етіп қазылған жер қабірлерге аяқ-қолын бауырына бүгіп, бір жамбасымен жатқызған. Оларда мәйітті өртеу ғұрпы да кездеседі. Андрондықтардың қоладан жасалған бұйымдары мен қыш ыдыстарының жақсы сапасы олардың мәдени деңгейінің жоғары болғандығын көрсетеді.

Таралу аймағы мен өзіндік ерекше белгілеріне қарай Қазақстан жеріндегі андрон мәдениеті үш кезеңге бөлінеді: ерте кезең – б.з.д. 17 – 16-ғасырлардағы петров мәдениеті; орта кезең – б.з.д. 15 – 12-ғасырлардағы алакөл, атасу, Федоров, Нұра мәдениеттері; соңғы кезең – б.з.д. 11 – 9-ғасырлардағы алексеев, замараев, сарығары, беғазы-дәндібай мәдениеттері. Қола дәуірінің соңғы кезінде Орталық Қазақстанды мекендеген тайпалар Оңтүстік Урал (замараев мәдениеті), Алтай мен Енисейдің (қарасұрық мәдениеті) туысқан тайпаларымен өзара тығыз байланыста дамыған. Бір-бірінен шалғайда жатқан осы аудандардың материалдық мәдениетін сипаттайтын керамикалық заттары, қола қарулары, тұрмыстық заттары мен әшекей бұйымдарының өзара жақын болуы ежелгі тайпалардың мәдени және экономикалық байланысының тығыз болғанын білдіреді.

Қазақстанның кейінгі қола ғасыры ескерткіштерінің ішінде елеулі орын алатыны – Кент – мекенжайы. Қола ғасырының соңғы кезеңіне жататын Кент мекенжайы б.з.д. 12 – 10-ғасырлары аралығымен мерзімделеді. Орталық Қазақстандағы бұл қоныстың аумағы 150 000 шаршы метр. Кент пен Алат, Алат I, Алат II мекенжайларын Қызылкеніш өзені мен жіңішке арна бөліп жатыр. Олардың бір мезгілде өмір сүргенін ескеріп, жалпы аумағын қосып есептегенде 300 000 шаршы метрді құрайды. Қоныстың тұрғындары егіншілік пен бақташылыққа негізделген кешенді сипатта болған. Мекенжайды қазу кезінде алынған заттай деректер Кент тұрғындарының Сарарқаның барлық тайпалары секілді төрт түлік мал түрлерін (ірі – қара, ұсақ мал) қатар өсіріп, ақбөкен, құлан, марал, қасқыр, қабан, бұғы, қарсақ, арқарлар мен ірі құстарды аулағандығын көрсетеді. Табындағы жылқы мен қой үлесінің басымдығы жылжымалы бақташылықтың үлесінің артқанын аңғартады. Бірнеше кішігірім мекенжайлардан құралған шағын ауданның орталығы болған Кент өзінің өлшемі, үй-жайларының саны мен бірқатар белгілері бойынша онда алғашқы қаланың қалыптаса бастағандығын білдіреді. Кент тұрғындарының шалғайдағы тайпалармен өзара қатынаста болғанын растайтын дәйектер табылды. Кентік мекенжайлар мен олардың жерлеулерінен алынған керамикалық ыдыстар ішінде Намазга VI-ға жататын шарықта жасалған, қарасұрықтық және түгіскендік үлгілер де кездеседі.

Б.з.д. 2-мыңжылдықтың соңы мен 1-мыңжылдықтың басында андрон тайпаларының экономикалық тұрмысы мен мәдениетінде айтарлықтай өзгерістер болды. Бұл өзгеріс қоғамның әуелі жайлауда, кейіннен көшіп жүріп мал өсіруге бейімделген жаңа шаруашылыққа ауысуымен байланысты. Археологиялық материалдардың көрсетуіне қарағанда, қола дәуірінің соңғы кезеңінде (б.з.д. 12 – 8-ғғ.) шаруашылық пен мәдениеттегі андрондық дәстүрлердің орнына темір ғасырына тән қоғамның жаңа экономикалық үлгісі мен материалдық мәдениеттің прогрессивті нысандары қалыптасты.

Хакасск – Минусинск қазаншұңқыры мен оған жақын аймақтарда б.з.д. 2-мыңжылдықтың соңында **қарасұрық** археологиялық мәдениеті қалыптасты.

Дамыған қола ғасырына жататын бұл мәдениеттің археологиялық заттары ерекше және андрондықтардікіне өте ұқсас келеді. Ол, әсіресе, қыш ыдыстар мен қола бұйымдардан айқын көрінеді. Қарасұрық қабірлерінің ыдыстары бомбаға ұқсас: аса үлкен емес мойны тік, бүйірлері шар тәріздес, түбі жұмыр. Олардың сыртында кесіп және басып салынған үшбұрыш және ромба тәріздес өрнектері болады.

Жерлеу ескерткіштері тікбұрышты немесе дөңгелек тас қоршаулардан тұрады. Жерлеу шұңқырлары жалпақ тастармен қапталған, мәйіт қол-аяғын бауырына бүгіп, бір жамбасына жатқызылған. Оның бас жағына балшық ыдыс қойылған.

Хакасск – Минусинск қазаншұңқырының қарасұрық мәдениеті өкілдері кезінде көрші орманды және далалық тайпалардың мәдениетіне үлкен ықпал жасаған. Қарасұрыққа ғана тән қола заттар алыс аймақтарға: Забайкалье, Тува, Алтай және Қазақстаннан Германияға дейін таралған. Тіпті, Кавказ бен Болгар, Румын жерлерінде қарасұрыққа тән, бетінде жануарлар бейнеленген бұғытастар кездеседі. Қарасұрық тайпаларының негізгі кәсібі – мал шаруашылығы. Қабірлеріне қойылған мал сүйектерінің көптігі осыны білдіреді. Көбіне қой өсірген. Олардың қоныстарының мәдени қабаты желмен ұшып кеткен, сондықтан да өте аз зерттелген. Мәдени қабаттың жұқа ыдыстарының түбі, жұмырлығы отырықшылықтың тұрақсыздығын көрсетеді.

Хакастандағы жерлеулердің біріндегі жалпақ таста бейнеленген арбаның үстіндегі үй, қарасұрық үйлерінің жаз кезінде арбаның үстінде болғанын білдіруі мүмкін.

МЕРЗІМДЕЛУ

Афанасьев мәдениеті – б.з.д. 3 – мыңжылдықтар арасы.

Андрон мәдениеті – б.з.д. ХҮІІ – ХІІІ ғасырлар арасы.

Қарасұрық мәдениеті б.з.д. ХІІ – ХІІІ ғасырлар арасы.

Бегазы-Дәндібай мәдениеті б.з.д. ХІ – ІХ ғасырлар арасы.

Глазков мәдениеті – б.з.д. ХҮІІІ – ХІІІ ғасырлар арасы.

Кент мекенжайы – б.з.д. ХІІ – Х ғасырлар арасы.

Әдебиеттер

Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура Саков и Усуней долины реки Или. – Алма – Ата, 1963.

Андроновская культура. – М.;Л., 1966.

Аркаим: исследования, поиски, открытия. – Челябинск, 1995.

Археологические памятники эпохи бронзы восточноевропейской лесостепи. – Воронеж, 1986.

Березанская С.С. Северная Украина в эпоху бронзы. – Киев, 1982.

Бронзовый век Урало - Иртышского междуречья.- Челябинск, 1984.

Вадецкая Э.Б. Археологические памятники в степях Среднего Енисея. – Л., 1986.

- Вадецкая Э.Б., Леоньева Н.В., Максименков Г.А. Памятники Окуневской культуры. – Л., 1980.
- Горбунова В.С. Бронзовый век Волго-Уральской лесостепи. – Уфа, 1992.
- Грязнов М.П. Погребение бронзовый эпохи в Западном Казахстане. Сборник «Казахи», Вып.11. – Л.,1927.
- Зданович Г.Б. Бронзовый век Урало-Казахстанских степей. – Свердловск.,1988.
- Зданович Г.Б. Архитектура поселения Аркаиым. – Челябинск, Катакомбные культуры Северного Кавказа. – Ордженекидзе, 1982.
- Евдокимов В.В., Варфоломеев В.В. Эпоха Бронзы Центрального и Серного Казахстана. – Караганда, 2002.
- Косарев М.Ф. Бронзовый век Западной Сибири. – М., 1981.
- Кузьмина Е.Е. Древнейшие скотоводы от Урала до Тянь-Шаня. – Фрунзе, 1986.
- Кузьмина Е.Е. Откуда пришли индоарии? - М., 1994.
- Кызласов Л.Р. Древнейшая Хакасия. – М., 1986.
- Құрманқұлов Ж.Қ., Байқонақов Д.С. Қазақстанның қола дәуірі. – А.,2008.
- Максименков Г.А. Андроновская культура на Енисее. – Л., 1978.
- Мельников В.И. Особые виды погребений катакомбной общности. – М., 1991.
- Обыдёнов М.Ф., Обыдёнова Г.Г. Севере - восточная периферия срубной культурно-исторической общности. – Самара, 1992.
- Поселения срубной культуры. – Воронеж, 1989.
- Пряхин А.Д. Абашевская культура в Подонье. – Воронеж, 1973.
- Смирнов К.Ф., Кузьмина Е.Е. Происхождение индоиранцев в свете новейших археологических открытий. – М., 1977.
- Стоколос В.С. Культура населения бронзового века Южного Зауралья (хронология и периодизация). – М., 1972.
- Черников С.С. Древняя металлургия и горное дело Западного Алтая. – Алма-Ата, 1949.
- Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы. – М., 1960.
- Черных Е.Н. Древнейшая металлургия Урала и Поволжья. – М., 1970.
- Членова Н.Л. Хронология памятников карасукской эпохи. – М., 1972.

Шығыс Еуразияның орманды аймағының қола ғасыры

Шығыс Еуразияның орманды аймағын қола ғасырында мекендеген тайпалар негізіне неолиттік тұрмыстық дәстүрді сақтаған. Оған басты себеп егіншілік пен бақташылықтың дамуына қолайсыз қатаң табиғат пен түсті металл қорының бұл өңірде тапшылығы болатын. Дегенмен, өндіруші шаруашылықтың дамуы баяу да болса жүріп жатты. Негізгі еңбек құралы тас болып қала берді. Шақпақ тастан басқа, тастың еңбек құралдарын жасауға сапалы түрлері менгерілді. Орманды өңірлерде еңбек құралдарын жасайтын тастарды жердің астынан қазып алған үлкен шахталар зерттелген.

Қола ғасырының басында Еуропаның бүкіл аймақтарында баулы керамика, басқаша айтқанда, соғыс балталары мәдениеті кеңінен таралды. Алғашқы атау керамикалық ыдыстардың өрнегінің түрінен, екіншісі – ұңғысы бұрғыланып тесілген қайқы формадағы тас балталардан алынған.

Б.з.д. III – мыңжыл. соңы мен II – мыңжыл. Орманды аймақтың батыс бөлігінде *Ортаднепр, Шығыс-Прибалтика* мәдениеттері дәурен құрды. Олар сол маңды мекендеген неолиттік тайпалардың даму негізінде қалыптасқан. Зерттеу нәтижелері осы мәдениеттердің шаруашылығында бақташылық жетекші орын алғандығын көрсетеді. Қолда ұстаған негізгі түлік түрлері қой, шошқа, жылқы және сиыр болған. Сонымен қатар аңшылық пен егіншіліктің өзіндік орын алғандығы анықталған.

Еуразия аймағында бірнеше соғыс балталары мәдениеті белгілі. Олар бақташылық пен металлургияны жақсы меңгергендігімен ерекшеленеді. Солардың өкілі *Ортаднепр* мәдениеті (б.з.д. III – мың. ортасы мен II мың.) өзінің тамырын ежелгі шұңқыр тайпаларынан алады. Ортаднепр қауымдастығы дамуының едәуір кейінгі сатыда трипольдықтардың біршама ықпалы болғанымен, жергілікті неолиттік мәдениеттің үлесі тарихи сабақтастығын тапқан. Ортаднепр мәдениетінің таралу аймағы Днепрдің бойында Черкастан Могилеваға, көлденеңінен Брянскі мен Мозырға дейінгі аралықты қамтиды. Мәдениеттің қоныстары аз зерттелген. Әдетте, аса үлкен емес мекенжайлар өзендердің жағалауындағы құмды төбелерде немесе биік мүйістерде орналасады. Баспаналары жердің бетіне салынған лашықтар түрінде, еңбек құралдарының басым көпшілігі тастан жасалған. Мәдениетке қатысты материалдар негізінен жерлеу ескерткіштерінен алынған. Жерлеу заттарын топтастырып, жан-жақты зерттеу ортаднепр мәдениеті өкілдері егіншілікті білгендігі, бірақ оларда бақташылық басым болғанын аңғартады. Олар қой, шошқа, жылқы және іріқара өсірген. Осы малдардың сүйек қалдықтары қоныстар мен жерлеулерде қатар кездеседі.

Б. з. д. 2-мыңжылдықтың басында оңтүстік-батыстан енген тұрғындардың негізінде Ока мен Еділдің жоғарғы ағысында **Фатьянов** мәдениеті қалыптасты. Прибалтика мен Беларуссияның ескерткіштері осы мәдениетке өте жақын. Фатьянов тайпалары қазіргі Ресейдің Еуропалық бөлігінің орталық ауданын мекендеді. Олардың жерлеу ескерткіштері жақсы зерттелген. Қабірлері сопақ келген, кейбіреулері қималармен қоршалған. Өлген кісіні шалқасынан немесе бір жамбасына екі аяғын бауырына бүгіп жатқызған. Фатьяновтықтардың ыдыстары ерекше, түбі жұмыр шар тәріздес. Олар әр алуан геометриялық элементтерден тұратын өрнектермен безендірілген. Мәйітпен бірге балта және ыдыс қойылады. Жерлеу орындарында үй жануарлары: шошқа, қой, сиыр, жылқы және иттің сүйектері жиі кездеседі. Қазбадан көп табылатын соғыс балталары тайпа аралық қырқыстардың орын алып тұрғанын көрсетеді.

Фатьянов мәдениеті өмір сүрген уақыты немесе жергілікті өзіндік ерекшелігіне қарай бірнеше топқа бөлінеді. Солардың едәуір ірілері Московско-Клязьмалық, жоғарғы Еділ және орта Еділдік топтар. Алғашқысы Днепрдің жоғарғы ағысы, Мәскеу және Клязьма өзендерінің бойын жайлаған, екіншісі – солтүстікте Калинин, Ярослав және Кострама облыстарын, үшіншісі Төменгі Камадан Еділдің ортаңғы ағысына дейінгі ұлан ғайыр аймақты мекендеді.

Осылайша фатьяновтықтар батыстан шығысқа қарай жылжып, Волосов тайпаларының мекенін жайлаған. Осы екеуінің арасында болған қақтығыстарды растайтын археологиялық материалдар да кездеседі. Волосов қонысында фатьяновтық жерлеу табылған. Мұнда волосовтық жебеден өлген фатьяновтық жауынгер жерленген. Бұдан волосовтықтар жеңілмесе өз жеріне фатьяновтық жауынгерді жерлетпес еді деген қорытынды жасалған. Фатьяновтықтардың жерлеу ғұрпы тұрақсыз. Жерлеу ғұрпында жергілікті тайпалармен араласқан нұсқалары кездеседі. Волосовтық қоныстарда фатьяновтық заттар жиі ұшырасады. Зерттеушілердің арасында Фатьянов мәдениеті ескерткіштерін негізгі шаруашылығы орманды бақташылық болған тайпалар қалдырған деген пікір бар.

Еділдің оң жағалауындағы Ярослав облысынан Татарстанның оңтүстігіне дейінгі алқапты б. з. д. 2-мыңжылдықта егін егіп, мал өсірген тайпалардың тобы мекендеді. Олардың ескерткіштері археологияда алғаш зерттелген зираттың атымен **абашев** мәдениеті деп аталады. Мәдениеттің тегі жайлы ортақ пікір жоқ. Қазіргі зерттеушілер оларды ежелгішұңқыр мәдениетінен шығарса, ескі көзқарас бойынша абашевтықтар ортаднепр тайпаларынан таралады. Абашев мәдениеті орманды және орманды далалы аймақта орналасқан үш топқа бөлінеді. Алғашқысы - дондық (Воронеж ауданында), екіншісі – ортаеділдік (Еділдің екі жағасында Ярославтан Казанға дейін), үшіншісі – Уралдық (Оңтүстік Урал маңы). Осыған байланысты абашевтік тайпалардың ортақ территориясы болмады. Олардың әрқайсысы өздерінің құдіретті көршілерінің ықпалына жиі түсіп отырды. Донецкі тобының көршісі кима мәдениеті, Уралдықтардың көршісі андрондықтар болған. Бұл мәдениеттің өкілдері мыстың көздерін иелену мақсатымен оңтүстік-шығыстан келген деген пікір қалыптасқан.

Абашев мәдениеті жерлеу ескерткіштері негізінде қарастырылған. Олардың қоныстары осы күнге дейін нашар зерттелген. Ортадондық топта олар әлі күнге белгісіз. Абашевтік обалардың астында бірнеше қабір орналасқан. Мәйітті аяқтарын бүгіп, шалқасынан жатқызған. Жерлеу заттарының ішінде түбі тегіс немесе домалақ келген пішіні төңкерілген қоңырау тәрізді ыдыстар көп кездеседі. Ыдыстардың сыртқы өрнектері геометриялық нақышта кездеседі. Обаларда металл өте сирек кездеседі. Дегенмен, абашевтіктер металды білгені анық. Ру аралық қақтығыста қаза болған 28 кісі жерленген обаның ішінде бір еркектің қабірі ерекшеленеді. Онымен бірге құйған қалып, металл еріткен табақша (тигель) және тас төс қойылған. Бұлар жергілікті металл өңдеу ісінің болғанын білдіреді.

Қазбадан көптеп табылатын үй жануарларының сүйектері бақташылықтың шаруашылықтың негізі болғандығын аңғартады. Егіншілік қосалқы шаруашылық болған. Мәдениет өкілдерінің әлеуметтік құрылымы патриархат. Галич көлінің жағасындағы қола ғасыры қонысының орнынан абашев мәдениетімен қатысты заттардың көмбесі табылған. Көмбенің құрамында

қоладан жасалған еркектің мүсіндері болған. Солардың бірі - басын күн нұры қоршаған күн құдайы, екіншісі – басында үш жарты ай бар ай құдайы. Көмбенің құрамында кесірткінің мүсіні, балта, қанжар, пышақ және қола білезік шыққан. Бұл бұйымдар діни рәсімдерде пайдаланылған рулық мүліктер болуы мүмкін.

Абашев мәдениетіне солтүстіктегі көршілес жатқан аймақта б.з.д. II мың жылдықтың екінші ширегінде қалыптасқан *Сеймин-Турбин мәдениеті* ескерткіштері зерттелген. Мәдениет өз атауын Горькийдің маңындағы Сейма темір жол бекеті мен одан 1500 км жерде, Пермнің жеріндегі осы мәдениеттің турбинск тобына жататын үлкен ескерткішінен алады. Осы түрдің ескерткішіне Омбы маңындағы Ростовка зираты да жатады. Бұл топтың жақсы зерттелген ескерткіші – Кама жағалауындағы Турбинск селосы маңындағы зират. Сеймин және Турбин ескерткіштерін бір мәдениетке біріктіруге бола ма? деген сұрақтың төңірегіндегі пікірталас осы күнге дейін жалғасып келеді. Көпшілік ғалымдар мәдениетті сеймин-самусь деп атағанды дұрыс көреді. Сонымен бірге, сеймин-самусь қатарына Сібірдің қола заттары ұқсас, бірақ керамикасы мен шаруашылық бағыты жағынан ерекшеленетін Кротов, Окунев мәдениеттерін қосқысы келеді. *Сеймин-Турбин* мәдениеттің қоныстары осы уақытқа шейін ашылмаған. Жерлеу ескерткіштері де көп емес. Олар үстінде үйіндісі жоқ, жерлеу заттарының ішінде тас пен жоғары сапалы қоладан жасалған құралдар көп кездеседі. Әсіресе, соғыс қарулары жиі қайталанатын. Қанжарлардың сабының басына салынған жабайы аңдар мен жануарлардың стильді бейнелері жиі қайталанатын, әсіресе, жылқының көркем бейнесі мен бұғының бастары салынған. Зоолықтар қанжарлардың басында бейнеленген жылқылардың сорттары Батыс және Оңтүстік Алтай мен Шығыс Тянь-Шаньда таралуы мүмкін дегенді айтады. Турбин жерлеуінен алынған пышақтағы арқарлардың бейнесін зерттеу барысында да осындай түйін жасалған. Археологтар пышақтың тегі алтайлық деген болжам айтады.

Алты қырлы шот-балталар өте сапалы жасалған. Ұңғысы қуыс найзаның ұштары сыртқы формасы мен жасалу тәсілі жағынан Бородино көмбесінен табылған найзаның ұшына ұқсас. Турбин жерлеулерінің бірінен күмістен жасалған найзаның ұшы табылған. Ростовка жерлеулерінің бірінен шыққан пышақта аттың тізгінінен ұстап сырғанап бара жатқан шаңғышы бейнесі бар. Сеймин-Турбин тайпалары жылқы өсірген деп есептеледі. Жылқыны жұмысқа жегумен қатар мініс көлігі ретінде пайдаланған. Тас құралдардың ішінде шақпақ тастан жасалған жебенің ұштары, қыстырма тістер, ұсақ қырғыштар, нефрит пен хрусталдан жасалған моншақтар табылған.

Металлургия мен тас өңдеу тәсілі жағынан Сеймин-Турбин тайпалары Саян мен Алтайға жақын. Тас және қола құралдарды жасайтын шикізаттарды да сол аймақтан алған. Бірақ мәдениеттің батыс тобы Уралдың, шығыс тобы Алтайлық металл көздерін пайдаланған. Сондықтан болар, Сеймин-Турбин тайпаларының тегі Саян мен Алтайдан келген деп түсіндіріледі.

МЕРЗІМДЕЛУ

Ортаднепр мәдениеті – б.з.д. ХХҮ –ХҮ ғасырлар арасы.
Фатьянов мәдениеті - б.з.д. 2 – мыңжылдықтың аралығы.
Абашев мәдениеті – б.з.д. ХҮ – ҮІІ ғасырлар арасы.
Сеймин-Турбин мәдениеті - б.з.д. ІІ – ші мыңжылдықтың екінші ширегі.

Әдебиеттер

Артеменко И.И. Племена Верхнего и Среднего Поднепровья в эпоху бронзы. – М.,1967.
Бадер О.Н. Древнейшие металлургия Приуралья. – М., 1964.
Горбунова В.С. Бронзовый век Волго-Уральской лесостепи. – Уфа, 1992.
Косарев М.Ф. Бронзовый век Западной Сибири. – М., 1981.
Крайнов Д.А. Древнейшая история Волго-Окского междуречья. Фатьяновская культура 2-го тысячелетия до н.э. – М., 1972.
Матющенко В.И., Синицина Г.В. Могильник у деревни Ростовка вблизи Омск. – Томск, 1988.
Молодин В.И. Эпоха неолита и бронзы лесостепного Обь-Иртышья. – Новосибирск, 1977.
Стоколос В.С. Культуры эпохи раннего металла Северного Приуралья. – М., 1988.
Черных Е.Н. Древняя металлургия Северной Евразии. – М., 1989.
Эпоха бронзы лесной полосы СССР//Археология СССР.В 20 т. – М.,1987.

Еуразияның қола ғасыр өнері

Археологиялық зертеулердің маңызды салаларының бірі – қола дәуірінің өнері. Бұл дәуірден қалған өнер туындылары мерзімделуі жағынан: энеолит пен ерте қола, дамыған және соңғы қола өнері деп екіге бөлініп қарастырылады. Осынау үлкен аймақтың жеке аудандарындағы өнер туындылары өзіндік ерекшеліктерімен ажыратылады. Қазіргі қолда бар археологиялық материалдар негізінде Солтүстік Еуропаның, Сібірдің, Орта Азияның және Кавказдың тұрғындарының өнері жайлы жеке-жеке айтуға болады. Қола дәуірі өнері туындылары ішінде ыдыстардың сыртындағы өрнектер ерекше орын алады. Қазіргі заман ғылымы осы өнер таңбаларының идеялық және бейнелік әлемінің дүниетанымдық мәнін аша алған жоқ. Сонымен қатар керамикалық өрнектер өнердің мәдени тегінің негізгі анықтаушысы белгісі болуы мүмкін. Әртүрлі мүсіндер өнер туындыларының ішінде елеулі орын алады. Олар түрлі көркемөнер нысанында қола дәуірінің барлық мәдениеттерінде кездеседі. Сонымен қатар металдан жасалған бұйымдарды көркемдеп безендіруге үлкен көңіл бөлінген. Өкінішке орай, сүйек пен ағаштан жасалған туындылар бізге жетпеген.

Полиметалл дәуірі өнеріне байланысты: қола ғасыры өнері дегеніміз не? Оны қандай деңгейдегі өнер деп есептеуге болады? деген тосын сұрақ туындайды. Мәселе, бір қарағанда, қарапайым болып көрінгендей емес. Мәселе ежелгі өнер

туындысына біздің қазіргі өнерге деген көзқараспен қарауымызда. Бірақ ежелгі замандағы өнердің орны қазіргі өнер рөліне қарағанда басқаша болды. Ол кезде өнер тіптен басқаша мағыналық сипатта, кейбір жағдайларда ақпараттық мазмұн атқарды. Мәселен, қазіргі өмірдегі жазу ісі немесе шартты белгілер сияқты. Сондықтан алғашқы қауымдық өнерге қатысты бұл термин шартты сипатқа ие.

Қола ғасыры өнері сол замандағы бақташылық пен егіншіліктің кең таралуымен қатысты қалыптасқан күрделі дәуірдің дүниетанымын сипаттады. Бұл дүниетанымның өзіне тән ерекшелігін өмір сүру көзінің, күннің, қоршаған ортаның адам әлеміндегі алатын орнын танып, білуге деген танымның планеталық сипатынан байқауға болады. Олар өздерін қоршаған ортаны, адамдар дүниесін меңгеруге деген талпынысын өздерінің өнер туындылары арқылы жеткізді. Өмірдің көзіне айналған астық дәні мен жануарлар оларға құдайдай көрінді. Табиғаттағы түсініксіз шырғаландар, өмір мен өлім идеясы олардың өнерінде орын алды.

Қола ғасыр көркем өнері дамуының мерзімдік жағынан екі кезеңіне көңіл аударсақ, онда ерте кезеңге тән төмендегідей ерекшеліктерді байқауға болады. Бүкіл орманды аймақ пен Қиыр Шығысты қамтыған солтүстік аудандарда тасқа салған суреттер мен ыдыс сыртын өрнектеу өнердің неолиттік дәстүрі әрі қарай дамығандығы байқалады. Өзінің стилі, жасалу техникасы мен сюжеті жағынан неолит пен қола ғасыры өнерінің арасындағы шекараны дәл басып айыру қиын. Бұл кезде шаруашылықтың өндіруші түрі таралған оңтүстік аудандарда едәуір өзгерістер болды. Өнерде болған елеулі өзгерістер қатарында күн белгісі, өсу идеясын беру, өсімдік өрнегі, иірім, табиғаттағы қайта жаңғыру мен жоғалу, өмір ағашы бейнелерін айтуға болады. Олар өлі және тірі табиғаттың, өсімдіктер дүниесі мен жануарлар әлемінің етене бірлігі, олардың дамуының кезектігін, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің тірі жанмен өзара байланысы, өмір мен өлім туралы терең толғақтан өткен көркем де шарты түсініктер. Осының бәрі ыдыстардың өрнегі мен петроглифтерде өзіндік көрініс тапқан. Өндіруші шаруашылық дамыған өңірлерде құдайға теңелген алуан түрлі мүсіндер таралды. Мұнда қызыл, қара және ақ бояуларды пайдаланған жаңа көркемдік әдіс пайда болады.

Далалық аймақтағы ежелгі өнердің ерекше түріне тас мүсіндер (балбал тастар) кіреді. Олардың ең көнелері мал өсіріп, егіншілік пен металл өндіру қалыптаса бастаған энеолит дәуіріне жатады. Б.з.д. III мыңжылдықтың соңы мен II мыңжылдықтың басындағы окунев мәдениеті кезіндегі ұсынтастар – солардың бірі. Бұл мәдениеттің өнер туындылары әрі күрделі, әрі қиял ғажайып келеді. Негізгі белгілерінің сәйкестігіне (көзінің, мұрнының және баскиімінің) қарай оларды үш топқа бөлуге болады. Бірінші топқа жататын бейнелер көп емес. Оларға тән ерекшелік бетке киілген маскаларында. Онда көздері екі дөңгелек түрінде белгіленіп, мұрындары белгіленбейді, көзінің жоғарғы немесе төменгі жағынан көлденең салынған сызықтары бар. Жоғарғы жағында күннің

шапағы тәріздес сызықтары болады. Мұрындары кейде екі нүкте түрінде беріледі. Кейбір бейнелерде үш көз бар.

Екінші топтың бейне тастары да көп емес. Олардың екі көзі үлкен, мұрны бедерлі келген жасанды беттен тұрады. Бұларда көлденең сызық пен басындағы күн шапағы секілді сызығы болмайды.

Үшінші окунев мәдениетіне етене тән және мол тараған топты күрделі бейнелер құрайды. Бұндай жасанды беттер адам жүзін формасы жағынан ғана елестетеді. Оларда аңдардың бас бейнесін елестетер кейбір элементтер әлсіз де болса кездесіп отырады. Бұл топтағы жасанды беттер көлденең сызықтармен үшке бөлінген. Басынан жоғары қарай бағытталған мүйізге немесе өніп келе жатқан бүршікке ұқсас құлақшалар шығып тұрады. Әдетте, адамның жүзіне ұқсас сопақ сызық шектелген жасанды бет көлденең сызықтармен үшке бөлінген. Жоғарғы бөліктегі үш шеңбердің екі шеткісі көзге ұқсайды. Қак маңдайда тағы бір шеңбер салынған. Маңдайдағы шеңберлер кейде екі қатар сызықтан, кейде нүктелерден түзілген доғадан тұрады. Олар күннің шыққан, сәскедегі және батар кезіндегі көрінісін бейнелейтін секілді. Мүсін тастардың барлығында бірдей кездесетін саярлық таңбалар олардың міндетті атрибуты іспеттес.

Қызыл бояумен орындалған күнбасты жалған беттер Енисей өңіріндегі жартастарда, Таулы Алтайдағы Каракөл зиратында кездеседі. Б.з.д. III ғасырға жататын Каракөл зиратын қазу кезінде басынан нұр шашып тұрған антропоморфты бейне тастар табылды. Жерлеулердің бірінен қызыл сырмен антропоморфты бейне салынған бес жалпақ тас шыққан.

Окуневтік баған тастардағы жалған беттер қосымша бейнелермен толықтырылған. Зерттеушілер оларды тәж немесе бас киім деп түсіндіреді. Тас мүсіндердің көпшілігінде жоғары қарай өсіп келе жатқан өсімдікті көз алдыңа елестететін сызықтар кездеседі. Бұл ұсын тастарды адам бейнесі деп айту қиын. Олар тек формасы жағынан ғана антропоморфты. Ал композициялық көрінісі жағынан жерді жарып, жоғары қарай өніп бара жатқан көшетті елестетеді. Күн құдайы бейнеленетін петроглифтер Еуразия даласында жиі кездеседі. Күн шапакты басты бейнелер таулы аймақтағы Саймалы-Тас киелі кеніші мен Қазақстандағы Тамғалы кешенінде де кездеседі. Окуневтік бағанастарда кездесетін бұқалардың бейнесі көз тартады. Әзербайжандағы Гобустан кешенінің суреттерінің ішінде бұқа бейнесі, Каракөлдің тақта тастарында мүйіздердің сызбасы орын алған. Мүйіздер Алдыңғы Азия жерінде рәсімдік белгі ретінде танымал. Бұғаулы бұқалар бейнесі Монғолия территориясынан табылған. Осының бәрі энеолит пен қола ғасыры тұрғындарының мифологиялық дүниетанымы мен ғұрыптық түсініктерінде бұқаның ерекше орын алғандығын білдіреді. Әйелдердің керамикалық мүсіндері энеолиттік егіншілік мәдениеттерінде (триполь, анау, намазга) ерекше орын алды. Трипольдық бейнелер мен анаулық мүсіндердің өзіндік ерекшеліктеріне

карамай олар мағыналық жағынан біртұтас екенін аңғаруға болады. Оларды ұрпақ таратушы ана құдай культіне табынумен байланысты деуге болады.

Б.з.д. II мыңжылдықтың орта тұсында өнерде, әсіресе, орманды және оңтүстік аймақтарда айтарлықтай өзгерістер болды. Ең бастысы ыдыстарды өрнектеудегі өзгерістерді айтуға болады. Орманды жолақта тарақ тәріздес штамп өрнегі тұрақты дамыды. Дәл осы кезде далалық аймақтарда ыдыстың сыртын геометриялық өрнектеу тәсілі кең орын алды.

Андрондықтардың ыдыстарды өрнектеу дәстүрі ерекше құбылыс болды. Нақты да әсем келетін геометриялық нақыштар өрнектеудің жетілген түрі деуге келеді. Ыдыстардың ернеулері әдетте, үзік сызықтармен қисық және түзу етіп салынған үшбұрыштармен, мойны көлденең жолақтармен, батырып салынған нақыштармен безендіріледі. Ыдыстардың иығы мен денесі үзік сызықтар мен үшбұрыштар кезектесіп салынған әсем өрнектермен көмкерілген. Тығыз да мол нақыштан құралған өрнектер тарақ тәріздес затпен батырып салынған. Өрнектердің әсем және дәл жасалғандары сондай, олардың қайдан басталып, қай жерде аяқталатынын анықтау қиын. Ыдыстардың сыртқы безендіру нақышы егіншілік пен өсімдік символикасымен ұштасатындығына дау жоқ. Ыдыстардың түбіне салынған свастикалық таңбалар да осыны растайды.

Қола ғасырының соңғы кезеңінде далалық аймақтар ыдыстарының сыртын өрнектеу қарапайым күйге ауысады. Меандралық өрнектер жойылып, өрнектерді бөліктерге бөлу азаяды. Бірақ батырып салынған үшбұрыш, ромба тәріздес өрнектер сол қалпында сақталған. Ұсақ мүсіндерді жасау қола дәуірінің соңында жан-жақты сипатқа ие болады. Олар – қоладан, мыстан құйылып, тастан қашалған, сүйек пен балшықтан жасалған антропоморфты және жануарлар мүсіндері. Қола заттарға бұғының, тауешкінің және басқа да аңдар мен құстардың басын, стильденген мүйіз, құлақ және көз салынған өрнектерден тұратын қолданбалы өнер қалыптасты. Тастағы таңбалар өнерінде үй жануарларының (Түйенің, бұқаның) бейнесі, соғыс арбаларының суреттері, жануарлардың балалау көріністері маңызды орын алды. Осындай сюжеттер Таңбалытаста, Саймалытаста, Алтай мен Енисейдің ескерткіштерінде көп кездеседі. Петроглифтерде жалған жүздер (маска) елеулі орын алды. Едәуір кейінгі дәуірлерде қарқынды дамыған аң стилі қола ғасырдың соңында пайда болған.

* * *

Мыс пен қола үстем болған үш мыңжылдықта адам баласы ілгерілеудің орасан жолынан өтті. Қоланың пайда болуы өмірдің жаңа қатынасына өтуге негіз болды. Қолдан қорытып жасалған құралдар мен қарулардың түрі артты. Жаңа да сапалы құралдар қола дәуірі шаруашылығының дамуына жаңа тыныс берді. Игерілген тың жерлердің аумағы артты. Жер жырту техникасы жетілді. Мал санын көбейту далалақ жерлерді игеріп, біртіндеп малшылықтың жартылай

көшпелі және көшпелі түрлері қалыптасты. Мал шаруашылығы бүкіл аймақтарға таралды.

Қола дәуірі тұрғындарының қозғалысы артып, айырбастың өрісі кеңейді. Тұрғындардың өзара байланыс аясы ұлғайды. Айырбас, әсіресе, металл айырбасы кең қанат жайды. Кавказ бен Қазақстанның қоласы батыс пен шығыстан табылған. Кен өндірген жерлерде кеншілер мен қолөнері шеберлерінің маманданған қоныстары пайда болды. Соңғы жылдардағы зерттеу нәтижелері Қазақстанда өндірілген қалайының Батыс Еуропаға дейін апарылғандығын көрсетті.

Тұрмыстың жақсаруы тұрғындар санының артуына ықпал жасады. Өндіріске жаңа күштердің келуі алғашқы қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуын жылдамдатты. Рулар ішінде шағын жанұялардың оқшаулануы аяқ алды. Үлкен ұжымдардың орнында ұсақ топтар көбейді. Қоғамның әлеуметтік жүйесі күрделіленіп, тайпалық ақ сүйектер оқшауланды. Осындай теңсіздіктердің орын алғанын жерлеу ескерткіштерінің құрылысы мен онда қойылған заттарының арақатынасынан көреміз.

Тайпаның іші мен тайпалар арасында мүлік теңсіздігі пайда болды. Байыған көршілердің жері, жайлауын кеңейтуге деген құлшынысы рулар арасындағы өзара қақтығысқа әкелді. Осыдан барып мекендердің сыртынан қорғаныс құрылыстарын салу жаппай орын алды.

Әлеуметтік теңсіздіктің қалыптасуы таптардың туындап, оның ең кедейленген өкілдері құлдар мен оларды қанаушы құлиеленушілердің қатынасын реттеуші жүйе – мемлекеттің алғашқы үлгілерінің нышаны қола дәуірінің өзінде құрыла бастады. Еуразия құрлығында Орта Азия мен Кавказдың тұрғындары қола дәуірдің өзінде таптық қоғам табалдырығына аяқ басты.

Бірақ іргелілеу қатынасы барлық жерлерде бірдей болған жоқ. Өндіруші күштің дамуына тежеуші болған бірсыпыра заңдылықтар болды. Осындай тежеуші себепті металл қорының тапшылығына байланысты бірталай аудандардағы шаруашылықтардың тұтынушылық сипатта қалуымен байланыстыруға болады. Осы себептер құрлықтың үлкен аумағында орын алды. Түсті металл тапшылығына байланысты қалыптасқан жағдайды қалпына келтіру темірдің игерілуімен жүзеге асты.

Әдебиеттер

Вадецкая Э.Б. Древние идиолы Енисея. – Л., 1967.

Джафарзаде И.М. Гобустан. – Баку. 1973.

Кадырбаев М.К., Марияшев А.Н. Наскальные изображения хребта Каратау. – Алма-Ата, 1977.

Кубарев В.Д. Древние росписи Каракола. – Новосибирск, 1988.

Новгородова Э.А. Мир петроглифов Монголии. – М., 1984.

Самашев З.С. Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. – Алма-Ата, 1992.

Формозов А.А. Наскальные изображения и их изучения. – М., 1987.

Формозов А.А. Памятники первобытного искусства на территории СССР. – М., 1980.

Шер Я.А. Петроглифы Средней и Центральной Азии. – М., 1980.

Ү ш і н ш і т а р а у

ТЕМІР ҒАСЫРЫ

Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның ерте темір ғасыры

Бірінші мың жылдықтың басында адамдар темірден еңбек құралдарын жасай бастады. Қоладан металлдың жаңа түріне ауысу екі-үш жүз жылдықты қамтыды. Металды игеру барлық жерлерде бірдей, бір мезгілде жүзеге асқан жоқ. Кейбір халықтар темірді б.з.д. X ғасырда пайдалана бастаса, басқаларының қолы темірге б.з.д. VII – V ғасырларда ғана жетті. Шығыс Еуразия кеңістігін (Оңтүстік Ресейді, Украинаны, Кавказды, Орта Азия мен Қазақстанды, Сібір, Алтай және Қиыр Шығысты) мекендеген халықтар темірді б.з.д. VIII – VII ғасырларда толық меңгерді. Темір адамдарға едәуір ертерек уақытта да белгілі болған. Жекелеген халықтар оны б.з.д. екінші, тіпті, үшінші мыңжылдықтың өзінде білген. Алғаш темірмен Египет пен Месопотамияның тұрғындары таныс болды. Бірақ темірді алудың әдістері игерілмегендіктен одан тек әшекей бұйымдарын ғана жасай алды. Темір жер бетінде мыс немесе алтын секілді кесек күйінде кездеспейтіндіктен алғашқыда ежелгі адамдар метеориттік, таза темірді қолданса керек. Жер бетінде темір мыспен салыстырғанда көп болғанымен оны рудадан бөліп алу жолы белгісіз болды. Темірді игермес бұрын адамдар түсті металдарды балқытуды меңгеруі тиіс еді. Мысты балқыту үшін аса жоғары температура қажет емес. Ол 1100 градуста балқиды, ал темірді рудадан балқыту арқылы бөліп алу үшін қызуды 1530 градусқа көтеру қажет. Ондай жоғары температура алу арнайы пеште (домна) ғана іске асады. Сондықтан темір өндіру кәсібі ежелгі ұсталарды өндірісте сапалық өзгерістерге қадам басуына итермеледі.

Темірден еңбек құралдарын жасауды игеру материалдық өндірісте болған үлкен төңкеріске алып келді. Темір адамдардың өндіру мүмкіндігін кеңейтті. Түрен, соқа, үлкен және кіші орақтардың пайда болуы егіншіліктің кеңеюіне ықпал етті. Темір құралдардың таралуының былғары, сүйек, ағаш және түсті металл өңдеу секілді кәсіптердің де дамуына әсері тиді. Темірден семсер, қанжар жебенің ұштары секілді әрі өткір, әрі қатты сапалы қарулар жасалды. Темірдің өндіріске тереңдеп енуі әлеуметтік тұрмыс пен қоғамдық қатынастарға да айтарлықтай ықпал етті. Темір өңдеудің қиындығымен арнайы маманданған адамдарды қажет етуі, қолөнерінің жеке кәсіпке айналып, айырбастың дамуына, мүлік теңсіздігінің қорланып, алғашқы қауымдық қоғамның ыдырауының жеделдеуіне ықпал жасады. Сондай-ақ темірдің таралуы материалдық өндірістің өсіп, қоғамдық қатынастар мен идеологияға елеулі әсерін тигізді.

Еуразия даласында көшпелі қоғамның қалыптасуы да «темір ғасырымен» тұспа-тұс келеді. Сондықтан б.з.д. VIII-VII ғасырлардан орта ғасырға (б.з. V ғ.) дейінгі аралықты «ерте көшпенділер дәуірі» деп те атайды. Бұл кезең – қоғамдық-экономикалық қатынастардың түбегейлі өзгеріске ұшырауы мен қатар тайпалық одақтардың этникалық тұтастануы қарқынды жүрген уақыт.

Б.з.д. 1-мыңжылдықпен біздің заманыздың басында Украинадан басталып Еділ өңірін, Жайық арқылы Қазақстан мен Оңтүстік Сібірге дейінгі аймақта шартты түрде **Скиф-Сібір** әлемі (Ресей ғалымдарының көзқарасы бойынша) деп аталған археологиялық мәдениет қалыптасты. Өз мәдениетінің

ескерткіштерін қалдырған кейбір тайпалардың бір қатарының аттары бізге жазба деректер бойынша жеткен – скифтер, сақтар, сарматтар, ғұндар; енді бір қатарының аттары белгісіз, олар заттай және рухани мәдениетінің ескерткіштерін ғана қалтырған. Осы ұлан-ғайыр жердің археологиялық заттарының басым көпшілігі бір-біріне өте ұқсас. Оны жебенің қоладан жасалған ұштарынан, қанжарларынан, тұрмыстық заттары мен әшекей бұйымдарының біртектестігінен байқаймыз. Бұндай ұқсастықтың негізгі себебі бар. Оны осы аймаққа жаппай тараған малшылық пен кетпенді егіншіліктің жалпыға бірдей ортақтығынан көреміз. Олардың материалдық мәдениеті ғана жақын емес, сонымен қатар жергілікті Еуропа тектес нәсілдер мен үнді-ирандық нәсілдердің қосындысынан тұратын этникалық тегі де бір еді. Ерте темір ғасырының ежелгі халықтары мен тайпаларының мәдени жетістіктері көршілес Грекия, Рим, Парсы, Қытай секілді алдыңғы қатарлы дамыған елдермен өзара тығыз мәдени байланыста қалыптасып дамыды.

Осынау үлкен жерді мекендеген шаруашылығы мен өнері, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі жағынан өзара туысқан тайпалар бірлестіктері антикалық авторлардың жазбаларында скифтер деп жинақтаушы атпен аталған. Соның ішінде Орта Азия мен Сібір жерлеріндегі тайпаларды азиялық скифтер деп көрсеткен. Ал оның құрамында массагеттер, исседондар, аримаспылар, агрипейлер, дахтар, т.б. көптеген тайпалар болғаны да айтылады. Ал Ахеменид әулетінің патшаларының бірі I Даридің бұйыруымен Бехистун жартасына қашап жазылған жазуда Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген тайпаларды (скифтерді) сақтар деп атаған. Бұл жайында б.з. алғашқы ғасырында өмір сүрген ежелгі Рим оқымыстысы Плиней (әкесі): «Яксарттың арғы бетінде скиф тайпалары өмір сүреді, парсылар оларды сақтар деп атайды ... скиф халқының санында шек жоқ ... олардың ішіндегі әйгілілері сақтар, массагеттер, дайлар, исседондар ... аримаспылар», - деп жазған.

Б.з.д. 1-мыңжылдықтың екінші жартысында далалы аймақтарды мекендеген тайпалар алғашқы қауымдық қоғамның ыдырап, соғыстың күшейген жағдайында ру-тайпалардың әскери-саяси одаққа біріккен күрделі дәуірін басынан өткізді.

Еуроазия даласындағы скифтер мен сақтардан қалған археологиялық ескерткіштерде екі ғасырға жуық уақыт аралығында жүргізіліп келе жатқан зерттеу жұмыстары ғылым үшін мол мәлімет берді. Сол мәліметтерді хронологиялық және территориялық жағынан топтастыра отырып, Батыста Қырым мен Қара теңіз жағалауларынан бастап, Шығыста Алтай мен Оңтүстік Сібірге дейінгі ұлан-байтақ жерді қамтыған ұлы мәдениетінің үш орталығы болған деп айтуға болады: **алғашқысы - Сібір мен Алтай жері; сосын Қазақстан территориясы мен Орта Азия; соңғысы – Кавказ, Қырым мен Қара теңіздің солтүстік жағалаулары;**

Заттай деректер мен жерлеу ескерткіштерін бір-бірімен салыстыра отырып зерттеу нәтижелері скиф-сақ мәдениетінің ол баста Шығыста қалыптасып

біртіндеп Батысқа қарай ауысқандығын көрсетеді. Скиф-сақ әлемінің археологиялық тұрғыдан жақсы зерттелген жерлеу ескерткіштері мен оларға қойылған заттай деректердің уақыттық өлшемі Таулы Алтай, Оңтүстік Сібір мен Шығыс және Орталық Қазақстан жерінде б.з.д. VIII – VII ғасырларға мерзімделсе, Қырым мен Қара теңіздің солтүстік жағалауларында б.з.д. V-III ғасырларға жатады. Осы көрініс ерте темір ғасырындағы көшпелі және жартылай көшпелі тайпалар мәдениетінің темір қазығы Шығыста қалыптасып, уақыт өте Батысқа қарай дамыған деген тұжырым жасауға негіз береді.

Таулы Алтай мен Оңтүстік Сібірдің сақ тайпалары

Сібірдің темір ғасыры Тағар мәдениетінен басталады. Ол өз атауын Енесайдағы осы аттас аралдан алған. Осы мәдениетке жататын сақ қорғандардың бірін алғаш 1722 ж. I – Сібір экспедициясының мүшелері қазған. XIX ғ. соңынан Тағар мәдениетінің көптеген ескерткіштерін А.В.Адрианов зерттеді. Қазан төңкерісіне дейін 100-ден астам қорғандар қазылған. Тағарлықтардың жерлеу ескерткіштерімен қатар кен алған орындары, суғару жүйелерінің қалдықтары да жақсы зерттелген. Ғылымға тағарлықтардың екі туысқан мәдениеті белгілі. 1. Далалы аймақтардағы Тағар мәдениеті: Байнов (б.з.д. VII - VI ғ.), Подгорнов (б.з.д. VI – V ғ.), Сарағаш (б.з.д. IV - III ғ.) кезеңдерінен тұрады. 2. Орманды аймақтардағы Тағар мәдениеті: Большепичугин (б.з.д. VI – V ғ.), Тисуль (б.з.д. V – IV ғ.), Назаров (б.з.д. III ғ.) кезеңдерінен тұрады.

Тағарлықтардың жерлеу орындары үйіндінің астында орналасқан жалпақ тастардан немесе қима бөренелерден жасалған қабірлер түрінде. Бір обаның астында бірнеше ондықтардан тұратын қабірлерде кездеседі. Оларды рулық жерлеу камералары деп атайды. Жерленген кісілердің қасынан сабының басында дөңгелек тесігі бар пышақтар, Сақтардыкіне ұқсас қанжарлар, күміс тескіштер, ұшып бара жатқан бұғылар бейнеленген қола айналар, т.б. әшекей бұйымдары табылады. Жеке тұрған үлкен обалар мәдениеттің соңғы кезеңінде пайда болады. Олардың астында болатын жалғыз қабірлерге өлген кісі өртеліп күлі қойылған.

Негізгі шаруашылығы – егіншілік пен мал өсіру. Оны қабірлерден жиі кездесетін қола орақ, кельт-кетпен секілді еңбек құралдары мен тары, арпа секілді дақылдардың дәндері растайтын. Егіншіліктің болғаны жайлы су шығарған арықтардың іздері Тағарлықтардың жырtpалы егіншілікті игергендігі туралы да белгі береді. Шаруашылықта мал өсіру де өзіндік маңызға ие болған. Қабірлердің барлығынан кездесетін қой, сиыр, жылқылардың сүйектері, қоладан жасалған ілмешектермен безендірілген ат әбзелдері мал шаруашылығы жайынан хабар береді. Шестаковск қалашығының маңындағы жартасқа салынған сызбалардың сипаты тағарлықтардың отырықшы тіршілік кешкендігін сездіреді. Онда шатыры төрт қырлы етіп жабылған, ішінде дөңгелек ошағы бар ағаштан салынған үйлер бейнеленген. Тағарлықтардың жүзге жуық

мекенжайлары белгілі. Бірақ олар қажетті деңгейде зерттелмеген. Дегенмен, уақытша және тұрақты мекендердің болғаны анықталған. Қоныстардағы үй жайлары жартылай жертөле және жердің бетіне салынған үйлер түрінде кездеседі.

Тағарлықтарда ыдыс жасау кәсібі жеткілікті дамығанымен қолөнері деңгейіне жетпеген. Құмыра жасау кәсібінің жоғары деңгейін білдіретін құмыра жасайтын шарық қондырғысы өте сирек кездеседі. Ыдыстың жаңа түрі күпшіндер пайда болған. Тері илеу, былғары өңдеу, сүйекті кесу жақсы дамыды, жіп иірудің көрсеткіші саналатын мал жүнінен жасалған маталар жиі табылады. Қаруды еркектер мен қатар әйелдердің де жерлеулеріне қойған. Мәдениеттің соңғы кезеңінде қарулар мен құралдардың орнына қоладан, темірден арнайы жерлеу үшін жасалған олардың көшірмелері қойылатын болған. Жерленген марқұмның түр-түсін айнытпай қайталайтын балшық бетперделер (маскалар) осы кезеңде пайда болады. Гипс тәріздес теракота бетперделер (маскалар) кейінгі тағар мәдениетінде кең таралды. Мәдениеттің соңғы кезеңінде таптардың қалыптасу үрдісі байқалады. Дегенмен, жерлеу ғұрпында мүлік теңсіздігін білдіретін белгілері көп байқалмайды.

Өздерінің физикалық түрі жағынан тағарлықтар еуропаидтық нәсіл өкілдері афанасевтіктердің жақын ұрпағы саналады. Б.з.д. IV-III ғасырларға жататын тағарлық обалардың астында жүздеген қарулы еркектер бірге жерленген үлкен қабірлерді көреміз. Бұл көрініс тайпалардың арасындағы жер үшін болған қарулы қақтығыстардың жиілегенін білдіреді. Сонымен қатар патшалардың алып обалары да жиі кездеседі. Солардың бірі – б.з.д. IV-III ғасырлардағы Салбық обасы. Оның биіктігі 11 м, көлденең ені 500 м, онда қарт-көсем (патша) алдын ала өлтірілген құлдарымен бірге жерленген. Сол заманның өзінде тонауға ұшыраған обаның астынан үлкен жұмыр тастардан жасалған алып құрылыс шықты. Оба астындағы тас қоршаудың өлшемі 70х70 м, биіктігі 6 метрге дейін жетеді. Қоршауға қойылған кейбір жалпақ тастар 75 шақырым жердегі Енесайдың жағасынан әкелінген. Тас диірменнен басқа жерлеу заттары жоғалған. Дегенмен, обаның алып өлшемі мен жерлеу ғұрпының салтанаттығы Салбық обасын патшаныкі деуге негіз болған.

Аржан және Пазырық обалары

Ерте темір ғасырының жерлеу ескерткіштері Таулы Алтай мен Сібір жерінде өте көп орналасқан. Олар Пазырық шатқалы, Башадар және Туэқты өлкелері, Укок пен Қосағаш тау жотасында, Қаракөл және Урсул өзендерінің алқабында, т.б. жерлерде шоғырланған. Осындай обалар Қазақстан жерінде, моңғолдық Алтайда, Қытайдың Синьцзян Ұйғыр автономиясында бар.

Оңтүстік Сібірге қарайтын Тува жеріндегі қорғандар мен жер қабірлер, *бұғы тас* деп аталатын ғұрыптық және салттық құрылыстар, тасқа салынған суреттер сақ дәуіріне жатады. Ескерткіштер алуан түрлі. Тек обалы құрылыстардың өзінің: үстіне жай топырақ және тас үйіліп, сыртынан шеңбер қоршаған,

тікбұрышты қоршаулары бар, дүниенің төрт тарапына қарай кететін сұрлеуі мен тас бағандары бар обалар болып бірнеше түрге бөлінеді.

Б.з.д. VII – III ғасырларда тұрғызылған бұғы тастарда марал, қабан, жылқы секілді жануарлар мен қатар қанжар, семсер, жебелер, дөңгелек және төрт бұрыш келген таңбалар ойылып салынған. Зерттеушілердің көпшілігінің пікірі бойынша, бұғы тастар өлген кісінің басына қойылатын ескерткіш.

Туваның негізгі археологиялық ескерткіштері – Сағлы-Бажы, Қызылған, Усть-Хемчик, Ұйық секілді обалы жерлеу кешендері. Туваның скиф заманына жататын мәдениетерін әр ғалым әртүрлі: қызылғандық, ұйықтық, сағылық деп атайды. Қазіргі кезде Аржан обасымен замандас алдыбел кезеңі жеке қарастырылып жүр. Алдыбелдік жерлеулер үстіне тас үйіліп шет жағынан үлкен тастармен қосымша нығайтылған жұп обалардан тұрады. Онда жерді қазып, тігінен қойылған жалпақ тастардан жасалған жәшіктерге мәйітті аяғын бүгіп бір жамбасымен жатқызған.

Тувалық сақтардың соңғы кезде зерттелген үлкен ескерткіштерінің бірі – б.з.д. VIII – VI ғасырларға жататын Аржан обасы. Ескерткішті 20-ғасырдың 70-жылдары М. Грязнов пен М. Манай-ооло зерттеген болатын. Баға жетпес мәлімет берген обаның диаметрі 120 м, биіктігі 4 м. Үлкен тас үйіндісінің астында жуандығы 40 – 50 см тау қарағайларынан салынған күрделі қима қабірлер кешені орналасқан. Қорғанның қақ ортасындағы қимаға тайпа көсемі мен оның жұбайы, күтушілері және аттары жерленген. Оны айнала бөренелерден дөңгелете салынған 70-тен астам қималардың үшеуіне еркектер жерленген.

Барлығы 17 адам мен 160-тан астам жылқы көмілген. Патша жатқан және бірсыпыра қималардың еденіне бұлғындардың терілері төселген. Ал патшаның қимасының төсенішінің астынан жайылған 15-тен-20 ға дейінгі жылқының құйрығы табылды. Өкінішке орай, Аржан қорғаны да сол заманның өзінде тоналған. Сондықтан құнды заттар аз, солай бола тұрса да жерлеу заттарының қалдықтары (қару-жарақтар, атәбзелдері, маталар) ол баста қабірге қойылған алтын заттар мен қымбат бұйымдардың мол болғандығын білдіреді. Қоладан және күмістен жасалған атәбзелдерінің өрнектері жақсы сақталған. Қазба кезінде алынған мәліметтер скифтік мәдени кешеннің бастауы Орталық Азиядан басталатынын көрсетеді. Аржанның мерзімделуі қимадағы бөренелерге жасалған дендрохронологиялық анализ бойынша анықталған мерзімі – б.з.д. IX ғасырдың соңы мен VIII ғасыр. Аржан – осы күнге дейін зерттелген скиф ескерткіштерінің ең ежелгісі.

2000 жылдан бастап Германияның Археология институты мен Ресей Мемлекеттік Эрмитажының біріккен экспедициясы Аржан 2 обасын зерттей бастады. Обаның диаметрі 80 м, биіктігі 2 м. Бұл Аржанға ұқсас күрделі ғұрыптық жерлеу кешені алғашқысындай бөренелерден емес тастан тұрғызылған. Бірнеше дүркін тонаудың және шаруашылық құрылыстарына тас

алудың салдарынан ескерткіш қатты бүлінген. Орталық жерлеудің айналасында бірнеше салт жУралғы құрылыстары қазылды. Олардан сақталған күлдер, ірі және ұсақ малдардың шала жанған сүйек қалдықтары мен көмірлері шықты. Оның өзінде малдарды сыртта өртеп, жанған қалдықтарын әкеліп қабірге сепкен.

Қатты бүлінгеніне қарамай ескерткіш тоналмаған болып шықты. 2001 жылы жоғары тап өкілдеріне жататын әйел мен еркек жерленген қабір қазылды. Тоналмаған осы жерлеуден басым көпшілігін скиф-сібір аң нақышына жататын алтын бұйымдар құрайтын заттардың үлкен тобы шыққан. Сонымен қатар оба астына 14 жылқы мен қару-жарақ, атәбзелдерінен тұратын көмбе қойылыпты. Патша қабірінен басқа бірқора еркек пен әйел, балалардың жерлеулері де ашылды. Бір қызығы еркектердің жерлеулері обаның шығыс, әйелдер мен балалардыкі батыс шетіне шоғырланған. Скиф дәуірінен мол мағлұмат беретін бұлардан басқа да көп заттар мен жерлеу құрылыстары аршылды. Қазба заттарын саралап келіп зертеушілер Аржан 2 обасын б.з.д. VII ғасырмен мерзімдейді.

Б.з.д. VIII-VII ғасырларда Қытайдан Дунайға дейінгі аралықта қалыптасқан скиф-сібірлік қауымдастығы құрамындағы әр тектес тайпалар өзара ортақ көшпелі бақташылықтың негізінде бір-бірімен етене араласып, біртұтас мәдениет құрды. Олардың баспаналары көпшілік жағдайда жеңіл жиылатын шатырлар және арба үстіне құрылған үйлер түрінде болды. Әйткенмен үлкен обалардың астына алып тастар мен бөренелерден тұрғызылған салтанатты жерлеу құрылыстары сақтарда ағаштан салынған үйлердің болғандығын байқатады. Киімдері малдың жүні мен терісінен жасалған көшпелі тіршілікке қолайлы. Негізгі азығы мал өнімдері: ет, сүт және сүттен жасалатын тағамдар. Таулы Алтайда темірді игеру ісі б.з.д. VI ғасырда басталады.

Сақ патшаларының тамаша жерлеулері алғаш Алтай тауында зерттелді. Пазырық патша обалары (б.з.д. VI – III ғғ.) үлкен тас үйінділердің астынан терең етіп қазылған алып шұңқырға бөренелерден екі қатар етіп жасалған жерлеу қималарынан тұрады. Олардың үсті де бөренелермен жабылған. Жоғарғы жағына үйілген ірі тастардың арасынан кірген жаңбыр және қар сулары қыс кезінде қатып, мәңгілік тоң қалыптасу салдарынан оның ішіне жерленген кісі мен бірге қойылған заттар бізге дейін бүлінбей жеткен. Бұндай құбылыс барлық обаларда бірдей кездеспейді, тек үлкен «патша» обалары және теңіз деңгейінен 2500-2700 м биіктікте орналасқан обаларда ғана. Пазырық мәдениетінің обаларын тұрғызушылар қалай өмір сүргені жайлы да материалдар жеткілікті. Олар дамудың жоғары деңгейіне жеткен және шаруашылық түрі жағынан Жетісудың сақтарымен жақын малшылар болған.

Таулы Алтайдың обаларынан алыс елдерден әкелінген бай мүліктер табылған. Солардың қатарына оқалы қалпақ киген абыз бейнеленген ахеменидтік Иран дәуірінің матасы, қабыланның терісінен жасалған бұйымдар, кориандра дәні мен Үнді мұхитының жағалауынан әкелінген каура

кабыршықтары жатады. Жерленген кісінің бай да атақты болғандығын Укок өңірінен Н.В. Полосьмак тапқан тұтасымен бальзамдалған әйел мүрдесін білдіреді. Атақты жас әйелдің киімін қалпына келтіру мүмкіндігі болды.

Қабірдің шамадан тыс көлемі мен ішіне қойылған асыл бұйымдар, қымбат терілер мен маталар әшекей бұйымдары, қатар жерленген асыл тұқымды сәйгүлік аттар мұнда жерленген кісінің ірі тайпаны немесе тайпалық одақты басқарған көсем болғанын көрсетеді.

Екінші пазырық обасына жерленген көсемнің Қабірі ерекше. қабір иесінің жағына қара түспен боялған сақал байланған. Денесін толығымен жапқан татуировкада грифонның, құланның, тауешкісінің, бұғы мен құстардың бейнелері салынған. Қорғаннан табылған өнер туындылары Алтай сақтарының басқа туысқан мәдениеттермен тығыз байланыста болғанын көрсетеді. Осы мәселеде аңдар (бұғы, қарақұйрық, арыстан, жолбарыс, қабан) мен құстарға (аққу, қаз, әсіресе, жыртқыш құстар) басты орын берілген. Өмірде кезеспейтін, аңдар мен құстардың дене мүшелерінің қосындысынан тұратын мифтік тіршілік иелері сақтардың аң стилінде негізгі орын алады. Жиі қайталанатын осындай қиял ғажайып бейнелердің бірі – денесі арыстанның немесе жолбарыстікі, қанаты мен басы құстікі болып келетін грифон жиі қайталаынады. Бұдан басқа бейнелердің арасында шығыс стиліндегі сфинкс кездеседі.

Бесінші пазырық обасынан табылған екі керемет кілем ерекше айтуға тұрарлық. Киізден жасалған біріншісі өзінің үлкен көлемімен (6,5 x 4,5 м.) таңғалдырады. Екіншісі (2 x 2 м.) – түрлі түсті түкті кілемдердің ең ежелгісі. Бұлардың екеуі де ахемендік Иранның өнер туындысы. Мәңгілік тоңға негізделіп салынған қабірлерге қойылған еңбек құралдарымен әшекей бұйымдары, тұрмыстық заттар өте жақсы сақталған. Сақтардың “аң стилінің” нақышы жағынан Ежелгі Шығыс өнерімен жақындығы мен қабірлерден табылған Қытай жібегінің қалдығы, Иран кілемдері алтайлықтардың жақын және алыс елдермен сауда-мәдени байланысының болғандығын білдіреді. Осыған қарамай қабірде қалыптасқан мұздықтың арқасында бізге жеткен өзіндік нақышы айқын байқалатын өнер туындылары сақ мәдениетінің жергілікті төл өнер негізінде қалыптасқандығының куәсі.

Таулы Алтайдың обаларының бірінен табылған төрт дөңгелекті арбамен дүниеден өткен көсемнің денесін салынған табытты жерлеуге әкелген деп есептелінеді. Арбаның қозғалмайтын бөлігі жеңіл ағаштардан жасалған. Дөңгелектері үлкен, арасы айқасқан тістермен тоқылған, үсті жабық. Қажет жағдайда бөлшектеуге ыңғайлы. Төрт дөңгелегін алғанда ыңғайлы зембілге айналады.

Алтай даласында ру-тайпа көсемдерінің алып обаларымен қатар қарапайым қауым мүшелерінің обалары да зерттелген. Әдетте, оларда құрал-жабдықтар (қола пышақтар, қанжарлар, қапсырмалар, айналар т.б.) аз кездеседі.

МЕРЗІМДЕЛУ

Б.з.д. VIII – VII ғасырлар Шығыс Еуропа мен Орта Азияның халықтары темірді меңгеруі.

Б.з.д. VIII – VI ғасырлар - Аржан обасы.

Б.з.д. VII - III ғасырлар - Тағар мәдениеті

Б.з.д. VII - б.з.д. III ғасырлар - Далалы аймақтардағы Тағар мәдениеті

Б.з.д. VI - б.з.д. III ғасырлар - Орманды аймақтардағы Тағар мәдениеті

Б.з.д. VII-II ғасырлар - Ананин және дьяков мәдениеттері.

Б.з.д. V-II ғасырлар - Пазырық мәдениеті.

Әдебиеттер

Грязнов М.П. Аржан. Царский курган раннескифского времени. – Л., 1980.

Кызыласов Л.Р. Древняя Тува (от палеолита до IX в.). – М., 1979.

Мартынов А.И. Лесостепная тагарская культура. – Новосибирск, 1979.

Полосьмак Н.В. Стрегающие золото грифы. – Новосибирск, 1994.

Руденко С.И. Культура населения Горного Алтая в скифское время. – М., Л., 1953.

Савинов Д.Г. Оленные камни в культуре кочевников Евразии. – СПб., 1994.

Членова Н.Л. Происхождение и ранняя история племен тагарской культуры. – М., 1967.

Мыльников В.П., Парцингер Г., Наглер А. Элитное погребальное сооружение из дерева в Туве//Проблемы археологии, этнографии, антропологии Сибири и сопредельных территорий. – Новосибирск, 2002.

Қазақстанның ерте көшпелі тайпалары

Қазақстан жері б.з.д. VIII – VI ғасырларда сақ-скиф әлемінің негізгі орталықтарының біріне айналды. Ғылымда қалыптасқан көзқарас бойынша Парсы деректерінде айтылатын **тиграхауда-сақтары** немесе антикалық жазбалардағы **ортокарибант-скифтері** Жетісу өңірін мекендеді. Бұл атаулардың екеуі де «шошақ қалпақтылар» деген мағына береді. Арал маңын мекен еткен көшпелі тайпаларды гректер **массагеттер** және **дайлар**, парсы деректері **хаомаварга-сақтары** деп береді. Орталық Қазақстанның далалық аймағын **исседондар** мен **аргиппейлер** жайлады. Осы тайпалардың қалдырған ескерткіштері археологияда «Тасмола мәдениеті» деген атпен белгілі. Шығыс Қазақстанның асыл металдардың қорына бай аудандарын **аримасплер** мен **алтын қорыған самұрық** тайпалары, Батыс Қазақстан жерін алғаш **савраматтар**, кейін **сарматтар** мекендеді.

Осы аталған тайпалардың одағы сол дәуірдегі Орта Азияның саяси тарихына тікелей қатысты. Б.з.д. VI ғ. ахеменидтік Иранның патшасы Кир өзінің шығыс шекарасын кеңейтіп, патшалықтың үстемдігін нығайту мақсатымен Арал маңын мекендеген көшпелі тайпаларға қарсы жорыққа шықты. Сол жорық жайлы гректің екі бірдей тарихшысы Геродот пен Ктесий Книдский жазып қалдырған. Б.з.д. 529 ж. Сырдарияның бойында болған ұрыста Томирис (Тұмар) ханша бастаған массагет әскерлері парсыларды талқандап, Кирдің басын шауып Сырдарияға тастаған. Дегенмен, Кирдің баласы Дари I-ге Қазақстанның

Оңтүстігін мекендеген сақ тайпаларының бір бөлігін уақытша бағындыру сәті түссе керек. Өйткені кейбір жазба деректерде сақтардың атты құрамаларының Даридің әскерімен бірге Мысыр мен Грекияға қарсы соғысқаны жайлы айтылады.

Сақ тайпаларының материалдық мәдениеті, шаруашылығы мен тұрмыс тіршілігі, әлеуметтік құрылымы жайлы жазба деректер көп ештеңе айтпайды. Осындай мәліметтерді олардың археологиялық ескерткіштерін зерттеу арқылы ғана аламыз. Сақ тайпаларының материалдық мәдениеті жерлеу ескерткіштері материалдары негізінде зерттелген. Олар – Жетісуда: Қарашоқы, Қарғалы 1 (б.з.д. VIII-VII ғ.); Жуантөбе 1, Қадырбай 3 (б.з.д. VII-VI және IV-III ғ.); Бесшатыр және Есік (б.з.д. V – IV ғ.) т.т.; Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал маңында Түгіскен мен Ұйғарақ (б.з.д. VII-V ғ.); Шығыс Қазақстанда Шілікті (б.з.д. VIII-VI ғ.); Берел (б.з.д. V-IV ғ.); Орталық Қазақстанда Тасмола (б.з.д. VII-III ғ.) қорымдары.

Жетісу сақ мәдениетінің үлкен орталықтарының бірі болғанын Бесшатыр мен Есік қорымында жүргізілген археологиялық зерттеулер қорытындысы анық көрсетеді. Осы ескерткіштерде 50-70-жылдары аралығында зерттеу жүргізген Жетісу археологиялық экспедициясы (жет. К.А. Ақышев) ғылым үшін аса маңызды материалдар жинады. Алматыға жақын жердегі Желшалғыр тауының етегінде, Іле өзенінің оң жағалауында орналасқан Бесшатыр қорымы 31 обадан тұрады. Олардың 21-і тас, қалғандары қиыршық тас пен топырақ араласқан үйінділерден түзілген. Үйінділерінің өлшеміне қарай қорым үлкен, орташа және кіші обалар болып үшке бөлінген. Үлкен обалардың көлденең өлшемі 45 – 105 м, биіктігі 6 – 17 м; орташаларының көлденең өлшемі 25 – 38 м, биіктігі 5 – 6 м; кішкенелері 6 – 18 м, 0,8 – 2 м.

Ежелгі заманның өзінде көпшілігі тоналған қорымның әрбір обасы үлкен тарихи құндылық болып табылады. Зерттеу қорытындылары сақ қоғамының сол кездегі даму деңгейі, құрылыс салу дәстүрінің жетістіктері жайлы үлкен мағұлмат берді. Үйінді, оның астындағы бөренелер мен қамыстан тұрғызылған жерлеу үйі, тас қабырғалар мен қоршаулар, жерасты жолдарынан, кейбіреулері айнала қоршай орналасқан меңгірлер топтарынан тұратын үлкен обалар біртұтас сәулеткерлік құрылыс болып табылады.

Сақ мәдени қауымдастығының шаруашылық-экономикалық, мәдени-әлеуметтік даму деңгейін зерттеуде аса маңызды мәліметтер берген Есік обасында жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесі болды. Мұнда көлденең өлшемі 60 м, биіктігі 6 м обаның астында орналасқан екі жерлеу қабірі анықталды. Үйіндінің қақ орта тұсында болған жерлеу қабірі толығымен тоналған. Оның оңтүстік шетінде 15 м жердегі екінші жерлеу толығымен аман сақталған. Тау қарағайынан жасалған қима тағанның ішіне жерленген бекзаданың алтынмен апталған киімі мен онымен бірге қойылған заттар, қару-жарақтардан тұратын өнер туындылары әлемдік тарихтағы елеулі жаңалық болды. Бекзаданың киімі мен қалпағына тігілген жабайы аңдардың, үй

жануарларының, құстар бейнесіндегі және үш бұрышты түріндегі алтын ілмешектер, сабы алтынмен апталған қанжары мен семсеріне жұмсалған алтынның жалпы салмағы 4 кг-нан астам. Ал олардың жасалу нақышы сол заманғы өнер жетістігінің алдыңғы туындысы деуге тұрарлық. Жерлеуден шыққан асыл металлдан жасалған өнер туындылары мен қарапайым ағаш және балшық ыдыстар, тұрмыстық заттар сақ қоғамының өмірдің қай саласында болмасын көршілерінен жоғары болғандығын растайды.

Соңғы жылдарда жүргізілген зерттеулердің материалдары Қазақстанды мекен еткен ерте көшпенді тайпалар біртұтас көшпелі тіршілік кешпегендігін көрсетеді. Жетісу сақтарының жерлеу ескерткіштерімен қатар тау бөктерлерін жайлаған мекенжайлары да қазылып, зерттелуде. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында Сарытоғай, Өсербай, Рақат, Талғар, Цганка, Бұтақты, БУралдай, Есентай секілді оншақты сақ-үйсін мекенжайлары зерттелді. Мекенжайларда жүргізілген қазба барысында алынған материалдар сақ-үйсін тайпаларының мал бағумен қатар егіншілікпен айналысқан отырықшы тіршілікті де қатар игергендігін көрсетеді.

Археологиялық зерттеулер қорытындылары Сақтардың шаруашылығы мен тұрмысында қой мен жылқы негізгі рөл атқарғандығын көрсетеді. Қабірлерді қазу кезінде асыл тұқымды жылқылардың қаңқасы жиі табылады. Жерлеу ескерткіштерінің алып және құрылысының күрделілігі сақтарда сәулеткерліктің жақсы дамығандығын, қабірге салынатын заттардың бай және алуан түрлілігі қоғамдық даму деңгейінің биіктігінен хабар береді. Есік қорғанынан табылған «Алтын киімді бекзаданың» алтын ілмешектер мен жануарлар, құстар түріндегі әшекейлер сақтарда көркем өнерінің жоғары деңгейде дамығандығын көрсетеді. Б.з.д. VII – VI ғасырларда Орта Азия, Қазақстан және Сібір мен Оңтүстік Шығыс Еуропа даласында кең тараған қолданбалы өнер үлгісі ғылымда «аң нақышы» деген атқа ие болған. Бұл нақыштың ерекшелігі аңдардың бір-бірімен арпалысы, жыртқыш аңдардың жабайы жануарларды құлшына жұлмалау, жыртқыш аңдар мен жабайы жануарлардың кері қарай бұралып көрсетілген бейнелерімен ерекшеленеді.

Шығыс Қазақстан облысындағы Шілікті жазығында сақталған сақ патшалары қорымы XX ғ. басынан бері бірнеше дүркін қазылды. С.С. Черников зерттеуі кезінде диаметрі 20-200 м, биіктігі 2-10 метрлік 51 оба анықталған. Зерттеу барысында жердің астына және жердің бетіне бөренелерден салынып, үстінен тас және топырақ аралас үйінділер тұрғызылған күрделі жерлеу құрылыстары ашылды. Қабірлердің бірінен табылған 40 пен 50 жастың арасындағы ер кісі мен 50 мен 60 жастың арасындағы әйел адамның мәйіті табылған. Бұлардың анасы мен баласының денесі болуы мүмкін. Қабірлерден табылған бес жүзден астам аңдар мен құстардың алтыннан жасалған кішкене мүсіншелері мен қазбаның толық мәліметі С.С. Черниковтің «Загатка золотого кургана» атты кітабында жарияланған.

2003 жылы жүргізілген зерттеулер Шілікті жазығында орналасқан сақ обаларының саны 220, олардың ішінде патшалар мен ақсүйектерге тәндері 48 оба екендігі анықталды. Қазбаға алғаш іліккен № 2-обаның диаметрі 75, биіктігі 6 м. Сол кездің өзінде тонауға ұшыраған жерлеу құрылысы қатты бүлінген, жерленген кісінің сүйектері бей-берекет шашылған. Дегенмен, тонаудан аман қалған алтыннан жасалған ұсақ бұйымдардың жалпы саны 4303 данадан тұрады. Олар: бұғы, арқар, барыс, қасқыр сияқты аңдар мен жабайы жануарлардың, бүркіттің құйма мүсіндері. Табылған заттар б.з.д. IX-VIII ғасырлармен мерзімделеді.

Қазақстандық Алтайда орналасқан Берел патша қорымын зерттеу осы ескерткіштерді қалдырған тұрғындардың Пазырық сақтарымен туысқан тайпалар болғанын көрсететін мол материал берді. Тас обаның астынан қазылған терең шұңқырдың ішіне салынған қима тағанның бір шетіне қойылған ағаш табытқа жерленген сақ батыры мен оның анасының денесі шыққан. Олардың анасы мен баласы екендігі молекуларлы-генетикалық әдіс бойынша анықталды. Антропологиялық зерттеулер барысында еркектің қабырға, омыртқа, ұзын сүйектері бірнеше дүркін сынып, қайта біткендігі анықталған. Марқұмның басына операция жасалған. Осындай белгілері мен жанына қойылған қарулары ер кісінің тірі кезінде қол бастап, талай шайқасқа қатысқан батыр болғандығын білдіреді. Өкінішке орай, жерлеу сол заманның өзінде тоналған. Тонаудан қалған заттардың қатарында қолдан жапсырып жасалған құмыра, ағаш стол мен ағаш күрек бар. Ол баста мәңгілік тоңға негізделіп жасалған қабірдің құрылымы тонау қуысы арқылы кірген ауадан бұзылған. Сондықтан жерленген мәйіттердің жұмсақ еттері сақталмаған. Марқұмдар жерленген қиматағанның солтүстік шетіне 13 сәйгүлік жерленген. Олар екі қатар етіп: астыңғы қатарда 7 жылқы, оның үстінен 6 жылқы жатқызылған. Жылқылардың асты мен үстіне қайыңның қабығы мен курил шайының жапырағы екі қатар етіп төселген. Жерлеудің осы бөлігі тонауға ұшырамағандықтан оның мұздыққа негізделген қалпы бұзылмаған. Сондықтан жерленген жануарлардың денесі тоңға қатқан күйінде бізге жеткен. Жылқылар ер-тұрман, құйысқан, жүген секілді атәбзелдерімен жасақталған. Жылқылардың бірінің басына алтын жапырақтан жасалған бетперде кигізілген. Атәбзелдері мысық тұқымдас жыртқыштар, бұғы, құстар, таутекелер мен арқарлар бейнесінде ағаштан ойып жасалған нақыштармен безендірілген. Нақыштар сыртынан алтын жапырақшалармен қапталған. Қазбадан шыққан заттарды зерттеуге қатысқан ондаған мамандық салаларының ғалымдары жерленген мәйіттер мен олардың өмірін сан қырынан көрсететін қорытындылар жасауда. Мысалы, археологтармен қатар жұмыс істеген тоң зерттеушілер мәңгілік мұздыққа негіздеп жасалған жерлеудің арқасында жерленген адам, онымен бірге көмілген жылқылар, қарулар, тұрмыстық заттар бізге дейін сол бастапқы қалпында жетуінің себептеріне көз жеткізді. Өкінішке орай, тонау кезінде бұзылған мәңгілік тоңдық жүйенің салдарынан жерленген кісілердің денесі

бастапқы қалпында сақталмаған. Осының салдарынан ғылым үшін аса маңызды генетикалық зерттеу амалдары дәрменсіз қалды. Тоң қалпы бұзылмаған бөліктегі 13 жылқының сол күйінде жеткен денесіндегі жеке таңбалар мен олардың асқазанында қалған шөп құрамы және аттардың ер-тұрмандары мен әбзелдері, ағаштан жасалып, сыртынан алтын жапырақтармен қапталған түрлі өрнектер сақтардың саяси-әлеуметтік тіршілігі мен мәдени жетістіктері жайлы құнды мәліметтер айтады.

Орталық Қазақстанды мекендеген сақ тайпаларынан қалған археологиялық ескерткіштер кешені ғылымда *тасмола мәдениеті* деген атпен белгілі. Мәдениеттің ерекшеленетін белгісі – «мұртты қорғандар» деп аталатын жерлеу құрылыстары. Бұл қабір үстіне салынған кешен үлкен өлшемдегі негізгі обадан, оның шығыс шетіндегі кіші обадан және оның екі шетінен шығысқа қарай созылған ені 1,5-2 м., ұзындығы 20-200 м, етіп қаланған тас тізбектерден тұрады. Жартылай доға түріндегі тізбектердің бас пен аяқ жағында қорған тәріздес кішкене үйінділер де жиі кездеседі. Негізгі обаның астындағы қабірге марқұм мен түрлі заттар қойылады. Ал кіші обаның астында жерлеу болмайды. Әдетте, оның астына жылқының мүшесінің кейбір бөліктері (басы, басқа сүйектері), қыш ыдыс, кейде екі ыдыс қойылады. Мұртты қорғандардың түрлі нұсқалары таралған. Мысалы, кіші обалары екеу, шығыс және оңтүстік шетінде орналасқан немесе негізгі обаның үстінен түскен түрлері де кездеседі.

Мерзімделуі жағынан тасмола мәдениеті екі: б.з.д. VII-VI ғасырларға және б.з.д. V-III ғасырларға жататын кезеңнен тұрады. Алғашқы кезең жерлеу заттарының белгілі бір құрамымен ерекшеленеді. Олар – қоладан жасалған жебенің ұштары (екі қанатты сыртқа қарай шығып тұрған қуыс ұңғылы және үш қанатты тұтас сапты), сабының басы жұмыр қанжарлар (акинак), түрлі ауыздықты жүгендер және қола айналар.

Тасмола мәдениетінің жерлеулері – Тасмола, Қарамұрын, Нұрманбет обалары. Жерлеу заттарының ішінде құмтастан жасалған сопақша немесе дөңгелек келген, кішкене аяғы бар құрбандық табакшалары да кездеседі. Жерлеу заттарының ең көп таралған түрі – құмыра ыдыстар. Олардың барлығы да қолдан жапсыру әдісімен жасалған. Сүйектен, қоладан және алтыннан жасалған жануарлардың мүсіндері мен бедерлі бейнелері де табылған. Алтын жапырақтармен қапталған барыс, арыстан секілді жыртқыш аңдардың да бейнелері кездеседі. Жерлеу заттарының ішінде көптеп кездесетін қару түрі – жебенің ұштары. Олар ұңғысы қуыс екі қанатты және ұңғысы тұтас үш қанатты түрде кездеседі. Қарамұрын I қорымындағы обалардың бірінен ішінде 46 жебесі бар былғарыдан тігілген қорамса шыққан. Жебелер қорамсаға үш қатар етіп салыныпты. Жебелердің сабы 60 см болғаны анықталды. Жебенің ұштарының қоладан жасалғаны – 42, сүйектен- 3, ағаштан жасалғаны- 1. Қарудың басқа түрі – қола акинактар жекелеген жағдайда кездеседі. Б.з.д. VI ғасырға мерзімделетін сондай қанжарлардың бірі Нұрманбет IV қорымындағы обалардың бірінен табылған.

Антропологиялық зерттеу қорытындылары Қазақстанның ежелгі тұрғындары еуропойдық нәсіліде болған. олар кейіннен шығыстан енген моңғолтекес нәсілдердің ықпалымен аздап өзгеріске ұшыраған. Мамандардың мәлімдеуінше б.з.д. I мыңжылдықта Қазақстанның тұрғындарында 20%-ға дейін моңғолтекес элемент болған.

Сол кезеңде әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамудың жоғары сатысына көтерілген далалық тайпалар әлемдік тарихта елеулі із қалдырды.

МЕРЗІМДЕЛУ

Б.з.д. VII-III ғасырлар - Қазақстан мен Орта Азияның ерте көшпелі тайпалары.

Б.з.д. V-II ғасырлар - Берел патша қорымы.

Б.з.д. VII – «аң нақышы» деген аталған өнер түрінің таралу аймағы.

Б.з.д. VI - III ғасырлар тасмола мәдениеті ескерткіштерінің мерзімделуі.

Б.э.д. VII – IV ғасырлар

Б.з.д. III – б.з. IV ғасырлар

Әдебиеттер

Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и Усуней долины реки Или – А., 1963.

Акишев К.А. Ертедегі ескерткіштер елесі. – Алматы, 1976.

Акишев К.А. Курган «Иссык». – М., 1978.

Акишев К.А. Искусство и мифология саков. – Алма-Ата, 1984.

Артамонов М.И. Сокровища саков. – М., 1973.

Байпаков К.М. Жетісу мен Алматы аймағындағы сақ пен үйсіндердің қоныстары. – Алматы, 2008.

Левина Л.М. Этнокультурная история восточного Приаралья. – М., 1996.

Руденко С.И. Культура населения Центрального Алтая в скифское время. - М.-Л., 1960.

Самашев З., Базарбаева Г., Жумабекова Г., Сунгатай С. Берел. – А., 2000.

Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарты. – М., 1962.

Черников С.С. Загадка Золотого Кургана. – М. 1965.

Қырым мен Қара теңіздің солтүстік жағалауындағы скифтер

Б.з.д. VII – I ғасырлар аралығында Қара теңіздің жағалаулары мен Қырымды қамтыған далада кимерліктер мекендеді. Осы халықтың атауы ассирия, грек, урарту және парсы деректері арқылы бізге белгілі. Б.з.д. VII ғасырларда кимерліктердің Кавказ арқылы Кіші Азияға жасаған жорығы жайлы да айтылады. Сол ғасырда кимерліктер Фригияға жорық жасап, Лидияға қауіп

төндірген, оларды Ассирия да білген, Эфес пен Сард қалалары кимерліктердің қоршауында болған. Б.з.д. VII – VI ғасырлар шенінде кимерліктер Қара теңіздің жағалаулары мен Қырымнан скифтерді біржолата ығыстырды. Деректерде Днепрдің сағасындағы Тиры қаласының маңында орналасқан кимерлік патшалардың зираты туралы айтылады. Дегенмен, кимерліктердің этнос ретінде қайсыбір археологиялық мәдениетке сәйкес келетіндігі ғылымда әлі шешімін таппаған мәселе. Кимерліктердің археологиялық мәдениетін жеке бөліп алу осы күнге дейін күрделі. Кимерліктерге Кавказдағы қобан мәдениетін, кейінгі катакомба және қима мәдениеттерін таңатын. Бұндай телу ғылыми ақталмады. Өйткені Қара теңіздің жағалауындағы даланы скифтерге дейін мекендеген тұрғындардың жинақтаушы жалпы атауы болса керек. Кимерліктер таралған аймақтардан скифтерге дейінгі заттар табылған. Олар – дөңгелек құлақты қола кельттер, екі шеті жүзделген жалпақ пышақтар, имек орақтар, жапырақ тәріздес келген найзаның ұштары. Бұлардан басқа құйма қазандар мен зооморфты тұтқалары бар кубоктар да кимерлік уақытқа жатқызылады. Сонымен қатар бірсыпыра атәбзелдері де кимерлік заманға еншіленеді. Дегенмен, кимерліктердікі деп саналатын заттардың кешені саны мен құрамы жағына археологиялық мәдениет деп айтуға келетіндей құрамда емес. Алғашында кимерліктер кейіннен скифтер мекендеген аймақта қоладан ерте темір ғасырына өтпелі кезеңде бірнеше археологиялық мәдениеттер болған.

Қара теңіздің солтүстік жағалауында б.з.д. X-VIII ғасырларда мекендеген қима мәдениетінің жергілікті Собатинск және Белозерск кезеңдерде скифтерге дейін тіршілік кешті. Алғашқы кезең Днепрдегі Белозерск қойнауындағы Ушалка ауылының маңындағы қоныс материалдары негізінде зерттелген. Бұл кезде обалармен қатар үстінде үйіндісі жоқ жерлеулер пайда болады. Жерлеу заттарының кешенін сараптау осы кезде шаруашылықтың көшпелі дәстүрінің қалыптаса бастағанын көрсетеді. Тұрмыс жағдайы да өзгеріске ұшыраған. Жерлеу заттарының қатарында атәбзелдері мен қару қою дәстүрі пайда болады. Донның төменгі ағысындағы кобяковск мәдениеті де скифтердің алдындағы дәуірге жатады. Ол мәдениет Кобяков, Хапры, Сафьянов секілді қоныстар зерттелген. Мәдениет X ғ. соңынан VIII ғ. басына дейін тіршілік кешкен. Мәдениеттің тұрғындары басқа тайпалармен бірге кимерліктердің құрамына кірген деген пікір бар.

Кимерліктердің батыста Румыния мен Болгария жерлеріне дейін таралғаны белгілі. Шығыс Еуропаның орманды дала аймағында скифтерге дейін чернолеск мәдениеті қалыптасады. Оның соңғы кезеңі жаботинск скиф дәуіріне жалғасады. Осы мәдениетке тән ерекшелік мәйітті өртеп, күлін арнайы урнада немесе шұңқырға жерлеу дәстүрінің таралуы, мәйіттің денесін жерлеу ғұрпы да кездеседі. Жерлеулері обалар мен жер қабірлер түрінде. Мәдениетті зерттеуде Жаботинск және Бельск қоныстары елеулі материалдар берген. Жаботинск кезеңінде жердің бетіне бөренеден тіреулері бар балшық үйлер пайда болған.

Ыдыстары жылтыратылған, сырты сызып салынған үшбұрыш, ромба және қисық сызықтар түрінде. Қоладан жасалған еңбек құралдары, қарулар мен білезіктер кездеседі. Мәдениетке фракия-балкан әлемінің ықпалы байқалады. Айтылған мәдениеттердің қайсыбірі кимерліктерге жатады деп кесіп айту қиын. Бірсыпырасы кимерліктерге, қалғаны скифтерге дейінгі тайпаларға тән болуы мүмкін. Шамасы скифтерге дейінгі кезеңде кимерліктер Қара теңіз жағалауларында үстемдік құрған, кейіннен ондай күш скифтерге ауысқан. Ал кимерліктер деген атау тек қана археологиялық мәдениетке ғана емес, тұтас бір хронологиялық дәуірге қатысты.

Скифтер туралы алғашқы деректер б.з.д. VII ғасырда Ассирияның сына жазбаларында кездеседі. Олардың Ниневиді қоршауға қатысып, Урарту патшалығын талқандағаны сол деректерде айтылады. Б.з.д. VII ғ. соңынан бастап скифтер Қара теңіз жағалауларын тұрақты мекеніне айналдырған. Скифстан Төменгі Дунай мен Карпаттан Донға дейінгі аралықты қамтыды. Оңтүстікте Қара және Азов теңіздерінің жағалауларынан солтүстіктегі орманды алқапқа дейін таралған аймақтар скифтердің құрамына кірген, бірақ этникалық жағынан біртекті емес, шаруашылығының түрі мен тұрмыс салты жағынан өзара ерекшеленетін тайпалар мекендеді. Қара теңіз жағалауларының солтүстік-батысын грек-скифтік аралас егінші тайпа – каллипидтер мекендеді. Днепрден батысқа қарай скиф мәдениетінің ықпалын қабылдаған фракиялықтар өмір сүрді. Днестр мен Днепр өзендерінің аралығында жер жыртушы скифтер, Қаратеңіз маңындағы далалық аймақтарда көшпелі скифтер мен патшалық скифтер тіршілік кешті. Днепр өңірінде өз мекендерін біртіндеп оңтүстікке қарай кеңейткен егінші скифтер өмір сүрді.

Скифтердің археологиялық ескерткіштеріне деген қызығушылық ертеден-ақ басталды. Қазан төңкерісіне дейінгі археология негізінен скиф ақсүйектері жерленген обаларды зерттеумен шектелді. XX ғасырдың басына дейін сондай обалардың 20-сы қазылды. Солардың қатарында Күл-Оба, Чертамлық, Александрополь, Мордвиновск, Солоха секілді көптеген патша обалары болды. Обалардан табылған алтын, күміс, қоладан жасалған ыдыстар мен қымбат бұйымдар, әшекей заттары, Каменск, Белск, Неаполь секілді қала орындарын қазудан алынған археологиялық құнды материалдар скифтердің қоғамдық-саяси өмірі мен мәдени дамуынан, шаруашылығы мен тұрмысынан жан-жақты мәлімет береді. Қазан төңкерісіне дейін жүргізілген қазбалар қажетті ғылыми деңгейде жүргізілмеді. Ол кезде негізгі мақсат алтыннан жасалған заттар мен өнер туындыларын тауып алумен шектелді. Кеңес дәуірінен кейінгі қазбалар қатардағы скифтер жерлеулері мен олардың қалашықтарын қазуға бағытталды.

Күл-Оба қорғаны қазіргі Керчь қаласының маңында орналасқан. Мұнда төбесі баспалдақтанып жабылған тас сағананың ішіне скифтің ақсүйек әйелі және күтушілерімен бірге жерленген. Көсеммен бірге сыртында жануарлар

бейнеленген алтын қынды темір семсер мен алтын диодемамен қапталған қорамса (жебенің құтысы) қойылған. Мәйіттің басындағы киізден жасалған қалпақтың (башлик) сырты алтын қаңылтырлармен өрнектелген. Өрнектердің бірінде бір ыдыстан су ішіп жатқан екі скиф – Геродот айтқан достасу ғұрпы бейнеленген.

Әйелдің мәйітінде өте мұқият дәлдікпен жасалған алтын сырға, екі ұшында жатқан арыстандар бейнеленген алтын алқа, екі алтын білезік, аяқ жағында алтын мен күмістің қоспасынан жасалған кішігірім ыдыс тұрды. Ыдыста чертамлықтан табылған вазадағыға ұқсас жеті скиф жауынгері бейнеленген. Жасалу нақышы сондай болғанымен мұндағы скифтер басқа шаруамен айналысып жатыр. Скифтердің біреуі екіншісінің жаралы аяғын байлап жатыр; үшінші скиф төртіншісінің тісін емдеуде. Олардың арғы жағында садақтың адырнасын (жібін) тартып жатқан скифпен өзара әңгімелесіп отырған екі жауынгер бейнеленген. Ыдыстың сыртындағы көрініс асқан дәлдікпен оның бойына тең орналастырылған.

Никоплдің маңында орналасқан атақты сақ обаларының бірі – **Чертомлык** XIX ғасырда қазылған. Оның биіктігі 20 м-ден астам, айнала ұзындығы 350 м. Қорғанның астынан екі кісінің қабірі мен өзі қазған қуыстан құлаған топырақ басып, өлген скиф – тонаушының сүйегі табылды. Көсемнің жанына, жеке қабірге оның жұбайы, күтушілері мен он бір ат жерленген. Қабірге қойылған тұрмыстық заттар мен әшекей бұйымдардың ішінде әсем бедерлі суреттермен безендірілген, биіктігі бір метрге жуық шарап құюға арналған үлкен күміс ыдыс ерекше құнды. Оның астыңғы жағында орналасқан шүмегі арыстанның басы түрінде жасалған, денесінде құстар мен өсімдіктер салынған, жоғарғы жағында жылқыны үйретіп жатқан скиф бейнеленген. Тонаушылардан аман қалған тағы бір зат – құпия қуысқа қойылған жебенің құтысының алтын қаптамасы. Оның сыртында Ахилланың өмірінен бір көрініс суреттелген. Көсемнің қарушысы жерленген көрші қабірден алтынмен апталған қымбат қару шықты.

Толстая Могила деп аталған патша обасы Чертомлықтан 10 шақырым жерде орналасқан. Сол заманның өзінде тоналғанына қарамастан обадан алтын бұйымдардан тұратын қымбат заттар табылды. Олардың ішіндегі алтын қынды семсер мен пектораль (латын тілінен аударғанда пекторалис – алқа деген ұғым береді) керемет туынды. Семсердің қынында қораздар төбелесі, бұғыны жұлмалап жатқан грифон, арыстан мен грифонның арбауына түскен ат, бұғыны алып жатқан қабылан және арыстан мен қабыланның жекпе-жегі бейнеленген. Бұл бейнелер ұсақ-түйегіне дейін назардан тыс қалмай мұқият дәлдікпен жасалған. Осы суреттердің Чертамлықтан табылған заттардағы бейнелермен соншалықты ұқсастығы оларды бір қолдан шыққан өнер туындылары емес пе, деген ой туғызады.

Осы күнде гректердің белгілі зергерлік өнер туындыларының ішіндегі кереметі – Толстая Могила обасынан табылған пектораль. Оның салмағы 1 кг-

нан астам, диаметрі 30 см. Ондағы бейнелер әрқайсысының арасы өрілген алтын сымдармен бөлінген үш белдеуден тұрады. Жоғарғы (ішкі) белдеуде скифтердің тұрмысынан көрініс берілген. Оның қақ ортасында жалаңаш екі еркек теріден киім тігіп отыр, Олардың екі шетінде жылқы құлынымен және сиыр бұзауымен орналасқан, ал шет жақтарында ұшып бара жатқан құстардың композициясы берілген. Әрбір бейне жеке құйылып алынып, алтын орамдардың арасына дәнекерленген. Ортаңғы белдеу тұтас алтын жапырақтардан жасалған өсімдік өрнегінен тұрады.

Төменгі белдеу жануарлардың айқасымен толтырылған. Онда бейнелер композициясы ортадан неғұрлым ұзаған сайын кішірейе береді. Үлгілердің саны мен орындалу шеберлігі жағынан пекторальдің теңдесі жоқ.

Қабірге ерлі-зайыпты баласымен олардың күтушілері жерленіп, жанына жылқылар қойылған. Мұнда құрбандыққа шалынған күтушілер саны Чертомлыкта жерленгендерден екі есе көп.

Никопольдің маңындағы Солоха патша обасын XX ғ. басында Н.И. Веселовский қазды. Обаның астында екі жерлеу шұңқыры болған: олардың ортадағысы кезінде тоналған, бір бүйіріндегісі аман қалған. Қабірлер құдық тәрізді қазылған. Қабірлердің біріне бес ат, ат бағарымен бірге қойылған. Көсемнің қабірінен геометриялық нақышта және аңдар бейнесіндегі көптеген алтын пластинкалар табылған. Олар көсемнің киіміне немесе үстінен жапқан жамылғыға тігілген болса керек. Марқұмның жанына аңдардың бейнесі салынған алтынмен апталған қынға салынған семсер қойылған. Марқұмның оң қолына кигізілген алтын білезіктің екі басына арыстанның бастары салынған. Басында алтын шашақты қола дулыға. Оның жанында биліктің белгісі саналған түйреуіш пен алты күміс ыдыс қойылған. Қабір қабырғасының түбінде сауыт кигізілген қаңқа жатыр. Оның қасынан қанжар мен жебенің ұштары табылды, Шамасы бұл көсемнің қару алып жүретін көмекшісінің қаңқасы болуы мүмкін. Қабірдің ауыз жағынан табылған жасөспірімнің қаңқасы қызметкердікі болса керек. Бір шетінен арнайы қазылған шұңқырға қойылған үш қола қазандарда жылқының, сиырдың, қойдың сүйектері бөлек-бөлек сақталған. Олардың қасына үлкен мыс табақ, шарап сүзген сүзгіш және ағаш ыдыстың сыртына қапталған күміс қаптама қойылған. Шарап пен май құйылған гректік анфУралар екінші қуысқа қойылған. Қабірден шыққан көптеген заттардың ішіндегі ерекше қызығушылық танытқаны – үстінгі жағына салт аттының екі жаяу жауынгермен айқасу көрінісі бейнеленген алтын тарақ.

Қазба кезінде анықталған жерлеу ғұрпы, Геродот жазып, қалдырған деректермен дәл келеді. Оның жазғанында өлген көсемнің денесін балауызбен майлап, тайпаларды аралатып шығады. Сосын оны алдын ала даярланған төрт бұрышты қабірдің ішіне төселген төсеніштің үстіне жатқызады. Қабірдің қалған бос бөліктеріне алдын ала тұншықтырып өлтірілген күңінің, шарапшысының, аспазының, атбағарының, күтушісінің денелері мен асыл тұқымды малдар және алтын ыдыстар қойылған. Содан кейін барып үстінен биік етіп оба үйілген.

Үлкен қорғандардың материалдары скиф ақсүйектерінің тұрмысы мен олардың қоғамдық құрылысын көз алдына елестетуге мүмкіндік береді. Бірақ ақсүйектердің обалары қарапайым скифтердің өмірін ашып көрсете алмайды. Қатардағы адамдардың тұрмыс – тіршілігі жайлы мол мәлімет берген скифтердің қарапайым қабірлері мен қоныстарында жүргізілген қазбалар.

Скифтерден қалған қалашықтардың ішіндегі ең жақсы зерттелгендерінің бірі – Днепрдің жағалауында орналасқан **Каменск** қалашығы. 12 км кв. жерді алып жатқан қалашықтың сырты биіктігі мен ені 11 метр келетін дуалмен қоршалып, сыртынан оны қоршаған терең ор қазылған. Қорғаныс қамалының ішінде орналасқан акропольден скиф ішінде пеші бар ақсүйектерінің үйлерінің орны ашылды. Қарапайым қол өнершілер тұрған бөлігінің құрылыстары тіпті басқаша. Мұндағы үй құрылыстарның екі (жер бетіндегі және жертөле) түрі белгілі. Жер бетіне салынған үйшіктер екі немесе үш бөлмеден тұрды. Олар тігінен орнатылған бағаналардың арасы тоқылған қабырғалардан салынды. Ал жертөлелердің арасы қатар тұрғызылған ағаш тіреулермен бөлінген. Олардың кейбіреулерінен балшықтан соғылған ошақ табылған. Осындай үйшіктердің қосалқы бөлмелері шеберхана және шаруашылық қажеті үшін пайдаланылған. Төрт - бес үйді қоршай салынған шарбақтар бір өндірістік кешенге бірнеше туысқан жанұялардың біріккендігін білдірсе керек. Каменск қалашығы тұрғындары көптеген тұрмыстық заттар мен қол өнері бұйымдарын қалдырған. Қалашықтың тұрғындарының басым көпшілігі металл өндеумен шұғылданса керек. Оның территориясында металл қорытпалары мен құралдардың қалдықтары, ұста құралдары өте көп кездеседі. Скифтер металды балшықтан соғылған арнайы пештерде, тұлғасы цилиндр тәріздес биік тигилге (жоғары қызуға төзімді металл балқытуға арналған ыдыс) салып балқытқан. Қазбадан балға, төс, кескіш, қысқыш, жонғыш, ұршықтың басы, ине секілді қолөнері кәсібі құралдары табылды.

Скифтердің қарулары да көп кездеседі. Олардың акинак атты темірден жасалған қысқа қанжарлары мен қоладан жасалған жебенің ұштары жақсы таныс. Қазба материалдары скифтердің тоқылған мата мен теріден киім тігуде де жоғары жетістіктерге жеткендігін білдіреді. Қалашықтан ағаш сапты темір орақ, дән үгіткіш секілді егіншілік құралдары да шыққан.

Сонымен, скифтердің қарапайым қабірлері мен қоныстарында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі олардың шаруашылығы мен тұрмыс тіршілігінен хабар беретін мол материалдар берді. Ал көсемдерінің обаларынан алынған әртүрлі қару үлгілері мен асыл металдан жасалған ыдыстар, олардың сыртына салынған көріністер мен “аң стилі” деген атқа ие болған нақыштары, әшекей бұйымдары мен зергерлік заттары скифтердің әскери ұйымдарынан, өнерінен, рухани және материалдық мәдениетінен, дүниетанымдары мен наным-сенімдерінен теңдесі жоқ түсінік білдіреді.

Савраматтар мен Сарматтар

Еділ – Урал аймағын мекендеген **саврамат** тайпалары (б.з.д. VII – IV ғғ.) Скифтердің шығыс көршілері болды. Геродоттың оларды әйел басқарған ел деген пікірін археологиялық материалдар да растайды. Өйткені, олардың әйелдерінің қабірлерінен қару-жарақ, атәбзелдері мен абыздық рәміздер жиі кездеседі. Әйелдердің қабірлері зираттарының ортасында орналасуы да соған саяды. Геродотта келтірілген аңыз бойынша савраматтар – амазонкалар мен скиф жастарының некелік қатынасқа түсуіне байланысты қалыптасқан этникалық құрылым.

Савраматтар ұзақ уақыт скифтермен қатар тіршілік кешті. Олар өзара бейбіт қатынаста, кейде соғыс жағдайында өмір сүрді. Сондықтан бір-біріне мәдени және шаруашылық-экономикалық жағынан қатты әсер еткен. Б.з.д. V – IV ғасырларда олардың арасындағы бейбіт қатынас бұзыла бастады. Савроматтар батыстағы көршісі скифтердің жеріне кейде күштеп, кейде бейбіт жолмен ене берді. Антикалық деректердің мәліметтеріне қарағанда, б.з.д. IV ғасырда савроматтар Донның төменгі ағысымен Қара теңіздің солтүстік жағалауларына дейінгі жерлерді иеленген.

Савраматтардың обалары мен жерлеу ғұрпы скифтердікіне ұқсас. Қайтыс болған кісіні шұңқыр қабірге жатқызып, үстін ағаштармен, бөренелермен жауып, үстіне оба үйген. Жерлеу заттары скифтердікіне ұқсас, олардың ішінде акинактар, жебелер, атәбзелдері, қола айналар, аң стилінде безендірілген әшекей бұйымдары, тұрпайы жасалған саздан жасалған ыдыстар, т.б., құбандыққа шалған малдардан жылқының, қой мен сиырдың сүйектері жиі кездеседі. Қабірге марқұммен бірге қойылған мал еттерін тасты қашап жасаған аң стиліндегі құрбандық табақтарға салып қойған. Осының барлығы савраматтардың шаруашылығының негізі көшпелі малшылық болғанын білдіреді.

Б.з.д. IV – III ғасырлар аралығында савроматтар шығыс аудандардан келген туысқан тайпалармен қосылып жаңа тайпалық одақ құрды. Бұл жаңа құрылым тарих сахнасына **сарматтар** (б.з.д. III – б.з. IV ғғ.) деген атпен шықты. Сармат мәдениеті: ерте сармат немесе прхоров мәдениеті; орта сармат немесе суслов мәдениеті; кейінгі сармат мәдениеті сияқты үлкен үш тарихи кезеңнен тұрады.

Жазба деректер сарматтардың одағына кірген бірнеше тайпалардың ғана аттарын хабарлайды. Оларда одақты алан, роксала, сирак тайпалары басқарған. Диодордың айтуынша, сарматтар скифтердің басым көпшілігін жойып, елін қу далаға айландырған. Сарматтың росалана және алан тайпалары б.з.д. I ғасырда Мидияның Риммен арасындағы шекараға дейін барған. Б.з.д. II – I ғасырларда роксала тайпалары бірде скифтердің құрамында Митридатқа, енді бірде Митридаттың жағында Римге қарсы соғысқандығы да жазба деректерден мәлім. Шапқыншылықпен Қара теңіз жағалауларына дейін жеткен алан тайпалары кішкене кейінірек ғұндармен бірге Испания мен Солтүстік

Африкаға дейін жеткен. Сарматтардың қоғамдық өмірі мен шаруашылығы, тұрмысы және материалдық мәдениеті олардың жерлеу ескерткіштерінің материалдары негізінде зерттелген. Қарапайым сарматтардың қабірлері обаның астында орналасқан катакомба немесе жабатын бөренелерді ұстап тұруға арналып қалдырылған иықшасы бар тік шұңқырдан тұрады. Сармат патшаларының жерлеулері байлығы жағынан скифтердікінен кедейлеу. Дегенмен, асыл металлдардан жасалған құнды заттары мен бұйымдары мол қабірлер де кездеседі. Новочеркасск қаласының маңындағы Хохлач обасынан патшаның әйелінің немесе тұтқын әйелінің қабірі табылды. Қабірден, сырттан алып келінген ыдыстар, күміс заттар, алтын мен қоладан жасалған зергерлік бұйымдар – алқа, кубок, білезік және құты шықты. Олардың көпшілігі аң стилінде өрнектелген. Жоғарғы жағында ешкі, бұғы, өсіп тұрған ағаш бейнеленген, ал ортасында – халседоннан салынған әйелдің басы бар диадеманы ерекше айтуға болады. Кезінде киімдерге тігілген алтын ілмешектер қабірлердің байлығын хабарлайды. Сарматтардың қарулары скифтердікінен өзгеше. Ұзын семсерлері ат үстінен шабуға икемді. Қанжарларын қайыспен аяғына байлаған. Жебенің ұштары скифтердікіндей үш қанатты, бірақ үлкен.

Сармат тайпаларының шығыс бөлігі Батыс Қазақстанның жерін мекендеген. Олардан қаншама обалы жерлеулер қалған. XX ғасырдың 60-жылдары сарматтардың Қара оба, Жанқала, Лебедевскі секілді жерлеу ескерткіштері зерттелді. Сарматтардың жерлеулерінен темірден жасалған найзаның ұшы, ұзын семсер, екі жағы жүзделген қанжар, мыс қазан, зоаморфты стильде безендірілген құмыра және әртүрлі қыш ыдыстар, шебер безендірілген атәбзелдері табылды. Әйелдердің қабіріне қару-жарақпен қатар түрлі асыл тастардан (сердолик, янтар, хрусталь, т.б.), сүйектен, алтын, күміс, қоладан жасалған әшекей заттары да қойылған. Көп жағдайда тонауға ұшыраған қабірлерде матадан және былғарыдан тігілген киімдердің үстінен тігілген, түрлі формадағы алтын ілмешектердің қалдықтары шыққан. 1999 жылы Аралтөбе (Атрау обл.) обадан табылған батырының қабірі кезінде тоналғанына қарамай сарматтардың мәдениетін және қоғамдық тұрмысын көрсететін мол материал берді. Батырдың семсері мен қанжарының қындары, асатаяғының басы, жебе салатын құтысының (қорамса) сырты алтынмен апталған. Ал үстіндегі киімінің сыртынан ромба тәріздес алтын ілмешектер тігілген. Герасимов зерханасында қалпына келтірілген батырдың бас сүйегі сарматтардың нәсілдік тегін анықтауға көмектеседі.

Кезінде скифтердің жойылуына себепші болған сармат тайпасы б.з. III ғасырда шығыстан қоныс аударған тайпалармен бірге, ғұндармен қосылып, батысқа қарай жылжып, Еуропаға дейін жеткен деген мәліметтер бар.

МЕРЗІМДЕЛУ

Б.з.д. VII – I ғасырлар - кимерліктер ғұмыр кешкен уақыт.
Б.з.д. V ғасырлар - Қара теңіздің жағалауларындағы скиф мәдениеті басталады.
Б.э.д. VII – IV ғасырлар-Савраматтар.
Б.з.д. III – б.з. IV ғасырлар –Сарматтар.

Әдебиеттер

Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и Усуней долины реки Или. – Алма-Ата, 1963.
Артамонов М.И. Сокровища саков. – М., 1973.
Байпақов К.М. Жетісу мен Алматы аймағындағы сақ пен үйсіндердің қоныстары. – Алматы, 2008.
Руденко С.И. Культура населения Центрального Алтая в скифское время. – М.-Л., 1960.
Граков Б.Н. Скифый. – М., 1971.
Алексеев А.Ю., Мурзин В.Ю., Ролле Р. Чертомлык – скифский царский курган IV в. до н.э. – Киев, 1991.
Дашевская О.Д. Поздние скмфы в Крыму. – М., 1991.
Рыбаков Б.А. Герадотова Скифия. Историко-географический анализ. – М., 1979.
Смирнов К.Ф. Савроматы. Ранняя история культура сарматов. – М., 1964.
Смирнов А.П. Скифы. – М., 1965.
Тереножкин А.И., Мозалевский Б.Н. Мелиновский курган. – Киев, 1988.
Хазанов А.М. Социальная история скифов. Основные проблемы развития древних кочевников евразийских степей. – М., 1975.

Еуразия даласының орманды аймақтарының ерте темір ғасыры

Ерте темір ғасырының басында Шығыс Еуразияның орманды аймағындағы жазықтарда үлкен екі этникалық топқа жататын тайпалар мекендеді. Олар бір-бірінен үйлерінің түрі, әшекей бұйымдары, шаруашылығы және басқа да археологиялық белгілері жағынан ерекшеленді. Осы айтылған аймақтың батыс шетін мекендеген батыс балтық тайпалары қазіргі латыштар мен литвандардың

арғы аталары болатын. Олармен шығыста көршіле тайпалар мәдени жағынан көп ұқсастығы болғанмен бір тектес емес-ті. Солардың бірі б.з.д. VIII ғасыр мен б.з. IV ғасырлар аралығында Днепр мен Двина өзендерінің аралығын жайлаған *днепро-двинск* мәдениеті өкілдері. Бұл қауымдастық қола дәуірі кезінде осы аймақты мекендеген ортаднепр және фатьянов мәдениеттерінің негізінде қалыптасқан деп саналады.

Днепро-двинск мәдениетінің мекенжайлары табылып, зерттелген. Смоленск маңындағы толығымен қазылған Жаңа Батеки, Акатово және Демидовка мекенжайлары – осы мәдениеттің ескерткіштері. Осындай қоныстар алғашқыда тігінен қадалған қазықтар мен ағаштан жасалған қабырғалармен қоршалған. Б.з.д. VII ғасырлардан бастап балшықтан соғылған дуалдар пайда болады. Ал жаңа ғасырдың басында дуалдың сыртынан қазылған ор қосылды. Мекенжайлардың аумағы аса үлкен емес, 1000 шаршы метр шамадағы аумақты қамтыды. Тұрғын үйлері алғашқыда төрт бұрышты мазанкалар түрінде кейіннен ішінде тас ошақтары бар қима бөренелерден тұрғызылған үйлерге ауысты.

Қазбалардан табылған металдан жасалған балта, аздап иілген қол орақтар, дән үгіткіштер оларда егіншіліктің болғанын аңғартады. Сонымен қатар, бидай мен басқа да дақылдардың дәндері, үгітінділері табылған. Мал бағу кәсібі де шаруашылықта үлкен маңызға ие болғаны белгілі. Шошқа мен қой сүйектері едәуір мол, ал сиыр мен жылқының қалдықтары аз мөлшерде кездеседі. Мәдени қабаттағы сүйек қалдықтарының төменнен жоғары қарай арта түсуі уақыт өткен сайын мал басының көбейгендігін көрсетеді. Шаруашылықта аңшылық пен балық аулау қосалқы рөл атқарса керек. Еңбек құралдары мен қарулардан балта, кетпен, орақ, жебенің ұштары, гарпун, шот-балталарды, моншақ, алқа, сырға, білезік және сақина секілді әшекей бұйымдарын айтуға болады.

Шығыс Еуропаның кең байтақ даласында тоқымалы керамика үлгісімен ерекшеленетін тайпалар жайлады. Өзінің бастауын қола дәуірінен алып, ерте темір ғасырында еркін дамыған осы дәстүр ыдыстардың денесінде қалған тоқыма матаның іздеріне қатысты айтылған. Осы тоқымалы керамика дәстүрін құраушы тайпалардың ішінде *дьяков мәдениеті* тайпалары елеулі орын алды. Б.з.д. VIII ғасырда Еділ мен Ока өзендерінің аралығы мен Жоғарғы Еділ, Владимир жотасында қалыптасқан осы мәдениет б.з. VI ғасырда дейін ғұмыр кешті. Мәдениеттің атын қазіргі кезде Мәскеудің құрамына еніп кеткен Дьяков ауылы маңындағы алғаш зерттелген қоныстан алады.

Дьяков мәдениетін сипаттауға Үлкен Каширск (Кашир қаласында), Щербинск (Подольск маңында) және Троицк (Мажайск маңында) қалашықтарының материалдары алынған. Мәдениеттің созылған уақыттын тұтастай қамтыған мәдени қабаты бар соңғы екі қалашық түгелдей қазылған. Өзендердің қосылған тұмсығында орналасқан аса үлкен емес дьяковтық қалашықтар мәдениет тіршілігінің алғашқы кезеңінде (б.з.д. VIII-IV ғасырлар аралығында) тік қадалған қазықтармен қоршалды. Үлкен Каширск және Щербинск қалашықтарында осындай құрылыстар бар. Үйлері жертөлелер мен жердің

бетіне салынған кіші гірім баспаналар түрінде. Ыдыстары түбі тегіс, ернеуі созылған құтылар түрінде. Сыртында тоқыма матадан қалған өрнектер де кездеседі. Металл бұйымдар өте сирек кездеседі. Негізінен сүйек заттар басым. Көптеген сүйек бұйымдар кейіннен металдан қайталанып жасалған. Әсіресе, жебенің ұштары мен көп тісті гарпундар.

Мәдениет дамуының екінші кезеңінде (б.з.д. IV – б.з. III ғ.) темір құралдар кең таралды. Темірден жасалған екі қанатты жебенің ұштары біздің заманымыздың бас кезінде жаппай қолданылған қаруға айналды. Осы кезеңнің соңына таман тоқымалы керамиканың орнына жылтыр, бірақ тұрпайы ыдыстар келе бастайды. Егіншіліктің рөлі артып, темір орақтар көбейді. Жанынан қарағанда саңырауқұлаққа ұқсас, үстінен қарағанда дөңгелек, ортасында тесігі бар балшықтан жасалған салмақ заттар кең таралды. Олардың қызметі жайлы түрлі болжамдар бар. Солардың ішіндегі шындыққа жақыны ұршықтың басы. Бұл кезеңде қоныстардың сыртындағы қорғаныс құрылыстары да жетілді. Мекендердің сыртын дуал мен ор (кейде екі қатар) қоршады.

Дьяковтық қалашықтардан скифтік заттар, соның ішінде ноқталар мен ауыздықтар көп табылады.

Үшінші кезеңде (б.з. II – VI ғ.) тоқымалы керамика түбегейлі жоғалады. Жылтыр денелі керамика жаппай таралды. Қазба кезінде ашылған ұстаханалар кешендері темір өндірісімен олардан заттар жасаудың қанат жайғанын байқатады. Андропов қаласының маңындағы Березняки қалашығындағы ұстаханадан 50 темір қорытпасы шыққан. Осы қалашықтан шала өртенген мәйіттерді қойған өлілер үйі ашылған. Өлілер үйіне қойылған заттар балталар, пышақтар, жебенің ұштары, әшекей заттары. Дьяковтық басқа жерлеу орындары жайлы мәлімет жоқтың қасы деуге болады.

Шалғы орақ, ұстаның қысқышы, балғасы секілді ірі құралдар пайда болды. Щербинск қалашығынан темір сақиналардан тұратын көмбе табылған. Темір өңдеудің дамуы шаруашылықта егіншіліктің басты орынға шығуына ықпал етті. Орман алқаптарын ағаштан тазартып, егін егу мүмкіндігі туды. Тастан жасалған дән үгіткіштер жиі кездеседі. Дақылдардан қара бидай, бидай, анаша, т.б. егілді.

Қазбалардан табылған қызыл және алтын жалатқан оңтүстіктен әкелінген моншақтар айырбастың дамығандығын көрсетеді. Троицк қалашығынан латынша жазуы бар римдік түйреуіш табылған. Щербинск және Троицк қалашықтарында жүргізілген қазбалар мәліметтері тұрғындардың этникалық құрамы батыстан келген Балтық жағалауы тұрғындары әсерінен өзгере бастағанын білдіреді.

Кейбір зерттеушілер дьяков мәдениетінің кезеңін VI – X ғасырлар деп бөледі. Бұл кезде ыдыстардың сыртында баулы өрнектер пайда болады, заттар кешенінде финдік типтегі шуылдақ шашбаулар, оңтүстіктің түйреуіштері, салтовтік балталар секілді отырықшы аймақтарға тән бұйымдар кездеседі. Қалашықтармен қатар тіршілік кешкен ауылдық мекендер таралды. Дьяков пен Балтық жағалауы тұрғындары материалдық мәдениеттің ортақ белгілері нақты

байқала бастайды. Мәдениеттің тегі жайлы мәселе әлі нақты көтерілмеген, өйткені осы өңірдегі кейінгі қола ғасыры ескерткіштері әлі жөнді зерттелмеген. Этникалық жағынан дьяковтықтар осы күнгі мерлер мен вестердің арғы тегі саналады.

Дьяковтықтардан оңтүстік-шығыста Цна, Ока және Еділ өзендері аралығында городец мәдениетінің (б.з.д. VII – б.з. IV ғ.) тайпалары тіршілік кешті. Бұл мәдениет бірқатар жергілікті нұсқаларға бөлінеді. Солардың ішінде Саратов және Рязань ескерткіштер топтары біршама жақсы, Тамбовтық ескерткіштер тобы нашар зерттелген. Городец тайпаларының арғы тегі болып абашев пен кима мәдениеттерінің ықпалына ұшыраған волосовтық тайпалар саналады.

Осы мәдениеттің қоныстары да алғашқыда бекініс құрылыстары жоқ ауылдық мекендер түрінде болды. Кейіннен қалашықтар пайда болып, ауылдық мекендер жойылады. Ал соңғы кезеңде қалашықтар мен ауылдық мекендер қатар тіршілік кешкені байқалады. Тұрғын үйлері жертөле және жердің бетіне салынған баспаналар түрінде болған. Ыдыстары көбіне жөкеден (рожка) жасалған ірі штамптары бар, бірақ ертеректегі ескерткіштерінде қарапайым тор тәрізді өрнектер де кездеседі. Заттардан көбіне, сүйектен жасалған, темір мен қоладан жасалған құралдар өте сирек кездеседі. Балшықтан жасалған салмақбасқыштар сыртында ойық немесе нүкте тәріздес өрнегі бар цилиндр тәріздес. Шаруашылығында мал өсіру үстем болып, жылқы, қой, сиыр өсірген. Балық пен аң аулау да елеулі орын алды. II-IV ғасырларда городецк тайпалары Еділдің арғы бетіне қоныстана бастаған. Жерлеулері ұсақ қабірлерге мәйітті бүгілген күйінде жатқызған. Б.з.д. II-I мыңжылдыққа жататын Кіші Волосовтық жерлеу городецк мен волосовтық мәдениеттің шекарасында тұр.

Городец мәдениеті мешерлер, муромдар мен мордвалардың арғы тегі деп есептеліп жүр.

Ананьин мәдениеті б.з.д. VII – III ғасырлар аралығында Кама, Вятка және Белое жағалауларында тіршілік кешті. Осы мәдениет Кама маңын мекендеген Трубинск тайпалары мен Уралдың арғы бетінен келген басқа этникалық топтардың араласуы негізінде қалыптасқан деп есептеледі. Мәдениеттің қалашықтары мүйістерге салынып, сыртынан дуал мен ор қоршаған. Кейбір қалашықтарда дуалдың орнына бөрене қабырғалар мен ағаш шарбақтар салынған. Қазбадан табылған мол сүйек қалдықтары малшылықтың негізгі орын алғанын білдіреді. Жылқы, қой, сиыр, шошқа өсіргені анықталған. Дән үгіткіштер, қола орақтар мен сүйектен жасалған кетпендер орман ағаштарын шауып орнына егін еккен кәсіптің де болғанын байқатады. Балық пен аң аулау күн көрудің қосалқы кәсібіне айналған. Әсіресе, терісі бағалы түлкі, сусар, кәмшат секілді аңдардың сүйектері табылған. Ананьиндықтарда сүйектен жасалған бұйымдар өте көп. Темір құралдар дьяковтықтармен салыстырғанда мол. Қола заттар да жеткілікті. Уралдағы металл кен орындарына жақын орналасқандығы сезіледі. Түрі мен өрнегі бірдей ананьиндік құралдардың жаппай өндірілуі олардың айырбасқа арнайы жасалғандығын білдіреді.

Олардың жасаған заттары Норвегия мен Батыс Сібірге дейін жеткен. Керісінше, Конецгор қонысынан мысыр құдайы Амонның кішкене мүсіні табылған. Ыдыстарының түбі жұмыр, сыртқы өрнегі ағаштың басына оралған жіптің көмегімен салынған.

Ананьиндік жерлеулер жеткілікті деңгейде белгілі. Солардың бірі Ананьино ауылының маңында қазылған зираттың атымен бүкіл мәдениетті атаған. Марқұмдардың денесін көмген, ішінара өртеген жағдайлар кездеседі. Қабірлерде жерлеу заттары көп. Еркектердің қарапайым қабірлерінде балта, пыша және жебенің оқтары шығады. Ал бай жерлеулерден қарулар, алтыннан жасалған ұсақ әшекейлер, мойынға салған алқалар, әйелдердің жерлеулерінен әшекей бұйымдары – қапсырмалар, алқалар, қола айналар табылады. Мәдениеттің өкілдері қабірдің басына мүсін тас қойған. Оларда әдетте, соғыс балтасы, қанжар секілді қарулар бедерленіп салынған.

Ананьин зиратында қабір басына қойылған тас плита табылған. Онда соғыс балтасы, қанжар мен мойнына алқа таққан шошақ қалпақты жауынгер бейнеленген. Осы баған тастың астындағы қабір жерлеу заттарына бай болып шықты. Ішінен табылған заттар бейнеге сай келді. Қабірге темір балта, қанжар және күмістен жасалған алқа қойылыпты. Кама мен Урал маңында құрбандық орындары табылған. Осындай құрбандық орындарында қалыптасқан күл қабаты кейбір жерлерде бір жарым метрге дейін жетеді. Күл қабатынан кездесетін сүйек қалдықтары малдың емес адамдардың шала жанған қаңқалары. Әсте өлген адамдарды бір жерде өртеп, шала жанған қалдығын апарып жерлейтін салт болған сияқты.

Ананьиндіктер осы күнгі удмурттар мен пермьдік комилердің арғы тегі саналады.

Б.з.д. II – б.з. V ғасырлар аралығында өмір сүрген Пьяноборск мәдениеті ананьиндіктердің тікелей ұрпағы саналады. Бұл кезде қалашықтардың аумағы, тұрғындардың саны мен тығыздығы арта түседі. Қыш ыдыстар өте сирек табылады. Шамасы темір құралдардың молдығы ағаштан ыдыс жасауға мол мүмкіндік берген болса керек. Каманың бойында ағаштан ыдыс жасау осы күнге дейін жалғасып келеді. Мәдениеттің үйлері де қима бөренелерден салынған.

Пьяноборск зираттары жақсы зерттелген. Әйелдердің қабірлері жерлеу заттарына бай келеді. Жерлеуден табылған заттардың көпшілігі ғұрыптық сипатта. Жеті басты бұғының, жыланның, құрсағында жеті балық көрсетілген аңдардың бейнелері жиі кездеседі. Шамасы «7» саны қасиетті сан болса керек. Ерлердің жерлеулерінен әдетте, балта, найза, жебенің ұштары кездеседі.

МЕРЗІМДЕЛУ

Днепро-двинск мәдениеті – б.з.д. VIII ғасыр мен б.з. IV ғасырлар аралығы.
Дьяков мәдениеті – б.з.д. VIII ғ. - б.з. VI ғасырлар аралығы.

Дьяков мәдениетінің кезеңдері:

1. б.з.д. VIII-IV ғасырлар.
2. б.з.д. IV – б.з. III ғасырлар.
3. б.з. II – VI ғасырлар.

Городец мәдениеті – б.з.д. VII – б.з. IV ғасырлар аралығы.

Ананьин мәдениеті – б.з.д. VII – III ғасырлар аралығы.

Пьяноборск мәдениеті – б.з.д. II – б.з. V ғасырлар.

Әдебиеттер

Археологические памятники эпоха железа восточноевропейской лесостепи. – Воронеж, 1987.

Збруева А.В. История населения Прикамья в ананьинскую эпоху. – М., 1952.

Патрушев В.С., Халиков А.Х. Волжские ананьинцы. – М., 1982.

Халиков А.Х. Волга-Камье в начале эпохи раннего железного века VIII – VII вв. до н.э. – М., 1983.

Т ө р т і н ш і т а р а у

Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның ежелгі құлиеленуші және феодалдық қоғамдарының археологиясы

Қара теңіздің солтүстік жағалауларынан бастап Кавказ бен Орталық Азияны қамтыған аймақта б.з.д. I мыңжылдық пен б.з. I ғасыры аралығында таптық

қоғамдар қалыптасу үдерісі қарқынды жүрді. Дегенмен, кейбір аудандарда таптардың қалыптасу үдерісі елеулі тәжірибе жинап үлгерген болатын.

Таптық қоғамның алғашқы үлгілері Орта Азияның оңтүстік аудандарындағы қолдан суғармалы егіншілік дамыған аудандарда ертеден-ақ қалыптасқаны белгілі. Мысал ретінде Алтынтөбе мен Намазгатөбе егіншілік өркениеттерін айтуға болады.

Арменияның таулы өлкесін мекендеген ежелгі тұрғындарда б.з.д. I мыңжылдықта шығыс үлгісіндегі мемлекет қалыптасты. Кішкене кейінірек Қара теңіздің Солтүстік жағалауларында жергілікті тайпаларға өзінің үлкен мәдени ықпалын тигізген ежелгі грек қоныстары пайда болды. Ықпалдың әсері жергілікті тайпалардың арасында материалдық өндірістің дамуы мен алғашқы тұрмыстық қоғам құрылысының ыдырауына ұйытқы болды.

Қалалардың, қала өркениеті мен мәдениетінің қалыптасуы таптық қоғамның орнығуымен тікелей байланысты дамыды. Қалаларда жазу ісі пайда болып, күрделі сәулеткерлік құрылыстар салынды. Теңгелер таралып, сауда дамыды. Бұл алғашқы нышандары ерте заманнан бастап қалыптасқан өндіруші шаруашылықтың дамыған түрі болатын.

Құлиеленуші Урарту мемлекеті

Б.з.д. I мыңжылдықтың басында қалыптасқан Урарту құлиеленуші мемлекеті Алдыңғы Азия елдері арасында жетекші орын алды. Кавказ бен Алдыңғы Азияның көптеген халықтары Урартудың саяси және мәдени ықпалында болды. Мемлекеттің негізін қалаушы Арам (б.з.д. 864 – 845) патша тұсында мемлекеттің астанасы Тушпа қаласы болған. Ол кезде патшалық Биайнили деп аталды. Урарту ескерткіштерін зерттеу XIX ғасырлардың екінші жартысынан басталады. Б.з.д. VIII ғ. Рус I (б.з.д. 780 – 714) патшаның әмірімен жасалған Урарту жазбасы алғаш Севан өзенінің жағасынан табылды. Кейінірек Ереванның маңындағы Кармир-блур жотасынан Урартудың соңғы патшаларының бірінің аты жазылған жазуы бар тақта тастың сынығы табылды. Кейінгі зерттеулер шамамен, б.з.д. 675-650 жылдары арасында Русы II (б.з.д. 685 – 645) патша салдырған Тейшебаини бекінісінің орны табылды. Сол жерде жүргізілген қазба жұмыстары қаланың саяси және шаруашылық өмірінен мол мәлімет берді. 4 ғ. жерді алып жатқан орталық бекіністің қабырғалары тұрпайы өңделген ірі тастар мен балшық текшелер араластыра салынған. Оны қоршай қала кварталдары орналасқан. Цитаделде Урартудың аймақтық әкімінің сарайының орны ашылды. Қырқаны қуалай қам кірпіштерден салынған сарай кешені жүзден аса бөлмелерден тұрады. Осы кешеннің төменгі қабатында орналасқан түрлі мақсатта пайдаланылған қоймалар жақсы сақталған. Урарту өнерінің әйгілі туындылары сол жерлерден шықты. Олар – арыстан және бұқалар бейнесінде жасалған безендірулер, Аргишти және Сардур патшалардың қола дулығасы, салт және арбаға жегілген аттардың бейнесі бедерленіп салынған қорамсалар,

т.б. Дулығалардың біріне: «Халду құдай Аргиштидің ұлы Сардур әміршіге өмір сыйлайды», – деп жазылған. Көп қоймалардың бірінен сыртында жазуы бар қола саптаяқтар табылды. Сына жазуы бар балшық тақталар да көп шықты. Кармир-Блур жотасында елдің солтүстік бөлігінің әкімшілік орталығы орналасып, әкім тұрған бекіністе әскери бөлім тұрған. Қазбадан табылған түрлі археологиялық материалдар бұл қаланың, өңірдің шаруашылық орталығы да болғандығын көрсетеді. Үлкен қоймалардың бірінде еденге жартылай енгізіп орналастырылған алып құмыраларда арпа, бидай, тары және түрлі жемістер сақталған. Бөлмелердің бірінен сыра қайнатуға негізделіп жасалған үлкен құм табылды. Жеке қоймаларда көп мөлшерде шарап сақталған. Шарап сақтайтын алып құмдардың сыймдылығы 1500 л-ге жетеді. Сондай-ақ шаруашылық құралдары орақ, кетпен, астық үгіткіштер шықты. Бекіністі қоршай орналасқан қарапайым тұрғындардың үй орындарында жүргізілген қазба олардың күнделікті өмірінен сыр шертетін материалдар берді. Ондағы жеке үйлер екі-үш бөлмелерден тұрады. Үйлердің ішінде ешқандай жиһаздың іздері байқалмайды. Археологиялық заттар қарапайым тұрмыстық құралдар. Закавказьеде урартулық басқа да бекіністер белгілі. Осындай екі бекіністің қалдығы Севан өзенінің жағасында сақталған. Аракс өзенінің бойындағы Армавир қырқасынан урартудың ежелгі астаналарының бірі Аргиштихинилидің орны табылған. Осы жерде жүргізілген қазбадан қамалдың, храмдардың салынуы, су жүйелерінің жасалуы жайлы айтылған сына жазуы бар балшық тақталар шықты. Тау қырқасында орналасқан ел үшін қолдан суғарылатын егіншілікпен айналысуда ірі каналдар жүйесін салу маңызды орын алған. Аргишти патшаның тұсында (б.з.д. 783 ж.) көне қалалардың бірі Эребунидің (Ераван) негізі қаланды. Оның қираған орны Ереван қаласының шетінде орналасқан. Қазбадан табылған сына жазуда: «Холда құдайдың құдіретімен Менуа ұлы Аргишти осы бекіністі салып, бітірді, Биайны (Урарту) елінің құдіреті мен дұшпан елдерді түршіктіру үшін оны Эребуни атады», – делінген. Бізге белгілі Урарту бекіністерінің жобасы бір-біріне ұқсас: бекіністерден, қоймалардан, храмдар мен тұрғын үйлер құрылыстарынан тұрады. Сондай-ақ аймақтық шаруашылық орталығы да осында шоғырланған. Жүргізілген қазбалар Урарту қалаларында қол өнері, оның ішінде металл өңдеу жоғары дамығандығын көрсетеді. Семсер, дулыға, сауыт, найзамен жебенің ұштарын жасау металл өңдеудің негізгі саласына жатқан. Урартудың өнер туындылары ассириялық өнерге өте жақын. Бұл олардың түп-тегінің ортақ Ежелгі Шығыс өнерінен бастау алатындығынан болса керек. Урарту мемлекеттік және саяси бірлестік ретінде өз тіршілігін б.з.д. VI ғасырда Мидия тарапынан болған жорықтар мен скифтердің жойқын шапқыншылығы салдарынан тоқтатты. Осы оқиғаларды археологиялық материалдар да растайды. Мысалы, Тайшебиани бекінісін қазу барысында скифтік жебенің ұштары көп табылған. Олардың көпшілігі бекіністің сыртқы қабырғаларына қадалып тұрған күйінде сақталған. Кейіннен Урарту патшалығы иеліктерінің көпшілік бөлігі Ахемен әулеті билеген мемлекеттің құрамына өтті.

Ал, Урартудың мәдени мұраларын ежелгі армяндар, иберлер мен колхтар иемденіп қалды. Ежелгі Шығыс өркениетінің бір бөлігі саналатын Урарту мемлекеті Закавказье халықтарының, әсіресе, Армян халқының қалыптасуында елеулі рөл атқарды.

МЕРЗІМДЕЛУ

Урарту патшалығы б.з.д. IX – VI ғасырлар.

Русы (Руса) I патшалық құрған уақыт б.з.д. 780 – 714 жж.

Русы II патшалық құрған уақыт б.з.д. 685 – 645 жж.

Тейшебаини қамалы салынған уақыт б.з.д. 675-650 жж.

Әдебиеттер

Дьяконов И.М. Урартски письма и документы. – М., 1985.

Пиотровский Б.Б. Археология Закавказья. – Л., 1949.

Пиотровский Б.Б. Кармир – булур. – Л., 1970.

Пиотровский Б.Б. Ванское царство (Урарту). – М., 1959.

Мартirosян А.А. Город Тейшебаини. – Ереван, 1961.

Мартirosян А.А. Армения в эпоху бронзы и железа. – Ереван, 1964.

Мартirosян А.А. Аргиштихили. – Ереван., 1974.

Ходжаш С., Трухтанова Н., Оганисян К. Эребуни. - М., 1979.

Қара теңіздің солтүстік жағалауларындағы антикалық қала мемлекеттер археологиясы

Б.з.д. VII ғасырларда Қара теңіздің солтүстік жағалауларында ежелгі гректердің алғашқы сауда мекендері қалыптасты. Олар алғашқыда таза саудасаттық сипаттағы уақытша факторилар болатын. Сондай факторилардың бірінің орны Березань аралындағы Днестр-Буга қойнауында табылып, қазылды. Ол мекенжайдан б.з.д. VIII ғ. ыдыс сынықтары табылған. Осындай факторилар Керч бұғазының жағалауларында да құрылды. Б.з.д. VI ғасырда сол факторилардың орнында тұрақты қала тектес қоныстар қалыптасты. Алдыңғы Азия қалаларынан келген гректер Днестрдің қойнауында – Тиру, Буга мүйісінде – Ольвия, Қырымда – Феодосия, Керчте – Пантикапей, Тиритака, Нифей және Мирмекий қалалары пайда болды. Осындай бірнеше қалалар Қара теңіздің Кавказ жағалауларында да бой түзеді. Ежелгі грек колониялары бір-біріне тәуелсіз дербес мемлекеттер еді. Олардың өз басқару жүйесі, өз соты мен заңы

болды. Өздерінің тәуелсіз ішкі және сыртқы саясатын жүргізіп, өз теңгелерін соқты. Қара теңіздің солтүстік жағалауларындағы грек қалалары саяси, экономикалық жағынан бірікпеді. Тек Керч жарты аралындағы Милеттен шыққан көпестер салған Пантикапей, Фиадосия, Тиритака, Нифей және Мирмекий қалалары б.з.д. 480 жылы Боспор патшалығына бірікті. 900 жылдай өмір сүрген мемлекетте монархиялық патшалық билік үстемдік етті. Археологтардың назарына алғаш іліккен патшалықтың астанасы – Пантикапей қаласы. Митридат тауының биік қырқасында орналасқан қала қорғаныс дуалдарымен қоршалған. Қаланың ішкі жағында орналасқан Акрополь – жеке бекініс. Пантикапейдің сәулеткерлік ғимараттары өзінің әсемдігі мен құрылыс өнері деңгейінің жоғарылығымен ерекшеленеді. Үйлердің қабырғалары мұқият қашалған әк тастардан қаланып, сырты балшықтан құйылған жұқа қыштармен қапталған. Әрбір үй ішінде ауласы бар тұйық қабырғалармен қоршалған. Жеке қоймалардан тұратын шаруашылық аудандарының болғандығы анықталған. Астық саудасы Пантикапей мен Боспордың аса маңызды кәсіптерінің бірі болған.

Боспордан жіберілетін дән Грецияға әкелінетін астықтың басым бөлігін құрады. Б.з.д. IV ғасырдағы теңгенің бетінде бидайдың сабағы салынуы осыдан болса керек. Боспордың басқа қалалары да жақсы зерттелген. Қазбадан сұйық және төгілетін заттарды сақтауға және оларды тасымалдауға арналған үлкен амфорлар мен пифастар көп табылған. Астықпен қатар құл саудасы, шарап жасау ісі, балық аулаудың да маңызды рөл атқарғандығын көрсететін материалдар жеткілікті. Мысалы, Фанагорияда жүргізілген қазбадан б.з.д. V ғасырда сұйық және төгілетін заттарды сақтау мен тасымалдауға қолданған амфоралар қойылған қойма ашылды. Ал, Мирмекий мен Тиритакадан шарап жасаған орындар табылды. Гректердің барлық ыдыстары иіні қанғанша иленген таза сары балшықтан шарық қондырғысында (круг) жасалып, сапалы күйдірілген. Сыртқы бітімі жағынан алуан түрлі. Едәуір көп таралған жоғарғы жағы кең келіп, тамақ жағы тар келетін, бір метр биіктіктегі, тігінен екі тұтқасы бар, түбі доғал келетін амфоралар. Амфоралар астық, май, шарап секілді түрлі азықтарды тасымалдауға арналған. Ішіне үш шелекке дейін сұйық кететін осындай ыдыстар кемелердің сыймдылық өлшем бірлігі болған. Амфоралардың тұтқасына ыдыс жасалған қаланың таңбасы басылған. Салтанатты амфоралардың түбі тегіс келген және сырты өрнектелген.

Кең таралған тағы бір ыдыс түрі пифас деп аталған. Пифастар – ішіне ересек адам еркін сиып кететін, үлкен, азық сақтауға арналған ыдыстар. Осындай алып ыдыстарды арнайы шарықта бөлек-бөлек дайындаған. Көбнесе, кішкене ыдыстарды безендірген. Безендірілген ыдыстардың ішінде көп таралғандары шарапты сумен арластыруға арналған кратерлер. Килик - көлденеңінен орналасқан екі тұтқалы, аяғы биік, тайпақ табақша. Киликтердің әдетте іш жағы безендірілген. Б.з.д. VI – II ғасырларда өрнек салу үшін вулкандық (жанартау) жолмен алынған деп есептелетін кара сыр (лак) пайдаланылған. Сырты

өрнектелген ыдыстар екі рет - өрнек салғанға және салғаннан кейін күйдірілген. Өрнектердің жиі кездесетін тақырыбы құдайлардың өмірінен көріністер. Едәуір көне ыдыстар б.з.д. VI – IV ғасырларға жатады. Олар қара сырлы ыдыстар деп аталып кеткен. Ыдыстардың олай аталу себебі, олар сыртынан өрнек салынғаннан кейін қара сырмен боялған. Екі мың жылдан астам уақыт жер астында жатқан осындай ыдыстар әсемдігі мен өңін жоғалтпаған. Ыдыстарды бояған сырдың химиялық құрамы бұл күнде анықталғанмен, дәл сол кездегідей жасау мүмкіндігі болмай келеді. Б.з.д. VI ғасырда ыдыс сыртын әшекейлеудің қара денелі аталған нақышы кең таралды. Онда адамның дене бітімі ыдыстың сыртына қара түспен бейнеленіп, көзі, мұрны мен еріндері секілді жекелеген белгілері тырнап салынады. Осындай нақыштың қарама-қарсы бағытта өзгеруі б.з.д. VI - IV ғасырлар аралығында таралды. Онда ыдыстың сырты тұтастай қара лакпен боялып, өрнектер мен адам денелері ыдыстың табиғи түсін сақтады, яғни күлгін немесе қызғылт түсті. Қызғылт денелі деген нақыш түрі осыдан шығады. Тек адамның мүшесі анық көріну үшін оның бұлшық еті, қимылы елеусіз ғана боялған. Ыдыстарды өрнектеуде бояуда ақ, сары және көк сырларды қолдану б.з.д. III ғасырлардан бастап таралды. Боспор патшалығында алтын, күміс, мыс секілді асыл металдардан әлемде теңдесі жоқ асыл бұйымдар мен әшекей заттар жасаған зергерлік кәсіп жоғары дамыған. Антикалық зираттар мен Скиф қорғандарынан табылған алтын, күмістен жасалған әсем ыдыстар, бұйымдар ежелгі Грекияның өзінде де кездеспейді. Қол өнері мен ауылшаруашылық өндірістері саудамен тығыз байланысты дамыды. Қол өнері бұйымдары жергілікті тұрғындарға сатылса, Грекияға астық және тұздалған балық шығарылды. Боспордың алғашқы теңгелері б.з.д. IV ғасырларда пайда болды. Б.з.д. II ғасырда Скифтен шыққан Савмак құл бастаған көтерілістің салдарынан Боспор патшалығы Понтий державасының құрамына кірді. Осыдан бастап Грек ақ сүйектері жергілікті сармат және меот тайпаларының ақсүйектерімен сіңісіп кетеді. Оны біз сол кезде қалыптасқан грек-сармат жерлеу ғұрыптарынан байқаймыз. Боспор билеушілерінің бірі жерленген қабірге сарматтардың ұзын семсері мен бай безендірілген атәбзелдерінің күміс және шыны ыдыстардың бірге қойылуы – осының куәсі. Билеушілердің тағы біреуі жерленген қабірден Константин II бейнеленіп, астына латынша 343 ж. деп жазылған күміс саптаяқ табылған. Бұл Боспор патшалығының соңғы онжылдығы болатын.

Ольвия

Ольвия қаласы б.з.д. VI ғасырда Буга өзенінің жағасындағы қойнауда қалыптасты. Биік жотаның басына орналасқан қала жоғарғы және төменгі деңгейлерден тұрды. Археологиялық қазба кезінде жоғарғы деңгейде орналасқан көптеген тұрғын үйлер мен қол өнері шеберханалары ашылған. Қазба жұмыстары қаланың б.з.д. IV ғасырда едәуір кеңейгендігін көрсетеді. Қаланы қоршаған мұнаралы қорғаныс қабырғаларының солтүстік бөлігінде басты қақпа орналасқан. Қаланың ортасында храм мен мәрмәр тасқа ойып

жазылған декрет ілінетін тұғыр және базар алаңы орналасқан. Осы маңдағы грек театрының да орны ашылған. Қазба барысында астық сақтайтын арнайы қоймалар Ольвидің скифтермен негізгі саудасы астық болғандығын білдіреді. Милет, Родос және Самос аралдарымен тығыз сауда қатынаста болған. Үлкен құрлықтағы қалалардың ішінде Ольвимен Коринф қаласы тығыз сауда жасаған. Ольвиліктердің б.з.д. V ғасырларда Аттикамен де тауар алмасқандығын қазба материалдары көрсетеді. Грек қалаларынан қыш ыдыстармен бірге шарап, май, мата және басқа да қол өнері туындылары секілді заттар әкелінсе, грек қалаларына астық, мал, балық және құлдар шығарылды. Ольвиден Грекияның қалалары мен Қара теңіздің жағалауындағы Геракли, Херсонеспен тығыз сауда қатынастарын баяндайтын тас тақта табылған.

Б.з.д. VI ғасырда Ольвия ірі қолөнер орталығына айналды. Әсіресе, металл өндіру мен ыдыс жасау кәсібі жоғары дамыды. Ольвиде жасалған қарулар мен әшекей бұйымдары аса бағаланды. Көптеген әшекей заттары скиф ақсүйектерінің тапсырысымен жасалды. Қазба кезінде ыдыс және қол өнері шеберханаларымен қатар орташа көлемдегі кемелерді жөндейтін ұстаханалардың орындары да ашылған. Қалаға б.з.д. IV ғасырда А. Македонский әскерлері, б.з.д. III ғасырда көрші скифтер мен батысқа қарай жылжыған сарматтар тарапынан жиі қауіп төніп тұрды. Қаланың амандығына мүдделі ірі құлиеленушілер мен қаланың қалталы тұрғындары қорғаныс сыртқы қорғаныс құрылыстарын салдыруға өздерінің жеке қазынасынан қаржы бөлгені жазылған деректер табылған. Сондықтан да Ольвии саяси-экономикалық жағынан қала ақсүйектерге тәуелді еді. Б.з.д. II ғасырда Ольвиде скиф патшасы Скилурдың бейнесі салынған теңгелердің таралуы қаланың скиф мемлекетіне тәуелділігімен түсіндіріледі. Кейіннен қаланы жаулап алған фракиялық гот тайпасы оны аяусыз тонады. Осындай ұрыстардың және ауыр жағдайға төзбей қоныс аударған саудагерлердің есебінен қала тұрғындарының саны кеміп, қаланың көпшілік бөлігі қирап, бос қалды. Дегенмен, археологиялық қазба материалдары қаланың бірсыпыра бөлігінің біздің заманымыздың бірінші ғасырына дейін тіршілігін жалғастырғанын көрсетеді. Бұл тұста Ольвидің негізгі тұрғындары гректермен сауда байланысын жасауға ықыласты скиф тайпалары болды.

Херсонес

Солтүстік Қара теңіз жағалауларындағы антикалық қалалардың ішіндегі ең кейін қалыптасқаны (б.з.д. V ғ.) – Херсонес. Қырым жарты аралының оңтүстік-батысында қалыптасқан бұл қаланың негізін қалаушылар Қара теңіздің оңтүстік жағалауындағы Понтилік Геракли қаласынан келген гректер болатын. Бұл жергілікті тағы халықтың мәдениетінің ықпалына аз іліккен қала болатын. Осындай ерекшелікті қалаға жақын орналасқан тұрмысы аса кедей таулық таврлар тайпасы тарапынан грек өнімдерін сұраныстың жоқтығымен

түсіндіруге болады. Оның үстіне ол тайпалар қала тіршілігіне қастандықпен қарады. Б.з.д. IV ғ. басында қаланың сыртынан салынған күрделі қорғаныс қабырғалары осының куәсі. Оның текше тастардан қаланған мұнаралары мен айбынды қабырғаларының жалпақтығы 4, биіктігі 10 метрге дейін жеткен. Алуан түрлі тәсілмен қаланған қабырғалардың бойындағы оқ ататын ойықтар қаланың талай шабуылға төтеп бергенін көрсетеді. Антикалық дәстүрде безендірілген орталық алаңда құдайлар мен қалаға еңбегі сіңген әйгілі адамдардың мүсіндері және қоғамдық ғимараттар мен храмдар салынған. Қол өнері шеберханалары қаланың шет жақтарында орналасқан.

Херсонес өзінің ауылшаруашылық өнімдерімен сауда жасады. Теңіз жағалауларындағы ауылшаруашылығы алқаптары Херсонеске қарайтын. Мемлекеттің меншігіндегі бұл жерлер қаланың жекелеген тұрғындарына жалға берілді. Геракли жарты аралынан ауыл шаруашылығымен айналысқан мекендердің орындары табылды. Олар жекелеген усадьбалардан тұрды. Онда тұрғын үйлер астық пен еңбек құралдарын сақтайтын қоймалармен қоршалған. Усадьбалардың маңындағы жерлер жүзім бақтарына бөлінген. Әрбір мекен уақытша қорғаныс қабырғаларымен қоршалған. Ауыл шаруашылығы өнімдерінен Херсонес астық пен жүзімді мол өсірілді. Шарап негізінен сату үшін өндірілген. Шарап өндірісі жайлы жүзім бақтарынан басқа жүзім езетін бөлмелер мен шырын тұндырғыштар, шарап сақтайтын және тасымалдайтын алуан түрлі ыдыстардан байқауға болады. Херсонес пен оның маңындағы мекендерден табылған анфУралар мен сәнді жасалып, қара түсті лакпен сырланған ас ыдыстары, теракота мүсіндері қол өнерінің ішінде құмыра жасаудың жоғары дамығандығын білдіреді. Сондай-ақ қол өнерінің тоқыма, зергерлік және қару жасау секілді салалары да жақсы жолға қойылған. Херсонес құлиеленуші демократиялық мемлекет еді. Онда құлдар қолөнері мен үй шаруасында пайдаланылды. Басы бос және азаматтық құқы бар тұрғындар саяси құқыққа ие болды. Қазбадан табылған мәрмар тасқа қашап жазылған херсондықтардың анты б.з.д. III ғасырда қаланың қақ ортасында тұрса керек. Онда әрбір херсондық азамат өз қаласының демократиялық құрылымын қорғауға Алланың атымен ант беруі тиіс екендігі жазылған. Херсондықтар негізінен қыз құдайға табынған. Қалада оған арнап салынған храм мен құрбандық орны ашылды. Херсондықтардың басқа да гректік құдайларға табынғандықтары белгілі. Херсондықтардың өмірі таворлар мен скифтер тарапынан болған шапқыншылықтан қорғанумен өтті. Әрдайым төнген қауіптен мезі болған херсондықтар б.з.д. III ғ. соңы мен II ғ. басында Понти патшалығымен көмек шартына қол қоюға мәжбүр болды. Соңында осы шарт қала тәуелсіздігінің түбіне жетті. Б.з.д. II ғ. соңында скифтердің шабуылын тойтаруға жіберілген Митридаттың қолбасшысы Диофант скифтерді талқандап, олардың астанасы Неапольмен бірге Херсонесті Понтиидің құрамына күштеп қосты. Ол туралы қазбадан табылған, Диофанның құрметіне жазылған эпиграфиялық ескерткіштерден білеміз. Херсонес I ғасырдан бастап Римнің

қоластына өтті. Қазба барысында ашылған балық тұздауға арналған ірі ыдыстар мен тұздалған балықтар сақталатын қоймалар көптігі херсондықтардың сыртқы саудасында балық сатудың негізгі кәсіп болғанын көрсетеді. Қаланың жергілікті скиф, тавор, меот, синд, сармат секілді, т.б. тайпаларға бастапқыда гректік, сосын римдік мәдени ықпалды таратқан орталықтардың бірі болғанын да қазбадан табылған материалдардан байқаймыз.

МЕРЗІМДЕЛУ

Б.з.д. VII ғасырда Қара теңіздің солтүстік жағалауында гректердің алғашқы факторилары қалыптасты.

Б.з.д. VI ғ. – Ольвия, Феодосия, Пантикапей, Тиритака, Нифей және Мирмекий қалалары қалыптасқан уақыт.

Б.з.д. V -II ғасырлар аралығы – Боспор патшалығы дәуірі құрған уақыт.

Б.з.д. VI -II ғасырлар аралығы – Ольвия қаласы дәуірі құрған уақыт.

Б.з.д. V -I ғасырлар аралығы – Херсонес қаласы дәуірі құрған уақыт.

Әдебиеттер

Античные государство Северного Причерноморья// Археология СССР. В 20 т. – М.,1984.

Античная цивилизации. – М., 1973.

Блаватский В.Д. Античная археология и история. – М., 1985.

Блаватский В.Д. Античная археология Северного Причерноморья. – М.,1961.

Блаватский В.Д. Природа и античное общество. – М., 1974.

Гайдукевич В.Ф. Боспорские города. – Л., 1981.

Кругликова И.Г. Античная археология. – М., 1984.

Кругликова И.Г. Сельское хозяйство Боспора. – М., 1976.

Масленникова А.А. Населения Боспорского государства в VI – II вв. до н.э. Проблемы античной культуры. – М., 1986.

Цветаева Г.А. Боспор и Рим. – М., 1979.

Орта Азияның құл иеленуші және феодалдық қоғамдарының археологиялық ескерткіштері

Антикалық Орта Азияда егінші тайпалардың бірнеше мәдени орталықтары қалыптасты. Кеңес дәуірінде жүргізілген қазба жұмыстары б.з.д. I мың жылдықтың екінші жартысында Орта Азия жерін мекендеген халықтар шаруашылық құрылымы жағынан екі топқа бөлінді. Ежелден егіншілік

калыптасқан аудандарда отырықшы, қалған аймақтарда көшпелі малшы тайпалар мекендеді.

Жергілікті табиғат ерекшеліктеріне қарай егіншілер мен малшы тайпалар өзара тығыз байланыста дамыды. Дегенмен, малшы тайпалар тарапынан егіншілік аймаққа үнемі қатер төніп тұрды. Олар бір-бірімен бірде достық, енді бірде соғыс жағдайында болды. Осындай қатынас Орта Азия тайпалары тарихының өзіндік ерекшелігін көрсетеді.

Әмударияның төменгі ағысында орналасқан ежелгі Хорезм мемлекеті қазіргі Өзбекстанның Хорезм облысы мен Қарақалпақстанды және Түрікменстанның солтүстігін қамтыды. Одан оңтүстікте бірнеше егіншілік аудандар дамыды. Олар – Өзбекстан мен Тәжікстанның оңтүстігіндегі – Бактрия; Өзбекстан мен Тәжікстанның орталық аудандарындағы – Соғда; Түрікменстандағы Парфия мен Маргияна.

Қала тектес мекендер мен суғармалы егіншілік Орта Азия жерінде сонау жаңа тас дәуірінде қалыптаса бастаған. Б.з.д. VII – VI ғасырларда Орта Азия тұрғындарының қоғамдық өмірінде, шаруашылығы мен мәдениетінде қола ғасырымен салыстырғанда елеулі өзгеріс болды. Археологиялық материалдар құлдық қатынастардың дамып, суғармалы егіншіліктің кеңейгендігін байқатады. Қола ғасырындағы суғармалы егіншілік өзен суларының табиғи толысымен байланысты болса, антикалық дәуірде қолдан салған каналдар арқылы суғарылатын егістік алқабы көбейді. Әмударияның оң жағалауында ашылған Қой-қырылған қала, Жамбас қала каналдарының магистралдары мен олардан тараған үлкенді-кішілі көптеген арықтар суғармалы егіс алқаптарының өзен атырауын тұтас қамтығандығын көрсетеді. Б.з.д. IV ғасырда Әмудария мен Сырдарияның төменгі ағысындағы суғармалы егістік даласы 3.5 млн. гектарға жетті. Егіс даласында арпа, бидай, тары егіліп, бақтарда өрік, жүзім, алхор және шабдалы өсірілді. Ежелгі егіншілер мекендерінің қираған қалдықтары ірі каналдар мен олардың салаларының бойынан табылып, зерттелген. Солардың ішіндегі ең елеулілері – Жамбас қала Қойқырылған қала, Топырақ қала, Қызыл қала, т.б.

Осы өңірдің ең ерте егіншілік мекендері Парсы одағының гүлденген дәуірі, б.з.д. VI-V ғасырларға жатады. Сыртқы қорғаныс қабырғасының ішкі жағында қалыңдығы 4 м келетін коридор тәріздес бөлмелерден тұратын Кюзелигыр – сол заманның қалашығы. Осы бөлмелердің арасында ішінде екі камералы ошағы бар адамдар тұруға арналған баспаналар кездеседі. Сақ заманында кең таралған ыдыстардың сынықтары мен жебенің қоладан жасалған ұштарының көп кездесетіндігіне қарағанда қалашық б.з.д. VI ғасырға жатады. Қалашықтың орта тұсында үлкен ғимарат орналасқан. Оның орталық сарайының көлемінің өзі 285 шаршы метр. Сәулетті үйлер мен қатар қарапайым үйлердің қатар кездесуі олардың тұрғындарының әлеуметтік деңгейінің әрқелкі болғандығын білдіреді.

Қалалығыр қалашығы ахеменидтер әулетінің Орта Азияда билік жүргізген дәуірдің соңына сәйкес келеді. Оны ғалымдар б.з.д. V ғ. соңы мен IV ғ. басында ахеменидтік намесниктердің ордасы болған дейді. Бұл – Хорезмнің көлемі жағынан ең ірі қалаларының бірі. Оның сыртқы қорғаныс қабырғаларының бойында көптеген күзет мұнаралары болған. Сыртқы қақпалары шытырман коридорлар мен оқ ататын қуыстармен қалқаланған. Бекіністің ішкі жағында үлкен сарай ғимараты орналасқан. Сол сарайдың қабырғалары кей тұста жеті метрге дейін сақталған. Сарайдың жалпы көлемі 10500 шаршы метрді қамтиды. Қалашықтың қорғаныс қабырғасы секілді ғимараттың қабырғалары да ірі блоктардан тұрғызылған. Салтанат сарайының қақпасының екі жағына үстінде қыранның басы бар бағаналар орнатылған. Осындай құрылыс ерекшелігі мен көлемі жағынан қалашық парсы астанасы – Персепольге ұқсас.

Қойқырылған қала бекінісі – б.з.д. IV ғасырдың классикалық ескерткіші. Қазба барысында бекініс сыртынан тоғыз мұнаралы дөңгелек қабырғамен қоршалған, цилиндр тәріздес ғимарат екендігі анықталған. Бекіністің ортасында төбесі күмбезделіп жабылған бөлмелерден тұратын дөңгелек ғимарат орналасқан. Оның сырт жағындағы көптеген бөлмелер қызметкерлер мен құлдар тұруға және қойма ретінде пайдалануға арнап салынса керек. Мұндағы бірсыпыра бөлмелерден түрлі азық сақтауға арналған адам бойы келетін ірі құмдар табылды.

Қойқырылған қала әрі орда, әрі әкімшілік орталығы міндетін атқарумен қатар жерлеу орны болуы да мүмкін. Археологиялық материалдардың ішінде ең көп кездесетіні – керамика. Саздан жасалған ыдыстар өздерінің көлемі мен қолдану аясы жағынан сан түрлі – үлкен хумдардан кішкене ыдыстарға дейін бар. Шарап және астық сақтауға арналған үлкен хумдар полихромды спираль өрнегімен безендірілген. Арыстанның басы түрінде жасалған тұтқасы бар құмғандар мен шарап құятын керамикалық ритондар кең таралған. Түйе мен есекке теңдеп су тасуға қолайлы бір бүйірі тегіс флягалар Орта Азияда осы тұста пайда болды. Ыдыстардың сырты қызыл түсті бояумен өрнектелген. Кейбір ыдыстардың сыртында арамейлік әріптермен тушта орындалған жазулар кездеседі. Үш мүйізді қалпақ киген еркектер мен салтанатты киінген әйелдердің мүсіндері көп.

I ғ. соңында Хорезм мемлекеті жаңа қалыптасқан Кушан империясының құрамына кірді. Орталығы сол кездегі Үндістанда болған бұл құлиеленуші мемлекет Соғда мен Бактрияның оңтүстік аудандарын және Ауғанстан мен Шығыс Иранды қамтиды.

Кушан қалалары – үйлері түзу кварталдарға бөлінген, айнала қоршаған бекініс дуалдардан тұратын мекендер. Олардың қорғаныс дуалдары балшықтан жасалған ірі кірпіштермен тұрғызылған. Мұнаралары төрт бұрышты және дөңгелек келеді. Осы дәуірдің гүлденген қалалары Термез (Деметрия), Дальверзин және Айыртап, Топырақ-қала.

Жеті гектар жерді алып жатқан Дальверзин қалашығын қорғаныс дуалы мен терең ор қоршаған. Оның оңтүстік шетінен 1000x800 м, көлемдегі қаланың негізгі бөлігі жалғасады. Осы бөлікте құмырашылардың кварталдары, қаланың қарапайым және бай тұрғындарының үйлері мен моншаның орны қазылды. Бай үйлердің бірі тұрғын бөлмелер мен қабырғалары суреттер, мүсіндермен безендірілген салтанатты сарайдан тұрады. Осы жерден қазіргі шахматтың бастапқы түрі ойынның бейне тастары, кішігірім бөлмелердің бірінің еденінің астынан кұйма және сым түріндегі алтындар мен әшекей бұйымдарынан тұратын көмбе табылды.

III ғ. басында Хорезм Кушан империясының құрсауынан босайды. Негізі б.з.д. I ғасырда қаланған Топырақ-қала Хорезм билеушілерінің ордасы болған. Оны қоршаған үш мұнараның қабырғалары 25 м биіктікте сақталған. III –IV ғасырларда сарайдың орны храмдық кешеннің маңында орналасқан. Көпшілік бөлігі екі қабаттан тұратын сарайды тұрғын үйлер кварталы қоршаған. Сарайдың бірсыпыра салтанат бөлмелері аршылды. Солардың бірінде қабырғаға жалғастыра салынған биік сыпалардың үстінде қамқоршы құдайлар мен ағайын-туысқандарының арасында тұрған Хорезм патшалары мүсіндерінің тобы орнатылған. Қабырғаларына патшалардың бедерлі суреттер салынған «жеңіс және алебастор залдары» ашылды. Қара түсті гвардияшылар залы үстіне балықтың қабыршағы тәріздес сауыттар, бастарына биік қалпақ киген қара түсті жауынгерлердің мүсіндерімен безендірілген. Сарайдың қоймасынан арпа, бидай, тарының көп дәндері мен жүзім, өрік, сабдалының сүйектері табылған. Қару-жарақтардан темір найзалар мен жебенің ұштары жиі кездеседі. Көне Хорезм әліпбиімен ағаш және былғарыға жазылған шаруашылық есептері, 116 құжаты шықты.

Б.з.д. IV ғасырда феодалдық қатынастардың дамуына байланысты диқандардың жерге қоныс тебе бастауы нәтижесінде көптеген жеке усадьбалар салына бастады. Орталық билік әлсіреп, суғару жүйелері мен сауда құлдырады. Арнайы шарықта жасалған ыдыстар азайып, қолдан жапсырған ыдыстар көбейеді. Хорезмнің күдіреті құлдырап, көшпелі тіршіліктің рөлі артты.

Хорезм мәдениетінде Персия, Греко-Бактрия және Индияның ықпалы көрінеді. Олардың ықпалы негізінен қолданбалы өнер мен сәулеткерлік туындыларда сезіледі. Дегенмен, ежелгі Хорезмнің материалдық мәдениетінің қаймағы жергілікті ерекшеліктер негізінде қалыптасып дамыған.

Хорезмнің оңтүстігінде Бактрия мен Маргияна, Парфия мен Соғда елінің бай даласы жатты.

Антикалық дәуірдің едәуір ертедегі түрлері Мургаб өзенінің бойындағы Маргиянада қалыптасты. Онда егіншілік оазистері б.з.д. I мың жыл. басында болған. Яздепе мен Арватдепе бекіністері – сол дәуірдегі егіншілік орталықтары. Яздепеде жүргізілген қазба жұмыстары 16 га жерді алып жатқан қалашықтың цитаделі күйдірілмеген кірпіштерден тұрғызылған сегіз метрлік тұғырдың үстіне салынған. Цитаделдің ішкі жағында айнала ұзын бөлмелер

қоршаған төрт бұрышты салтанат сарайының орны ашылды. Олардың төбесі күмбезделіп жабылғандығы анықталған. Бұл жергілікті билеушінің сарайы болуы мүмкін. Оның маңында көптеген шаруашылық құрылыстары салынған. Керамикалық ыдыстардан тұратын тұрмыстық заттар мен қатар қалашықтан жебенің қоладан жасалған ұштары, балшықтан және өңделген тастан жасалған ядролар көп табылған.

Б.з.д. VIII ғасырда Орта Азияның оңтүстік аудандары мен қазіргі Ауғанстан жері Бактрияның құрамында болатын. Көп ұзамай Бактрияның өзі Персияның қол астына өтті. Ал 329 жылы бұл ауданды А. Македонскийдің армиясы жаулап алды.

Грек-Бактрия патшалығы жергілікті мәдени дәстүрді сақтап қалды. Қазбалардан табылған археологиялық материалдарда жергілікті ыдыстар басым. Дегенмен, бірнеше жүз жылдықтар бойы қалыптасқан жергілікті қала салу дәстүрі жаңа мәдени әлеммен кездесті. Сондықтан элиндік мәдениеттің толқыны өз ізін қалдырмауы мүмкін емес еді. Қала мәдениетінің дамуында гректік ықпал айқын көрініс тапқан. Грек-Бактрия археологиялық материалдары ішінде теңгелер көп. Артқы бетінде Зевс, Артемида, Посейдон және Геракл секілді құдайлар мен грек пантеондарының батырлары бейнеленген теңгелер Бактрияға да таралды.

Бактрия қалаларынан солтүстікте Орта Азияның кіндігінде ежелгі Соғды елі жатты. Ол туралы жазба деректер парсы патшаларының сына жазбаларында, грек және араб авторларының шығармаларында көп кездеседі. Сол деректердің хабарлауынша, онда диқандар, қолөнер шеберлері мен саудагер көпестер, тамаша музыканттар мен бишілер тұрған. Б.з. басында соғда тілі Хорезмнен Солтүстік Индия мен Моңғолстанға дейін таралды. Ежелгі Соғда мәдениеті толық зерттелмеген.

Басында Маракан кейіннен Афрасиаб аталған Соғданың астанасының қираған қалдығы қазіргі Самарқанның маңында. Оның территориясынан табылған заттардың ең ертесі б.з.д. VI-IV ғасырларға тән. Олардың – көпшілігі саздан жасалған ыдыстар мен темір бұйымдар. Афрасиабтың орнында жүргізілген қазба кезінде грек-македондықтардың шапқыншылығынан қираған құрылыс қалдықтары анықталды. Дегенмен, олардың Соғды жерінде тұрақты үстемдік құрғаны жайлы дерек кездеспейді. Археологиялық материалдардың арасында элинистік ықпал өте әлсіз. Керісінше, жергілікті билеушілердің атынан соғылған теңгелер жиі кездеседі. Ыдыстар мен терракоталық керемет мүсіндер де жергілікті сипатта. Отбасын қорғайтын періштелер мүсіндерінің арасында әйел бейнелері жиі кездеседі. Әйел мүсіндерінің ішінде грек дәстүрінде киінген бейнелер де ұшырасады. Сонымен қатар сыбызғы немесе дауылпаз ойнап тұрған элинистік нысандағы еркек мүсіндері табылады.

Римнен Қытайға дейін апаратын сауда жолының Соғда арқылы өтуі де қала мәдениетінің дамуына елеулі әсер етті. Қазбадан табылған Рим теңгелері мен сырттан әкелінген ыдыстар осыны көрсетеді. Бірінші ғасырдың басында

Мараканның айналасында Соғда ақсүйектері тұрған ондаған бекініс сарайлар пайда болған. Ол жерлерден алынған археологиялық материалдар Соғды ақсүйектерінің дәулетті тұрғандығын көрсетеді.

Оңтүстік Түрікменстан мен оған көршілес Солтүстік-Шығыс Иран жерін ежелгі Парфия алып жатты. Б.з.д. VI-IV ғасырларда Орта Азияның басқа жерлері секілді ол да Парсы державасының құрамында болды. Б.з.д. III ғасырда Парфияда жергілікті аршакидтер әулеті (Аршак патшадан тараған) билікке келді. Парфия билеушілері дәуірлеп тұрған кезде Иран, Месопатамия, Ауғанстан мен Арменияның жерлерін өзіне бағындырды. Сөйтіп күшейген патшалық Римнің Шығыстағы бақталасына айналды. Римдіктердің Парфияға қарсы талай жорықтары сәтсіз аяқталған.

Парфияның солтүстік жерлерін қамтыған Түрікменстан жерінде сол дәуірдің мәдени қабаты сақталған қырықтан астам қоныстар белгілі. Парфия патшаларының бірнеше орталық қалалары болғаны белгілі. Ашхабаттың маңында орналасқан Ниса аршакидтердің астаналарының бірі болуы ықтимал. Мұндағы қирандылардың арасында екі қаланың орны сақталған. Оның бірі Жаңа Ниса – қаланың өзі, екіншісі Ескі Ниса – сарайлар мен храм ғимараттарынан тұрады. Жаңа Нисаның орнында парфияндық қабат кейінгі дәуірлерде қалыптасқан көп қабатты мәдени қыртыстың астында көміліп қалған. Ескі Нисада тіршілік сол заманда тоқтағандықтан оның мәдени қабаты толығымен парфиян дәуіріне жатады. Патшалардың ордасы болған Ескі Нисаның қалың қорғаныс қабырғасының ішкі жағынан археологтар храмдардың, сарай кешендерінің, патша қазына жайлары мен астық қоймаларының орындарын тапқан. Сарай ғимараты ішкі тұйықталған алаңмен жалғастырыла салынған тоғыз бөлмеден тұрады. Солардың ішіндегі ерекшесі – салтанат сарайының аумағы 400 ш/м. Оның шаңырағын төрт сегіз метрлік діңгектер (колонна) ұстап тұрған. Патша тағы орналасқан осы сарайдың ішкі құрылысында эллинистік дәстүрдің іздері байқалады.

Тақ орналасқан сарай мен көршілес қазынажайдың есігі бекітіліп, мөр салынған, оның сыртынан кірпішпен қаланған күйінде ашылды. Солай бола тұрса да, оның ішіндегі қазына кезінде тоналып кеткен. Тонаушылардан қалып қойған заттардың қатарында күміс ыдыстардың сынған тұтқасы, қоладан жасалған денелер, күміс теңгелер, піл сүйегінен жасалған ритондар секілді бұйымдар кездеседі. Олар патшалықтың гүлденіп тұрған дәуірі б.з.д. III-I ғасырларға жатады. Тонаушылардан қалып қойған заттардың ішінде ерекше көзге ілігетіндері – піл сүйегінен жасалған қанатты сфинкс, Эрот пен Афиннің және қиранның күмістен жасалған мүсіндері. Мүйіз тәріздес етіп жасалған ритондар таза шығыстық зат болғанымен ондағы жалаңаш денелі әйел құдайлар мен кентаврлардың (жартылай адам, жартылай ат түріндегі мифтік тіршілік иесі) бейнесі таза антикалық тақырыпта жасалған. Жергілікті шеберлердің қолымен жасалған гректік бейнелер мен сюжеттер шығыс өнерінің ерекшелігі

мен дәстүрін сақтаған. Осындай екі көркем стильдің қосындысын ритондардан біз көреміз.

Мәрмәр тастан гректік тәсілде жасалған мүсіндер қазынажайдың жеке тобын құрайды. Солардың ішінде киімі төмен қарай сыпырылып бара жатқан әйел құдайдың бейнесі жақсы сақталған. Осыған ұқсас бірсыпыра мүсіндер табылды.

Қазба кезінде ашылған қоймалардың ішінде орналасқан ірі хумдар мен қабылданған астықтың есебі жазылған тізім Ескі Нисаның ірі ауылшаруашылық ауданның орталығы болғандығын байқатады.

Қазбадан табылған екі мыңнан астам ыдыс сынықтарына салынған жазбалардың ішінде парфиндық таңбалардан басқа грек жазбалары да кездеседі. Оларда шараптардың мөлшері және қашан, қайдан әкелінгендігі жазылған. Сол құжаттарда он жеті ауылшаруашылық аудандары мен он елді мекен көрсетілген. Бұл Нисаның төңірегіндегі ауылшаруашылық аудандардың үлкендігін көрсетеді. Ниса қоймаларында жарты миллион литрге дейін шарап бір мезгілде сақталына алатындығы анықталды.

Парфияның Солтүстік-Шығысында жүздеген күзет мұнаралары бар қорғаныс қабырғасы қоршаған Мерв қаласы орналасты. Ол қол өнері шеберлері мен саудагерлердің қаласы еді. Мервтің Нисадан басты айрымашылығы да сонда. Қаланың ішкі құрылыс қалдықтарынан оның тұрғындарының таптық окшаулануы анық байқалады. Құлиеленушілердің бай үйлері жеке орналасқан. Олардан окшаулау жерде ұсақ қол өнері шеберлерінің үйлері мен оған жалғастыра салынған кішігірім шеберханалары жалғасады. Қорғаныс қабырғасын қоршай ауылдық иеліктер мен бау, бақшалық алқаптар жатыр. Қаланың бұл бөлігі де қорғаныс дуалымен қоршалған.

МЕРЗІМДЕЛУ

Парсы одағының гүлденген дәуірі – б.з.д. VI-V ғасырлар аралығы.

Кюзелигыр қалашығының негізі қаланған уақыт – б.з.д. VI ғ.

Қойқырылған қала бекінісі б.з.д. IV ғасырдағы классикалқ ескерткіші.

Топырақ-қала б.з.д. I ғасырда қаланған.

Қалалығыр қалашығы ахеменидтік намесниктердің ордасы болған уақыт -б.з.д.

Ү ғ. соңы мен IV ғ. аралығы.

Ахеменидтер әулетінің Орта Азияда билік жүргізген дәуірі - б.з.д. V - IV ғасырлар аралығы.

Әдебиеттер

Беленицкий А.Н., Вентович И.Б., Большаков Л.Г. Средневековый город Средней Азии. – Л., 1973.

Буряков Ю.Ф. Генезис и этапы развития городской культуры Ташкентского оазиса. – Т, 1982.

Григорьев Г.В. Келесская степь в археологическом отношении//Изв.ИИАЭ АН КазССР Алма-Ата, 1948 сер.археол.
Древнейшие государства Кавказа и Средней Азии //Археол. СССР – М.,1985
История таджикского народа. – М.,1963-1964 – Т1-2.
Кошеленко Г.А. Культура Парфии. – М., 1966.
Пугаченкова Г.А. Искусство Туркменистана. – М., 1967.
Пугаченкова Г.А Дорогами тысячелетий. – М., 1989.
Пугаченкова Г.А. Шедевры Средней Азии. – Ташкент, 1986.
Пугаченкова Г.А. Древний Мерв. – Ашхабад, 1989.

Ежелгі славян археологиясы

Славяндардың тегі мен ертедегі тарихын зерттеу мен тарих, археология, этнология және лингвистика секілді түрлі ғылымдардың мамандары айналысуда. Славян қалықтарының қалыптасуы мен мәдени дамуы бірнеше кезеңнен өткен. Ең алғашқысы – славяндыққа дейінгі кезең. Ол б.з.д. бірінші мыңжылдықты қамтиды. Сол кезде Еуропаның орталығы мен шығысының едәуір бөлігін өзара туысқан тайпалар мекендеген. Бұл кезеңді славян тайпаларының қалыптасуының басы деуге болады.

Екінші кезеңді ежелгі славяндық дәуір деуге келеді. Б.з. бастапқы кезеңі ежелгі славяндардың археологиялық мәдениеті қалыптаса бастаған тұс. Сол тұстағы славян тайпалары туралы жанама мәліметтер жазба деректерден де кездеседі. Халықтардың бір-бірін ығыстыра отырып, батысқа қарай қоныс аударған аяқ алған осы тарихи кезеңде шығыс славяндар мәдениетінің қалыптасу үдерісі жүріп жатты.

Слвян мәдениетінің қалыптасуының үшінші кезеңі феодалдық дәуірде жүрді. Бұл кезең орталығы Киев болған ежелгі Славян мемлекетінің қалыптасуымен байланысты. Жалпы славян халықтарының тарихы әлемдік өркениеттің бір бөлігі саналады.

Ежелгі грек тарихшысы Герадоттың «тарих» атты кітабында скифтердің солтүстігі мен шығысында егіншілікті кәсіп еткен бірнеше тайпалар жайлы айтылады. Ал, б.з. басында өмір сүрген римдік тарихшы Тацит ежелгі слаяндарды венеттер деп жазған. Византиялық авторлар сол венеттердің ұрпағы анттар мен склавиндер деп көрсеткен. Дегенмен, бұл деректер анттар мен венеттердің нақты мекені жайлы толық мәлімет бермейді. Осы тұста археологиялық материалдар ерекше маңызға ие болады.

Археологиялық мәліметтер бойынша, б.з.д. XII ғасырдағы Висла мен Одер өзендерінің аралығында **лужицк** мәдениеті қалыптасқан. Сол мәдениеттің ескерткіштері солтүстікте – Балтық теңізінен, оңтүстікте – Висла мен Дунайдың жоғарғы ағысына, батыста – эльбаның ортаңғы ағысынан, шығыста – Буга мен Припяттың жоғарғы ағысына дейінгі аралыққа таралды.

Б.з.д. I мыңжылдықта аумағы бірнеше гектарды алатын лужайскілік қоныстар пайда болады. Олардың ішінде жақсы зерттелгені – Познань қаласына жақын жердегі Бескупе көлінің маңында орналасқан кейінгі Лужицк қонысы. Мұнда бөренелерден салынған құрылыстардың қалдықтары ылғалды топырақта жатқандықтан жақсы сақталған. Мекен айнала үш қатардан тұратын қима бөренелерден қаланған қорғаныс қабырғасымен қоршалған. Бөренелердің арасы балшықпен толтырылған. Табанына бөренелер төселген қатар-қатар көшелер мен оларды жағалай орналасқан ағаштан салынған үйлердің орындары қазылған. Үйлер тігінен қағылған бөренелердің үстіне салынған. Бір үй бірнеше жеке бөлмелерден тұрады. Қазбадан көптеген ыдыстар мен ағаш соқаның қалдығы, мүйізден жасалған кетпен, темір орақтар тас дән үгіткіштер табылған. Бескөпе қонысында арпа, бидай, ноқаттардың дәндері жиі кездеседі. Қоныстың жерлеу ескерткіштері де жақсы белгілі. Өлген кісіні өртеп, күлін арнайы құмыраға (сауыт) салып, бетін ыдыс сынықтарымен жапқаннан кейін қабірге қойған. Қасына кейбір заттар да салынған. Осындай зираттарды «жерлеу алаңы» немесе «жерлеу сауыттары алаңы» деп атаған. Осындай жерлеу дәстүрі б.з.д. I мыңжылдықтың бірінші жартысында Шығыс Еуропаның көпшілік тайпаларында кең таралған.

Скиф дәуірінде Днепрдің ортаңғы ағысы мен Буганың жоғарғы ағысы аралығын жайлаған Чернолесск, Оңтүстік Беларусь мен Днепрдің оң жағалауына таралған милоград археологиялық мәдениеттері өкілдерінің ежелгі славяндарға қатысы қаншалықты екендігі әлі анық емес. Бұл археологиялық мәдениеттердің де шаруашылығының негізі егіншілік пен бақташылықтан тұрды. Қоныстары мен жерлеу ескерткіштерінде жүргізілген қазба жұмыстары оларда темір өндіру мен қол өнерінің жақсы дамығандығын көрсетеді. Славяндардың этногензінде б.з.д. IV ғасырда ерекше белес болып есептеледі. Осы уақытта лужицк мәдениетінің түрлі топтарының негізінде Польша, Беларусь және Украинаның территориясында клешті жерлеу мәдениеті қалыптасты (клеш – төңкерілген қоңырау ыдыс). Осы мәдениетке тән ерекшелік – өлген кісіні өртеп, күлін жерлеу сауытына, яғни клешке салып жерлеу. Мұнда жерлеу заттарының ішінде әшекей бұйымдары жиі кездеседі. Қоныстарының сыртында ешқандай қорғаныс құрылыстары болмайды.

Б.з.д. II ғ. соңы мен б.з. IV ғ. аралығында клешті мәдениетінің орнында Пшевор мен Оксыв мәдени қауымдастықтары қалыптасты. Құрамына ежелгі славяндар кірген венедтердің ескерткіштері соларға жатуы мүмкін. Пшеварлықтардың қоныстары биік жерлерге орналасқан. Мәдениеттің тұрғындары жертөлелер мен мазанкаларда (мазанка – қабырғасы жіңішке ағаштардан тоқылып сырты балшықпен сыланған үйлер) тұрған. Негізгі шаруашылығы – егіншілік пен бақташылық. Пшеварлық қоныстардың мәдени қабатынан темірден жасалған орақтар, балталар, шоттар, түрендер және көптеген жапсырма ыдыстар табылады. Ежелгі кельттер мен германик тайпаларында да дәл осындай құралдар болған. Жерлеу дәстүрінде мәйітті

өртеу, сауытқа салып және сауытсыз жерлеу басым. Қабірлерге жапсырып жасаған ыдыстар мен жерлеу салтына сай әдейі бүлдірілген, кесілген немесе майыстырылған құралдар қойылады.

Б.з.д. I мыңжылдықта жоғарыда айтылған мәдениеттер ежелгі славяндардың қалыптасқан территориясын шамалауға мүмкіндік береді.

Батыс Буганың жоғарғы сағасы мен Днепрдің ортаңғы ағысы аралығында, яғни Оңтүстік Беларуссия мен Солтүстік Украина жерінде б.з.д. II ғасырда **зарубинец** мәдениеті қалыптасқан. Осы мәдениеттің орталығы айтылған территорияның батыс бөлігі деп есептеледі. Еуропаның шығысындағы ежелгі славяндар қалыптасқан аймақта зарубинецтіктер төрт жүз жылға дейін ең көп таралған тайпа болған. Бұл – бірнеше туысқан мәдениеттердің дәстүрін бойына сіңірген тайпалар. Олардың қоныстары өзендердің қиын қырқаларына орналасқан, сыртында қорғаныс құрылыстары жоқ мекендер.

Қоныстар ағаш қабырғалар тындармен (тын – бөренелерден тұрғызылған дуалдар) қоршалған. Үйлері тік бұрышты мазанкалар (мазанка – балшық үй). Б.з. басында үйлердің басым көпшілігі аумаға 10-15 м кв. келетін жартылай жертөлелер түріне көшкен. Шатырлары ортасынан екі жағына қарай құлама келген. Қоныстардың мәдени қабатынан қолдан жапсырып жасалған қыш ыдыстардың сынықтары, гарпундар, темірден жасалған орақтар, пышақтар, найзалар, жебенің ұштары, дәнүгіткі, қолдирмен және ілгіш секілді түрлі заттар көп табылады. Шаруашылықтың негізі – кетпенді егіншілік пен мал өсіру. Осы мәдениеттің қоныстарының ішінде белгілілері – Гомелдің қасындағы Чаплин қалашығы мен Киев қаласына жақын жердегі қалашығы.

Мәдениеттің өзіндік ерекшелік белгісі – жерлеу сауыттары (поля погребальных урн) алаңдарында. Бұл дәстүр осы мәдениет тұсында кең таралды. Киевтің маңында екі үлкен мола – Корчеватов пен Зарубинец жақсы зерттелген. Жерлеу қабірлерінен жартылай жанған сүйектер қыш ыдыстар шығады. Археологиялық материалдардың ішінде темір пышақтар, қоладан жасалған ілмектер, түйреуіштер, білезіктер көп. Зарубинец мәдениетінің этникалық тегі жайлы мәселеде ортақ көзқарас жоқ: зерттеушілердің бір бөлігі олардан славяндарды, екінші бір бөлігі балттарды көреді. Ғалымдардың үшінші бөлігі осы екі көзқарасқа да қарсы.

II – III ғасырларда халықтардың ұлы қоныс аударуына байланысты Еуропаның көпшілік аудандарында саяси, мәдени және этникалық өзара байланыстар жүрді. Осындай қатынасқа зарубинец мәдениеті де түскен. Ұдайы қоныс аудару мен өзара ассимиляция III ғ. басында зарубинец мәдениеті өкілдерін Днепрден Донға қарай ығысуға мәжбүр еткен.

Төменгі және ортаңғы Днепр, Оңтүстік Буга мен Днестрден Қара теңізге дейінгі аралықта **черняхов** мәдениеті пайда болды. Осы мәдениеттің археологиялық негізгі ескерткіштері болып, ашық типтегі үлкен мекенжайлар есептеледі. Жерлеу ескерткіштерінде «жерлеу сауыттары алаңы» мен бірге қабірге мәйіттің сүйегін қою дәстүрі де кездеседі. Жерлеу дәстүрінің әртүрлі

болуы черняхов мәдениеті өкілдерінің этникалық аралас сипатын білдіреді. Олардың мекендерінде сыртқы қорғаныс құрылыстары жоқ. Қоныстар егіншілікке қолайлы кіші өзендердің жағалауларында орналасқан. Тұрғындар мазанка үйлерде тұрған.

Жерлеу дәстүріндегі кейбір сыртқы ұқсастықтарына қарап кейбір ғалымдар оларды славяндардың арғы тегі – ат тайпасымен, мамандардың екінші бір бөлігі оларды готтармен байланыстырады. Черняхов тайпасында қол өнері, сауда байланыстары, жыртпалы егіншілік, шарықта ыдыс жасау кәсіптері жоғары қарқынмен дамыды.

375 жылы Донды кесіп өткен ғұндардың шапқыншылығынан черняхов мәдениеті ыдырап, олар қоныс аударушы және көршілес тайпалармен сіңісіп кетті. Кейіннен черняхов мәдениетінің орнында Гот тайпалық одағы қалыптасады. Тарих сахнасында аздаған уақыт дәурендеген готтық одақ Шығыс Еуропадағы елеулі тарихи бірлестік болды. Ол орманды дала аймағындағы отырықшы егінші тайпаларды, көшпелі-сарматтарды және басқа да тайпаларды біріктірді. Гот одағы римдік ықпалдың қойнауында дамуымен ерекшеленді.

Жоғарыда айтылғандай оңтүстік аудандарда черняхов мәдениетінің қалыптасуы II-III ғасырлар белесінде зарубинец отырықшылық орталығын солтүстік пен солтүстік-шығыстағы Припять пен Десна өңіріне ығысуға мәжбүр етті. Б.з. бірінші мыңжылдығының екінші ширегіне жататын кейінгі зарубинец зираттары мен қоныстары Могилев облысындағы Обидня шатқалында зерттелген. Десна алабындағы Жуковка қонысы мен Трубчевск ауданындағы бір топ ескерткіштер, Днепрдегі Колочинск қалашығы I мыңжылдықтың орта тұсына жатады.

МЕРЗІМДЕЛУ

Б.з.д. XII ғ. – Лужицк мәдениеті қалыптасқан уақыт.

Б.з.д. II ғ. соңы мен б.з. IV ғ. – Пшевор және Оксыв мәдени қауымдастықтары өмір сүрген уақыт.

Б.з.д. II ғ. – Зарубинец мәдениеті қалыптасқан уақыт.

Әдебиеттер

Вопросы древней и средневековой археологии Восточной Европы. – М., 1978.

Древние славяне и их соседи. – М., 1974.

Древняя Русь и славяне. – М., 1978.

Могилник черняховской культуры. – М.1979.

Седов В.В. Восточные славяне в VII – XIII вв. – М. 1982.

Седов В.В. Происхождение и ранняя история славян. – М. 1979.

Средневековые древности Восточной Европы. – М. 1980.

Формирование раннефеодальной славянской народности. – М. 1981.

Негізгі археологиялық терминдер сөздігі

Абсолюттік мерзімдеу – археологиялық ескерткішті немесе затты сандық өлшемде, болмаса қазіргі заманғы жыл санау жүйесінде мерзімдеу.

Австролопитек (лат. тіл. «оңтүстік» және грекше «маймыл») – адамның арғы бабаларының бірі саналатын приматтың қаңқасы. Оның сүйек қалдықтары Оңтүстік және Шығыс Африкада табылған. Жасы үш миллион жыл. Миының аумағы 500 – 600 куб см (салмағы 40 кг). Австролопитектер іштей бірнеше түрге бөлінеді. Олардың кейбіреулері қарапайым еңбек құралдарын жасай білген.

Агора – ежелгі грек қаласының орталық бөлігі, жиын өткізетін алаң.

Акинак – сақтардың екі жүзді қанжары. Сабының бас жағы әртүрлі кейіпте жасалады. Көбіне, қоладан құйылған.

Акрополь – ежелгі грек қалаларының цитаделі. Әдетте, биік жерде орналасады.

Аллювий (лат. Alluvio — шайма, тосқын) — өзен аңғарларында тау жыныстары үгінділерінің жиналуынан пайда болатын борпылдақ шөгінділер (малтатас, қиыршықтас, күм, т.б.).

Амфора – скифтердің екі шетінде тұтқасы бар ұзынша келген ыдысы. Сұйық заттарды сақтауға немесе тасымалдауға арналған.

Амулет – иесін әртүрлі кесірлерден қорғайды деп есептелетін зат, бойтұмар.

Ангоб – ыдыстардың сыртын жылтыратып, үстінен өрнек салуға тұтас түс беретін балшық сылақ.

Антропоген (грек. «адам» және «жаратам, жасаймын») – Жердің геологиялық тарихының қазіргі аталуы, кайназой дәуірінен соңғы кезеңі. Бұдан 2,5 мил. жылдан бұрын басталған. Басқаша аталуы – Төрттік кезең.

Антропогендік кезең - адам пайда болып, оның шаруашылық әрекеті табиғаттың бейнесін өзгерте бастаған төрттік дәуір.

Антропогонез (грек. «адам» және «жаратылу, жасалу») – адамзаттың қалыптасуы туралы ілім. Адамның жануарлар дүниесінен бөлініп шығу үдерісі, адамның физикалық қасиетінің қалыптасу кезеңі, оның тіршілік әрекетінің алғашқы даму кезі, тілі мен адам қоғамының қалыптасқан шағы.

Антропоморфті (адам тектес) – қандайда бір жәндіктің немесе жануардың адам кейпінде салынған бейнесі.

Антропология (грек. «адам» және «сөз, ілім») – адамның қалыптасу және даму эволюциясын, нәсілдердің шығуын зерттейтін ғылым.

Аң стилі – бұғы, қой секілді жануарлар мен мысық тұқымдас жыртқыш аңдардың стильденген бейнесі.

Ареал (лат. area — жер, кеңістік) — жер бетінің жануарлар мен өсімдіктердің белгілі бір түрлері тіршілік ететін аймағы. Археологияда ежелгі адамзат мекен еткен аймақтар мен өңірлерге де қолданылады.

Аридтік климат (лат. aridus - құрғақ) - атмосфера ылғалдылығы жеткіліксіз жағдайда (қуаң, шөлді және шөлейтті өңірлерде) қалыптасатын климат.

Артефакт — археологиялық заттардың еуропалық ғылымда айтылатын жиынтық атауы, адам қолымен жасалған зат немесе бұйым.

Архантроптар (грек. «ежелгі» және «адам») — адамның ежелгі тегі (ежелгі гоминидтер — питикантроп, синантроптар).

Археологиялық кешен — түрлі археологиялық нысандардың жиынтығы. Археологиялық кешендер жабық және ашық түрде болады. Жабық кешенге заттар бірақ рет (көмбелер, еңбек құралдары, кенеттен құлаған құрылыс астында қалған заттар) түседі. Ашық кешендер ұзақ мерзімге созылған уақыт барысында қалыптасады.

Археологиялық мәдениет — бір мезгілде, бір жерде дамыған шаруашылығы мен құрылымы жағынан бір тектес ескерткіштерден алынған еңбек құралдары, қару-жарақ, ыдыс-аяқ, әшекей бұйымдары секілді археологиялық заттардың кешені.

Ассимиляция — бір халықтың екіншісінің тілін, мәдениетін, әдет-ғұрыпын, дәстүрін қабылдау арқылы сіңуі.

Астрогал — сүйектен жасалған істік құрал. Археологияда мекенжайлар мен жерлеулерде неолит дәуірінен бастап жиі кездеседі.

Ашель (Франциядағы жердің (Сент Ашель) атына байланысты алынған осы мәдениеттің шартты атауы) — ерте палеолиттік археологиялық мәдениеттің аты. Бұдан бұрынғы 700 – 120 мың жыл аралығымен мерзімделеді. Қол шапқылар мен жарғыштардың (кливерлер) пайда болуымен және тасты леваллуаз тәсілімен жаңқалауды игерілуімен сипатталады. Қолдан салған лашықтар пайда болды, отты игерді. Тұрғындары аң аулап, терімшілікпен айналысты.

Бифас — шапқыш тәріздес екі жақты өңделген еңбек құралы.

Вкладыш (майда қырлы тастар) — сүйектен, ағаштан жасалған құралдар мен қаруларға салынатын, қыстырылатын пышақ, жаңқа түріндегі ұсақ тастар. Мұндай құралдар мен қарулар орта тас дәуірінде кеңінен қолданылды.

Вкладышты қарулар — тістері қыстырма тастардан құрастырылған ағаш немесе сүйек пышақ, қанжар, найза және орақтар.

Гарпун сүйектен немесе металдан жасалған лақтыратын қару ұшында тістіктері болады. Кейбір мамандар тас дәуірінде тас тіліктері гарпун ретінде пайдаланылуы мүмкін деп те пайымдайды.

Голоцен (грекше «тұтас» және «жаңа») — мұздықтан кейінгі дәуір, Жердің геологиялық жасының соңғы төрттік (антропоген) кезеңінің, қазіргі жалғасып жатқан бөлігі. Оның басы Еуропа құрлығы мұздықтың еруімен сәйкес келеді (12 – 11 мың жыл бұрын).

Гоминидтер (лат. homo — адам) — приматтар отрядының отбасы: адам тәрізді маймылдар, қазып алынған және қазіргі адамдар.

Гривна – металды жалпақтап немесе бұрап жасаған мойынға тағатын әшекей.

Денудация – тау жыныстарының бұзылу үдерістерінің жиынтық атауы және табиғи күштер (су, жел, т.б.) әсерінен олардың төмен сырғуы, жылжуы.

Дефляция – тау жыныстарының табиғи күштер әсерінен бұзылуы, үгілуі, өзгерістерге ұшырауы. Қуаң аймақтардағы ескерткіштердің жас шамасын анықтауда палеолиттанушылар тас құралдарының сыртқы қабатындағы өзгерістерге сүйенеді.

Диадема – асыл металдан жасалған басқа киетін тәж тәріздес киім. Кейде былғарыдан да жасайды.

Диірментас – дән үгітуге (тартуға) арналған, екі бөліктен тұратын тас құрал. Екі бөліктен тұрады. Олардың бір беттері тегіс болады.

Дольмен – қола және ерте темір дәуіріне жататын жерлеу құрылысы. Тік тастардың үстінен жалпақ таспен жауып жасалады.

Доместикация – жабайы аңдарды қолға үйрету.

Дресва – балшықтан жасалған ыдысқа қосатын ұсақталған тас. Ол керамиканың сапалы және жарылмауы үшін пайдаланылған.

Дромос – жерлеу құрылысын салған кезде арнайы салынған немесе тонаушылар салған жерасты жолы.

Дротик – лақтыратын қысқа найза. Сабы ағаштан, ұшы тастан, сүйектен, металдан жасалуы мүмкін.

Жарқыншақ – кез келген жаңқалаудан қалған өнім; вентраль бөлігі сақталған. Соққы қырының болуы міндетті емес.

Жертөле – жерді қазып салынған ежелгі үйлер. Кейбір жерлерде XX ғасырға дейін болған.

Зооморфты – жануарлар жасалатын стиль. Тастан, балшықтан, ағаштан, сүйектен және металдан жануарлар кейпінде жасалатын зат.

Ингумация – өмірден өткен кісінің денесін қабірге жатқызып жерлеу ғұрпы.

Индустрия – археологияда өңдеу тәсілдері.

Инкрустация (зерлеу) – жасалған затты қосымша басқа материалдармен (ағаш, тас немесе асыл металдар) зерлеу тәсілі.

Катакомба – қабірдің бүйірін кеулеп қазған қосымша ұясы болатын жерлеу құрылысы.

Каура – Үнді мұхитында кездесетін ұсақ ұлудың қабыршағы. Еуразия кеңістігінде неолит дәуірінен бастап айырбас құралы, әшекей ретінде қолданылған.

Кескіш – шеті үшкір, ұзын келген тас тілікшесі.

Кенотаф – марқұмның денесі жерленбеген жалған қабір.

Клектон – тасты өңдеу техникасы. Тасты шағып, оның жаңқасынан түрлі тұрпаттағы құралдар жасаған.

Кливер – өзектастан немесе ірі тас жаңқасынан жасалған тас құрал. Ашель мәдениетіне тән.

Кремация – өмірден өткен кісінің денесін өртеу.

Кромлех – тігінен тұрғызылған тастардан түзілген шеңбер, жерлеу кешенінің қосымша құрылыстары.

Леваллуа – тас өңдеу техникасы. Алдымен мұқият дайындалған дөңгелек пішінді өзектастан тас тіліктері соғылып алынады. Одан соң тас тілігінен қажетті құрал жасалады. Бір жағы дөңестеу, келесі беті жалпақ болып келеді.

Меандра – сынық сызық түріндегі өрнектің түрі. Андрон мәдени қауымдастығы ыдыстарында жиі кездесетін өрнек.

Мегалиттер – ірі шомбал тастардан тұрғызылған ежелгі құрылыс.

Менгирлер – бір түзудің бойымен, кейде қарат тізбектеп қойылатын, ұзындығы бірнеше жүз метрден бірнеше шақырымға дейін созылатын тас бағандар. Олар жерлеу кешенімен байланысты.

Макролит – ірі тас; ірі етіп шағылған тас құралдары.

Мәдени қабат – адам тіршілігі нәтижесінде қалыптасқан жердің қабаты, онда тұрмыстық-шаруашылық құрылыс іздері, өзге де заттар сақталынады.

Микролит – шағын тас; мөлтек тас; шағын тас трапеция, сегмент, үшбұрыш түрпатындағы тас тіліктері. Көбіне шаруашылық құралдарына қыстырма, қондырғы ретінде қолданылған.

Миоцен – неоген жүйесінің төменгі бөлімі.

Мотыга – сабына тастан, сүйектен, металдан жасалған істік бекітілген еңбек құралы. Жерді өңдеу үшін пайдаланылған.

Некроль – тіке мағынасында өлілер қаласы. Антикалық молаларды солай атаған.

Оббивка – тас құралдарды өңдеудегі соғу тәсілі. Тас өңдеу әдісінің ең алғашқы тәсілі.

Остеологиялық материал – жан-жануарлар қаңқасынан қалған сүйек материалдары.

Оссуар – адам жерлеуге арналып жасалған үлкен құты. Әдетте, тастан, балшықтан сопақ немесе төрт бұрыш етіп жасалады, қақпағы бар ыдыс.

Өзектас – нуклеус - құрал дайындау үшін арнайы өңделген тас. Ерте кездері төменгі палеолитте дөңгелек, мустье дәуірінде пирамида пішіндес, жоғарғы палеолитте призма тәрізді түрлері шыққан. Тас дәуірінде олардан басқа бірнеше түрі бар.

Папнология – ежелгі флораны анықтау үшін қолданылатын спУралы-тозаңды анализ.

Палеоантроптар (ежелгі адамдар) – мустье дәуіріндегі адамдардың қазып алынған қаңқаларының жалпылама атауы.

Пектораль – кеудеге тағылатын зергерлік әшекей.

Петрогифтер – жартасқа, жеке тастардың бетіне қашап салынған суреттер мен бейнелер. Едәуір нақтырақ атауы – тасқа салған өнер.

Пифос – астық және басқа да тағамдар сақтауға арналған аузы үлкен қыш құмыра.

Плейстоцен – геологиялық кезең. Ол төменгі, ортаңғы және жоғарғы болып бөлінеді. Бұдан 2 млн. жылдар бұрын басталған, голоценге дейін созылған. Кейде оны ұлы мұздық дәуірі деп те атайды.

Примат – сүт қоректілердің жоғары тобы, адам тектес маймылдар (маймыл адамдар).

Пышақ тәрізді тас тілік — призма пішінді өзектастан шағылып алынған ұзынша келген еңбек құралдары.

Ритон – сүйектен жасалған ыдыс.

Соққы алаңқайы – тас құралдарын соғып немесе шағып түсіруге арналған жазық бөлік.

Стратиграфия – археологияда адам қызметі мен тіршілігінің нәтижесінде қалыптасқан мәдени қабат.

Тасаттық орны (құрбандық шалатын орын) – тастан, кесектен, ағаштан салынған құрбандық шалатын орын. Археологияда мұндай орындар табиғатпен, жерлеу кешендерімен байланысты.

Тас тілік – ені ұзындығынан кемінде екі есе кіші, ұзынша келген тас құралы.

Тас жаңқа (отщеп) – тасты өндеу барысында оның сыртынан шағып алынған бөліктері.

Тас өзек (ядрище) – тас құралдары шағып алынған жұмыр тас кесегі.

Теракота (тіке мағынасында күйдірілген балшық) – шыңылтырланбаған керамикалық заттар: ыдыстар, ұсақ пластиналар, ұршықтың бастары, аулар мен тоқыма қондырғысының салмақ тастары, адамның күлін жерлеуге арналған сауыттар.

Тигель – металл және шыны балқытуға арналған отқа төзімді балшықтан жасалған ыдыс.

Торевтика – металдан жасалған көркем заттардың бет жағын қолдан бедерлеу, өрнектеу, шекімелеу.

Төрттік кезең — плейстоценнен бастап қазіргі (голоцен) кезенді қамтитын геологиялық кезең. Оның басталған уақыты нақты анық емес, бірақ ол бұдан 2 млн. жылдан астам уақыт бұрын басталғандығы жөнінде ғалымдар тоқтамға келген.

Түзету (ретушь) - өңделіп жатқан құралдың үстінен ұсақ жарқыншақтар мен қабыршақтар алу.

Унифас – бір шеті өңделген макролит.

Фреска – әлі кеппеген сылақтың үстінен сары бояумен салынған сурет.

Чоппер – малта тастан дайындалған ұзындау келген көлемді тас құралы. Екі-үш соққымен бір шеті ғана өңделеді.

Чоппинг – екі шеті де бірнеше соққылармен өңделген малта тастан жасалған көлемді тас құралы.